

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті



Нормативтік құқықтық актілерде
қолданылатын терминдер мен сөз тіркестерінің
БІРЫҢҒАЙ СӨЗДІГІ

1500-ден астам термин мен сөз тіркесі

Көкшетау
2025

УДК340 (038)
ББК 67.0Я2
Н83

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырысы бойынша
«Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ әзірледі

Пікір жазғандар:

С.Е.Баймение, филология ғылымдарының докторы

Б.Д.Ысқақ, филология ғылымдарының кандидаты

Ғылыми сарапшылар:

Ш.Ш.Жалмаханов, филология ғылымдарының докторы, профессор

Қ.Қ.Сарекенова, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Жауапты редактор:

С.Қ.Ыдырыс, филология ғылымдарының кандидаты

Құрастырушылар:

*А.Қ.Жұмағали, Г.М.Мұқан, М.Е.Оспаналы, Н.Сәулен, А.А.Шоқаева,
А.А.Нурғалиева, Б.М.Искаков, А.Р.Енсебаева, А.К.Ибрайханова, А.К.Кадирхан*

Н83 Нормативтік құқықтық актілерде қолданылатын терминдер мен сөз тіркестерінің бірыңғай сөздігі (қазақша-орысша). – Көкшетау: «Старков С.А.» баспасы. – 2025. – 320 бет.

ISBN 978-601-7504-99-1

Нормативтік құқықтық актілерде қолданылатын терминдер мен сөз тіркестерінің бірыңғай сөздігі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде («adilet.zan.kz») әртүрлі қолданылып жүрген, терминдік мәні ашылмаған, қазақша қате аударылған терминдер мен сөз тіркестерін ретке келтіру, біріздендіру мақсатында әзірленді.

Бірыңғай сөздікте заң, экономика салалары мен ісқағазын жүргізуде қолданылатын терминдер мен сөз тіркестері қамтылды. Сөздік заң және экономика саласының қызметкерлеріне, аудармашыларға, мемлекеттік қызметшілерге, ЖОО білім алушылары мен оқытушыларына, зерттеушілерге, сондай-ақ жалпы оқырман қауымға арналған.

Единый словарь терминов и словосочетаний, используемых в нормативных правовых актах разработан с целью упорядочения и унификации терминов и словосочетаний, которые в информационно-правовой системе нормативных правовых актов Республики Казахстан («adilet.zan.kz») используются в различных вариантах, не имеют раскрытого терминологического значения либо некорректно переведены на казахский язык. В Едином словаре охвачены термины и словосочетания, применяемые в сфере права, экономики и делопроизводства. Словарь предназначен для работников в сфере права и экономики, переводчиков, государственных служащих, обучающихся и преподавателей вузов, исследователей, а также для широкого круга читателей.

ББК 67.0Я2

© Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті, 2025

© «Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КеАҚ, 2025

АЛҒЫ СӨЗ

Еліміздің тіл саясатындағы негізгі міндеттердің бірі – мемлекеттік тілдің қоғамдағы қызметін кеңейту және оның ғылыми-тәжірибелік қолданысын нығайту. Соның ішінде ұлттық терминологияны жүйелеу және жетілдіру – тіл саясатын жүргізудің стратегиялық құжаттарында айрықша орынға ие әрі өзекті.

Қазақ терминологиясы өз дамуында *ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі қазақ тілінің байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану, туыстас түркі тілдерінен және басқа да тілдерден термин қабылдау* ғылыми қағидаттарын басшылыққа алады.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы Баку конференциясында жасаған баяндамасында термин жасаудың нақты ұстанымдарын ұсынған болатын. Ғалым *алдымен терминді қазақ тілінің өзінен алуды, егер сөз табылмаса, туыстас түркі тілдерден алуды, ал ол болмаған жағдайда ғана сөзді қазақ тілінің табиғатына бейімдеп, өзге тілдерден алу* керегін атап көрсеткен.

Терминжасамның отандық және халықаралық қағидаттарын жинақтай келе, белгілі терминтанушы ғалым Ш.Құрманбайұлы «Қазақ терминологиясы» монографиясында терминдерді қалыптастыруда мынадай талаптарға сай болуы қажеттігін атап өтеді: 1) *бірмағыналық*; 2) *синонимдердің болмауы*; 3) *жүйелілік*; 4) *ықшамдылық*; 5) *мағына дәлдігі*; 6) *тілдік нормаға сай болуы*; 7) *экспрессиялық бейтараптық (коннотацияның болмауы)*.

Терминология ғылымында бұл қағидаттардың орны ерекше, дегенмен қазіргі кезде аталған талаптардың ескерілмеуі қоғамның түрлі саласында, әсіресе құқық кеңістігінде біршама қиындықтар туғызып отыр. Атап айтқанда, нормативтік актілерде *бір терминнің әртүрлі мағынада қолданылуы, синонимдердің орынсыз жарыса жүруі, орыс тілінен тікелей аударып алу (калька) салдарынан қазақ тілі заңдылықтарының бұзылуы, аудармада мағына дәлдігінің сақталмауы және құқық ұғымдарының тым жалпылама сипатта берілуі* нормативтік мәтіндердің сапасына кері әсерін тигізіп келеді. Бұл заңнаманы дұрыс түсінбегуге, мазмұнның бұрмалануына және құқықтық даулардың туындауына әкеп соқтыруы мүмкін.

Нормативтік құқықтық актілерде қолданылатын терминдер мен сөз тіркестерінің бірізділігі құқық, экономика және басқа да жүйелердің тиімді қызметі үшін маңызды. Сондықтан нормативтік құқықтық актілерде *(Қазақстан Республикасының Конституциясы, конституциялық заңдар, кодекстер, заңдар, заң күші барлық жарлықтар, жарлықтар, қаулылар және басқа да нормативтік құқықтық актілер)* қолданылатын терминдер мен сөз тіркестерін біріздендіру, терминжасамның тиімді әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, бірыңғай сөздікті әзірлеу мәселесі күн тәртібіне қойылды.

Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының 2024 жылғы

26 кыркүйектегі хаттамасында көрсетілген тапсырмаға сәйкес Нормативтік құқықтық актілерде қолданылатын терминдер мен сөз тіркестерінің бірыңғай сөздігі (*бұдан әрі – Бірыңғай сөздік*) әзірленді. Бірыңғай сөздікте заң, экономика салалары мен іс жүргізу барысында жиі қолданылатын 1500-ден астам термин мен сөз тіркесі қамтылып, олардың қазақ және орыс тілдеріндегі анықтамалары берілді.

Сөздікті әзірлеу барысында отандық және шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, ғылыми айналымда кеңінен қолданылып жүрген бірқатар іргелі терминологиялық еңбектер, энциклопедиялық анықтамалықтар және түсіндірме сөздіктер пайдаланылды. Атап айтқанда, *А.Байтұрсынұлының «Таңдамалы шығармалары», Ш.Құрманбайұлының «Қазақ терминологиясы», «Терминологияны біріздендірудің ғылыми-әдістемелік негіздері», С.Д.Шеловтың «Термин. Терминологичность. Терминологическое определение», «Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамаларының заң терминдері мен ұғымдарының сөздігі», «Словарь юридических терминов и понятий действующего законодательства Республики Казахстан на государственном и русском языках», «Азаматтық құқықтық пәндер бойынша терминологиялық сөздігі», «Қазақ терминологиясының салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: экономика және қаржы», «Заң терминдерінің түсіндірме сөздігі», «Большой юридический словарь», «Большой экономический словарь», «Современный экономический словарь», «Экономика: энциклопедиялық анықтамалық», «Экономика: толковый словарь» және т.б.*

Аталған еңбектердің негізінде терминдердің мағынасы мен қолданылу аясындағы айырмашылықтар салыстырмалы түрде талданып, нормативтік құқықтық актілерде қолданылатын терминдер мен сөз тіркестерінің бірыңғай нұсқасын қалыптастыруда ғылыми-әдістемелік ұстанымдар негізге алынды.

Мемлекеттік органдардың құқыққа қатысты құжаттарындағы терминдер жинақталып, заң, экономика, ісқағаздары мәтіндерінде терминологиялық бірізділіктің сақталу мақсаты жүзеге асырылды.

«*Adilet.zan.kz*» нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі базасындағы конституциялық заңдар, кодекс және басқа да нормативтік актілердегі бірізді қолданылмай жүрген, даулы терминдер сарапталып, мемлекеттік органдардан келіп түскен ұсыныстар мен «*termincom.kz*» сайтындағы Республикалық терминология комиссиясында қаралған терминдер іріктеліп сөздікке енгізілді.

Бірыңғай сөздіктің өзіндік ерекшелігіне байланысты нормативтік құжаттардың мәтіні әдеби тілдің және заң терминологиясының нормаларына сәйкес жазылуы қажет. Терминдердің көпмағыналылығы мен синонимиясы құқықтық мәтіннің айқындығын бұзатындықтан, әрбір терминді мүмкіндігінше бір ғана мағынада қолдану көзделді. Мәселен, нормативтік актілерде «*приобретение*» сөзі «*алу, иелену, иемдену*» деп

эртүрлі қолданылып келген болса, біріздендіру мақсатында олар нақты жүйеге түсірілді: «иемдену» (*приобретение*), «иемденіп алу» (*присвоение*), «иелену» (*владение*), «иеленіп алу» (*завладение*), «иеленуші» немесе «иегер» (*обладатель*), «иеліктен шығару» (*отчуждение*) болып ара жігі ажыратылды.

Бірізді қолданылмай жүрген терминдер ішінде «заңды» термині де бар. Нормативтік құқықтық актілерде бұл термин «законный», «юридический», «легальный» деп аралас қолданылып жүр. «Заңды» сөзінің түсініктемесі «қолданыстағы заң талаптарына және нормаларына сәйкес келетін және заңда тыйым салынбаған іс-әрекет немесе мәртебе» деп берілген. Мысалы, заңды күш – законная сила, заңды тұлға – юридическое лицо. Сөздікте «законный» терминінің аудармасын «заңды» термині береді. Сондай-ақ «юридический» сөзі «заңды», «заңдық», «заң», «құқықтық» деген бірнеше сөзбен алмасып қолданылатын жағдайлар жиі кездеседі. Мысалы, заңдық мәні бар әрекет (*юридически значимые действия*), заңдық жауапкершілік (*юридическая ответственность*), заңды салдар (*юридическое последствие*), заңды мекенжай (*юридический адрес*), заң сараптамасы (*юридическая экспертиза*), заң көмегі (*юридическая помощь*), құқықтық біліктілік (*юридическая квалификация*), құқықтық қате (*юридическая ошибка*). Бұл терминдер ғалымдар арасында ұзақ талқыланып, белгілі бір нормаға түспеген. Сондықтан бірқатар сала ғалымдарының, мемлекеттік органдардағы мамандардың пікірлерін ескере отырып, құрастырушы топ «юридический» терминін «заңи» деп ұсынды. Бұл термин бұрын да «Заң терминдері» сөздіктерінде кездескенімен, кең қолданыс таппаған. Терминологиялық талаптарға сай болғандықтан, «заңи» сөзін қолданысқа енгізу мақсат етілді.

Тағы бір назар аударатын термин – «неприкосновенность» термині. Құжаттарда «қолсұғылмаушылық», «қол сұқпаушылық», «қол сұғылмау» түрінде кездеседі. Мәнмәтінге қарай «жыныстық тиіспеушілік – «половая неприкосновенность» деп қолданылып жүр. Аталған термин Республикалық терминология комиссиясында (бұдан әрі – Терминком) талқыланып, мүлікке қатысты қолданылған жағдайда «қол сұқпау», ал адамға қатысты қолданылғанда «тиіспеу» деп қолдану ұйғарылды. Мәселен, «адамның жеке басына тиіспеу» – «неприкосновенность личности», «адамның қадір-қасиетіне тиіспеу» – «неприкосновенность достоинства человека», «мүлікке қол сұқпау» – «неприкосновенность собственности».

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде «нарушение» сөзі де «бұзу» және «бұзушылық» болып жарыса қолданылып келгендіктен, ықшамдау принципіне сүйеніп, оны «бұзу» (заң бұзу, құқық бұзу) деп алу ұсынылды. «Ескерту», «ескертпе» терминдері қолданыста «предупреждение», «замечание», «примечание», «оговорка» терминдеріне, «ссылка», «сноска» терминдері «сілтеме» терминіне баланып, аралас қолданылып жүр. «Ескертпе» термині 2016 жылы «оговорка» деп

бекітілгеніне қарамастан, терминдердің қолданыс жиілігі ескеріліп, Терминком отырысында нақтыланып, «*примечание*» – *ескертпе*, «*ссылка*» – *сілтеме*, «*сноска*» – *ендірме*, «*оговорка*» – *ескертім*, «*предупреждение*» – *алдын ала ескерту*, «*замечание*» – *ескерту* болып бекітілді.

Терминдердің қазақ тілінің заңдылығына сәйкес жасалуы маңызды, дегенмен терминжасам жүйесіндегі *-лық/-лік*, *-дық/-дік*, *-тық/-тік*, *-шылық/-шілік* қосымшаларын орынсыз қолдану кальканың белгісі әрі сала тілін түсінуді ауырлататыны байқалды. Мұндай қолданыс сөз тіркесінің грамматикалық заңдылығының бұзылуына жол ашады. Сондықтан бірқатар тіркестер басы артық қосымшалардан арылып, ықшамдалды: *абоненттік желі* – *абонент желісі*, *аванстық төлем* – *аванс төлемі*, *нотариаттық қызмет* – *нотариат қызметі*, *банктік аударым* – *банк аударымы*, *қағаз тасымалдағыш* – *қағаз тасығыш*, *құқық бұзушылық* – *құқық бұзу*, *кемсітушілік* – *кемсіту*, *қабілеттілік* – *қабілеттік* және т.б.

Сөздік қазақ тілінің сөзжасамдық мүмкіндіктері негізінде жасалған жаңа терминдермен толықтырылып, қазақ тілінің бай сөздік қорын негізге алды, мысалы, *талапшарт*, *сауға беру*, *мұрсаткүн*, *рәсімкүә*, *жоғалтым*, *жазысым*, *сыйлықақы* және т.б. Көпмағыналы сөздердің де қолданысы нақтыланды: «*обстоятельство*» – *мән-жай*, «*состояние*» – *жай-күй*, «*ситуация*» – *жағдаят*, «*случай*» – *жағдай*, «*обстановка*» – ахуал деп жіктелді.

Осы сөздіктің басты ерекшеліктерінің бірі – заңи мәтіндерде жарыспалы қолданыста жүрген терминдерді ажыратып көрсету және қолданушыларға түсінікті болу үшін арнайы ескертпелердің берілуі. Мұндай ескертпелерде терминдердің нақты мәнмәтіндегі қолданысы, мағыналық, стилистикалық ерекшеліктері қамтылған.

Кейде терминдер жалпылама сөздерге ұқсас келіп, әр салада әртүрлі мағына беруі мүмкін. Мұндай жағдайда терминнің қай салаға жататынын және мағынасын ашуға көмектесетін – мәнмәтін, яғни контекст. Сондықтан терминдерді дұрыс түсіндіру, дәл аудару және ғылыми мәтінді бірізді беру үшін мәнмәтінге назар аудару маңызды. Мәселен, «*жанжал*», «*шиеленіс*», «*қақтығыс*» сөздері мәнмәтінде «*конфликт*» терминінің мағынасын нақтылап (*әлеуметтік жанжал*, *қарулы қақтығыс*, *ұлтаралық шиеленіс*), оның мазмұнын дәл түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ және орыс тілдерінің семантикалық өрісінің әртүрлі болуына және қазақ тіліндегі сөз ұғымы мен мағынасының кеңдігі, икемділігі және көпмағыналылығы деген ерекшелігі ескеріліп, орыс тіліндегі «*годность*, «*пригодность*, «*действительность*» деген бірнеше сөздің қазақ тілінде бір ғана «*жарамды не жарамдылық*» сөздерімен берілетіндігі анықталды. Экономика және қаржы саласындағы «*шығын*», «*шығыс*», «*зиян*», «*залал*», «*зардап*», «*нұқсан*» сөздерінің қолданысы да ретке келтірілді: «*шығын*» сөзі – «*затрата*, «*убыток*», «*шығыс*» – «*расход*», «*зиян*» – «*вред*», ал «*ущерб*» сөзінің баламасы ретінде «*залал*, «*зардап*, «*нұқсан*» ұсынылды. Сол сияқты,

орыс тіліндегі «заявление» сөзі мазмұнына қарай «өтініш», «мәлімдеме» немесе «арыз» деп аражігі ажыратылды.

Терминдерді біріздендіру мақсатын жүзеге асыру үшін терминдер мен сөз тіркестерін дұрыс аудару жұмысының атқаратын рөлі жоғары. Аударма барысында сөз мағынасының дәлдігі сақталмаса, мәтіннің құқықтық мазмұны бұрмалануы мүмкін, сол себепті әр терминнің түпнұсқа тіліндегі мағынасы, оның термин атауымен сәйкестігі тексерілді. Осы бағытта әрбір терминнің заң мәтініндегі қолданысы, мағыналық өрісі және аударма нұсқалары салыстырылды. Сөздікте қолданысы ғылыми және практикалық тұрғыдан сұрыпталған, құқық қолдану тәжірибесінде, экономика саласында, іс жүргізу үдерісінде жиі кездесетін әрі шешімін таппай жүрген терминдер енгізілді.

Терминдерге балама таңдаған кезде мағына дәлдігі қағидаты, орфографиялық нормалар және ықшамдау заңдылығы басшылыққа алынды.

Сөздікті әзірлеу кезінде даулы терминдер құқық, филология, экономика салаларының білікті мамандары, Парламент депутаттары және мемлекеттік органдардың редакциялау бөлімдерімен бірлесе талқыланды.

Сөздікті қолданушылар сөздіктегі терминдерді бұрынғы нұсқаларымен салыстырған кезде айырмашылықтарды көріп, құрастырушылар ұсынған жаңа баламаларға қатысты пікірлері туындауы мүмкін. Мұндай пікірлердің туындауы заңды құбылыс, өйткені терминология – үздіксіз дамитын жүйе. Дегенмен қолданыстағы заңдар мен бұрынғы сөздіктер мұқият сараланып, тәжірибеде орныққан және көпшілікке түсінікті, етене таныс терминдер сөздікке өзгеріссіз енді.

Сөздікте терминдер мен сөз тіркестерінің анықтамасы (*дефиниция*) берілген, бірақ анықтаманы нормативтік актілерде берілетін *негізгі ұғымдармен (ұғымдық аппаратпен)* шатастыруға болмайды. Нормативтік анықтама терминнің құқықтық табиғатын дәл айқындау мақсатында берілсе, сөздіктегі анықтамалар терминнің жалпы семантикасын, мәнмәтіндегі қолданысы мен тілдік ерекшеліктерін көрсетеді.

Сөздік екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлімде терминдер мен сөз тіркестері әліпби ретімен қазақ және орыс тілдеріндегі анықтамасымен ұсынылды. Екінші бөлімде терминдер мен сөз тіркестерінің орыс және қазақ тілдеріндегі тізбесі жасалды. Бұл бөлім терминдердің аудармасын жылдам іздеп табуға мүмкіндік береді.

Бірыңғай сөздік – нормативтік құқықтық актілерде қолданылатын терминдер мен сөз тіркестерін біріздендіру, қазақ тіліндегі құқықтық дискурстың сапасын арттыру және заңнаманың түсінікті жазылуы жолындағы жүйелі ғылыми-тәжірибелік жұмыс нәтижесі және заңнама тілін жүйелі түрде жетілдірудегі бастама.

Бірыңғай сөздік әзірлеу – ұлттық терминология жүйесін қалыптастыру мен дамыту үшін маңызды қадам. Мемлекеттік тілде заңнама терминологиясын жетілдіру қазақ тілінің құқықтық саладағы қолданылу аясын

кеңейтеді, сондай-ақ ұлттық терминологияның жүйеленуіне, отандық және халықаралық құқық құжаттары мәтіндерінің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан: *«Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса, халықтық мақсат сонда орындалады»*, – деп ұлттың дамуы ортақ еңбек пен бірлікке негізделетінін айтқан. Осы сөздік те – сол ортақ мұратқа қосылған үлес.

Тіл байлығын жүйелеп, келер ұрпаққа дұрыс әрі түсінікті қалпында жеткізу – тіл мамандарының ғана емес, баршамыздың ортақ парызымыз. Бірыңғай сөздік қазақ тілін дамытуға қызмет ететін қажетті құрал болады деп сенеміз.

Құрастырушылар алқасы

ГУ "Управление архитектуры, градостроительства и земельных отношений города Астана" (АЖАУ)

СӨЗДІКТІ ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

Оқырманға ұсынылып отырған Бірыңғай сөздік заң және экономика салаларында, ісқағаздарын жүргізуде жиі қолданылатын терминдер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдануға және кәсіби коммуникацияда бірізділікті сақтауға мүмкіндік береді. Сөздік анықтамасымен бірге ұсынылған қазақша-орысша және анықтамасыз ұсынылған орысша-қазақша бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім – қазақша-орысша нұсқа. Мұнда терминдер мен сөз тіркестері әліпби ретімен беріліп, әрбір термин мен сөз тіркестерінің мағынасы мен қолданысын түсіндіретін қазақша және орысша түсініктемесі (анықтамасы) ұсынылды. Түсініктеме терминнің мазмұнын толық түсінуге, оның кәсіби мәтіндегі рөлі мен қолданылу аясын анықтауға мүмкіндік береді. Кейбір терминдерге арнайы ескертпелер қоса ұсынылды. Бұл ескертпелер жарыспалы қолданыстардың ара-жігін ажырату және мағына айырмашылықтарын көрсету және терминдер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдану мақсатында енгізілді.

Екінші бөлім – орысша-қазақша нұсқа. Мұнда терминдер мен сөз тіркестері әліпби жүйесімен орысша-қазақша нұсқада, анықтамасыз берілді. Екінші бөлімнің негізгі қызметі – орыс тіліндегі ресми құжаттармен, заң және экономика мәтіндерімен жұмыс істейтін мамандарға орыс тіліндегі терминнің қазақша нұсқасын жылдам тауып алу үшін дайындалды. Құрылымның мұндай ықшам форматы іздеу үдерісін жеңілдетеді және екі тілдегі терминологиялық сәйкестікті тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Нормативтік құқықтық актілерде қолданылатын терминдер мен сөз тіркестерінің түсініктемесі қажет болса, бірінші бөлімдегі анықтамалық ақпаратты, ал терминнің қазақ тіліндегі аудармасы қажет болса, екінші бөлімдегі ақпаратты пайдалануға болады.

Сөздікті пайдалану заң, экономика салалары және ісқағаздары терминдері мен сөз тіркестерінің бірыңғай қалыптасуын қамтамасыз етіп, кәсіби тіл мәдениетін арттыруға қызмет етеді.

Аа

АБОНЕНТ БЕРЕШЕГІ – абоненттің ақы төлеу мерзімі өтіп кеткен қызметтерге ақы төлеу міндеті.

АБОНЕНТ ЖЕЛІСІ – жергілікті телекоммуникация желісінің бір бөлігіне жататын және абонент құрылғысын сол желінің телекоммуникация құралдарымен жалғайтын байланыс желісі.

АБОНЕНТТІҢ ПОШТА ЖӘШПІ – адресаттардың пошта жөнелтілімдерін алуы үшін ғимараттарда, тұрғын үйлерде (тұрғын ғимараттарда), жеке тұрғын үйлерде орнатылатын, ұяшықтары бар арнайы шкаф.

АБСОЛЮТ КӨПШІЛІК – сайлаушылардың жалпы санының жартысынан көбі шешімді қолдайтын жағдай.

АБСОЛЮТТІК ҚҰҚЫҚ – нақты тұлғаға (жеке немесе заңды) тиесілі және саны шектелмеген барлық үшінші тұлғаға қатысты қолданылатын субъективтік құқық, яғни қалғанының барлығы осы құқықты бұзбауға міндетті.

АБСТРАКТ МӘМІЛЕ – жарамдылығы оның негізіне (қарыз, сатып алу, сыйға тарту және т.б.) немесе мақсатына байланысты болмайтын мәміле.

АВАНС ЕСЕБІ – жұмыскерге немесе қызметкерге іссапар, қызметтік шығыс немесе басқа да мақсатқа берілген аванс сомасының нақты шығындалғанын дәлелдейтін құжат.

АБОНЕНТСКАЯ ЗАДОЛЖЕННОСТЬ – обязанность абонента оплатить предоставленные ему услуги, срок оплаты которых истек.

АБОНЕНТСКАЯ ЛИНИЯ – линия связи, являющаяся частью местной сети телекоммуникаций и соединяющая абонентское устройство со средствами телекоммуникаций этой сети.

АБОНЕНТСКИЙ ПОЧТОВЫЙ ЯЩИК – специальный шкаф с ячейками, устанавливаемый в зданиях, жилых домах (жилых зданиях), индивидуальных жилых домах, для получения адресатами почтовых отправлений.

АБСОЛЮТНОЕ БОЛЬШИНСТВО – случай, когда решение поддержано более чем половиной от общего числа участников голосования.

АБСОЛЮТНОЕ ПРАВО – субъективные права, которые принадлежат конкретному лицу (физическому или юридическому) и действуют в отношении неограниченного круга третьих лиц, то есть все остальные обязаны воздерживаться от их нарушения.

АБСТРАКТНАЯ СДЕЛКА – сделка, действительность которой не зависит от ее основания (заем, покупка, дарение и т. д.) или цели.

АВАНСОВЫЙ ОТЧЕТ – документ, подтверждающий фактическое использование авансовой суммы, выданной работнику или сотруднику на командировку, служебные расходы или другие цели.

АВАНС ЕСЕПТІЛІГІ – аванс қаражаттарының заңды және нақты мақсаттарға жұмсалғанын растау үшін жасалатын есеп.

АВАНС ТӨЛЕМДЕР – шарт бойынша тауар жеткізу, жұмыс орындау немесе қызмет көрсету басталмай тұрып, алдын ала төленетін ақша сомасы.

АВАНСТАЛҒАН ҚАРАЖАТ – өндірісті немесе өзге де үдерістің үздіксіздігін қамтамасыз ету және кейіннен экономикалық нәтиже алу мақсатында алдын ала салынған ақшалай немесе өзге де ресурстар.

АВАРИЯ – техникалық жүйенің, құрылғының немесе инфрақұрылымның істен шығуына, бүлінуіне немесе қалыпты режімінің бұзылуына байланысты материалдық залалға, қауіпке немесе зиянға әкелетін оқиға.

АВАРИЯЛЫҚ ЖАҒДАЯТ – техникалық, технологиялық немесе табиғи факторлардың әсерінен туындайтын, адам өміріне, денсаулығына, мүлкіне немесе қоршаған ортаға қауіп төндіретін төтенше жағдаят.

АВАРИЯЛЫҚ ЖАРНА – төтенше жағдаятқа немесе күтпеген шығыстарға дайындық үшін төленетін арнайы жинақ немесе қаржы резерві.

АВТОМОБИЛЬ ЖҮРГІЗУ – көлік құралын (автомобильді) жолды немесе жолсыз жерде жол қозғалысы ережелеріне, автомобильдің техникалық сипаттамасы мен қоршаған орта жағдайларына сәйкес

АВАНСОВАЯ ОТЧЕТНОСТЬ – отчёт, составляемый для подтверждения того, что авансовые средства были израсходованы по законным и фактическим назначениям.

АВАНСОВЫЕ ПЛАТЕЖИ – сумма денег, выплачиваемая заранее до начала поставки товаров, выполнения работ или оказания услуг по договору.

АВАНСИРОВАННЫЕ СРЕДСТВА – денежные или иные ресурсы, предварительно вложенные в производственный или иной процесс с целью обеспечения его непрерывности и последующего получения экономического результата.

АВАРИЯ – событие, связанное с выходом из строя, повреждением или нарушением нормального режима работы технических систем, устройств или инфраструктуры, которое может привести к материальному ущербу, опасности или вреду.

АВАРИЙНАЯ СИТУАЦИЯ – чрезвычайная ситуация, вызванная техническими, технологическими или природными факторами, создающая угрозу жизни, здоровью людей, имуществу или окружающей среде.

АВАРИЙНЫЙ ВЗНОС – специальный сбор или финансовый резерв, уплачиваемый в целях подготовки к чрезвычайным ситуациям или непредвиденным расходам.

УПРАВЛЕНИЕ АВТОМОБИЛЕМ – процесс использования транспортного средства (автомобиля) для его передвижения по дорогам или вне дорог, с помощью механизмов управления (руль, педали, коробка

басқару тетіктерінің (рөл, педальдар, беріліс қорабы) көмегімен қозғалту үшін қолдану үдерісі.

АВТОР КУӘЛІГІ – уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша берілетін, Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтің енгізілуін растайтын ресми құжат.

АВТОРИЗАЦИЯ – белгілі бір қаржы операциясын жүргізуге рұқсат беру үдерісі.

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ – авторға шығармашылық еңбектің нәтижелері (ғылымда, әдебиетте, өнерде) үшін заңмен берілетін, оның мүлік және мүліктік емес құқықтарын қорғайтын құқық.

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАН БАС ТАРТУ – автор туындыны жариялау туралы бұған дейінгі қабылданған шешімінен бас тартуға (кері қайтарып алуға), бірақ бұл шешім салдарынан пайдаланушыға келтірілген шығынды, оның ішінде алынбай қалған пайданы өтеуге құқылы.

АВТОРЛЫҚ СЫЙАҚЫ – туындыны пайдаланудың әрбір түрі үшін автордың немесе өзге де құқық иеленушінің сыйақы алу құқығы, оның мөлшері мен есептелу тәртібі авторлық шартпен, лицензиялық шартпен немесе осы заңнамамен белгіленеді.

АВТОРЛЫҚ ШАРТ – шығармашылық туындыны жасаушы (автор) мен басқа жеке немесе заңды тұлға

передач) в соответствии с правилами дорожного движения, техническими характеристиками автомобиля и условиями окружающей среды.

АВТОРСКОЕ СВИДЕТЕЛЬСТВО – официальный документ, выдаваемый по форме, утвержденной уполномоченным органом, который подтверждает внесение сведений в Государственный реестр прав на объекты, охраняемые авторским правом.

АВТОРИЗАЦИЯ – процесс предоставления разрешения на проведение определённой финансовой операции.

АВТОРСКОЕ ПРАВО – право, предоставляемое автору законом на результаты творческой деятельности (в науке, литературе, искусстве), защищающее его имущественные и неимущественные права.

ОТКАЗ ОТ АВТОРСКОГО ПРАВА – автор имеет право отказаться от ранее принятого решения об опубликовании произведения (право на отзыв) при условии возмещения пользователю причиненных таким решением убытков, включая упущенную выгоду.

АВТОРСКОЕ ВОЗНАГРАЖДЕНИЕ – автор или иной правообладатель имеет право получать вознаграждение за каждый вид использования произведения, размер и порядок исчисления которого определяется авторским договором, лицензионным договором или законодательством.

АВТОРСКИЙ ДОГОВОР – соглашение, заключаемое между создателем произведения (автором) и

арасында жасалатын, авторлық құқықтарды пайдалануға, беруге немесе лицензиялауға қатысты құқықтар мен міндеттерді реттейтін келісім.

АВТОРЛЫҚТЫ ИЕМДЕНІП АЛУ

– 1. Автордың құқығына тиісу тәсілдерінің бірі ретінде біреудің шығармасын (толық көлемде немесе бөлігін) өз атынан шығару; басқа адамдармен бірлесіп жасаған шығарманы олардың аты-жөнін көрсетпей, өз атынан басып шығару. 2. Өнертабыс және патент құқығына қол сұғу тәсілдерінің бірі ретінде басқа адамның өнертабысына, пайдалы моделіне немесе өнеркәсіп үлгісіне өз атынан өтінім беру не осы объектілерге құқығы болмаса да оған құжат алуы.

АВТОРТАНУ САРАПТАМАСЫ

– мәтіннің тілдік, стильдік, мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін талдау арқылы оның авторын анықтауға бағытталған, қолжазба немесе баспа құжаттарына жүргізілетін криминалистикалық сараптама түрі.

АГЕНТ СЫЙАҚЫСЫ

– жасалған мәміле сомасының белгілі бір сомасы немесе пайызы ретінде төленетін, мәміле қатысушысы мен сауда брокері, трейдер немесе агент арасындағы бөлек келісімде көзделген тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатып алу-сату жөніндегі сауда брокерінің, трейдердің немесе агенттің көрсеткен қызметтері үшін төленетін ақы.

другим физическим или юридическим лицом, регулирующие права и обязанности сторон в отношении использования, передачи или лицензирования авторских прав.

ПРИСВОЕНИЕ АВТОРСТВА

– 1. Как один из способов посягательства на права авторов представляет собой выпуск (в полном объеме или части) чужого произведения под своим именем; издание под своим именем произведения, созданного в соавторстве с другими лицами, без указания их фамилий. 2. Как один из способов посягательства на изобретательские и патентные права представляет собой подачу заявки от своего имени на чужое изобретение, полезную модель или промышленный образец либо получение документа на указанные объекты лицом, не являющимся их автором.

АВТОРОВЕДЧЕСКАЯ ЭКСПЕРТИЗА

– вид криминалистической экспертизы, проводимой на основе рукописных или печатных документов, направленный на установление автора текста путем анализа его языковых, стилевых, содержательных и структурных особенностей.

АГЕНТСКОЕ ВОЗНАГРАЖДЕНИЕ

– плата за услуги торгового брокера, трейдера или агента по купле-продаже товара (работы, услуги), выплачиваемая в виде суммы или процента от суммы совершенной сделки, предусмотренная отдельным соглашением между участником сделки и торговым брокером, трейдером или агентом.

АГЕНТТІ ШИФРЛАУ – құпия агенттің немесе уәкілетті адамның жеке басын, оның мақсатын және қызметін әдейі жасырын ұстау әрекеті.

АГЕНТТІК КЕЛІСІМ – тапсырыс беруші мен агент арасындағы келісім, оған сәйкес агент сыйақы үшін тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша оның атынан немесе өз атынан, бірақ тапсырыс берушінің мүддесінде белгілі бір заңи немесе нақты әрекеттерді орындауға міндеттенеді, ал тапсырыс беруші сол көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді.

АДАЛ ИЕМДЕНУШІ – мүлікке немесе құқыққа заңды түрде ие болу кезінде меншік иесінің құқықтарының бұзылғаны туралы білмеген, заңға сәйкес әрекет еткен тұлға.

АДАМДЫ ҚАЙТА ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ОРТАЛЫҒЫ – адамның қоғам ішінде өмір сүруге бейімделуіне көмек беретін және олардың әлеуметтік ортаға (бас еркіндігінен айыру орындарынан босатылған адамдарға) қайта оралуына қолдау көрсететін мамандандырылған мекеме.

АДАМДЫ КЕПІЛГЕ АЛУ – адамды күшпен ұстап, оның еркіне қарсы белгілі бір талаптарды орындауға мәжбүрлеу мақсатында қолданылатын құқыққа қарсы әрекет.

АДАМИ ӨЛШЕМ – адамның қылығын, мінез-құлқын және көзқарасын моральдық тұрғыдан бағалайтын қағидаттар мен құндылықтар жиынтығы.

ЗАШИФРОВКА АГЕНТА – действия по умышленному сокрытию личности, целей и деятельности секретного агента или уполномоченного лица.

АГЕНТСКОЕ СОГЛАШЕНИЕ – соглашение между заказчиком и агентом, в соответствии с которым агент обязуется, за вознаграждение, по поручению заказчика совершать определённого рода юридические или фактические действия от имени заказчика или от своего имени, но в интересах заказчика, а заказчик обязуется оплатить эти услуги.

ДОБРОСОВЕСТНЫЙ ПРИОБРЕТАТЕЛЬ – лицо, которое законно приобрело имущество или право и при этом при приобретении не знало о нарушении прав собственника, действовало в соответствии с законом.

ЦЕНТР ДЛЯ РЕСОЦИАЛИЗАЦИИ ЛИЦ – специализированное учреждение, оказывающее помощь лицам в адаптации к жизни в обществе и поддержку с целью их реинтеграции в социальную среду (для лиц, освободившихся из мест лишения свободы).

ЗАХВАТ ЗАЛОЖНИКА – противоправное действие, заключающееся в насильственном удержании лица против его воли с целью понуждения к выполнению определённых требований.

ЧЕЛОВЕЧЕСКОЕ ИЗМЕРЕНИЕ – совокупность принципов и ценностей, оценивающих поступки, поведение и мировоззрение человека с моральной точки зрения.

АДАМНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНА ТИІСПЕУ – нормативтік құқықтық актілерде белгіленген негіздер мен тәртіпке сәйкес ешкімді де қылмыстық құқық бұзуға барды деген күдікпен ұстап алуға, күзетпен қамауға алуға немесе өзгеше түрде бас еркіндігінен айыруға болмайды.

АДАМНЫҢ ҚАДІР-ҚАСИЕТІНЕ ТИІСПЕУ – адамның моральдық, рухани және құқықтық дербестігін қорғау, оның ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітуге жол бермеу.

АДВОКАТ ЛАУАЗЫМЫ – адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясы бар және адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын адамның кәсіби мәртебесі.

АДВОКАТТЫҢ МҮШЕЛІК ЖАРНАСЫ – адвокаттар алқасының мүшелері жыл сайын төлейтін міндетті жарна түрі, оның мөлшері тиісті алқа жарғысымен белгіленеді.

АДЕКВАТТЫ АДАМ – сыртқы жағдайларға, әлеуметтік нормаларға және логикалық негізделген талаптарға сай әрекет ететін, өз әрекеті мен шешімдері үшін жауапкершілікті сезінетін, психологиялық және моральдық тұрғыдан тепе-тең күйде болатын адам.

АДЕКВАТТЫ ЕМЕС АДАМ – сыртқы жағдайларға, әлеуметтік нормаларға және логикалық негізделген талаптарға сәйкес әрекет етпейтін, өз әрекеті мен шешімдері үшін жауапкершілікті сезінбейтін, психологиялық және моральдық тұрғыдан теңгерімсіз адам.

НЕПРИКОСНОВЕННОСТЬ ЛИЧНОСТИ – никто не может быть задержан по подозрению в совершении уголовного правонарушения, заключен под стражу или иным образом лишен свободы иначе как на основаниях и в порядке, установленном нормативным правовым актом.

НЕПРИКОСНОВЕННОСТЬ ДОСТОИНСТВА ЧЕЛОВЕКА – защита моральной, духовной и правовой самостоятельности личности, недопущение унижения её чести и достоинства.

АДВОКАТСКАЯ ДОЛЖНОСТЬ – профессиональный статус лица, имеющего лицензию на осуществление адвокатской деятельности и являющегося членом коллегии адвокатов.

ЧЛЕНСКИЙ ВЗНОС АДВОКАТА – обязательный ежегодный взнос, выплачиваемый членами коллегии адвокатов, размер которого определяется уставом соответствующей коллегии.

АДЕКВАТНЫЙ ЧЕЛОВЕК – человек, который действует в соответствии с внешними условиями, социальными нормами и логически обоснованными требованиями, чувствует ответственность за свои действия и решения и находится в состоянии психологического и морального равновесия.

НЕАДЕКВАТНЫЙ ЧЕЛОВЕК – человек, которая не действует в соответствии с внешними обстоятельствами, социальными нормами и логически обоснованными требованиями, не чувствует ответственности за свои действия и решения и находится в психологическом и моральном дисбалансе.

АЗАМАТ – белгілі бір мемлекетпен тұрақты құқықтық байланыстағы, сол мемлекеттің азаматтығы берілген және оған сол мемлекеттің Конституциясы мен заңдарында көзделген құқықтар мен міндеттердің жиынтығы жүктелген адам.

АЗАМАТТАРДЫҢ ЖОЛДАНЫМЫ, АЗАМАТТАРДЫҢ ЖҮГІНУІ – мемлекеттік органдарға, лауазымды адамға немесе басқа да субъектілерге жеке немесе заңды тұлғалардың өтініші, шағымы, ұсынысы немесе сауалын білдіретін, жазбаша не ауызша нысандағы жеке немесе ұжымдық жүгінуі.

Ескертпе. Құжат жазбаша ресімделгенде «жолданым» сөзі қолданылады, ал ауызша нысанда берілсе «жүгіну» деген етістік қолданылады.

АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ – ешбір мемлекетте азаматтығы жоқ жеке адамның құқықтық мәртебесі немесе жай-күйі.

АЗАМАТТЫҒЫ ЖОҚ АДАМ – азаматтық мәртебесі жоқ жеке адам, яғни азаматтығы жоқ жағдайдағы нақты субъект.

АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ – азаматтық-құқықтық жауапкершілік, өзге адамның субъективтік азаматтық құқықтарының бұзылуына байланысты, өзінің заңда көзделген міндеттерін орындамаудың немесе жеткілікті орындамаудың нәтижесінде туындайтын салдар.

ГРАЖДАНИН – лицо, состоящее в устойчивой правовой связи с определённым государством, обладающее гражданством этого государства и на которого возлагается совокупность прав и обязанностей, предусмотренных Конституцией и законами данного государства.

ОБРАЩЕНИЕ ГРАЖДАН – индивидуальное или коллективное обращение физических и юридических лиц в государственные органы, к должностным лицам или другим субъектам в письменной или устной форме, содержащее заявление, жалобу, предложение или запрос.

Примечание. Если документ оформлен в письменной форме, используется термин «жолданым» («обращение» как документ), а если обращение подаётся в устной форме, применяется глагол «жүгіну».

БЕЗГРАЖДАНСТВО – правовой статус или состояние человека, когда он не признаётся гражданином ни одного государства.

ЛИЦО БЕЗ ГРАЖДАНСТВА – человек, который обладает статусом безгражданства, то есть конкретный субъект, находящийся в состоянии безгражданства.

ГРАЖДАНСКАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ – гражданско-правовая ответственность, последствия, возникающие в связи с нарушением субъективных гражданских прав иного лица, в результате неисполнения или недостаточного возмещения своих обязанностей, предусмотренных законом.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ҚАБІЛЕТ-ТІГІ – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық азаматқа бірдей танылған, азаматтық құқықтарға ие болу және азаматтық міндеттерді атқару қабілеті.

АЗАМАТТЫҚ ҚЫЗМЕТШІ – мемлекеттік органда тұрақты түрде кәсіби қызмет атқаратын және мемлекет бюджетінің қаражаты есебінен өзінің қызметіне айлықақы (үстемеақы, сыйлықақы және т.б.) алатын адам.

АЙ САЙЫНҒЫ ЕСЕПТІЛІК – белгілі бір ұйымның, мекеменің немесе кәсіпкердің әр айдың соңында өзінің қызметі, қаржы жағдайы немесе басқа да көрсеткіштері бойынша тиісті органдарға немесе басшылыққа жоспарлы түрде есеп тапсыруы.

АЙҒАҚ – куәгердің, жәбірленушінің, күдіктінің немесе айыпталушының қылмыс ісіне қатысты маңызды, өздеріне белгілі мән-жайды тергеу органына, анықтап-білу органына немесе сотқа ауызша және жазбаша түрде баяндауы.

АЙҒАҚ-БЕРУ – тұлғаның тергеушіге, анықтаушыға немесе сотқа іс үшін маңызы бар өзіне белгілі мәліметтерді ауызша не жазбаша түрде хабарлауды қамтитын процесстік әрекет.

АЙДАП САЛУ – адамның немесе топтың арасындағы керісуді, шиеленісті немесе алауыздықты қоздыру, біреуді немесе бір топты басқаларға қарсы айдап салу әрекеті.

ГРАЖДАНСКАЯ ПРАВОСПОСОБНОСТЬ – в соответствии с законодательством Республики Казахстан, способность иметь гражданские права и нести обязанности, которая признается в равной мере за всеми гражданами.

ГРАЖДАНСКИЙ СЛУЖАЩИЙ – лицо, осуществляющее профессиональную служебную деятельность на постоянной основе в государственном органе и получающее денежное содержание (оклад, надбавки, премии и т.п.) за счёт государственного бюджета.

ЕЖЕМЕСЯЧНАЯ ОТЧЕТНОСТЬ – плановое представление определенной организацией, учреждением или предпринимателем отчета о своей деятельности, финансовом положении или других показателях соответствующим органам или руководству в конце каждого месяца.

ПОКАЗАНИЕ – изложение свидетелем, потерпевшим, подозреваемым или обвиняемым известных им обстоятельств, имеющих значение для уголовного дела, в устной или письменной форме следственному органу, органу дознания или суду.

ДАЧА ПОКАЗАНИЙ – процессуальное действие, при котором лицо устно или письменно сообщает следователю, дознавателю или суду известные ему сведения, имеющие значение для дела.

ПОДСТРЕКАТЕЛЬСТВО – действие, направленное на возбуждение ссоры, конфликта или раздора между людьми или группами, подстрекательство одного человека или группы против другого.

АЙДАП САЛУШЫ – басқаларды көндіру, қорқыту, пара беру немесе басқа да тәсілдерді қолдану арқылы қылмыс немесе басқа да заңсыз әрекет жасауға көндіретін адам.

АЙҚЫНДАЙ ТҮСУ – жағдаятты, мәселені немесе идеяны неғұрлым жақсы түсінуге бағытталған, түсініксіздікті жою үдерісі.

АЙҚЫНДАУ – фактілерді, мән-жайды немесе құбылысты зерттеу арқылы, олардың мәнін, себеп-салдар байланыстарын және деректердің шындыққа сәйкестігін анықтау мақсатындағы үдеріс.

Ескертпе. Сөздікте «айқындау» термині орыс тіліндегі «выяснение» сөзінің баламасы, ал «анықтау, ұйғарым» терминдері «определение» сөзінің баламасы ретінде ұсынылды. Анықтамалары әліби ретімен берілді.

АЙЛА-ШАРҒЫ ЖАСАУ – пайда табу немесе нарықтың басқа қатысушыларын адастыру мақсатында активтердің (бағалы қағаздар, тауарлар, валюта және т.б.) бағасы, сұранысы, ұсынысы немесе сауда көлемі туралы жалған немесе адастыратын түсінік қалыптастыруға бағытталған қасақана әрекеттер.

АЙЛЫҚ ЕСЕПТЕУ КӨРСЕТКІШІНІҢ МӨЛШЕРІ – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұлдар, жәрдемақылар, салықтар мен басқа да төлемдерді есептеуге қолданылатын, бекітілген қаржы бірлігі.

ПОДСТРЕКАТЕЛЬ – человек, который склоняет других к совершению преступления или другого неблагоприятного поступка, используя угрозы, угрозы, подкуп или другие способы.

ПРОЯСНЕНИЕ – процесс устранения неясности, направленный на достижение лучшего понимания ситуации, проблемы или идеи.

ВЫЯСНЕНИЕ – процесс установления фактов, обстоятельств или явлений путем их изучения с целью выявления сути, причинно-следственных связей и соответствующих действительности данных.

Примечание. В словаре термин «айқындау» предложен как эквивалент русского слова «выяснение», а термины «анықтау, ұйғарым» – как эквиваленты русского слова «определение». Определения приведены в алфавитном порядке.

МАНИПУЛИРОВАНИЕ – умышленные действия, направленные на создание ложного или вводящего в заблуждение представления о цене, спросе, предложении или объёме торгов какого-либо актива (ценные бумаги, товары, валюта и др.) с целью получения выгоды или введения других участников рынка в заблуждение.

РАЗМЕР МЕСЯЧНОГО РАСЧЕТНОГО ПОКАЗАТЕЛЯ – установленная финансовая единица, применяемая в соответствии с законодательством Республики Казахстан для расчёта штрафов, пособий, налогов и других платежей.

АЙЛЫҚАҚЫ – жұмыскерге еңбек шартына немесе заңнамаға сәйкес орындалған жұмысы үшін белгіленген мерзімде, әдетте, ай сайын төлетін белгіленген ақшалай төлем.

АЙНАЛЫМ – ағымдағы шот бойынша банктің касса операцияларының жалпы саны.

АЙНАЛЫС – тауарлар мен қызметтердің алмасу үдерістерінің жиынтығы, олардың өндірушіден тұтынушыға ауысуы, сондай-ақ осы үдерістермен бірге жүретін ақша қозғалысы.

АЙНАЛЫСҚА ШЫҒАРУ – заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес акцияларды, облигациялар мен басқа бағалы қағаздарды шығару және оларды қаржы нарығында сату, айналымға енгізу немесе тарату үдерісі.

АЙРЫҚША ҚҰҚЫҚ – зияткерлік меншік объектісі иесінің өзі тиірі бойынша объектіні пайдалануы және басқа адамдардың заңсыз пайдалануынан қорғайтын мүліктік құқық.

АЙРЫҚША ҚҰҚЫҚТЫ БАСҚАҒА БЕРУ ШАРТЫ – зияткерлік меншік объектісінің (патент, тауар белгісі, автор құқығы) айрықша құқығын иеленушінің осы құқықты басқа тұлғаға толық немесе ішінара беруін реттейтін келісім.

АЙЫПАҚЫ ТӨЛЕМІ – кінәлі тараптан шартты бұзғаны немесе міндеттемелерді орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін алынатын ақшалай сома.

ОКЛАД – фиксированная денежная выплата, производимая работнику в установленные сроки, обычно ежемесячно, в соответствии с трудовым договором или законодательством за выполненную работу.

ОБОРОТ – общее количество банковских кассовых операций по текущему счету.

ОБРАЩЕНИЕ – совокупность процессов по обмену товаров и услуг, их перемещению от производителя к потребителю, а также движение денег, сопровождающее эти процессы.

ВЫПУСК В ОБРАЩЕНИЕ – процесс выпуска акций, облигаций и других ценных бумаг в соответствии с установленным законодательством порядком и их размещение, введение в оборот или распространение на финансовом рынке.

ИСКЛЮЧИТЕЛЬНОЕ ПРАВО – имущественное право обладателя объекта интеллектуальной собственности использовать объект по своему усмотрению и защищать от неправомерного использования другими лицами.

ДОГОВОР УСТУПКИ ИСКЛЮЧИТЕЛЬНОГО ПРАВА – соглашение, регулирующее передачу владельцем исключительного права на объект интеллектуальной собственности (патент, товарный знак, авторское право) этого права полностью или частично другому лицу.

ВЫПЛАТА НЕУСТОЙКИ – денежная сумма, взимаемая с виновной стороны за нарушение договора или неисполнение (ненадлежащее исполнение) обязательств.

АЙЫПТАУ – қылмыстық құқық бұзған адамның кінәсін тануға (мойындатуға) бағытталған, оған жаза немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолданатын простітік әрекет.

АЙЫПТАУШЫ ТАРАП – мемлекет мүддесін білдіретін және қылмыстық құқық бұзудың айыптау функциясын жүзеге асыратын қылмыстық процеске қатысушы.

АЙЫРБАС КАССАСЫ – бір номиналды банкноттар мен монеталарды басқа номиналды банкноттар мен монеталарға айырбастауға және беруге арналған арнайы жабдықталған кабина (орынжай).

АЙЫРЫМ БЕЛГІСІ – жеке адамның еңбегін, әскери ерлігін, ұзақ қызметін немесе басқа да маңызды жетістіктерін мемлекет, ведомыс немесе қоғамдық ұйым тарапынан мойындауды білдіретін арнайы белгі (мысалы, орден, медаль, төсбелгі, құрметті атақ).

АЙЫРЫМ БЕЛГІСІН КӨРСЕТУ – уәкілетті адамның қызмет мәртебесін, оның ведомысқа қарайтындығын немесе өкілеттігін растайтын, белгіленген айырым белгісін (қызмет куәлігі, төсбелгі, жетон) көрсету әрекеті.

АККОРД ЖАЛАҚЫ – жұмыскерге (немесе бригадаға) белгілі бір жұмыс көлемін орындағаны үшін, акты жұмсалған уақытына қарамастан, толық төлем түрінде төленетін еңбекақы түрі.

ОБВИНЕНИЕ – процессуальное действие, направленное на признание лица виновным в совершении уголовного правонарушения и применение к нему наказания либо иных мер уголовно-правового воздействия.

СТОРОНА ОБВИНЕНИЯ – участник уголовного процесса, представляющий интересы государства и осуществляющий функцию обвинения в совершении уголовного правонарушения.

РАЗМЕННАЯ КАССА – специально оборудованная кабина (помещение), предназначенная для выдачи банкнот и монет одного номинала в обмен банкнот и монет другого номинала.

ЗНАК ОТЛИЧИЯ – специальный знак (например, орден, медаль, нагрудный знак, почетное звание), который вручается в знак признания государством, ведомством или общественной организацией личных заслуг человека, воинской доблести, долголетней службы или других значимых достижений.

ПРЕДЪЯВЛЕНИЕ ОТЛИЧИТЕЛЬНОГО ЗНАКА – действие уполномоченного лица по демонстрации установленного отличительного знака (служебного удостоверения, нагрудного знака, жетона), подтверждающего его служебный статус, ведомственную принадлежность или полномочия.

АККОРДНАЯ ЗАРАБОТНАЯ ПЛАТА – форма оплаты труда, при которой работнику (или бригаде) устанавливается общая сумма оплаты за выполнение определённого объёма работ, независимо от фактически затраченного времени.

АКТИ КІТАБЫ – туу, некені қию, некені үзу, бала асырап алу, өлім сияқты заңи маңызы бар азаматтық хал актісін жазуға арналған ресми тіркеу кітабы.

АКТИВЕНДІРУ – жүйені, затты, механизмді немесе үдерісті белсенді, жұмыс істеу жай-күйіне келтіру.

АКТИВТЕРДІҢ ТАЗА ҚҰНЫ – кәсіпорын (компания, ұйым, фирма, қор) активтері мен оның міндеттемелері арасындағы айырмашылық.

АКТИВТІ ЖОЮ – ұйымның немесе жеке тұлғаның иелігіндегі материалдық және материалдық емес активтерді толық немесе ішінара пайдалану мүмкіндігін тоқтату, оларды заңда белгіленген тәртіппен есептен шығару не жою үдерісі.

Ескертпе. «Ликвидация» сөзі қазақ тілінде мәнмәтінге қарай бірде «жою», бірде «тарату» деп қолданылады.

АКТУАР ЕСЕПТЕУ – сақтандыру, зейнетақымен қамсыздандыру, элеуметтік қорғау және қаржы нарығының тәуекелдерін бағалау мен болажау, сондай-ақ олардың қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін, ықтимал-статистикалық әдістерге негізделген арнайы қаржы-математикалық есептеулер жүйесі.

АКТОВАЯ КНИГА – официальная регистрационная книга, предназначенная для записи актов гражданского состояния, имеющих юридическое значение, таких как рождение, заключение брака, расторжение брака, усыновление (удочерение), смерть.

АКТИВАЦИЯ – процесс приведения системы, вещества, механизма или процесса в активное, рабочее состояние.

СТОИМОСТЬ ЧИСТЫХ АКТИВОВ – разница между активами предприятия (компания, организация, фирма, фонд) и ее обязательствами.

ЛИКВИДАЦИЯ АКТИВА – процесс полного или частичного прекращения возможности использования материальных и нематериальных активов, находящихся в распоряжении организации или физического лица, с их списанием или уничтожением в установленном законом порядке.

Примечание. Слово «ликвидация» в казахском языке употребляется либо как «жою», либо как «тарату» в зависимости от контекста.

АКТУАРНЫЙ РАСЧЕТ – система специальных финансово-математических расчётов, основанных на вероятностно-статистических методах, проводимых с целью оценки и прогнозирования рисков в страховании, пенсионном обеспечении, социальной защите и на финансовом рынке, а также обеспечения их финансовой устойчивости.

АКЦИЯЛАРДЫҢ БАҚЫЛАУ ПАКЕТІ – басқару органдарының шешім қабылдауына және компанияның қызметін бақылауды қамтамасыз етуге жеткілікті акционерлік қоғам акцияларының үлесі.

АКЦИЯНЫ САТЫП АЛУ – жеке немесе заңды тұлғаның акционерлік қоғамның акция түріндегі үлесінің меншік құқығын сатып алғандығын көрсететін заңи және қаржы операциясы.

АҚАУЛЫҚ – техникалық құрылғының, жабдықтың, машинаның немесе жүйенің өзінің белгіленген функцияларын ішінара немесе толықтай орындай алмауынан туындайтын жай-күй.

АҚАУСЫЗДЫҚ – объектінің, жабдықтың немесе жүйенің өз функцияларын толық көлемде, қауіпсіз және ақаусыз орындау қабілеті.

АҚПАРАТ – нақты адамға, оқиғаларға, үдерістерге немесе құқықтық қатынастарға қатысты берілетін мәлімет.

АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ – мемлекеттің заңнамалық актілеріне сәйкес тіркелген, қызметі ақпараттық сипаттағы хабарлармен материалдарды жинауға, өңдеуге және тарауға бағытталған заңды тұлға.

АҚПАРАТ ИЕЛЕНУШІ – ақпаратты заңды түрде иелену, пайдалану және оған билік ету құқығына ие жеке немесе заңды тұлға.

КОНТРОЛЬНЫЙ ПАКЕТ АКЦИЙ – доля акций акционерного общества, достаточная для принятия решений в органах управления и обеспечения контроля над деятельностью компании.

ПОКУПКА АКЦИИ – юридическая и финансовая операция, при которой физическое или юридическое лицо приобретает право собственности на долю в акционерном обществе, в виде акции.

НЕИСПРАВНОСТЬ – состояние, возникающее из-за неспособности технического устройства, оборудования, машины или системы частично или полностью выполнять свои установленные функции.

ИСПРАВНОСТЬ – способность объекта, оборудования или системы выполнять свои функции в полном объеме, безопасно и без дефектов.

ИНФОРМАЦИЯ – сведения, предоставляемые в отношении конкретных лиц, событий, процессов или правовых отношений.

ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО – зарегистрированное в соответствии с законодательными актами государства, юридическое лицо, деятельность которого направлена на сбор, обработку и распространение сообщений и материалов информационного характера.

ОБЛАДАТЕЛЬ ИНФОРМАЦИИ – физическое или юридическое лицо, имеющее законное право владеть, использовать и распоряжаться информацией.

АҚПАРАТ КЕҢІСТІГІ – ақпараттық ресурстардың, технологиялар мен желілердің жиынтығы, онда ақпарат құрастырылады, өңделеді, таратылады және беріледі.

АҚПАРАТ ТАСЫҒЫШ – ақпаратты жазуға, сақтауға, көшіру мен оқуға мүмкіндік беретін материалдық орта.

АҚПАРАТҚА ДАУ АЙТУ – адамның өзіне қатысты таратылған және жалған, бұрмаланған не заңсыз жарияланған деректер қамтылған мәліметтің дұрыстығын тексеру, оны жоққа шығару немесе түзету талабымен сотқа немесе уәкілетті органға жүгінуі арқылы жүзеге асырылатын құқықтық рәсім.

АҚПАРАТТАНДЫРУ – ақпараттық технологиялар мен жүйелерді енгізу жолымен қоғамның ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оларға жағдай жасаудың ұйымдастыру, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық үдерісі.

АҚПАРАТТЫ БЕРУГЕ МӘЖБҮРЛЕУ – адамды қорқыту, бопсалау, зорлық-зомбылық және басқа да заңсыз әдістермен, еркіне қарсы ақпарат (оның ішінде жеке, құпия немесе заңмен қорғалатын мәлімет) беруге мәжбүрлеу үшін оған заңсыз әсер етуге бағытталған әрекеттер.

АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ – ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ететін техникалық, ұйымдастыру және құқықтық шаралар кешені.

ИНФОРМАЦИОННОЕ ПРОСТРАНСТВО – совокупность информационных ресурсов, технологий и сетей, где создается, обрабатывается, передается и получают информация.

НОСИТЕЛИ ИНФОРМАЦИИ – материальная среда, позволяющая записывать, хранить, копировать и считывать информацию.

ОСПАРИВАНИЕ ИНФОРМАЦИИ – правовая процедура, осуществляемая путём обращения лица в суд или уполномоченный орган с требованием проверки достоверности, опровержения или исправления сведений, распространённых в отношении него и содержащих ложные, искажённые либо незаконно опубликованные данные.

ИНФОРМАТИЗАЦИЯ – организационный, социально-экономический и научно-технический процесс создания условий для удовлетворения информационных потребностей общества путём внедрения информационных технологий и систем.

ПРИНУЖДЕНИЕ К ПЕРЕДАЧЕ ИНФОРМАЦИИ – действия, направленные на незаконное воздействие на лицо с целью заставить его предоставить информацию (в том числе личные, конфиденциальные или охраняемые законом сведения) против его воли, посредством угроз, шантажа, насилия и других противоправных методов.

ЗАЩИТА ИНФОРМАЦИИ – комплекс технических, организационных и правовых мер, обеспечивающий конфиденциальность, целостность и доступность информации.

АҚПАРАТТЫҚ ЖАЗЫП-КӨРСЕТУ – көпшілікке немесе белгілі бір аудиторияға ақпаратты жеткізуге бағытталған қызмет.

АҚПАРАТТЫҚ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ – жеке немесе заңды тұлғаларға заңнама талаптарына сәйкес, ақпараттың құпиялылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қоса алғанда, ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, беру немесе тарату мақсатында ұсынылатын қызмет көрсету түрі.

АҚПАРАТТЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТАСЫҒЫШЫ – флеш-жинақтағыштарды, CD, DVD, қатты дискілер мен бұлтты сақтағыштарды қоса алғанда, ақпаратты электрондық түрде сақтау мен беруге арналған құрылғы немесе орта.

АҚША АҒЫНЫ – түсім және төлем түріндегі ақшалай қаражаттың белгілі бір есептік кезеңдегі қозғалысы, яғни ұйымның немесе кәсіпорын шотындағы ақшаның нақты түсімі мен шығыстары.

АҚША АУДАРЫМЫ – ақшалай қаражатты бір тұлғадан (жөнелтуші-ден) екінші тұлғаға (алушыға) банк немесе басқа төлем жүйесімен, ақшамен немесе ақшасыз есеп айырысу жолымен аудару.

АҚША БЕЛГІЛЕРІ – бағалы металдардың (алтын, платина, күміс) белгілі бір санының орнына жүретін құн белгілері.

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОСВЕЩЕНИЕ – деятельность, направленная на донесение информации до общественности или определенной аудитории.

ИНФОРМАЦИОННЫЕ УСЛУГИ – вид услуги, предоставляемой физическим или юридическим лицам с целью сбора, обработки, хранения, передачи или распространения информации в соответствии с требованиями законодательства, включая обеспечение конфиденциальности и безопасности информации.

ЭЛЕКТРОННЫЕ НОСИТЕЛИ ИНФОРМАЦИИ – устройства или среда, предназначенные для хранения и передачи информации в электронном виде, включая флеш-накопители, CD, DVD, жёсткие диски и облачные хранилища.

ДЕНЕЖНЫЙ ПОТОК – движение денежных средств в виде поступлений и выплат за определённый отчётный период, то есть фактическое поступление и расходы денег на счета организации или предприятия.

ДЕНЕЖНЫЙ ПЕРЕВОД – перевод денежных средств от одного лица (отправителя) другому (получателю) через банк или другую платёжную систему, путём наличных, так и безналичных расчётов.

ДЕНЕЖНЫЕ ЗНАКИ – знаки стоимости, которые идут вместо определённого количества драгоценных металлов (золота, платины, серебра).

АҚША ЖИЫНЫ – жеке және заңды тұлғалардың ақша айналысында болатын, ел экономикасындағы қолма-қол және қолма-қолсыз ақшаның жалпы саны.

АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ – банктердің шоттарында ақша түрінде жиналған, бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің (соның ішінде бюджеттік, кредиттік, сақтандыру органдарының) тұрақты шаруашылық айналымында болатын және өз мақсаттарына немесе банк ресурсы ретінде пайдаланатын әртүрлі кірістер мен түсімдер.

АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – кәсіпорынға немесе жеке тұлғаға тиесілі ақшалай қаражаттың түрлі көздерден түсуі немесе жиналу үдерісі.

АҚША ТҮСІМІ – ұйымның, кәсіпорын немесе мемлекеттің қаржы айналымына, белгілі бір кезеңде түскен ақшалай қаражат жиынтығы.

АҚШАЛАЙ ҚАТЫНАС – тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу мен сату үдерісі, сондай-ақ ақшамен төлем жасау және есеп айырысу.

АҚШАЛАЙ МІНДЕТТЕМЕ – бір тұлғаның (борышкердің) басқа тұлғаға (кредиторға) белгілі бір ақша сомасын төлеу міндеті.

АҚШАЛАЙ РИЗЫҚ – әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдары қызметкерлеріне қызмет өткергені үшін төленетін ақшалай төлемдердің жиынтығы.

ДЕНЕЖНАЯ МАССА – общее количество наличных и безналичных денег в экономике страны, которые находятся в обращении у физических и юридических лиц.

ДЕНЕЖНОЕ СРЕДСТВО – собранные в денежной форме на счетах в банках разного рода доходы и поступления, находящиеся в постоянном хозяйственном обороте у объединений, предприятий, организаций и учреждений (в т.ч. бюджетных, кредитных, страховых органов) и используемые ими для собственных целей или в качестве ресурсов банков.

ФОРМИРОВАНИЕ ДЕНЕЖНЫХ СРЕДСТВ – процесс поступления или накопления денежных средств, принадлежащих предприятию или физическому лицу, из различных источников.

ПОСТУПЛЕНИЯ ДЕНЕГ – совокупность денежных средств, поступивших в финансовый оборот организации, предприятия или государства за определенный период.

ДЕНЕЖНОЕ ОТНОШЕНИЕ – процесс покупки и продажи товаров и услуг, а также оплата и расчеты с деньгами.

ДЕНЕЖНОЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВО – обязанность одного лица (должника) уплатить другому лицу (кредитору) определенную сумму денег.

ДЕНЕЖНОЕ ДОВОЛЬСТВИЕ – совокупность денежных выплат, которые выплачиваются военнослужащим, сотрудникам специальных государственных органов и правоохранительных органов за прохождение ими службы.

АҚШАНЫ ЕСЕПKE ЖАТҚЫЗУ – қаржылық операция, жеке немесе заңды тұлғаның шотына ресми түрде түсетін және оның балансында көрінетін белгілі бір ақшалай қаражат сомасы.

АҚШАНЫ ЖИНАП САҚТАУ – жеке немесе заңды тұлғаның қаржы тұрақтылығын және болашақтағы қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған, ақшалай қаражатты дереу жұмсамай, оларды ұстау және жинау үдерісі.

АҚШАНЫҢ ЖИНАҚТАЛУЫ – ақшалай қаражатты инвестициялық, қаржылық, мемлекеттік немесе өзге де мақсаттарда кейіннен пайдалану үшін бір жерде немесе бір субектіде шоғырландыру үдерісі.

АҚЫ – сатып алынған тауарлардың, пайдаланылатын ресурстың, берілген кредиттің, міндетті жарналардың құнын өтеу ретінде, сондай-ақ өзге де міндеттемелерді орындау кезінде төленетін ақшалай қаражаты.

АҚЫ ТӨЛЕНБЕЙТІН ЕҢБЕК – азаматтардың еңбек қызметін ақысыз негізде, яғни қандай да бір сыйақы немесе жалақы алмай орындауы.

АҚЫЛ-ОЙ ЕҢБЕГІ – көбінесе ақыл-ой қабілеттерімен байланысты және ойлау үдерістерін, білімді, талдау мен шығармашылықты талап ететін қызмет.

ЗАЧИСЛЕНИЕ ДЕНЕГ – финансовая операция, при которой определённая сумма денежных средств официально поступает на счёт физического или юридического лица и отражается на его балансе.

СБЕРЕЖЕНИЕ ДЕНЕГ – процесс удержания и накопления денежных средств физическим или юридическим лицом без их немедленного расходования, направленный на обеспечение финансовой устойчивости и будущих потребностей.

АККУМУЛИРОВАНИЕ ДЕНЕГ – процесс сосредоточения денежных средств в одном месте или у одного субъекта для последующего использования на инвестиционные, финансовые, государственные или иные цели.

ПЛАТА – денежные средства, выплачиваемые в качестве возмещения стоимости приобретённых товаров, используемых ресурсов, предоставленного кредита, обязательных взносов, а также при исполнении иных обязательств.

НЕОПЛАЧИВАЕМЫЙ ТРУД – выполнение гражданами трудовой деятельности на безвозмездной основе, то есть без получения какого-либо вознаграждения или заработной платы.

УМСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ – деятельность, связанная преимущественно с умственными способностями, требующая мыслительных процессов, знаний, анализа и творчества.

АҚЫЛҒА ҚОНЫМДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАУ – капиталды қаржы құралдарына салудың ұзақ мерзімді өсімге және қатерді азайтуға бағытталған тәсілі, ол эмоцияға немесе алыпсатарлыққа емес, іргелі талдауға негізделген, мұқият ойластырылған шешімдер арқылы жүзеге асады.

АҚЫЛЫ ПАЙДАЛАНУ ҚАҒИДАТЫ – мүлікті немесе қызметті уақытша пайдалану құқығы үшін белгіленген ақыны қарастыратын қағидат.

АЛАЯҚТЫҚ – бөтеннің мүлкін жымқыру немесе сенімді теріс пайдалану арқылы алдай отырып, бөтен мүлікті, құқықты иемденіп алу.

АЛДЫН АЛА ЕСКЕРТУ – назар аудартуға немесе қауіптің алдын алуға, тәртіпті сақтауға бағытталған әрекет немесе хабарлама.

АЛДЫН АЛА ЖАСАЛАТЫН ШАРТ – азаматтық құқықтағы келісім түрі, яғни тараптар алдын ала жасалатын шарттың талаптарына сәйкес болашақта мүлікті беру, жұмыстарды орындау немесе көрсетілетін қызметтері туралы шарт (негізгі шарт) жасасуға міндеттенеді.

АЛИМЕНТ БЕРЕШЕГІ – сот актісі немесе алимент төлеу келісімі белгілеген алимент мөлшерін ескере отырып, сот орындаушысы анықтайтын алименттің төленбеген сомасы.

РАЗУМНОЕ ИНВЕСТИРОВАНИЕ – подход к вложению капитала в финансовые инструменты, ориентированный на долгосрочный рост и минимизацию рисков за счет принятия обдуманных решений, основанных на фундаментальном анализе, а не на спекуляциях или эмоциях.

ПРИНЦИП ПЛАТНОСТИ – принцип, предусматривающий уплату установленной платы за право временного пользования имуществом или услугой.

МОШЕННИЧЕСТВО – присвоение чужого имущества, прав путем хищения или обмана чужого имущества или злоупотребления доверием.

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ – действие или сообщение, направленное на поддержание порядка, предотвращение опасности или привлечение внимания.

ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЙ ДОГОВОР – в гражданском праве вид соглашения, по которому стороны обязуются заключить в будущем договор о передаче имущества, выполнении работ или оказании услуг (основной договор) на условиях, предусмотренных предварительным договором.

ЗАДОЛЖЕННОСТЬ ПО АЛИМЕНТАМ – сумма неуплаченных алиментов, определяемая судебным исполнителем исходя из размера алиментов, установленного судебным актом или соглашением об уплате алиментов.

АЛИМЕНТ ӨНДІРІП АЛУ – сот шешімі немесе нотариалды куәландырылған алимент төлеу келісімі негізінде борышкерден ақшалай қаражатты мәжбүрлеп өндіріп алу рәсімі.

АЛҚАЛЫҚ – сот төрелігі немесе басқару органдарының қызметі мен ұйымдастыру қағидаты, онда алқалы орган мүшелерінің бірлескен талқылауы, тең қатысуы және дауыс беруі негізінде шешімдер қабылданады.

АЛУ – мүлікті, құжатты, ақшалай қаражатты алуды немесе қандай да бір иелену, пайдалану не болмаса билік ету құқығын білдіретін әрекет.

АЛШАҚТЫҚ – екі немесе бірнеше көрсеткіштердің, мәліметтердің немесе есептердің арасындағы айырмашылықты, сәйкессіздікті немесе ауытқуды білдіретін экономикалық ұғым.

АЛЫМ – заңнамада белгіленген тәртіпке және мөлшерге сәйкес мемлекеттің немесе қоғамның белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеке және заңды тұлғалардан алынатын міндетті төлем.

АЛЫП ҚОЮ, ШЫҒАРЫП ТАСТАУ – мүлікті, құжатты немесе өзге де материалдық және материалдық емес объектіні заңда қарастырылған негіздерге сәйкес меншік иелігінен алып қою.

Ескертпе. Мәнмәтінге сәйкес қолданылады.

ВЗЫСКАНИЕ АЛИМЕНТОВ – процедура принудительного взыскания денежных средств с должника на основании решения суда или нотариально удостоверенного соглашения об уплате алиментов.

КОЛЛЕГИАЛЬНОСТЬ – принцип организации и деятельности органов управления или правосудия, при котором решения принимаются на основе совместного обсуждения, равноправного участия и голосования членов коллегиального органа.

ПОЛУЧЕНИЕ – действие, выражающееся в принятии имущества, документа, денежных средств или какого-либо права во владение, пользование либо распоряжение.

РАСХОЖДЕНИЕ – экономическое понятие, обозначающее разницу, несоответствие или отклонение между двумя или более показателями, сведениями или отчетами.

СБОР – обязательный платёж, взимаемый с физических и юридических лиц в порядке и размерах, установленных законодательством, предназначенный для финансирования определённых государственных или общественных нужд.

ИЗЪЯТИЕ – изъятие имущества, документа или иного объекта материального либо нематериального характера из владения собственника на основаниях, предусмотренных законом.

АМБУЛАТОРИЯЛЫҚ МӘЖБҮРЛІ БАЙҚАУ – психикасы бұзылған немесе қоғамға қауіпті қылық жасаған адамға стационарлық емсіз, амбулаториялық жағдайда жүргізілетін, сот тағайындайтын медициналық сипаттағы шара.

АМОРТИЗАЦИЯ – негізгі құралдардың тозуына байланысты олардың құнын өндірілетін өнімге, орындалатын жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге біртіндеп көшіру үдерісі.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ДАШБОРД – әртүрлі дереккөздерден жиналған негізгі өнімділік көрсеткіштерін (KPI), метрикалар мен деректерді визуалды ұсынатын интерактивті ақпараттық панел.

АНОНИМ АРЫЗ – нақты құқық бұзу немесе қылмыс фактілері туралы мәліметтер келтірілген, бірақ арызданушының (шағымданушының) жеке деректері көрсетілмеген арыз.

АНОНИМ ЖОЛДАНЫМ – авторын анықтау мүмкін емес, арызданушының (шағымданушының) қолтаңбасы (соның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбасы) және пошта мекенжайы көрсетілмеген не жалған көрсетілген жолданым.

АНЫҚТАЛҒАН БҰЗУЛАРДЫ ЖОЮ НҮСҚАМАСЫ – анықталған құқық бұзуларды белгіленген мерзімде жоюды талап ететін уәкілетті органның ресми құжаты.

АМБУЛАТОРНОЕ ПРИНУДИТЕЛЬНОЕ НАБЛЮДЕНИЕ – мера медицинского характера, назначаемая судом в отношении лица с психическим расстройством или совершившего общественно опасное деяние, осуществляемая в амбулаторных условиях без стационарного лечения.

АМОРТИЗАЦИЯ – процесс постепенного переноса стоимости основных средств на производимую продукцию, выполняемые работы или оказываемые услуги в связи с их износом.

АНАЛИТИЧЕСКИЙ ДАШБОРД – интерактивная информационная панель, которая визуально представляет ключевые показатели эффективности (KPI), метрики и данные, собранные из различных источников.

АНОНИМНОЕ ЗАЯВЛЕНИЕ – заявление о конкретных фактах правонарушения или преступления, поданное без указания данных о заявителе.

АНОНИМНОЕ ОБРАЩЕНИЕ – обращение, по которому невозможно установить авторство, отсутствуют подпись, в том числе электронная цифровая подпись, почтовый адрес заявителя либо указаны недостоверные данные.

ПРЕДПИСАНИЕ ОБ УСТРАНЕНИИ ВЫЯВЛЕННЫХ НАРУШЕНИЙ – официальный документ уполномоченного органа, требующий устранения выявленных правонарушений в установленный срок.

АНЫҚТАМА ЖИНАУ – құқық қорғау органдарының мәселелерін шешуге қажетті ақпаратты жинауға бағытталған жедел-іздістіру шарасы.

АНЫҚТАУШЫ – өз құзыреті шегінде сотқа дейінгі істі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын уәкілетті, лауазымды адам.

АНЫҚТАП-БІЛУ – қылмыстық үдерістің бастапқы сатысы, оның барысында уәкілетті органдар қылмыстық құқық бұзу деректерін тексеріп, дәлелдемелер жинайды, қылмыстық істі қозғау не болмаса бас тарту шешімін қабылдайды.

АНЫҚТАУ – белгілі бір құбылыстың, фактінің немесе мән-жайдың мәнін, мазмұны мен ерекшелігін белгілеу, оны басқа ұғымдардан ажырату және сәйкес келетін сипаттамаларды нақтылау үдерісі.

Ескертпе. Құқық саласында «ұйғарым» сөзі де «определение» деп аударылады, анықтамасы әліпби ретімен берілді.

АНЫҚТАУ – құқықтық, тергеп-тексеру немесе бақылау қызметі барысында бұрын беймәлім немесе жасырын болған қандай да бір құбылыстың, оқиғаның, құқық бұзудың не мән-жайдың бар екенін анықтау, табу және тіркеу үдерісі.

АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ШАҒЫМДАНУ ҚҰҚЫҒЫ – сот актісіне немесе шешіміне келіспеген жағдайда, оны жоғары сотқа заңда белгіленген тәртіппен және мерзімде, қайта қарауға шағым беру мүмкіндігі.

НАВЕДЕНИЕ СПРАВOK – оперативно-розыскное мероприятие, которое заключается в получении информации, необходимой для решения задач правоохранительных органов.

ДОЗНАВАТЕЛЬ – должностное лицо, уполномоченное осуществлять досудебное расследование по делу в пределах своей компетенции.

ДОЗНАНИЕ – начальная стадия уголовного процесса, в ходе которой уполномоченные органы проверяют сведения о преступлении, собирают доказательства и принимают решение о возбуждении либо об отказе в возбуждении уголовного дела.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ – процесс установления сути, содержания и особенностей определенного явления, факта или обстоятельства, его разграничение от других понятий и уточнение соответствующих характеристик.

Примечание. Термин «определение» употребляется в казахском языке «анықтау» и «ұйғарым», (в сфере права «ұйғарым») дефиниция термина «ұйғарым» приведена в алфавитном порядке.

ВЫЯВЛЕНИЕ – процесс обнаружения, установления наличия или факта существования определённого явления, события, правонарушения или обстоятельства, ранее неизвестного или скрытого, в ходе правовой, следственной или контрольной деятельности.

ПРАВО АПЕЛЛЯЦИОННОГО ОБЖАЛОВАНИЯ – возможность обжалования судебного акта или решения в вышестоящий суд в установленном законом порядке и сроках в случае несогласия с ним.

АПРОБАЦИЯ – белгілі бір ғылыми жұмыстың, әдістің, жобаның немесе тәжірибелік шешімнің жарамдығын, тиімділігін және қолдануға орындылығын алдын ала тексеру үдерісі.

АР-ҰЖДАН БОСТАНДЫҒЫ – адамның дінді немесе атеистік сенімін өз бетінше таңдау және ұстану, өзінің дүниетанымдық көзқарастарын еркін білдіру немесе жарияламау құқығы.

АР-ҰЖДАН БОСТАНДЫҒЫ ҚҰҚЫҒЫ – әрбір адамның өз сенімін еркін таңдау, дінді ұстану немесе ұстанбау, діни немесе атеистік көзқарастарын еркін білдіру, сондай-ақ оларды жарияламау құқысы.

АРАНДАТУШЫ – әдейі араздық, жанжал, заңсыз әрекет немесе өзге де жағымсыз жағдай туғызу мақсатында адамдарды бір-біріне қарсы қоюшы адам.

АРБАУ – адамның сенімін, әлсіздігін немесе өзге де осал жақтарын пайдаланып, белгілі бір міндеттерді орындауға немесе ұйымға қосылуға жасырын тарту үдерісі.

АРГУМЕНТ – тұжырымның немесе пікірдің дұрыстығын негіздеуге қолданатын дәлел немесе дәлелдеме.

АРГУМЕНТТІ БАС ТАРТУ – басқа тараптың қабылдаған шешімінің уәждерін түсінуге мүмкіндік беретін нақты себептер мен түсіндіруге негізделген бас тарту.

АПРОБАЦИЯ – процесс предварительной проверки и подтверждения пригодности, эффективности и целесообразности применения определённой научной работы, метода, проекта или практического решения.

СВОБОДА СОВЕСТИ – право человека самостоятельно выбирать и исповедовать религию или атеистические убеждения, свободно выражать либо не разглашать свои мировоззренческие взгляды.

ПРАВО НА СВОБОДУ СОВЕСТИ – право каждого человека свободно выбирать свои убеждения, исповедовать или не исповедовать религию, выражать религиозные либо атеистические взгляды, а также не разглашать их.

ПРОВОКАТОР – лицо, которое умышленно настраивает людей друг против друга с целью вызвать вражду, скандал, незаконное действие или создать иную неприятную ситуацию.

ВЕРБОВКА – процесс скрытого привлечения лица к выполнению определённых обязанностей или к вступлению в организацию с использованием доверия, слабостей либо иных уязвимых сторон человека.

АРГУМЕНТ – довод или доказательство, используемое для обоснования истинности утверждения или мнения.

АРГУМЕНТИРОВАННЫЙ ОТКАЗ – отказ, обоснованный конкретными причинами и пояснениями, позволяющий другой стороне понять мотивы принятого решения.

АРГУМЕНТТІ ЖАУАП – дәлелдерге, нақты фактілерге, қисынды пайымдауларға немесе заңнама нормаларына негізделген жауап.

АРНАЙЫ ЕРЕЖЕ – белгілі бір жағдайларда, салаларда немесе жағдаяттарда қолданылатын және жалпы ережелерді толықтыратын немесе нақтылайтын нормативтік нұсқамалардың жиынтығы.

АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУДЫ ЖҮРГІЗУ – жеке тұлғалардың мәліметтерін заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес тіркеу, сақтау, жаңарту және қажет болған жағдайда, оларды уәкілетті органдарға беру үдерісі.

АРНАЙЫ ЖОСПАР – құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдардың қылмыстың алдын алу, ашу, жолын кесу және тергеп-тексеру, сондай-ақ қоғам қауіпсіздігі мен құқық тәртібін қамтамасыз ету мақсатында әзірлейтін, қолжетімдігі шектеулі құжат.

АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖІМІ – салық есептілігі мен салықтар төлеуін оңайлату мақсатында шағын және орта бизнес субъектілері үшін белгіленген, ерекше салық салу тәртібі.

АРНАЙЫ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ АКТІСІ – уәкілетті органның қылмыс процесі барысында арнайы тергеу әрекеттерінің (жасырын бақылау, тыңдау, хат жазысуларын бақылау және т.б.) жүзеге асырылуын ресімдейтін процесік құжаты.

АРГУМЕНТИРОВАННЫЙ ОТВЕТ – ответ, основанный на доводах, фактах, логических заключениях или нормах законодательства.

СПЕЦИАЛЬНОЕ ПРАВИЛО – совокупность нормативных предписаний, которые применяются в определенных условиях, отраслях или ситуациях и дополняют или конкретизируют общие правила.

ВЕДЕНИЕ СПЕЦИАЛЬНЫХ УЧЕТОВ – процесс регистрации, хранения, обновления и передачи по мере необходимости сведений о физических лицах в соответствии с установленными законодательством нормами.

СПЕЦИАЛЬНЫЙ ПЛАН – документ с ограниченным доступом, разрабатываемый правоохранительными или специальными государственными органами в целях предупреждения, раскрытия, пресечения и расследования преступлений, а также обеспечения общественной безопасности и правопорядка.

СПЕЦИАЛЬНЫЙ НАЛОГОВЫЙ РЕЖИМ – особый порядок налогообложения, установленный для субъектов малого и среднего бизнеса с целью упрощения налоговой отчетности и уплаты налогов.

АКТ СПЕЦИАЛЬНОГО РАССЛЕДОВАНИЯ – процессуальный документ, оформляемый уполномоченным органом в ходе уголовного процесса при осуществлении специальных следственных действий (скрытого наблюдения, прослушивания, контроля переписки и т.п.).

АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ – адамның тіршілігін объективті түрде бұзатын негіздерді еңсеру үшін адамға (отбасына) жағдай жасайтын және қоғам өміріне басқа азаматтармен тең қатысу мүмкіндіктерін беретін қызмет көрсету кешені.

АРНАУЛЫ КИІМ – жұмыскерді зиянды және қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға арналған киім, аяқ киім, бас киім, қолғаптар.

АРНАУЛЫ КИІМ НЫСАНЫ – белгілі бір кәсіби немесе ведомыстық қажеттіліктерге арналған киімнің белгіленген сыртқы түрі, дизайны, жиынтығы мен түсі.

АРНАУЛЫ КИІМ ҮЛГІСІ – белгіленген талаптарға (стандарттар, техникалық шарттар, эскиздер) сәйкес әзірленген және дайындалған формалық, қорғаныс немесе корпоратив киімнің материалдық түпүлгісі немесе эталондық данасы.

АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР – мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, қорғанысын, қоғам мен құқық тәртібін қамтамасыз ету үшін құрылған, арнайы өкілеттіктермен және әскери не арнайы мәртебеге ие мемлекеттік құрылымдар.

АРНАУЛЫ ОРТА ОҚУ ОРНЫ – техникалық және кәсіби, сондай-ақ орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

СПЕЦИАЛЬНЫЕ СОЦИАЛЬНЫЕ УСЛУГИ – комплекс услуг, создающий условия для человека (семьи) с целью преодоления оснований, объективно нарушающих жизнедеятельность, и предоставляющий возможности для равного участия в жизни общества с другими гражданами.

СПЕЦИАЛЬНАЯ ОДЕЖДА – одежда, обувь, головной убор, рукавицы, предназначенные для защиты работника от вредных и опасных производственных факторов.

ФОРМА СПЕЦИАЛЬНОЙ ОДЕЖДЫ – установленный внешний вид, дизайн, комплектация и цветовая гамма одежды, предназначенной для определенных профессиональных или ведомственных нужд.

ОБРАЗЕЦ СПЕЦИАЛЬНОЙ ОДЕЖДЫ – материальный прототип или эталонный экземпляр форменной, защитной или корпоративной одежды, разработанный и изготовленный в соответствии с установленными требованиями (стандартами, техническими условиями, эскизами).

СПЕЦИАЛЬНЫЕ ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ОРГАНЫ – государственные структуры, созданные для обеспечения национальной безопасности, обороны, общественного и правового порядка государства, обладающие специальными полномочиями и военным или специальным статусом.

СРЕДНЕЕ СПЕЦИАЛЬНОЕ УЧЕБНОЕ ЗАВЕДЕНИЕ – организация образования, реализующая образовательные программы технического и профессионального, а также послесреднего образования.

АРТЫҚШЫЛЫҚ – заңда немесе арнайы актіде белгіленген, өзгелерге қарағанда белгілі адамларға, топтарға немесе ұйымдарға берілетін ерекше құқықтар, жеңілдіктер немесе басымдықтар.

Ескертпе. Қазақ тіліндегі «артықшылық» термині мәнмәтінге қарай «привилегия немесе преимущество» деп қолданылады.

АРТЫҚШЫЛЫҚ БЕРІЛГЕН АКЦИЯ – бір жағынан, арнайы құқықтарға ие және екінші жағынан, бірқатар құқықтарға арнайы шектеулер қоятын акция.

АРТЫҚШЫЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ – белгілі бір адамға заң немесе шарт негізінде қандай да бір әрекетті басымырақ жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқық.

Ескертпе. Қазақ тіліндегі «артықшылық» термині орыс тілінің мәнмәтініне қарай «привилегия немесе преимущество» деп қолданылады.

АРЫЗ – азаматтың немесе ұйымның мемлекеттік органдарға, мекемелерге немесе лауазымды адамға өтініші, ұсынысы, хабарламасы немесе талабымен жүгінетін, жазбаша немесе ауызша ресімделген ресми жолданымы.

Ескертпе. Қазақ тіліндегі «арыз, мәлімдеме, өтініш» құжат атауларының үшеуі де, орыс тіліне «заявление» болып аударылады. Анықтамалары әліпби ретімен берілді.

ПРИВИЛЕГИЯ, ПРЕИМУЩЕСТВО – особые права, льготы или преимущества, предоставляемые определенным лицам, группам или организациям по сравнению с другими, установленные законом или специальным актом.

Примечание. Термины «привилегия» и «преимущество» переводятся на казахский язык как «артықшылық».

АКЦИЯ ПРИВИЛЕГИРОВАННАЯ – акция, с одной стороны, обладающая специальными правами, и, с другой, на ряд прав которой наложены специальные ограничения.

ПРЕИМУЩЕСТВЕННОЕ ПРАВО – право, предоставляющее определенному лицу возможность преимущественного осуществления определенных действий на основании закона или договора.

Примечание. Термин «артықшылық» в казахском языке в зависимости от контекста русского языка используется в значении «привилегия» или «преимущество».

ЗАЯВЛЕНИЕ – официальное обращение гражданина или организации в государственные органы, учреждения или должностным лицам с просьбой, предложением, сообщением или требованием, оформленное в письменной или устной форме.

Примечание. Названия документов «арыз, мәлімдеме, өтініш» во всех трёх случаях переводятся на русский язык как «заявление». Определения приведены в алфавитном порядке.

АРЫЗ БЕРУ – құзыретті органға немесе лауазымды адамға жазбаша өтінішпен, ұсыныс немесе шағыммен ресми жүгіну үдерісі.

АРЫЗДАНУШЫ – сотқа немесе қылмыстық қудалау органдарына қылмыстық құқықтың бұзылғанын хабарлаған не өзінің нақты немесе болжалды құқығын не болмаса өзі өкілдік ететін адамның құқығын қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібімен қорғау үшін жүгінген адам.

АСТЫРТЫН ӘРЕКЕТ ЕТУ – құпия ақпарат көздерінің жолын жабу және жедел шифрлау жолымен қарсы барлау мен барлау жоспарлары мен ниеттерін, күштерін, құралдарын, әрекеттерін жасыру және қадағалаудың ерекше тәртібін орнату.

АСТЫРТЫН МЕКЕНЖАЙ – астыртын әрекет ету талаптарын сақтай отырып және алушының нақты орналасқан жерін көрсетпей, жедел-іздістіру қызметіне жәрдемдесетін адамдардан хат-хабар алу үшін жедел бөлімшелер пайдаланатын, шартты түрдегі пошта мекенжайы.

АСТЫРТЫН ПӘТЕР – жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыру үшін құқық қорғау органдарының жедел бөлімшелері жасырын түрде пайдаланатын, арнайы жабдықталған қызметтік орынжай.

ПОДАЧА ЗАЯВЛЕНИЯ – процесс официального обращения к компетентному органу или должностному лицу с письменным изложением просьбы, предложения или жалобы.

ЗАЯВИТЕЛЬ – лицо, сообщившее об уголовном правонарушении либо обратившееся к суду или органам уголовного преследования за защитой в порядке уголовного судопроизводства своего действительного или предполагаемого права либо права представляемого им лица.

КОНСПИРАЦИЯ – сокрытие сил, средств, действий, планов и намерений контрразведки, разведки путем оперативной зашифровки и закрытия доступа к источникам секретной информации, установление особого порядка надзора.

КОНСПИРАТИВНЫЙ АДРЕС – условный почтовый адрес, используемый оперативными подразделениями для получения корреспонденции от лиц, оказывающих содействие оперативно-розыскной деятельности, при соблюдении требований конспирации и без раскрытия истинного местонахождения получателя.

КОНСПИРАТИВНАЯ КВАРТИРА – специально оборудованное служебное помещение, используемое оперативными подразделениями правоохранительных органов под прикрытием в целях осуществления оперативно-розыскной деятельности.

АСТЫРТЫН ТАБЫСТАУ ПУНКТИ – жедел-іздістіру немесе арнайы операциялар жүргізу кезінде адамдарды, ақпаратты немесе заттарды жасырын түрде бір орыннан екінші орынға табыстауға пайдаланылатын құпия және алдын ала дайындалған орын.

АСЫРАУ – өмір сүруі үшін қажетті қаражат, тұрғын үй, тамақ, киім және басқа да қажеттіліктермен қамтамасыз ететін шығысты қоса алғанда бір адамның (асыраушының) екінші адамды материалдық жағынан қамтамасыз ету міндеті.

АСЫРАУДАҒЫ АДАМ – басқа адамға толық тәуелді немесе негізгі күнкөріс көзі ретінде басқа адамнан тұрақты қаржылық қолдау алатын адам.

АТАҚ-АБЫРОЙ – жеке адамның, ұйымның немесе мекеменің қоғамда, адамдар арасында қалыптасқан бағасы, көзқарасы мен пікірлерінің жиынтығы.

АТАҚТАН АЙЫРУ – адамды сот үкімі негізінде мемлекеттің берген атақтарынан, шендерінен, марапаттары мен айырым белгілерінен айыратын қылмыстық жаза түрі.

АТАУЛЫ СУБСИДИЯЛАУ – мемлекеттің қаржылай көмегін алдын ала белгіленген өлшемшарттар мен талаптарға сәйкес нақты белгіленген әлеуметтік топтарға, жеке тұлғаларға немесе ұйымдарға мақсатты түрде бөлу тетігі.

КОНСПИРАТИВНЫЙ ПЕРЕДАТОЧНЫЙ ПУНКТ – заранее подготовленное и засекреченное место, используемое для тайной передачи людей, информации или предметов с одного места в другое при проведении оперативно-розыскных мероприятий или специальных операций.

СОДЕРЖАНИЕ – обязанность одного лица обеспечивать другого лица средствами к существованию, включая расходы на питание, жильё, одежду и иные необходимые нужды.

ИЖДИВЕНЕЦ – тот, кто полностью зависит от другого лица или получает постоянную финансовую поддержку от другого лица в качестве основного источника средств к существованию.

РЕПУТАЦИЯ – сложившееся в обществе мнение о человеке, организации или учреждении, отражающее их достоинства, качества и поведение.

ЛИШЕНИЕ ЗВАНИЯ – вид уголовного наказания, заключающийся в лишении лица присвоенных ему государством званий, чинов, наград и знаков отличия на основании приговора суда.

АДРЕСНОЕ СУБСИДИРОВАНИЕ – механизм адресного распределения государственной финансовой помощи конкретным социальным группам, гражданам или организациям в соответствии с заранее определенными критериями и требованиями.

АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ – борышкерден атқарушылық іс жүргізудің шығыстарын, өсімпұлдарды, атқарушылық санкцияны, жеке сот орындаушысының қызмет ақысын өндіріп алып, атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шаралар.

АУДАРУ – шот иесінің нұсқауы бойынша ақшаның бір банк шотынан екінші шотқа ауысуы.

АУДАРЫМ – кәсіпорынның немесе фирманың жүзеге асыратын төлемі, жұмсалған шығыны.

АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕП – жүргізілген аудиттің нәтижесі болып табылатын жазбаша ресми құжат

АУДИТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ – қаржылық есептілікке, сондай-ақ өзге де ақпаратқа аудит жүргізуге және соған байланысты көрсетілетін қызметтерге бағытталған кәсіпкерлік қызмет.

АУКЦИОН ЕРЕЖЕСІ – аукционға тауарлар жеткізу, тауарларды аукцион арқылы сату, шарттарды (өзара келісімдерді) дайындау және сатып алынған тауарларды алу ережелері.

АУКЦИОНДАҒЫ САУДА-САТТЫҚ – тауар немесе мүлікті арнайы белгіленген ережелерге сәйкес сатудың ерекше түрі, онда сатып алушылар бағаны біртіндеп көтеруді (немесе төмендетуді) ұсынады.

ИСПОЛНИТЕЛЬНОЕ ПРОИЗВОДСТВО – меры, направленные на принудительное исполнение исполнительных документов с взысканием с должника исполнительной санкции, пени, расходов по исполнительному производству, оплаты деятельности частного судебного исполнителя.

ПЕРЕВОД – движение денег с одного банковского счёта на другой по указанию владельца счёта.

ОТЧИСЛЕНИЕ – платёж, затраты, осуществляемые предприятием или фирмой.

АУДИТОРСКИЙ ОТЧЕТ – письменный официальный документ, являющийся результатом проведенного аудита.

АУДИТОРСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ – предпринимательская деятельность, направленная на проведение аудита финансовой отчетности, а также иной информации, связанной с ней, и оказание сопутствующих услуг.

АУКЦИОННОЕ ПРАВИЛО – правила поставки товаров на аукцион, продажи товаров через аукцион, подготовки договоров (взаимных соглашений) и получения приобретенных товаров.

АУКЦИОННЫЙ ТОРГ – особый вид продажи товаров или имущества в соответствии с установленными правилами, при котором покупатели предлагают постепенное повышение (или понижение) цены.

АУМАҚТАН ТЫС – мемлекет заңдарының қолданысы немесе заңдық құзыры оның мемлекеттік аумағынан тысқары жерге таралатын қағидатты немесе құқықтық мәртебені білдіретін термин.

АУМАҚТЫҚ КЕЛІСІМ – екі немесе одан да көп әкімшілік-аумақтық бірлік немесе мемлекеттік органдар арасындағы құқықтық, экономикалық, әлеуметтік немесе әкімшілік мәселелерді белгілі бір аумақ шегінде реттеу үшін жасалатын ресми шарт.

АУМАҚТЫҚ ФИЛИАЛ – заңды тұлғаның тұрған (тұратын) жерінен тыс жерде орналасқан және оның барлық функцияларын немесе бір бөлігін, оның ішінде өкілдік функцияларын жүзеге асыратын оқшауланған бөлімшесі.

АУЫРТПАЛЫҚ – белгілі бір құқықтарды үшінші тұлғаның пайдасына беруге немесе меншік иесінің мүліктік (жылжымайтын мүлікке) құқықтарын шектеуге байланысты заңды талап немесе міндеттеме.

АУЫСЫМДЫ ЖҰМЫС – бір тәулік ішіндегі екі не үш немесе төрт жұмыс ауысымындағы жұмыс.

АУЫТҚУ – нақты экономикалық көрсеткіштің (табыстың, шығыстың, өндіріс көлемінің және т.б.) жоспардан, болжамнан немесе нормативті мәннен айырмашылығы.

ЭКСТЕРРИТОРИАЛЬНЫЙ – термин, обозначающий принцип или правовой статус, в соответствии с которым применение законов или правовой юрисдикции государства распространяется за пределы его национальной территории.

ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ СОГЛАШЕНИЕ – официальный договор, заключаемый между двумя или более административно-территориальными единицами или государственными органами с целью урегулирования правовых, экономических, социальных или административных вопросов в пределах определённой территории.

ТЕРРИТОРИАЛЬНЫЙ ФИЛИАЛ – обособленное подразделение юридического лица, расположенное вне места его нахождения и осуществляющее все или часть его функций, включая функции представительства.

ОБРЕМЕНЕНИЕ – законное требование или обязательство, связанное с предоставлением определённых прав в пользу третьих лиц либо с ограничением прав собственника в отношении имущества (недвижимого имущества).

СМЕННАЯ РАБОТА – работа в две, либо в три или четыре рабочих смены в течение суток.

ОТКЛОНЕНИЕ – расхождение фактического экономического показателя (дохода, расхода, объема производства и т.д.) с плановыми, прогнозными или нормативными значениями.

АХУАЛ – белгілі бір оқиға болатын не әрекет жасалатын орта, сол сәттегі жалпы мән-жай мен шарттар жиынтығы.

АШУ ШАРАЛАРЫ – заңда белгіленген тәртіппен жабық немесе мөрленген объектіні ашуға бағытталған арнайы рұқсат етілген әрекеттер кешені.

АШЫҚТЫҚ ПЕН ЖАРИЯЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – мемлекеттік органдар немесе басқа ұйымдардың қоғамға арналған ақпараты, шешімдері мен қызмет нәтижелерінің қолжетімді және түсінікті болуын қамтамасыз ететін әрекеті.

АЯ – қоғам қатынастарының саласы, оның аясында құқықтық нормалар қолданылады және құқықтық реттеу жүзеге асырылады.

АЯҚТАЛҒАН ҚЫЛЫМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУ – қылмыс құрамының барлық белгілерін қамтитын, қылмыс толық жүзеге асырылып, заңда қарастырылған салдардан туындаған қылық.

ОБСТАНОВКА – среда, в которой происходит определенное событие или действие, общая совокупность обстоятельств и условий в тот момент.

МЕРЫ ВСКРЫТИЯ – комплекс специально разрешенных действий, направленных на вскрытие закрытого или опечатанного объекта в установленном законом порядке.

ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПРОЗРАЧНОСТИ И ПУБЛИЧНОСТИ – действия государственных органов или других организаций, обеспечивающие доступность и понятность информации, решений и результатов деятельности для общест-венности.

СФЕРА – область общественных отношений, в пределах которой применяются правовые нормы и осуществляется правовое регулирование.

ОКОНЧЕННОЕ УГОЛОВНОЕ ПРАВОНАРУШЕНИЕ – деяние, содержащее все признаки состава преступления, при котором преступление полностью реализовано и наступили предусмотренные законом последствия.



ӘДЕЙІ БАНКРОТТЫҚ – борышкердің немесе онымен үлестес тұлғаның қасақана әрекеттері, ол кредитор алдындағы міндеттемелерін мүлкіті жасыру не иеліктен шығару жолымен орындаудан жалтаруға бағытталады.

ПРЕДНАМЕРЕННОЕ БАНКРОТСТВО – умышленные действия должника или аффилированных с ним лиц, направленные на уклонение от исполнения обязательств перед кредиторами путём сокрытия или отчуждения имущества.

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ – қоғамның, кәсіби органың немесе қызметтің белгілі бір аясындағы адамдардың мінез-құлқын реттейтін моральдық-әдептік қағидаттар мен талаптар жиынтығы.

ӘДІЛЕТ – мемлекеттің құқық қорғау қызметі және сот ісін жүргізу жүйесі, ол қоғамдағы құқықтық қатынастарды реттеу, заңдылықпен қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ құқық тәртібін сақтау мақсатында жүзеге асырылады.

ӘКІМШІ – басқару объектісінің (мекеме, жоба, іс-шара және т.б.) күнделікті қызметін ұйымдастыруға, ішкі үдерістер келісінін қамтамасыз етуге және ресурстарды тиімді пайдалануға жауапты адам.

ӘКІМШІЛІК ЕТУ – ұйымның, мекеме немесе басқарудың басқа объектісінің қызметін ұйымдастыруға, басшылық ету және бақылауға арналған басқару қызметі.

ӘКІМШІЛІК ЖАЗАЛАУ ШАРАЛАРЫ – әкімшілік құқық бұзған адамдарға заңда белгіленген тәртіппен қолданылатын жауапқа тарту шаралары, оған алдын ала ескерту, айыппұл салу, әкімшілік қамақ және басқа да ықпал ету шаралары жатады.

ЭТИЧЕСКИЕ НОРМЫ – совокупность морально-этических принципов и требований, регулирующих поведение людей в обществе, профессиональной среде или определенной сфере деятельности.

ЮСТИЦИЯ – государственная правоохранительная деятельность и система судопроизводства, осуществляемые с целью регулирования правовых отношений в обществе, обеспечения законности, защиты прав и свобод граждан, а также поддержания правопорядка.

АДМИНИСТРАТОР – лицо, ответственное за организацию повседневной деятельности объекта управления (учреждения, проекта, мероприятия и др.), обеспечение согласованности внутренних процессов и эффективное использование ресурсов.

АДМИНИСТРИРОВАНИЕ – управленческая деятельность, направленная на организацию, руководство и контроль деятельности организации, учреждения или другого объекта управления.

МЕРЫ АДМИНИСТРАТИВНОГО ВЗЫСКАНИЯ – меры привлечения к ответственности, применяемые к лицам, совершившим административное правонарушение, в установленном законом порядке, включающие предупреждение, наложение штрафа, административный арест и другие меры воздействия.

ӘКІМШІЛІК ЖАУАПҚА ТАРТУ ЖАСЫ – адамның әкімшілік құқық бұзғаны үшін әкімшілік жауапқа тартылуы мүмкін, заңда белгіленген ең төменгі жасы.

ӘКІМШІЛІК ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАТЫН ТҮЛҒА – 1) әкімшілік құқық бұзу жолы кесілген немесе аяқталған сәтте он алты жасқа толған, есі дұрыс жеке адам 2) заңды түлға.

ӘКІМШІЛІК КІДІРТУ – жеке түлғаның әкімшілік құқық бұзуын тоқтату, оның кім екенін анықтау және оған қатысты әкімшілік іс қозғау үшін қысқа уақытқа еркіндігін шектеу шарасы.

Ескертпе. «Кідірту» сөзінің қолданысы әліпби ретімен берілді.

ӘКІМШІЛІК ҚАДАҒАЛАУ – заңда қарастырылған қылмыстың белгілі бір түрлері үшін соттылығы бар, бас еркіндігінен айыру орындарынан босатылған адамдардың құқықтары мен бостандықтарына соттың уақытша шектеулер қоюы, оларға міндеттер жүктеуі (бұдан әрі – әкімшілік шектеу) және ішкі істер органдарының қадағалауындағы адамдардың әкімшілік шектеулерді сақтауға және қайта қылмыс жасау жолын кесуге бағытталған шарасы.

ВОЗРАСТ ПРИВЛЕЧЕНИЯ К АДМИНИСТРАТИВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ – минимальный установленный законом возраст, с которого лицо может быть привлечено к административной ответственности за совершённое административное правонарушение.

ЛИЦО, ПОДЛЕЖАЩЕЕ АДМИНИСТРАТИВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ – 1) физическое вменяемое лицо, достигшее к моменту окончания или пресечения административного правонарушения шестнадцатилетнего возраста. 2) юридическое лицо.

АДМИНИСТРАТИВНОЕ ЗАДЕРЖАНИЕ – мера ограничения свободы физического лица на короткое время, применяемая для пресечения совершаемого им административного правонарушения, установления его личности и возбуждения в отношении него административного производства.

Примечание. Употребление слова «Кідірту» приведено в алфавитном порядке.

АДМИНИСТРАТИВНЫЙ НАДЗОР – представляет собой меру, направленную на предотвращение повторного совершения преступлений лицами, освобожденными из мест лишения свободы, имеющими судимость за определенные виды преступлений, предусмотренные законом, посредством установления судом временных ограничений их прав и свобод, возложения на них обязанностей (далее – административное ограничение) и осуществления

ӘКІМШІЛІК ҚАМАҚ – әкімшілік құқық бұзған адамды сот шешімі немесе судьяның қаулысымен қоғамнан уақытша оқшаулау үшін қолданылатын әкімшілік жаза шарасы.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ – мемлекеттік және муниципалдық деңгейде жүзеге асырылатын, арнайы билік қатынастарының түрі – әкімшілік-басқару (ұйымдастыру, атқарушылық) қызметімен жүргізілетін, жария басқару жүйесін ұйымдастыру және жұмыс істеу саласының қатынастарын реттейтін құқық нормаларының тиянақталған жиынтығы.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҮЗУ – заңнамада әкімшілік жауаптылық белгіленген, жеке немесе заңды тұлғаның құқыққа қайшы, кінәлі (қасақана немесе абайсыз) әрекеті немесе әрекетсіздігі.

ӘКІМШІЛІК МӘЖБҮРЛЕУ – мемлекеттік органдардың әкімшілік заңдарға сүйеніп, қоғам тәртібінің, қауіпсіздігінің және заң талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге қолданатын мәжбүрлеу (ықпал ету) шаралары.

органами внутренних дел наблюдения за соблюдением указанными лицами (поднадзорными) административных ограничений.

АДМИНИСТРАТИВНЫЙ АРЕСТ – мера административного наказания, применяемая для временного изоляции лица, совершившего административное правонарушение, на основании решения суда или постановления судьи.

АДМИНИСТРАТИВНОЕ ПРАВО – упорядоченная совокупность правовых норм, регулирующих отношения в области организации и функционирования системы публичного управления, осуществляемого на государственном и муниципальном уровнях посредством специального вида властных отношений – административно-управленческой (организационной, исполнительной) деятельности.

АДМИНИСТРАТИВНОЕ ПРАВОНАРУШЕНИЕ – противоправное, виновное (умышленное или неосторожное) действие или бездействие физического или юридического лица, за которое законодательством установлена административная ответственность.

АДМИНИСТРАТИВНОЕ ПРИНУЖДЕНИЕ – меры принуждения (воздействия), применяемые государственными органами на основании административных законов для обеспечения общественного порядка, безопасности и соблюдения требований законодательства.

ӘКІМШІЛІК НЕГІЗДЕ ЖОЛЫН КЕСУ – құқыққа қарсы іс-әрекетті тоқтатуға және зиянды салдарды туындатпауға бағытталған әкімшілік мәжбүрлеу түрі.

ӘКІМШІЛІК ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҚ – әкімшілік құқық бұзу істерін қарау және шешу, мемлекеттік басқару саласындағы дауларды реттеу тәртібін белгілейтін құқық нормаларының жиынтығы.

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДЕР – мемлекеттік органдардың өз міндеттерін атқаруы барысында жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты әрекет ету тәртібін реттейтін ережелер (нормалар) жиынтығы.

ӘКІМШІЛІК ТЕРІС ҚЫЛЫҚ – заңнамада әкімшілік жауаптылық белгіленген, жеке немесе заңды тұлғаның құқыққа қайшы, кінәлі (қасақана немесе абайсыз) әрекеті немесе әрекетсіздігі.

ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫС – әкімшілік құқық бұзу істерін қарауға және әкімшілік сот ісін жүргізуге жұмсалатын ақшалай қаражат.

ӘКІМШІЛІК ЫҚПАЛ ЕТУ ӘДІСТЕРІ – мемлекеттік биліктің, мәжбүрлеу немесе өкімдік құралдарының жиынтығы, оның көмегімен мемлекет органдары мен лауазымды адамдар бағынышты субьектілердің,

АДМИНИСТРАТИВНОЕ ПРЕСЕЧЕНИЕ – вид административного принуждения, направленный на прекращение противоправного деяния и предотвращение вредных последствий.

АДМИНИСТРАТИВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ ПРАВО – совокупность правовых норм, устанавливающих порядок рассмотрения и разрешения дел об административных правонарушениях, регулирование споров в сфере государственного управления.

АДМИНИСТРАТИВНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ – совокупность правил (норм), регулирующих порядок осуществления деятельности государственных органов, затрагивающей права и законные интересы физических и юридических лиц при выполнении ими своих функций.

АДМИНИСТРАТИВНЫЙ ПРОСТУПОК – противоправное, виновное (умышленное или неосторожное) действие или бездействие физического или юридического лица, за которое законодательством установлена административная ответственность.

АДМИНИСТРАТИВНЫЙ РАСХОД – денежные средства, расходуемые на рассмотрение дел об административных правонарушениях и ведение административного судопроизводства.

АДМИНИСТРАТИВНЫЕ МЕТОДЫ ВОЗДЕЙСТВИЯ – совокупность государственно-властных, принудительных или распорядительных инструментов, с помощью которых государственные органы и должностные

ұйымдар мен азаматтардың мінез-құлқын басқарады, бақылайды немесе бағыттайды.

ӘКІМШІЛІК ҮҚТИАР – мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның заң шеңберінде әрекет жасау және әкімшілік акт шығару кезінде бірнеше шешімнің бірін таңдау құқығы (мүмкіндігі).

ӘЛЕМДІК ТӘРТІП – халықаралық қатынастар жүйесін, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас қағидағтары мен нормаларын, халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты орнату және сақтау тетіктерін сипаттайтын ұғым.

ӘЛЕУЕТ – жеке тұлғаның, ұйымның немесе елдің (мемлекеттің) белгілі бір міндеттерді орындауға, белгіленген мақсаттарға жетуге немесе қолындағы ресурстарды тиімді пайдалануға жеткілікті мүмкіндіктері мен қабілеттерінің жиынтығы.

ӘЛЕУЕТТІ ӨНІМ БЕРУШІ – мемлекеттік сатыпалым немесе басқа да тапсырыстарды орындауға қатысу ниетін білдірген, заңнамада белгіленген біліктілік талаптарына сай келетін жеке немесе заңды тұлға.

ӘЛЕУЕТТІ ӨНІМ БЕРУШІНІҢ ҮЛЕСТЕС ТҮЛҒАСЫ – әлеуетті өнім берушінің шешімдерін айқындауға және (немесе) оған ықпал етуге құқығы бар (жазбаша мәміле бойынша да) кез келген жеке немесе заңды тұлға немесе керісінше,

лица управляют, контролируют или направляют поведение подведомственных субъектов, организаций или граждан.

АДМИНИСТРАТИВНОЕ УСМОТРЕНИЕ – право (возможность) государственного органа или должностного лица выбрать одно из нескольких решений при совершении действия и издании административного акта в пределах закона.

МИРОУСТРОЙСТВО – понятие, характеризующее систему международных отношений, принципы и нормы взаимодействия между государствами, а также механизмы обеспечения международной безопасности и стабильности.

ПОТЕНЦИАЛ – совокупность возможностей и способностей физического лица, организации или страны (государства), достаточных для выполнения определенных задач, достижения намеченных целей или эффективного использования имеющихся ресурсов.

ПОТЕНЦИАЛЬНЫЙ ПОСТАВЩИК – физическое или юридическое лицо, изъявляющее намерение участвовать в государственных закупках или выполнении иных заказов, отвечающее установленным законодательством квалификационным требованиям.

АФФИЛИРОВАННОЕ ЛИЦО ПОТЕНЦИАЛЬНОГО ПОСТАВЩИКА – любое физическое или юридическое лицо, которое имеет право определять решения и (или) оказывать влияние на принимаемые данным потенциальным поставщиком

әлеуетті жеткізушінің өзі басқаратын немесе оның ықпалындағы кез келген жеке немесе заңды тұлға.

ӘЛЕУМЕТТІК АУДАРЫМ – жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына (МӘСК) тұрақты төлейтін және жұмыс істеп жүрген адамның өмірінде әртүрлі әлеуметтік жағдайлар (жүктілік, декрет, жұмыстан айырылу, мүгедек болу, т.б.) туындағанда оған мемлекет тарапынан әлеуметтік төлемдер төлеу үшін жиналатын ақшалай қаражаты.

ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛДІК – қоғам мүшелерінің құқықтары мен мүмкіндіктерінің тең болуын, әркімнің қажеттілігіне қарай игіліктердің бөлінуін және әлеуметтік теңсіздікті азайтуды мақсат ететін қағидат.

ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК – ынтымақтастыққа, тараптардың мүдделерімен келісуге және әлеуметтік-еңбек мәселелерін бірлесіп шешуге негізделген жұмыскерлер (олардың өкілдері), жұмыс берушілер және мемлекет арасындағы өзара қатынастар жүйесі.

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІБИ БАҒДАР – кәсібін таңдау және қызмет түрін ауыстырған кезде практикалық көмек беруге және кәсіби білімдері, дағдылары, жеке мүдделері мен еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес біліктілігін жетілдіруге бағытталатын өзара байланысты шаралар кешені.

решения (в том числе в силу сделки, совершенной в письменной форме), а также любое физическое или юридическое лицо, находящееся под управлением или под влиянием самого потенциального поставщика.

СОЦИАЛЬНОЕ ОТЧИСЛЕНИЕ – денежные средства, которые работодатели и работники регулярно выплачивают в Государственный фонд социального страхования (ГФСС) и которые накапливаются для осуществления социальных выплат со стороны государства при наступлении различных социальных ситуаций в жизни работающего человека (беременность, декрет, потеря работы, инвалидность и т.д.).

СОЦИАЛЬНАЯ СПРАВЕДЛИВОСТЬ – принцип, который предполагает равенство прав и возможностей членов общества, распределение благ в соответствии с потребностями каждого и сокращение социального неравенства.

СОЦИАЛЬНОЕ ПАРТНЕРСТВО – система взаимоотношений между работниками (их представителями), работодателями и государством, основанная на сотрудничестве, согласовании интересов сторон и совместном решении социально-трудовых вопросов.

ВЫДЕЛЕННАЯ ДОЛЯ – часть общего имущества или имущественного права, официально выделенная за конкретным участником общей собственности.

РАССРОЧКА – способ оплаты, при котором стоимость товара, услуги или имущества погашается частями в установленный срок, обычно на более выгодных для покупателя условиях по сравнению с кредитом.

БӨЛШЕК САЛЫҚ – шағын және орта бизнес субъектілері үшін арнайы енгізілген, салық салынатын табыстың немесе айналымның бір бөлігі ретінде есептелетін салық режимі.

БӨЛШЕК САУДА – тауарларды жеке, отбасылық, тұрмыстық немесе басқа да кәсіпкерлік емес мақсаттарда пайдалану үшін соңғы тұтынушыларға сататын кәсіпкерлік қызмет түрі.

БӨЛШЕК САУДА БАҒАСЫ – тауарды жеке, отбасылық немесе үй шаруашылығында пайдалану үшін (қайта сату мақсатында емес) соңғы тұтынушыға даналап немесе шағын топтамамен сатуға арналған баға.

БРОКЕРЛІК ЖАЗБА – брокердің клиент тапсырмасы бойынша жасаған мәмілесінің негізгі шарттарын (күні, зат, бағасы, көлемі) қамтитын және оның орындалғанын растайтын ресми құжаты.

БРОКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ – клиенттің тапсырмасы бойынша оның атынан және есебінен бағалы қағаздармен, тауарлар немесе өзге де активтермен азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасасудың ақылы кәсіпкерлік қызметі.

БРОКЕРЛІК ШОТ – клиенттің ақшалай қаражаты мен бағалы қағаздарын есепке алуға және олармен қаржы нарықтарында мәміле жасасуға арналған, лицензиялық брокердің ашатын арнайы шоты.

РОЗНИЧНЫЙ НАЛОГ – специальный налоговый режим, введенный для субъектов малого и среднего бизнеса, в котором налог рассчитывается как часть налогооблагаемого дохода или оборота.

РОЗНИЧНАЯ ТОРГОВЛЯ – предпринимательская деятельность по продаже товаров конечным потребителям для личного, семейного, домашнего или иного использования, не связанного с предпринимательской деятельностью.

РОЗНИЧНАЯ ЦЕНА – цена, устанавливаемая на товар, который продается конечному потребителю поштучно или небольшими партиями для личного, семейного или домашнего использования, а не для перепродажи.

БРОКЕРСКАЯ ЗАПИСКА – официальный документ брокера, подтверждающий заключение сделки по поручению клиента и содержащий ее основные условия (дату, предмет, цену, объем).

БРОКЕРСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ – предпринимательская деятельность по совершению гражданско-правовых сделок с ценными бумагами, товарами или иными активами по поручению, от имени и за счет клиента на возмездной основе

БРОКЕРСКИЙ СЧЕТ – специальный счет, открываемый у лицензированного брокера и предназначенный для учета денежных средств и ценных бумаг клиента, а также для совершения с ними сделок на финансовых рынках.

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПКЕ АЛУ – ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметімен байланысты барлық операцияны (кіріс, шығыс, мүлік, міндеттеме, капитал т.б.) жүйелі түрде тіркеу, есепке алу және жинақтап көрсету үдерісі.

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІЛІК – заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес дайындалған, кәсіпорынның есеп беру күніндегі қаржылық жағдайы, оның қызметінің нәтижелері және есепті кезеңдегі ақшалай қаражаттарының қозғалысы туралы жүйеленген ақпарат.

БҰЗУДЫ ЖОЮ ХАБАРЛАМАСЫ – заң бұзудың анықталғанын және оны жою қажеттігін ресми түрде хабарлайтын құжат.

БҰЛТАРТПАУ – алдын алуға, болдырмауға немесе тоқтатуға болмайтын нәрсенің қасиеті, яғни құтыла алмайтындығы.

БҰЛТАРТПАУ ШАРАЛАРЫ – адамның тергеп-тексеруден немесе соттан жалтаруына, қылмыстық қызметін жалғастыруына жол бермеу, іске қатысты шындықты анықтауға бөгет болдырмау және үкімнің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында айыпталушыға, ал ерекше жағдайларда күдіктіге қолданылатын процестік мәжбүрлеу шаралары.

Ескертпе. Құқықтық мәнмәтінде «жолын кесу» термині көбіне әкімшілік немесе құқық бұзудың алдын алу мақсатында, құқыққа қарсы әрекеттің, оның таралуын тежеу мағынасында қолданылады.

БУХГАЛТЕРСКИЙ УЧЕТ – процесс систематической регистрации, учёта и обобщения всех операций, связанных с финансово-хозяйственной деятельностью организации (доходы, расходы, имущество, обязательства, капитал и др.).

БУХГАЛТЕРСКАЯ ОТЧЕТНОСТЬ – систематизированная информация о финансовом положении предприятия на отчетную дату, результатах его деятельности и движении денежных средств за отчетный период, подготовленная в соответствии с установленными законодательством требованиями.

УВЕДОМЛЕНИЕ ОБ УСТРАНЕНИИ НАРУШЕНИЙ – официальный документ, информирующий о выявленном нарушении и необходимости его устранения.

НЕОТВРАТИМОСТЬ – свойство чего-либо, что нельзя предотвратить, избежать или остановить, то есть неизбежность.

МЕРЫ ПРЕСЕЧЕНИЯ – меры процессуального принуждения, применяемые к обвиняемому, а в исключительных случаях к подозреваемому, с целью: воспрепятствовать уклонению лица от следствия или суда, препятствовать продолжению преступной деятельности, препятствовать установлению истины по делу, обеспечить исполнение приговора.

Ал «бұлтартпау» термині қылмыстық іс жүргізу барысында адамның тергеп-тексеруден немесе соттан жалтаруына жол бермеу, қылмыстық әрекеттерін жалғастыруына кедергі жасау мақсатында қолданылады.

БҰЛТАРТПАУШЫЛЫҚ – тұжырымның, дәлелдеме немесе фактінінің терістеуге немесе даулауға болмайтын қасиеті.

БҰЛТТЫҚ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМ – бұлттық технологияларды пайдалана отырып, электрондық құжаттарды жасау, сақтау, өңдеу және алмасу үдерістерін ұйымдастыру жүйесі, мұнда құжаттар мен оларға қатысты деректер қашықтағы серверлерде орналастырылған және интернет желісі арқылы пайдаланушыларға қолжетімді.

БҰРЫНҒЫША ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ – жеке немесе заңды тұлғаның қандай да бір өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге толық сәйкес келетін техникалық шешімін Қазақстан Республикасының аумағында, патентке өтінім берген күніне дейін адал ниетпен пайдаланғаны немесе оны пайдалануға нақты дайындық жасағаны дәлелденсе, сол шешімді әрі қарай пайдалану ауқымын кеңейтпей қолдана беру құқығы.

БІЛКІТІ КӨПШІЛІК – қарапайым көпшіліктен асатын дауыс саны, ол алқалы органдарда (парламент, акционерлер жиналысы, кеңес және т.б.) аса маңызды шешімдерді қабылдау үшін қажет.

НЕОПРОВЕРЖИМОСТЬ – свойство утверждения, доказательства или факта, которое делает его невозможным для опровержения или оспаривания.

ОБЛАЧНЫЙ ДОКУМЕНТООБОРОТ – система организации процессов создания, хранения, обработки и обмена электронными документами с использованием облачных технологий, при которой документы и сопутствующие данные размещаются на удаленных серверах и доступны пользователям через сеть интернет.

ПРАВО ПРЕЖДЕПОЛЬЗОВАНИЯ – право лица, которое до приоритета изобретения, полезной модели или промышленного образца добросовестно использовало на территории Республики Казахстан тождественное решение либо произвело необходимые приготовления к такому использованию, – продолжать его использование без расширения объема.

КВАЛИФИЦИРОВАННОЕ БОЛЬШИНСТВО – превышающее простое большинство, которое необходимо для принятия особо важных решений в коллегиальных органах (парламентах, собраниях акционеров, советах и др.).

БІЛІМ ҚҰЖАТЫН ТАҢУ ҚУӘЛПІ – шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттың Қазақстан Республикасының аумағында заңды күші бар екенін растайтын ресми құжат.

БІР КӨЗДЕН САТЫП АЛУ ТӘСІЛІ – заңнамада белгіленген ерекше жағдайларда, тапсырыс берушінің бәсекелессіз, бір ғана өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәсілі.

БІР РЕТТІК САЛЫҚ САЛУ – салық не өзге де міндетті төлемдер кіріс немесе мүлік объектісінен бір рет қана алынатын, сол кезең үшін және сол объектіге қайта салық салуға жол берілмейтін, тек заңнамада тікелей көзделген жағдайларда ғана ауытқу болуы ықтималдығын білдіретін қағидат.

БІРЖОЛҒЫ САҚТАНДЫРУ ЖАРНАСЫ – сақтандыру шарты жасалған кезде немесе оның күшіне енудің басында сақтанушы тарапынан бір реттік және толық көлемде төленетін сақтандыру сыйлықақысы (жарнасы).

БІРТЕКТІ ТАУАРЛАР – барлық белгілері бірдей емес, бірақ сипаттамалары ұқсас және бірдей құрамбөліктерден тұратын, сол материалдардан жасалғандықтан, бағаланып отырған тауарлар сияқты қызметтерді

УДОСТОВЕРЕНИЕ О ПРИЗНАНИИ ДОКУМЕНТА ОБ ОБРАЗОВАНИИ – официальный документ, подтверждающий законную силу на территории Республики Казахстан документа об образовании, выданного зарубежными образовательными организациями.

СПОСОБ ИЗ ОДНОГО ИСТОЧНИКА – способ закупки товаров, работ или услуг, при котором заказчик осуществляет закупку без конкуренции, у одного единственного поставщика в исключительных случаях, предусмотренных законодательством.

ОДНОКРАТНОСТЬ НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ – принцип, согласно которому один и тот же объект дохода или имущества облагается налогом или иным обязательным платежом только единожды, без возможности повторного налогообложения за тот же период и за тот же объект, за исключением случаев, прямо предусмотренных законодательством.

ЕДИНОВРЕМЕННЫЙ СТРАХОВОЙ ВЗНОС – страховая премия (взнос), уплачиваемая страхователем единовременно и в полном объеме при заключении договора страхования или в начале его действия.

ОДНОРОДНЫЕ ТОВАРЫ – товары, не являющиеся идентичными во всех отношениях, но обладающие сходными характеристиками и состоящими из схожих компонентов, изготовленные из тех же материалов, что позволяет им выполнять те же функции, что

атқара алатын және коммерциялық тұрғыда оларды өзара алмастыратын тауарлар.

БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ – мемлекет немесе мемлекеттік емес ұйымдар құратын, азаматтардың зейнетақы жарналары есебінен жиналған қаражатты қалыптастыру, инвестициялау және төлеу үшін қызмет атқаратын ұйым.

БІТІМГЕРЛІК – халықаралық ұйымдардың, мемлекеттердің және өзге де субъектілердің қарулы қактығыстардың алдын алуға, реттеуге, болдырмауға, сондай-ақ қактығыстан кейінгі кезеңде бейбітшілікті қалпына келтіруге және қолдауға бағытталған ұжымдық қызметі.

БЮДЖЕТ БАҒДАРЛАМАСЫ – мемлекеттік басқару функцияларын, республиканы немесе өңірді дамытудың стратегиялық, орта мерзімді бағдарламалары мен жоспарларын іске асыру үшін қабылданған бюджет қаражатымен қамтамасыз етілетін міндеттер.

БЮДЖЕТ ЖІКТЕЛІМІ – жіктелім объектілеріне топтастыру кодтарын бере отырып, бюджет түсімдері мен шығыстарын функционалдық, ведомстволық және экономикалық сипаттамалар бойынша топтастыру.

БЮДЖЕТ ҚАТЫНАСТАРЫ – мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және өзге де қатысушылардың арасында бюджеттерді қалыптастыру, қарау, бекіту, орындау және оның атқарылуын бақылау үдерісінде

и оцениваемые товары, и быть с ними коммерчески взаимозаменяемыми.

ЕДИНЫЙ ПЕНСИОННЫЙ НАКОПИТЕЛЬНЫЙ ФОНД – организация, создаваемая государством или негосударственными структурами для формирования, инвестирования и выплаты пенсионных накоплений граждан, уплачивающих пенсионные взносы.

МИРОТВОРЧЕСТВО – коллективная деятельность международных организаций, государств и других субъектов, направленная на предотвращение, урегулирование и прекращение вооруженных конфликтов, а также на восстановление и поддержание мира в постконфликтный период.

БЮДЖЕТНАЯ ПРОГРАММА – задачи, обеспечиваемые бюджетными средствами, принятые для реализации функций государственного управления, стратегических, среднесрочных программ и планов развития республики или региона.

БЮДЖЕТНАЯ КЛАССИФИКАЦИЯ – группировка поступлений и расходов бюджета по функциональным, ведомственным и экономическим характеристикам с присвоением объектам классификации группировочных кодов.

БЮДЖЕТНЫЕ ОТНОШЕНИЯ – общественные финансовые отношения, возникающие между органами государственной власти, органами местного самоуправления и иными рассмотренными, утверждения, исполнения

туындайтын қоғамдық, қаржылық қатынастар.

БЮДЖЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ – бюджет деңгейлерінің жиынтығы, олардың қалыптасу тәртібі, өзара қарым-қатынастары және сол қағидаттарға құрылған мемлекеттің бюджет жүйесін ұйымдастыру жүйесі.

БЮДЖЕТ МОНИТОРИҢІ – бюджеттің орындалу барысын талдау, ауытқу себептерін анықтау және соңғы нәтижелерін болжау үшін бюджеттің орындалу көрсеткіштерін жүйелі түрде жинау және қадағалау үдерісі.

БЮДЖЕТ САЯСАТЫНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ – мемлекеттік биліктің бюджет құру, оны орындау және бақылау мәселелері бойынша ашықтығы, қолжетімділігі және есеп беруге қабілеттілік деңгейі.

БЮДЖЕТТІ ШОҒЫРЛАНДЫРУ – мемлекет қаржысын талдау, жоспарлау және бақылау үшін бюджет жүйесінің түрлі деңгейіндегі (мысалы, республикалық, облыстық, аудандық, қалалық) бюджеттерді біртұтас жүйеге біріктіру үдерісі.

БЮДЖЕТТІК БАҚЫЛАУ – бюджет қаражаттарының тиімді және заңды пайдалануын тексеру үдерісі.

БЮДЖЕТТІК ЖОСПАРЛАУ – әлеуметтік-экономикалық даму мен бюджет параметрлерін (кірістер, шығыстар, тапшылық) болжайтын, келесі қаржы кезеңінің бюджет бағдарламалары мен операциялық

бюджетов и контроля за их исполнением.

БЮДЖЕТНОЕ УСТРОЙСТВО (СТРУКТУРА) – система организации бюджетной системы государства, включающая совокупность уровней бюджетов, порядок их формирования, взаимоотношения между ними и принципы, на которых она строится.

БЮДЖЕТНЫЙ МОНИТОРИНГ – процесс систематического сбора и отслеживания показателей исполнения бюджета с целью анализа хода его исполнения, выявления причин отклонений и прогнозирования конечных результатов.

ПРОЗРАЧНОСТЬ БЮДЖЕТНОЙ ПОЛИТИКИ – степень открытости, доступности и подотчетности государственной власти в вопросах формирования, исполнения и контроля за бюджетом.

КОНСОЛИДИРОВАНИЕ БЮДЖЕТА – процесс объединения бюджетов разных уровней бюджетной системы (например, республиканского, областного, районного, городского) в единую систему с целью анализа, планирования и контроля государственных финансов.

БЮДЖЕТНЫЙ КОНТРОЛЬ – процесс проверки эффективного и законного использования бюджетных средств.

БЮДЖЕТНОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ – этап бюджетного процесса, включающий прогнозирование социально-экономического развития и параметров бюджета (доходов, расходов, дефицита), разработку

жоспарлардың әзірленуін қамтитын бюджет үдерісінің кезеңі.

БЮДЖЕТТІК ҚЫЗМЕТ – мемлекеттік бюджетті басқаруға бағытталған әкімшілік және қаржылық әрекеттер.

БЮДЖЕТ МІНДЕТТЕМЕСІ – мемлекеттік мекеменің шарт негізінде немесе өзге де заң нормаларына сәйкес бюджеттен төлем жүргізу міндеттемесі, ол шығыстардың экономикалық жіктемесін ескере отырып, бюджеттен бөлінген қаржы көлемінде қабылданады.

БЮДЖЕТТІК СҰРАНЫМ – бюджет бағдарламалары әкімшісінің кезекті жоспарлы кезеңге арнап дайындайтын, шығыстар көлемін негіздеу және Мемлекеттік жоспарлау жүйесі шеңберінде мемлекеттік органның функцияларын, даму жоспарларын және нысаналы индикаторларын іске асыру қызметі туралы мәліметтер қамтылған бюджеттік құжаттамасы.

БЮДЖЕТТІҢ БІРЫҢҒАЙ ЖІКТЕЛІМІ – функционалдық, ведомстық және экономикалық сипаттамалар бойынша бюджеттің түсімдерінің және бюджеттен жұмсалатын шығыстардың топтастырылуын белгілейтін нормативтік құқықтық акт.

БЮДЖЕТТІҢ ОРЫНДАЛУЫ – кірістерді жинау, шығыстарды қаржыландыру, мемлекеттік қарызды басқару және бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылауды қамтитын, бекітілген бюджетті орындау үдерісі.

бюджетных программ и операционных планов на следующий финансовый период.

БЮДЖЕТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ – административные и финансовые действия, направленные на управление государственным бюджетом.

БЮДЖЕТНОЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВО – обязательство государственного учреждения произвести платеж из бюджета, возникающее на основании договора или иной законной нормы и принимаемое в пределах выделенных ассигнований с учетом экономической классификации расходов.

БЮДЖЕТНЫЙ ЗАПРОС – бюджетная документация, подготавливаемая администратором бюджетных программ на плановый период, с целью обоснования расходов и содержащая информацию о деятельности государственного органа по реализации его функций, планов развития и целевых индикаторов в рамках Системы государственного планирования.

ЕДИНАЯ БЮДЖЕТНАЯ КЛАССИФИКАЦИЯ – является нормативным правовым актом, устанавливающим группировку поступлений в бюджет и расходований из бюджета по функциональным, ведомственным и экономическим характеристикам.

ИСПОЛНЕНИЕ БЮДЖЕТА – процесс исполнения утвержденного бюджета, который включает сбор доходов, финансирование расходов, управление государственным долгом и контроль за использованием бюджетных средств.

ВВ

ВАЛИДАТТАУ – құжаттың, деректердің немесе үдерістің заңнама талаптарына немесе белгіленген стандарттарға сәйкестігін тексеру және растау рәсімі.

ВАЛИДТІЛІК – құжаттың, келісімнің немесе әрекеттің заңнамада белгіленген талаптарға сәйкестігін және оның заңды күшінің бар екенін білдіретін қасиеті.

ВАЛЮТА ЗАҢНАМАСЫ – Қазақстан Республикасында валюта операцияларын, валюта активтерінің айналысын, сәлем айырысу және ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ валюталық бақылаудың құқық негіздерін белгілейтін нормативтік құқықтық актілер жиынтығы.

ВАЛЮТА ӨЗГЕРМЕЛІГІ – экономикалық, қаржылық және сыртқы факторлардың әсерінен бір валюта бағамының басқа валютаға қатысты уақыт өте өзгеруі.

ВАЛЮТАЛЫҚ БАҚЫЛАУ – уәкілетті органдар мен агенттердің Қазақстан Республикасының валюта заңнамасының сақталуын бақылау үшін жүзеге асыратын шаралар жүйесі.

ВАЛЮТАЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК – валюталық бақылау органдары мен агенттеріне ұсынылатын және операцияның мақсаты, сомасы мен негізі туралы ақпаратты қамтитын, резиденттер мен бейрезиденттер жүргізген валюта операцияларының заңнамада белгіленген мәліметтер жүйесі.

ВАЛИДАЦИЯ – процедура проверки и подтверждения соответствия документа, данных или процесса законодательным требованиям или установленным стандартам.

ВАЛИДНОСТЬ – свойство документа, соглашения или действия, означающее его соответствие установленным законодательством требованиям и наличие законной силы.

ВАЛЮТНОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО – совокупность нормативных правовых актов Республики Казахстан, регулирующих порядок проведения валютных операций, обращения валютных активов, осуществления расчетов и переводов денежных средств, а также правовые основы валютного контроля.

ВАЛЮТНОЕ КОЛЕБАНИЕ – изменение курса одной валюты по отношению к другой во времени под воздействием экономических, финансовых и внешних факторов.

ВАЛЮТНЫЙ КОНТРОЛЬ – система мероприятий, осуществляемых уполномоченными органами и агентами с целью контроля за соблюдением валютного законодательства Республики Казахстан.

ВАЛЮТНАЯ ОТЧЕТНОСТЬ – установленная законодательством система сведений о проведенных резидентами и нерезидентами валютных операциях, предоставляемая органам и агентам валютного контроля и включающая информацию о цели, сумме и основании операции.

ВАЛЮТАЛЫҚ СЫЙЛЫҚАҚЫ – валюта айырбастау кезінде, әсіресе нарық тұрақсыз жағдайда немесе форвардтық (мерзімді) валюталық операциялар кезінде пайда болатын нарық бағамынан жоғары үстемақы.

ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ – шетел валютасы бағамының қолайсыз өзгеруі салдарынан қаржы, сауда немесе кредит операцияларын жүргізу кезінде шығынға ұшырау немесе пайданы кем алу ықтималдығы.

ВАЛЮТАЛЫҚ ШАРТ – валюта операциясын жүзеге асыруға негіз болатын келісім, құрылтай құжаты немесе өзге де құжаттама.

ВЕДОМЫС – қажеттілік туындаған жағдайда шаруашылық және әлеуметтік-мәдени құрылыстың жеке-леген салаларына басшылық жасау үшін құрылатын мемлекеттік басқарудың орталық органы.

Ескертпе. «Ведомство» сөзі қазақ тілінде «ведомыс» болып, ал «ведомость» сөзі «тізімдерек» болып аударылады.

ВЕДОМЫСҚА ҚАРАСТЫ – жоғары тұрған мемлекеттік органның қарамағындағы ұйым немесе мекеме.

ВЕДОМЫСТЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУ – мемлекеттік органның ішкі ведомыстық қызметін қамтамасыз ету үшін жедел және арнайы есепке алуға қатысы жоқ тұлғалар, заттар және оқиғалар туралы мәліметтерді жинау, тіркеу, жүйелеу, жіктеу және сақтау.

ВАЛЮТНАЯ ПРЕМИЯ – надбавка к рыночному курсу, возникающая при обмене валюты, обычно в условиях нестабильного рынка или при срочных (форвардных) валютных сделках.

ВАЛЮТНЫЙ РИСК – вероятность понести убытки или получить меньшую прибыль при проведении финансовых, торговых или кредитных операций вследствие неблагоприятного изменения курсов иностранных валют.

ВАЛЮТНЫЙ ДОГОВОР – соглашение, учредительный документ или иной документ, служащий основанием для осуществления валютной операции.

ВЕДОМСТВО – центральный орган государственного управления, образуемый в случае необходимости для руководства отдельными сферами хозяйственного и социально-культурного строительства.

Примечание. Слово «ведомство» на казахском языке переводится как «ведомыс», а слово «ведомость» – как «тізімдерек».

ПОДВЕДОМСТВЕННЫЙ – организация или учреждение, находящееся в ведении вышестоящего государственного органа.

ВЕДОМСТВЕННЫЙ УЧЕТ – сбор, регистрация, систематизация, классификация и хранение сведений о лицах, предметах и событиях, не связанных с оперативными и специальными учетами, для обеспечения внутриведомственной деятельности государственного органа.

ВЕДОМОСТЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ – мемлекеттік мекемелердің ішкі қаржы қызметін тексеру жүйесі.

ВЕДОМОСТЫҚ МҰРАҒАТ – мұрағат құжаттарын жинайтын, ретке келтіретін, уақытша сақтайтын, есепке алатын, пайдаланатын және мемлекеттік есепке алатын мемлекеттік заңды тұлғаның мекемесі немесе құрылымдық бөлімшесі.

ВЕКСЕЛЬ ҚҰҚЫҒЫ – вексельдердің шығарылымы мен айналысын, сондай-ақ вексель бойынша міндетті тұлғалардың (вексель берушілердің, ұстаушылардың, авальшылардың, акцептанттардың, индоссанттардың) арасындағы қатынастарды реттейтін заңи және құқық нормаларының жиынтығы.

ВЕКСЕЛЬ ШАРТЫ – вексельді беруді, айналымға енгізуді, индоссаменттеуді, кепілге қоюды немесе төлеуді реттейтін азаматтық-құқықтық келісімдер.

ВЕКСЕЛЬ МІНДЕТТЕМЕСІ – белгілі бір мерзімде және белгіленген жерде вексель ұстаушыға нақты ақша сомасын төлеу жөнінде бір тараптың (вексель берушінің немесе төлеушінің) ешқандай шартсыз, жазбаша түрде алған қарыздық міндеттемесі болатын, вексельмен рәсімделген ақша міндеттемелері.

ВЕКСЕЛЬ ЗАҢНАМАСЫ – вексель шығаруды, айналысқа енгізуді, беруді, өтеуді және оның міндеттемелерінің орындалуын реттейтін құқық нормаларының жиынтығы.

ВЕДОМСТВЕННЫЙ ФИНАНСОВЫЙ КОНТРОЛЬ – система проверки внутренней финансовой деятельности государственных учреждений.

ВЕДОМСТВЕННЫЙ АРХИВ – учреждение или структурное подразделение государственного юридического лица, осуществляющее сбор, упорядочение, временное хранение, учет, использование архивных документов и государственный учет.

ВЕКСЕЛЬНОЕ ПРАВО – совокупность юридических и правовых норм, регулирующих выпуск и обращение векселей, а также отношения между обязанными по векселю лицами (эмитентами, векселедержателями, авальями, акцептантами, индоссантами).

ВЕКСЕЛЬНОЙ ДОГОВОР – гражданско-правовые соглашения, регулирующие передачу, обращение, индоссирование, залог или оплату векселя.

ВЕКСЕЛЬНОЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВО – денежные обязательства, оформленные векселем — письменным долговым документом, который удостоверяет безусловное обязательство одной стороны (векселедателя или плательщика) уплатить другой стороне (векселедержателю) определенную сумму денег в указанный срок и в определенном месте.

ВЕКСЕЛЬНОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО – совокупность правовых норм, регулирующих выпуск, обращение, передачу, погашение и исполнение обязательств по векселям.

ВИДЕОТҮСІРЛІМ ЖАСАУ – қандай да бір объектіні, оқиғаны немесе құбылысты кейіннен көру үшін, оның қозғалыстағы бейнесін және дыбысын (қажет болса) арнайы техникалық құралдардың көмегімен жазып алу үдерісі.

ОСУЩЕСТВЛЕНИЕ ВИДЕОСЪЕМКИ – процесс записи движущегося изображения и звука (при необходимости) с помощью специальных технических средств, с целью последующего просмотра какого-либо объекта, события или явления.

ГГ

ГЕНДЕР САЯСАТЫ – қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларында ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік шаралар жүйесі.

ГРАНТТЫ ЖҰМЫСПЕН ӨТЕУ – грант келісімінде белгіленген және осыған сәйкес грант қаражаттары берілген барлық міндеттемені, шарт мен талапты жүзеге асыру.

ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА – система государственных мер, направленная на обеспечение равных прав и возможностей для мужчин и женщин в политической, экономической и социальной сферах жизни общества.

ОТРАБОТКА ГРАНТА – реализация всех обязательств, условий и требований, предусмотренных грантовым соглашением, в соответствии с которым были предоставлены грантовые средства.

ҒҒ

ҒАЛЫМДАРДЫҢ КӘСІБИ ШОҒЫРЛАНУЫ – ғылыми қауымдастықтың білім алмасу, бірлескен зерттеулер жүргізу және ғылыми қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында күш-жігерін біріктіруі.

ҒЫЛЫМДЫ ҚАЖЕТСІНЕТІН ӨНДІРІС – ғылыми-зерттеу нәтижелері мен жоғары технологиялық жетістіктерге негізгі рөл берілетін өндірістік қызметтің ерекше түрі.

ҒЫЛЫМИ ӘЗІРЛЕМЕ – теориялық білімді практикада қолдануға арналған жаңа технологияларды, өнімдерді немесе үдерістерді жасауға

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ КОНСОЛИДАЦИЯ УЧЕНЫХ – объединение усилий научного сообщества с целью обмена знаниями, проведения совместных исследований и повышения эффективности научной деятельности.

НАУКОЕМКОЕ ПРОИЗВОДСТВО – особый вид производственной деятельности, в котором ключевую роль играют результаты научных исследований и высокотехнологичные достижения.

НАУЧНАЯ РАЗРАБОТКА – научно-техническая работа, направленная на создание новых технологий, продуктов или процессов,

бағытталған ғылыми-техникалық жұмыс.

предназначенных для практического применения теоретических знаний.

Дд

ДАҒДАРЫС КЕЗЕҢІ – экономикалық, әлеуметтік немесе саяси жүйеде тұрақсыздық пен құлдырау байқалатын, өндіріс көлемі төмендейтін, жұмыссыздық өсетін және халықтың өмір сүруі нашарлайтын киын әрі өтпелі уақыт кезеңі.

ДАҒДАРЫСТЫ ЖАҒДАЯТ – қалыпты жағдайдан күрт ауытқып, қауіп төндіретін, күрделі және тез шешім қабылдауды талап ететін жағдаят.

ДАРА КӘСІПКЕР – мемлекеттік тіркеу рәсімінен өткен, заңды тұлға құрмай-ақ, пайда табу мақсатында дербес кәсіпкерлік қызметті жүргізетін жеке тұлға.

ДАУЛАНАТЫН МӘМІЛЕ – заңнама талаптарын бұза отырып жасалған мәміле, ол сот шешімімен ғана мүдделі адамның дауталабы негізінде жарамсыз деп танылуы мүмкін.

ДАУТАЛАП – жауапкерге қарсы туындаған дауларын шешу немесе заңды мүдделерін қорғау үшін өтінішпен сот органына жүгіну.

ДАУТАЛАП БЕРУ – жеке немесе заңды тұлғаның өз құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау мақсатында сотқа ресми жолданамы.

КРИЗИСНЫЙ ПЕРИОД – сложный и переходный период в экономической, социальной или политической системе, для которого характерны нестабильность, спад производства, рост безработицы и ухудшение уровня жизни населения.

КРИЗИСНАЯ СИТУАЦИЯ – ситуация, которая резко отклоняется от нормальных условий, представляет собой угрозу, является сложной и требует принятия быстрых решений.

ИНДИВИДУАЛЬНЫЙ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬ – физическое лицо, ведущее самостоятельную предпринимательскую деятельность с целью получения прибыли без образования юридического лица, прошедший процедуру государственной регистрации.

ОСПАРИМАЯ СДЕЛКА – сделка, совершенная с нарушением требований законодательства, которая может быть признана недействительной только по решению суда на основании иска заинтересованного лица.

ИСК – обращение в судебный орган с просьбой о защите законных интересов или о разрешении имеющихся споров с ответчиком.

ПРЕДЪЯВЛЕНИЕ ИСКА – официальное обращение физического или юридического лица в суд с целью защиты своих прав, свобод или законных интересов.

ДАУТАЛАП МӘНІ – дауталапшының жауапкерге қарсы қойған материалдық-құқықтық талабы бойынша соттың шығаратын шешімі.

ДАУТАЛАП ТАЛАБЫ – дауталапшының арызында көрсеткен даулы және бұзылған құқығын қорғау туралы сотқа ресми түрде жазған өтініші.

ДАУТАЛАПТАН ІШНАРА БАС ТАРТУ – дауталапшының дауталаптың бәрінен емес, оның белгілі бір бөлігінен ғана (соманың, талаптың бір бөлігінен немесе жауапкерлердің біріне қатысты талаптан) бас тартуын білдіретін процесстік әрекеті.

ДАУТАЛАПТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – болашақ сот шешімінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында, дау мәніне билік ету құқығын уақытша шектеуге бағытталған, соттың мәжбүрлеу шараларын қолдануы.

ДАУТАЛАПТЫ ҚАНАҒАТТАНДЫРУ – сот дауталапшының дауталап өтінішінде баяндалған талаптарын заңды және негізді деп танып, толық немесе ішінара мойындауы, сот шешімінің дауталапшы пайдасына шығарылуы.

ДАУТАЛАПТЫ МОЙЫНДАУ – азаматтық іс жүргізуде дауталапшының мәлімделген талаптарымен келісіп, оларды даулаудан бас тартуды және соттан бұл талаптарды қанағаттандыруды өтінетін, жауапкердің ерікті процесстік әрекеті.

ПРЕДМЕТ ИСКА – материально-правовое требование истца к ответчику, относительно которого суд должен вынести решение.

ИСКОВОЕ ТРЕБОВАНИЕ – формализованная просьба истца к суду о защите своего нарушенного или оспариваемого права, изложенная в исковом заявлении.

ЧАСТИЧНЫЙ ОТКАЗ ОТ ИСКА – процессуальное действие истца, при котором он отказывается не от всего иска, а только от его определенной части (например, от части суммы, требования или требования к одному из ответчиков).

ОБЕСПЕЧЕНИЕ ИСКА – применение судом мер принудительного характера, направленных на временное ограничение права распоряжения предметом спора с целью обеспечения исполнения будущего судебного решения.

УДОВЛЕТВОРЕНИЕ ИСКА – признание судом требований, изложенных в исковом заявлении истца, законными и обоснованными, их полное или частичное одобрение, то есть вынесение судебного решения в пользу истца.

ПРИЗНАНИЕ ИСКА – добровольное процессуальное действие ответчика в гражданском судопроизводстве, заключающееся в согласии с заявленными истцом требованиями, отказе от их оспаривания и просьбе к суду удовлетворить эти требования.

ДАУТАЛАПТЫҢ ЕСКІРУ МЕРЗІМІ – тұлғаның бұзылған құқығын немесе заңды мүддесін қорғау үшін сотқа дауталаппен жүгінуге құқығы бар кезең.

ДАУТАЛАПШЫ – өз құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау мақсатында сотқа дауталап жолдаған жеке немесе заңды тұлға.

ДАУЫС БЕРЕТІН АКЦИЯЛАР – айналымдағы жай акциялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында көзделген жағдайларда дауыс беру құқығы берілетін артықшылыққа ие акциялар.

ДАУЫС БЕРУ ҚҰПИЯСЫ – азаматтың сайлау кезінде өз еркімен және ешқандай қысымсыз, ешкімге жарияламай, құпия түрде дауыс беру құқығы.

ДАУЫСТЫҚ ХАБАРЛАМА – дыбыс түрінде жазылып, электронды байланыс құралдарынан жолданатын ақпараттық хабар.

ДӘЙЕКСІЗ АҚПАРАТ – шындыққа сәйкес келмейтін, нақты деректермен расталмаған және жаңылысуға әкелетін мәліметтер.

ДӘЛ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ – объектінің, адамның немесе оқиғаның дәл және шынайы орналасқан жері.

ДӘЛЕЛДЕМЕ – істі дұрыс шешуде маңызы бар мән-жайларды (қылмыстың жасалу фактісін, айыпталушының кінәсін немесе кінәсіздігін) анықтау мақсатында сот пен тергеу органдары

СРОК ИСКОВОЙ ДАВНОСТИ – срок, в течение которого лицо вправе обратиться в суд с иском о защите нарушенного права или законного интереса.

ИСТЕЦ – физическое или юридическое лицо, подавшее иск в суд с целью защиты своих прав, свобод или законных интересов.

ГОЛОСУЮЩИЕ АКЦИИ – простые акции, находящиеся в обращении, а также привилегированные акции, по которым предоставляется право голоса в случаях, предусмотренных Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах».

ТАЙНА ГОЛОСОВАНИЯ – право гражданина голосовать на выборах свободно, без какого-либо давления и без оглашения своего выбора, то есть тайным образом.

ГОЛОСОВОЕ СООБЩЕНИЕ – информационное сообщение, записанное в звуковой форме и переданное с помощью электронных средств связи.

НЕДОСТОВЕРНАЯ ИНФОРМАЦИЯ – сведения, не соответствующие действительности, не подтвержденные фактическими данными и способные ввести в заблуждение.

НАСТОЯЩЕЕ МЕСТОПОЛОЖЕНИЕ – точное и подлинное местонахождение объекта, лица или события.

ДОКАЗАТЕЛЬСТВО – любые полученные законным путем фактические данные, на основе которых суд и органы следствия устанавливают обстоятельства, имеющие значение для

пайдаланатын, заңды жолмен алынған, кез келген нақты деректер.

ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ КӨРНЕКІ-БЕЙ-НЕЛІ НЫҚТАУ – оқиғалар, заттар, әрекеттер, жағдайлар және басқа заңи маңызы бар мән-жайларды көрсететін дәлелдемелерді көрнекі материалдар түрінде құжаттау әдісі.

ДӘЛЕЛДЕМЕНІ ЗАТТАЙ НЫҚТАУ – дәлелдемелерді тіркеу және жинау тәсілі, бұл жағдайда қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік іс үшін маңызы бар заттар, құралдар, құжаттар немесе басқа да материалдық объектілер тікелей тергеу органына, анықтап-білуге немесе сотқа ұсынылады.

ДӘЛЕЛДЕМЕНІҢ ДӘЙЕКТІЛІГІ – сот немесе тергеп-тексеру барысында ұсынылған дәлелдемелердің шынайылығы, нақтылығы және өзара қайшы келмеуі, олардың оқиға немесе фактілерді толық әрі нақты көрсетуге қабылеттігі.

ДӘЛЕЛДЕМЕНІҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ – дәлелдеменің қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік сот ісін жүргізу барысында қолданыстағы процесстік заңнаманың талаптарына қатаң сәйкестікте алынғанын, жиналғанын және ресімделгенін білдіретін құқықтық сипаттамасы.

правильного разрешения дела (факт совершения преступления, виновность или невиновность обвиняемого).

НАГЛЯДНО-ОБРАЗНАЯ ФИКСАЦИЯ ДОКАЗАТЕЛЬСТВ – способ документирования доказательств в виде визуальных материалов, отражающих события, предметы, действия, обстановку и другие юридически значимые обстоятельства.

ПРЕДМЕТНАЯ ФИКСАЦИЯ ДОКАЗАТЕЛЬСТВ – способ сбора и фиксации доказательств, при котором предметы, орудия, документы или иные материальные объекты, имеющие значение для уголовного, гражданского или административного дела, представляются непосредственно органу следствия, дознания или суду.

ДОСТОВЕРНОСТЬ ДОКАЗАТЕЛЬСТВА – характеристика представленных в суде или в ходе расследования доказательств, отражающая их правдивость, точность и взаимную непротиворечивость, а также способность полно и ясно подтвердить факты или события.

ДОПУСТИМОСТЬ ДОКАЗАТЕЛЬСТВ – правовая характеристика доказательства, означающая, что оно получено, собрано и оформлено в строгом соответствии с требованиями действующего процессуального законодательства в ходе уголовного, гражданского или административного судопроизводства.

ДӘЛЕЛДІ – нақты фактілерге негізделген, шынайы мән-жайлармен расталған және объективті негіз.

ДӘРЕЖЕ – адамның білімін, біліктілігін немесе қызметтік мәртебесін көрсететін, ресми атақ немесе санат (ғылыми дәреже, әскери немесе арнаулы атақ).

ДӘРМЕНСІЗ БОРЫШКЕР – ақшалай міндеттемелер мен міндетті төлемдерге қатысты кредиторлардың талаптарын белгіленген мерзімде орындай алмайтын жеке немесе заңды тұлға.

ДЕБИТОР БЕРЕШЕГІ – басқа тұлғаның (жеке немесе заңды тұлғалар) кәсіпорынға белгілі бір ақша сомасын немесе мүлікті төлеуге не қайтаруға міндетті болған жағдайда туындайтын талап ету құқығы.

ДЕЛДАЛ – еңбек қатынастарының тараптары еңбек дауын шешу қызметтерін көрсету үшін қатыстыратын жеке немесе заңды тұлға.

ДЕЛДАЛДЫҢ КӨРСЕТЕТІН ҚЫЗМЕТІ – шикізаттың, материалдардың, өнімдердің, ақшаның, валютаның, ақпараттың, тұтыну тауарларының айналысын жеделдету және жеңілдету үшін өндірушілер мен тұтынушылар арасында байланыс орнатуға ықпал ететін кәсіпкерлік қызмет түрі.

Ескертпе. Орыс тіліндегі «услуга» сөзі қазақ тілінің мән-мәтініне

ФАКТИЧЕСКИЙ – основанный на реальных фактах, подтвержденный действительными обстоятельствами и имеющий объективное основание.

СТЕПЕНЬ – официальное звание или категория, указывающая на уровень образования, квалификации или служебный статус лица (ученая степень, воинское или специальное звание).

НЕСОСТОЯТЕЛЬНЫЙ ДОЛЖНИК – физическое или юридическое лицо, не способное удовлетворить требования кредиторов по денежным обязательствам или исполнить обязательные платежи в установленный срок.

ДЕБИТОРСКАЯ ЗАДОЛЖЕННОСТЬ – право требования, которое возникает, когда другие лица (физические или юридические) обязаны уплатить или возратить предприятию определенную сумму денег или имущества.

ПОСРЕДНИК – физическое или юридическое лицо, привлекаемое сторонами трудовых отношений для оказания услуг по разрешению трудового спора.

ПОСРЕДНИЧЕСКАЯ УСЛУГА – форма предпринимательской деятельности, заключающаяся в способствовании налаживанию связей между производителями и потребителями с тем, чтобы ускорить и облегчить обращение сырья, материалов, продукции, денег, валюты, информации, потребительских товаров.

Примечание. Слово «услуга» в зависимости от контекста

қарай «көрсетілетін қызмет» (көрсеткен қызмет, көрсететін қызмет) немесе «қызмет» болып аударылады.

ДЕМЕУ КӨМЕК – жеке немесе заңды тұлғаның (демеушінің) басқа тараптың қызметіне (көбінесе мәдениет, спорт, білім салаларында және т.б.) қолдау көрсету мақсатында ерікті түрде берілетін ақшалай қаражаты, мүлігі, қызметтері немесе өзге де көмегі.

ДЕМОКРАТИЯҒА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТТЕР – азаматтардың негізгі құқықтары мен еркіндіктерін шектейтін, халықтың ерік білдіруіне, саяси қатысуына немесе теңдік қағидатына қарсы бағытталған, сондай-ақ демократиялық институттарға зиян келтіретін кез келген әрекеттер.

ДЕНЕ ӘРЕКЕТІ – адам ағзасының бұлшық ет күшін пайдаланып, қимыл-қозғалысты және энергия жұмсауды қажет ететін кез келген белсенділігі.

ДЕНГЕЙ – басқарудың, құрылымның немесе қызметтің иерархиялық сатысы (мемлекеттік басқару деңгейлері, сот деңгейлері, басшылық деңгейі).

ДЕНГЕЙШЕ – белгілі бір жүйенің, құрылымның немесе иерархияның құрамындағы жоғары деңгейге бағынышты және соның құрамына кіретін төменгі деңгей.

ДЕПОЗИТАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ – бағалы қағаздардың орталықтандырылған есебін жүргізуді, олардың сақталуын қамтамасыз етуді, құқықтардың ауысуын тіркеуді және

переводится на казахский язык как «көрсетілетін қызмет» (көрсеткен қызмет, көрсететін қызмет) или «қызмет».

СПОНСОРСКАЯ ПОМОЩЬ – добровольное предоставление денежных средств, имущества, услуг или иной поддержки физическим или юридическим лицом (спонсором) с целью содействия деятельности другой стороны (чаще всего – в сфере культуры, спорта, образования и т.д.).

АНТИДЕМОКРАТИЧЕСКИЕ ДЕЙСТВИЯ – любые действия, которые ограничивают основные права и свободы граждан, направлены против волеизъявления народа, политического участия или принципа равенства, а также наносят ущерб демократическим институтам.

ФИЗИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ – любая активность человеческого организма, требующая применения мышечной силы, движения и расхода энергии.

УРОВЕНЬ – иерархическая ступень управления, структуры или деятельности (уровни государственного управления, судебные уровни, уровень руководства).

ПОДУРОВЕНЬ – нижестоящий уровень, входящий в состав определенной системы, структуры или иерархии и подчиненный вышестоящему уровню.

ДЕПОЗИТАРНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ – вид профессиональной деятельности на рынке ценных бумаг, включающий централизованный учет ценных бумаг, обеспечение их

осыған байланысты ақпараттық-есеп айырысу операцияларын орындауды қамтитын бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет түрі.

ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПЛДІК БЕРУ – банк лицензиясы қайтарылған немесе банкротқа ұшыраған жағдайда мемлекет (немесе уәкілетті ұйым) салымшыға, оның банктегі қаражатын өтейтін жеке адамның депозиттерін қорғау жүйесі.

ДЕПОЗИТТІК БАНК – жеке және заңды тұлғалардың артық ақшалай қаражатын депозитке (салымға) қабылдайтын, оларды сақтауға және белгілі бір сыйақы қосып қайтаруға міндеттенетін екінші деңгейлі банк.

ДЕПУТАТҚА ТИІСПЕУ ҚҰҚЫҒЫ – қылмыс үстінде ұстап алынған немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған жағдайлардан басқа кезде, Парламент депутатын өз өкілеттігі мерзімі ішінде тиісті Палатаның келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі немесе Сенаты депутатының мемлекеттік органдардың бірінші жетекшілеріне, сондай-ақ лауазымды адамдарға, олардың құзыретіндегі мәселелерге қатысты ресми түсіндірме немесе ақпарат беруді талап ететін, ресми жазбаша жолданамы.

сохранности, регистрацию перехода прав на них, а также выполнение связанных с этим информационно-расчётных функций.

ГАРАНТИРОВАНИЕ ДЕПОЗИТОВ – система защиты вкладов физических лиц, при которой государство (или уполномоченная организация) возмещает вкладчику его средства в банке в случае отзыва лицензии у банка или его банкротства.

ДЕПОЗИТНЫЙ БАНК – банк второго уровня, который принимает от физических и юридических лиц свободные денежные средства во вклад (депозит), обязуется их сохранять и возвращать с определенным вознаграждением (процентом).

ПРАВО ДЕПУТАТСКОЙ НЕПРИКОСНОВЕННОСТИ – депутат Парламента в течение срока своих полномочий не может быть задержан, подвергнут содержанию под стражей, домашнему аресту, приводу, мерам административного взыскания, налагаемым в судебном порядке, привлечен к уголовной ответственности без согласия соответствующей Палаты, кроме случаев задержания на месте преступления либо совершения тяжкого или особо тяжкого преступления.

ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС – официальное письменное обращение депутата Мажилиса или Сената Парламента Республики Казахстан к первым руководителям государственных органов, а также к должностным лицам с требованием предоставить официальное разъяснение или информацию по вопросам, входящим в их компетенцию.

ДЕПУТАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ – Конституция мен құқық заңдарында белгіленген, оның өкілеттіктерін жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ депутат мандатын тоқтату негіздері мен рәсімін айқындайтын құқықтар, міндеттер мен кепілдіктер жиынтығы.

ДЕРБЕС ДЕРЕК – нақты бір субъектіге немесе жеке адамға қатысты мәліметтер, оның ішінде, оның жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін ақпарат.

ДЕРБЕС ҚҰРАМ – белгілі бір органның, бірлестіктің, ұжымның немесе топтың құрамына кіретін нақты және аттары көрсетілген жеке тұлғалар жиынтығы.

ДЕРЕКҚОР – белгілі бір құрылымға сәйкес ұйымдастырылып, компьютерлік жүйеде сақталатын және қажет уақытта жылдам іздеуге, өңдеуге, талдауға болатын деректер жиынтығы.

ДЕРЕКНАМА – белгілі бір адамға, іске немесе объектіге қатысты құжаттардың, мәліметтердің және материалдардың жүйеленген жинағы.

ДЕРЕКТЕМЕ – құжаттың қандай құжат екенін, оны кім және қашан жасағанын анықтауға мүмкіндік беретін қызметтік деректер.

ДИВЕРСИЯ – қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне әдейі залал тигізуге бағытталған қасақана әрекет.

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ АКТІ – мемлекеттер немесе халықаралық ұйымдардың ресми қатынастарын орнату, өзгерту не болмаса тоқтатуға

ПРАВОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ДЕПУТАТА – совокупность установленных Конституцией и законами прав, обязанностей и гарантий, определяющих порядок осуществления его полномочий, а также основания и процедуру прекращения депутатского мандата.

ПЕРСОНАЛЬНЫЕ ДАННЫЕ – сведения, относящиеся к определенному субъекту или физическому лицу, включая информацию, которая позволяет установить его личность.

ПЕРСОНАЛЬНЫЙ СОСТАВ – совокупность конкретных и именованных физических лиц, входящих в состав определенного органа, объединения, коллектива или группы.

БАЗА ДАННЫХ – совокупность данных, организованных по определенной структуре и хранимых в компьютерной системе, с возможностью быстрого поиска, обработки и анализа информации.

ДОСЬЕ – систематизированный сборник документов, сведений и материалов, относящихся к определенному лицу, делу или объекту.

РЕКВИЗИТ – служебные данные, по которым можно определить, что это за документ, кем и когда он создан.

ДИВЕРСИЯ – умышленные действия, направленные на преднамеренное причинение ущерба безопасности общества и государства.

АКТ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЙ – документальная форма в международном праве, посредством которой государства или международные

қатысты өз еріктерін білдіретін, халықаралық құқықтағы құжаттық форма.

ДИСПЕРСИЯ – экономикалық көрсеткіштердің (мысалы, халық табысы, жан басына шаққандағы ЖІӨ (жалпы ішкі өнім), кедейлік деңгейі, өңірдің өсу қарқыны және т.б.) өңірлер, салалар, әлеуметтік топтар немесе уақыт аралығындағы ауытқуын сипаттайтын сандық өлшемі.

ДОМЕН АТАУЫ – интернет желісіндегі веб-сайтты, электрондық поштаны немесе басқа ресурсты айқындайтын, цифрлар мен әріптерден тұратын және IP-мекенжайды көрсететін бірегей символдар жиынтығы.

ДОМЕН КЕҢІСТІГІ – түбірлік доменнен басталатын, жоғары деңгейдегі, екінші деңгейдегі және қосалқы домендерден тұратын, DNS (домендік атаулар жүйесі) құрамындағы домен атауларының иерархиялық құрылымы.

организации выражают свою волю в целях установления, изменения либо прекращения официальных отношений.

ДИСПЕРСИЯ – количественная мера отклонения во времени экономических показателей (таких как доходы населения, ВВП (валовой внутренний продукт) на душу населения, уровень бедности, региональные темпы роста и др.) по регионам, отраслям, социальным группам или во времени.

ДОМЕННОЕ ИМЯ – уникальная совокупность символов, состоящая из цифр и букв, которая идентифицирует веб-сайт, электронную почту или другой ресурс в сети Интернет и указывает на IP-адрес.

ДОМЕННОЕ ПРОСТРАНСТВО – иерархическая структура доменных имён в составе DNS (системы доменных имён), начинающаяся с корневого домена и включающая домены верхнего уровня, второго уровня и поддомены.

Ее

ЕКІ МІНДЕТТІ ҚАТАР АТҚАРУ – қызметкер болмаған кезеңде ереже бойынша (денсаулығына байланысты, демалыста болуы, іссапарда жүруі және т.б.) бір лауазымды адамның екі (немесе одан көп) лауазымды қатар, бір уақытта және уақытша атқаратын жағдайы.

ЕЛ АУМАҒЫНАН ШЫҒАРЫП ЖІБЕРУ – соттың немесе уәкілетті органның шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ адамға қолданатын,

ДВОЙНОЕ ЗАМЕЩЕНИЕ – положение, при котором одно должностное лицо временно исполняет обязанности по двум (или более) должностям одновременно, как правило, на период отсутствия другого сотрудника (по болезни, в отпуске, в командировке и т.д.).

ВЫДВОРЕНИЕ ЗА ПРЕДЕЛЫ СТРАНЫ – принудительная мера, применяемая судом или компетентным органом в отношении

белгіленген мерзімде елден міндетті түрде шығуын көздейтін мәжбүрлеу шарасы.

ЕЛТАҢБАЛЫ МӨР – мемлекеттік аккредитациясы бар мемлекеттік органдар мен мекемелер қолданытын құжаттардың түпнұсқалығын растау құралы.

ЕНДІРМЕ – нормативтік құқықтық актілер мен ресми құжаттың мазмұнын нақтылау, дереккөзін көрсету немесе қосымша мәлімет беру үшін негізгі мәтіннен тыс берілетін қосымша мәліметтер немесе сілтеме.

ЕНШЛЕС КӘСІПОРЫН – заңды тұлға ретінде дербес құрылса да, оның шешімдерін бақылауға және анықтауға құқылы басқа (негізгі немесе бас) кәсіпорынның бақылауында болатын шаруашылық жүргізуші субъект.

ЕҢ ЖОҒАРЫ СОМА – заңнамада, шартта немесе ішкі ережелерде белгіленген, кез келген қаржы, кредит және төлем операцияларын жасауға рұқсат етілген шекті (ең жоғары) ақша мөлшері.

ЕҢ ТӨМЕН ЖАЛАҚЫ – қызметкердің біліктілігіне қарамастан, қарапайым еңбек міндеттерін стандартты жұмыс уақыты мен қалыпты еңбек жағдайларында орындағаны үшін, жұмыс берушінің міндетті түрде төлейтін, заңнама деңгейінде белгіленген еңбек-ақының ең төмен мөлшері.

иностранный гражданин или лица без гражданства, предусматривающая обязательный выезд из страны в установленный срок.

ГЕРБОВАЯ ПЕЧАТЬ – инструмент для заверения подлинности документов, который используется государственными органами и учреждениями, имеющими государственную аккредитацию.

СНОСКА – дополнительное пояснение или ссылка, помещённая вне основного текста нормативного правового акта либо официального документа, используемая для уточнения содержания, указания источников или предоставления дополнительных сведений.

ДОЧЕРНЕЕ ПРЕДПРИЯТИЕ – хозяйствующий субъект, который, несмотря на то, что создан как самостоятельное юридическое лицо, находится под контролем другого (основного или материнского) предприятия, которое вправе его контролировать и определять его решения.

МАКСИМАЛЬНАЯ СУММА – предельный (максимальный) размер денежных средств, разрешённый для проведения любых финансовых, кредитных и платёжных операций, и установленный законодательством, договором или внутренними правилами.

МИНИМАЛЬНАЯ ЗАРАБОТНАЯ ПЛАТА – установленный на законодательном уровне минимальный размер оплаты труда, который работодатель обязан выплачивать сотруднику за выполнение простых трудовых обязанностей без учёта квалификации, при стандартной

ЕҢБЕК ЕРКІНДІГІ ҚҰҚЫҒЫ – әркімнің өз қабілетіне қарай қызмет түрін және кәсібін еркін таңдауына, еңбек етуіне және заңда белгіленген ерекше жағдайлардан басқа кезде мәжбүрлі еңбекке тартылмауына кепілдік беретін конституциялық құқығы.

ЕҢБЕК ҚАБІЛЕТІНЕН АЙЫРЫЛУ – адамның денсаулығына байланысты еңбек қызметін толық немесе ішінара орындау мүмкіндігінен айырылуы.

ЕҢБЕК ТӘРТІПТЕМЕСІ – жұмыскерлер мен жұмыс берушінің еңбекті ұйымдастыру қатынастарын реттеу тәртібі.

ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ – жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына байланысты еңбегі үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемдер мен ынталандыру төлемдері.

ЕҢБЕККЕ УАҚЫТША ЖАРАМСЫЗДЫҚ ПАРАҒЫ (АНЫҚТАМАСЫ) – адамның еңбекке уақытша жарамсыздығын растайтын, жұмыстан уақытша босауы және еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы жәрдемақы алу құқығын куәландыратын құжат.

ЕҢБЕКТЕН ТЫС КІРІС – еңбек қызметі нәтижесіне және жұмысты орындау не қызмет көрсетуге қатысы жоқ, бірақ басқа көздерден – мүлік иелігі, инвестиция, әлеуметтік

продолжительности рабочего времени и нормальных условиях труда.

ПРАВО НА СВОБОДУ ТРУДА – конституционное право каждого человека свободно выбирать вид деятельности и профессию в соответствии со своими способностями, осуществлять трудовую деятельность, а также не подвергаться принудительному труду, за исключением случаев, предусмотренных законом.

УТРАТА ТРУДОСПОСОБНОСТИ – утрата человеком возможности полностью или частично выполнять трудовую деятельность по состоянию здоровья.

ТРУДОВОЙ РАСПОРЯДОК – порядок регулирования отношений по организации труда работников и работодателя.

ОПЛАТА ТРУДА – вознаграждение за труд в зависимости от квалификации работника, сложности, количества, качества и условий выполняемой работы, а также компенсаций и стимулирующих выплат.

ОСМОТР – следственное или процессуальное действие, заключающееся в визуальном обследовании объекта (местности, помещения, предмета и т.п.) с целью получения информации.

ҚАРАУ – уәкілетті органның, соттың немесе лауазымды адамның іс, өтініш, шағым немесе өзге де құқықтық мәні бар материалдарды зерттеп, талдау және сол бойынша шешім қабылдау үдерісі.

ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІНІҢ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ – банктер, инвестициялық қорлар және басқа да қаржы ұйымдары, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қаржы құралдарын (акциялар, облигациялар, туынды қаржы құралдары, несиелер және т.б.) сатып алу, сату, айырбастау немесе кепілге беру әрекеттері.

ҚАРЖЫ БӨЛУ – мемлекеттік бюджеттен немесе басқа да қаржы көздерінен белгілі бір мақсаттарға немесе нақты ұйымдарға бөлінетін ақшалай қаражаты.

ҚАРЖЫ ЕСЕБІ – ұйымның белгілі бір кезеңдегі қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижесі және ақшалай қаражатының қозғалысы туралы ақпаратты жүйелі көрсететін құжаттар жиынтығы.

ҚАРЖЫ ЖЫЛЫ – күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталып, 31 желтоқсанында аяқталатын бюджеттің орындалатын уақыт кезеңі.

ҚАРЖЫ ҚҰҚЫҒЫ – мемлекеттің ақшалай қаражатын қалыптастыру, бөлу және пайдалану барысында туындаған қоғамдық қатынастарды реттейтін, сондай-ақ осы қатынастарға қатысушылардың құқықтық мәртебесін қалыптастыратын құқық саласы.

РАССМОТРЕНИЕ – процесс исследования, анализа и принятия решения уполномоченным органом, судом или должностным лицом материалов, имеющих правовое значение в деле, заявлении, жалобе или ином деле.

ОПЕРАЦИИ С ФИНАНСОВЫМИ АКТИВАМИ – действия по приобретению, продаже, обмену или передаче в залог финансовых инструментов (акций, облигаций, производных финансовых инструментов, кредитов и т.д.), которые осуществляются банками, инвестиционными фондами и другими финансовыми организациями, а также юридическими и физическими лицами.

АССИГНОВАНИЕ – денежные средства, которые выделяются из государственного бюджета или других источников на определенные цели или конкретным организациям.

ФИНАНСОВЫЙ ОТЧЕТ – совокупность документов, которые в систематизированном виде представляют информацию о финансовом положении, результатах деятельности и движении денежных средств организации за определенный период.

ФИНАНСОВЫЙ ГОД – период времени, начинающийся 1 января и заканчивающийся 31 декабря календарного года, в течение которого осуществляется исполнение бюджета.

ФИНАНСОВОЕ ПРАВО – отрасль права, регулирующая общественные отношения, возникающие в процессе образования, распределения и использования государственных денежных средств, а также установления правового статуса участников этих отношений.

ҚАРЖЫ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ЗАҢИ ФАКТІЛЕР – қаржы құқығы нормалары мен қаржы құқығы қатынастарының пайда болуын, өзгеруін немесе тоқтатылуын байланыстыратын өмірдегі нақты жағдайлар.

ҚАРЖЫ САУАТЫ – қаржылай көрсетілетін қызметтер мен құралдарды тиімді пайдалану қабілеті, жеке қаражатты басқару және қаржы жүйесі мен тұтынушылардың құқықтарын білу деңгейі.

ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛІ – қолайсыз оқиғаларға немесе мән-жайларға байланысты қаржы ресурстарын (ақшалай қаражатты) жоғалту ықтималдығы.

ҚАРЖЫ-КРЕДИТ ОПЕРАЦИЯСЫ – заңды және жеке тұлғаларға қарыз (кредит) беру үшін банктер, микроқаржы ұйымдары және өзге де қаржы институттары пайдаланатын ақшалай қаражат жиынтығы.

ҚАРЖЫЛАЙ АУҚАТТЫЛЫҒЫН РАСТАУ – жеке немесе заңды тұлғаның шетелде тұру, оқу немесе басқа да мақсаттарға байланысты шығыстарын өтеуге жеткілікті қаржы мүмкіндігінің бар екендігін растайтын құжаттарды ұсыну үдерісі.

ҚАРЖЫЛАЙ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ – банктер, сақтандыру компаниялары және брокерлік фирмалар сияқты қаржы ұйымдары жүзеге асыратын, ақшалай қаражатты тартуға, пайдалануға және беруге байланысты қызмет.

ЮРИДИЧЕСКИЕ ФАКТЫ В ФИНАНСОВОМ ПРАВЕ – конкретные жизненные обстоятельства, с которыми нормы финансового права связывают возникновение, изменение или прекращение финансовых правоотношений.

ФИНАНСОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ – способность эффективно использовать финансовые услуги и инструменты, управлять личными средствами и уровень знания о финансовой системе и правах потребителей.

ФИНАНСОВЫЙ РИСК – вероятность возникновения потерь финансовых ресурсов (денежных средств) из-за неблагоприятных событий или обстоятельств.

ФИНАНСОВО-КРЕДИТНАЯ ОПЕРАЦИЯ – совокупность денежных средств, используемых банками, микрофинансовыми организациями и другими финансовыми институтами для предоставления займов (кредитов) юридическим и физическим лицам.

ПОДТВЕРЖДЕНИЕ ФИНАНСОВОЙ СОСТОЯТЕЛЬНОСТИ – процесс предоставления документов, подтверждающих наличие у физического или юридического лица достаточных финансовых возможностей для покрытия расходов, связанных с проживанием, обучением или другими целями за границей.

ФИНАНСОВАЯ УСЛУГА – деятельность, связанная с привлечением, использованием и предоставлением денежных средств, которая осуществляется финансовыми организациями, такими как банки, страховые компании и брокерские фирмы.

ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ – қандай да бір жобаны, қызметті жүзеге асыруға немесе тұрмыс-тіршілікті қамтамасыз етуге арналған қаржы ресурстарын (ақшалай қаражатты) ұсыну.

ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛЖЕТІМДІК – халықтың, шағын және орта бизнестің жинақ, кредит, төлем, сақтандыру және лизинг сияқты кең ауқымды қаржылай көрсетілетін қызметтерге толыққанды қол жеткізуі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ӘРЕКЕТКЕ ҚАБІЛЕТ-ТІК – жеке немесе заңды тұлғаның қаржы міндеттемелерін, оның ішінде қарызын уақытылы өтеуге және қаржы шарттарының талаптарын орындауға қабілетті болуы.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ҚОРЫ – адамның уақытша жұмыссыз қалған жағдайында немесе күтпеген шығыстар туындаған кезде жұмсалатын, арнайы жинақталған ақша қоры.

ҚАРЖЫНЫ БӨЛУ ФУНКЦИЯСЫ – мемлекеттің, ұйымдар және өзге де шаруашылық субъектілері иелігіндегі қаржы ресурстарын (өндіріс, элеуметтік ая, басқару, инвестициялар және т.б.) түрлі мақсаттарға бөлу және қайта бөлу үдерісінде пайда болатын экономикалық қатынастарды реттеу функциясы.

ҚАРҚЫН – әрекеттердің, үдерістердің немесе іс-шаралардың жылдамдығы, күші немесе жиілігінің дәрежесін көрсететін сипаттама.

ФИНАНСОВАЯ ПОДДЕРЖКА – предоставление финансовых ресурсов (денежных средств) для реализации какого-либо проекта, деятельности или для обеспечения жизнедеятельности.

ФИНАНСОВАЯ ДОСТУПНОСТЬ – полноценный доступ населения и малого и среднего бизнеса к широкому спектру финансовых услуг, таким как сбережения, кредиты, платежи, страхование и лизинг.

ФИНАНСОВАЯ ДЕЕСПОСОБНОСТЬ – способность физического или юридического лица своевременно исполнять свои финансовые обязательства, включая погашение долгов и выполнение условий финансовых договоров.

ФИНАНСОВАЯ ПОДУШКА БЕЗОПАСНОСТИ – специально накопленный денежный резерв, предназначенный для использования в случае временной потери работы или возникновения непредвиденных расходов.

РАСПРЕДЕЛИТЕЛЬНАЯ ФУНКЦИЯ ФИНАНСОВ – функция регулирования экономических отношений, возникающих в процессе распределения и перераспределения финансовых ресурсов, находящихся в распоряжении государства, организаций или иных хозяйствующих субъектов, на различные цели (производство, социальная сфера, управление, инвестиции и др.).

ИНТЕНСИВНОСТЬ – характеристика, отражающая степень быстрой, силы или частоты совершения действий, процессов или мероприятий.

ҚАРСЫ БАҚЫЛАУ – құжаттар, есептер немесе әрекеттердің дұрыстығын, сәйкестігін және заңдылығын тәуелсіз органның не адамның қосымша тексеру үдерісі.

ҚАРСЫ ТАЛАПШАРТ – бір тараптың міндеттемесін орындауы екінші тараптың міндеттемесін орындауымен байланысты болатын шарттың талапшарты.

ҚАРУ ИЕСІ – қаруды сатып алу, алып жүру және сақтауға рұқсат алған, қаруды иеленетін жеке немесе заңды тұлға.

ҚАРЫЗ – ақшаны, заттарды немесе бағалы қағаздарды бір тұлғадан (несие берушіден) екінші тұлғаға (қарыз алушыға) белгілі бір талапшарттарға сәйкес қайтару міндеттемесінің негізінде беру.

Ескертпе. «Қарыз» сөзі орыс тіліне «заем», «долг» болып аударылады. Анықтамасы әліпби ретімен берілді.

ҚАРЫЗ АЛУШЫ – кредит алушы немесе несие алушы тұлға, яғни қаржылай немесе материалдық ресурсты белгілі бір талапшартпен, әдетте, белгілі бір мерзімде қайтаруға міндеттенетін жеке немесе заңды тұлға.

ҚАРЫЗ, БОРЫШ – қарызға алынған ақшаны не мүлікті қайтару, заңда немесе шартта көзделген басқа да әрекеттерді орындау міндеттемесі.

Ескертпе. Қазақ тіліндегі «борыш» (долг) сөзі басқа мағынада да қолданылады. Анықтамасы әліпби ретімен берілді.

ВСТРЕЧНЫЙ КОНТРОЛЬ – процесс дополнительной проверки правильности, соответствия и законности документов, отчетов или действий независимым лицом или органом

ВСТРЕЧНОЕ УСЛОВИЕ – условие договора, при котором исполнение обязательства одной стороны зависит от исполнения обязательства другой стороны.

ВЛАДЕЛЕЦ ОРУЖИЯ – физическое или юридическое лицо, владеющее оружием на основании разрешения на приобретение, ношение и хранение оружия.

ЗАЕМ – передача денег, вещей или ценных бумаг от одного лица (заимодавца) другому (заемщику) с обязательством возврата на определенных условиях.

Примечание. Слово «қарыз» переводится на русский как «заём», «долг». Определение приведено в алфавитном порядке.

ЗАЕМЩИК – лицо, получающее кредит или лицо получающее ссуду, то есть физическое или юридическое лицо, которое получило финансовый или материальный ресурс при определенных условиях, обычно с обязанностью вернуть его в течение определенного периода времени.

ДОЛГ – обязательство вернуть деньги или имущество, полученные займы, либо выполнить иные действия, предусмотренные законом или договором.

Примечание. Слово «борыш» (долг) в казахском языке употребляется и в других значениях. Определение приведено в алфавитном порядке.

ҚАРЫЗДАС – қарыз алушымен бірге қарыз (кредит) шартына қол қоятын және алынған ақшаны қайтару міндеттемелерін орындау үшін қарыз (кредит) шарты негізінде бірлесіп және жеке жауапты тарап ретінде әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға.

ҚАРЫЗДЫ АУДАРУ – міндеттердің алдыңғы борышкерден жаңа борышкерге міндеттеме бойынша өтуі, нәтижесінде қарызды өтеу жаңа тұлғаға жүктеледі.

ҚАСАҚАНА – адамның әрекеттерін саналы, әдейі жасалған және алдын ала ойластырылған ниет деп бағалау.

ҚАСАҚАНА БАНКРОТТЫҚ – ұйымның басшысы немесе жеке кәсіпкердің өз кәсіпорнын (шаруашылығын) қасақана төлем қабілетсіз жағдайға жеткізуі.

ҚАСАҚАНАЛЫҚ – заңды бұзу немесе белгілі бір салдарларды тудыру мақсатында әрекетті (немесе әрекетсіздікті) саналы және қасақана жасау.

ҚАСТАНДЫҚ – жеке тұлғаға, ұйымға немесе мемлекетке зиян келтіру мақсатында қасақана жасалған қаскүнемдік немесе жауыздық сипаттағы құқыққа қарсы қылық.

ҚАТЕ ТҮСІНІК – шындыққа, ғылыми деректерге немесе логикалық заңдылыққа сай келмейтін, толық емес не бұрмаланған ақпаратқа немесе қате пайымға сүйеніп қалыптасқан ұғым.

СОЗАЕМЩИК – физическое или юридическое лицо, подписывающее договор займа (кредита) вместе с заемщиком и выступающее по договору займа (кредита) в качестве солидарного ответственного за выполнение обязательств по возврату полученных денег.

ПЕРЕВОД ДОЛГА – переход обязанностей по обязательству от первоначального должника к новому должнику, в результате чего исполнение долга возлагается на новое лицо.

УМЫШЛЕННО – оценка действий человека как сознательных, преднамеренных, имеющих заранее обдуманные намерения.

УМЫШЛЕННОЕ БАНКРОТСТВО – преднамеренное доведение руководителем организации или индивидуальным предпринимателем своего предприятия до состояния неплатежеспособности.

УМЫСЕЛ – сознательное и преднамеренное совершение действия (или бездействия) с целью нарушить закон или вызвать определенные последствия.

ЗАГОВОР – противоправное деяние злонамеренного или враждебного характера, умышленно совершаемое с целью причинения вреда физическому лицу, организации или государству.

ПРЕДУБЕЖДЕНИЕ – понятие, не соответствующее действительности, научным данным или логической закономерности, сформированное, как правило, на основе неполной, искаженной информации или ошибочных умозаключений.

ҚАТЫНАС – адамның белгілі бір объектіге немесе құбылысқа қатысты туындайтын эмоционалды реакциялары, сенімдері және құндылықтарының жиынтығы.

ҚАТЫСЫ ЖОҚ АДАМ – азаматтық процестің бір тарапы (дау талапшы немесе жауапкер) ретінде қатыстырылған, бірақ даудың мәнімен материалдық-құқықтық байланысы жоқ және мүддесі, құқығы мен міндеті бойынша қарастырылатын, іске қатысы болмайтын адам.

ҚАУІПТІ ЗАТТЕКТЕР МЕН ЗАТТАР – адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған орта немесе мүлікке зиян келтіруі мүмкін физикалық, химиялық, биологиялық немесе өзге де қауіпті қасиеттері бар заттекттер мен бұйымдар.

ҚАШЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУ РЕЖІМІ – еңбек қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, жұмыс берушінің орналасқан мекенжайынан тыс жерде еңбек үдерісін жүзеге асыру.

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ – педагогпен білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып, қашықтан өзара әрекеттесулері кезінде жүзеге асырылатын оқыту.

ҚОҒАМҒА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ – қоғамдық нормалар мен тәртіпті, өзге адамның құқықтарын бұзатын, қоғамның қауіпсіздігіне қауіп төндіретін немесе қоғамға зиян келтіретін әрекеттер.

ОТНОШЕНИЕ – совокупность ценностей, убеждений и эмоциональных реакций, которые человек испытывает по отношению к определенному объекту или явлению.

НЕАДЛЕЖАЩЕЕ ЛИЦО – лицо, привлеченное к участию в гражданском процессе в качестве стороны (истца или ответчика), не обладающее материально-правовым отношением к предмету спора, то есть не имеющее надлежащего интереса, обязанности или права в рамках рассматриваемого дела.

ОПАСНЫЕ ВЕЩЕСТВА И ПРЕДМЕТЫ – вещества и изделия, обладающие физическими, химическими, биологическими или иными опасными свойствами, которые могут нанести вред жизни и здоровью людей, окружающей среде или имуществу.

РЕЖИМ ДИСТАНЦИОННОЙ РАБОТЫ – осуществление трудового процесса вне места нахождения работодателя с применением в трудовой деятельности информационно-коммуникационных технологий.

ДИСТАНЦИОННОЕ ОБУЧЕНИЕ – обучение, осуществляемое при взаимодействии педагога и обучающихся на расстоянии, в том числе с применением информационно-коммуникационных технологий и телекоммуникационных средств.

АНТИОБЩЕСТВЕННОЕ ДЕЙСТВИЕ – действия, которые нарушают общественные нормы, порядки и права других людей, создают угрозу общественной безопасности или причиняют вред обществу.

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ – азаматтық қоғам институттары, үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары және азаматтар тарапынан мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен лауазымды адамдардың қызметін заңдылық, ашықтық және тиімділік тұрғысынан тексеруге бағытталған іс-шаралар жиынтығы.

ҚОҒАМДЫҚ ҚЫСЫМ – адамды немесе белгілі бір топты қоғамда қалыптасқан жалпы мінез-құлық нормаларына, моральдық ережелерге немесе көпшіліктің пікіріне сәйкес әрекет етуге итермелейтін немесе мәжбүрлейтін көпшіліктің ықпалы.

ҚОҒАМДЫҚ БОРЫШ – адамның қоғам, халық, мемлекет, отбасы немесе нақты адам алдындағы объективті қажетті міндеттерінің жиынтығы.

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП – қоғамда адамдардың қауіпсіздігін, тыныштығын және өзара құрметке негізделген мінез-құлық ережелерін қамтамасыз ететін, құқықтық және моральдық нормалардың жиынтығы

ҚОЙМАНЫҢ ҚОС КУӘЛІГІ – мазмұны бойынша бірдей және қажет болған жағдайда біреуін басқасынан айыруға болатын, екі бөліктен – қойма және кепілді куәліктен тұратын бағалы қағаз.

ҚОЛ СУҒУ – өмірге, денсаулыққа, бостандыққа, мүлікке немесе өзге де заңмен қорғалатын құндылықтарға заңсыз әрекет жасауға талпыну немесе оларға қарсы бағытталған құқыққа қайшы әрекет.

ОБЩЕСТВЕННЫЙ КОНТРОЛЬ – совокупность мероприятий, направленных на проверку деятельности государственных органов, организаций и должностных лиц со стороны институтов гражданского общества, неправительственных организаций, средств массовой информации и граждан на предмет законности, прозрачности и эффективности.

ОБЩЕСТВЕННОЕ ДАВЛЕНИЕ – воздействие большинства, которое побуждает или принуждает личность или определенную группу действовать в соответствии с общими нормами поведения, моральными правилами или мнением большинства, сложившимися в обществе.

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДОЛГ – совокупность объективно необходимых обязанностей человека перед обществом, народом, государством, семьей или перед конкретным человеком.

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ПОРЯДОК – совокупность правовых и моральных норм, обеспечивающих безопасность, спокойствие и надлежащее поведение граждан в обществе

ДВОЙНОЕ СКЛАДСКОЕ СВИДЕТЕЛЬСТВО – ценная бумага, состоящая из двух частей: складского и залогового свидетельства, которые идентичны по содержанию, при необходимости отделимы одно от другого.

ПОСЯГАТЕЛЬСТВО – попытка совершения или совершение противоправного действия, направленного против жизни, здоровья, свободы, имущества либо других ценностей, охраняемых законом.

ҚОЛ СҰҚПАУ, ТИІСПЕУ – адамның жеке өмірі, ар-намысы мен қадір-қасиетіне, жеке меншігі, хат алмасуы, тұрғынжайы, жеке кеңістігі сияқты құқықтық объектілерге басқа адамның рұқсатсыз араласуы, бақылауы немесе ықпал етуіне жол берілмейтін құқықтық ұғым.

Ескертпе. Мүлікке қатысты айтылса «қол сұқпау» термині, ал адамға қатысты айтылса, «тиіспеу» сөздері қолданылады.

ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША – тиісті мемлекетте заңды төлем құралы және айналыста болатын, сондай-ақ айналыстан алынған немесе алынатын, бірақ айырбастауға болатын, банкноттар мен монеталар түріндегі ақша белгілері.

ҚОЛМА-ҚОЛ ЕМЕС АҚША – банк шоттарындағы жазбалар түрінде тіркелетін, шоттар арасында төлемдер мен аударымдар жасау үшін қолданылатын, қолма-қол ақшасыз жүргізілетін ақшалай қаражаты.

ҚОНЫС АУДАРУ – жеке адамның немесе топтың тұрғылықты жерінен екінші жерге ұйымдасқан түрде көшу үдерісі.

ҚОР – болашақта немесе қажет болған жағдайда пайдалану үшін алдын ала дайындалған және сақталған материалдық құндылықтар саны, ресурстар немесе өнімдер.

ҚОРҒАЛАТЫН АДАМДАР – заңнамаға сәйкес мемлекет тарапынан қорғалатын адамдар.

НЕПРИКОСНОВЕННОСТЬ – правовое понятие, означающее недопустимость несанкционированного вмешательства, контроля или воздействия со стороны других лиц в отношении таких правовых объектов, как личная жизнь, честь и достоинство человека, личная собственность, переписка, жилище, личное пространство.

Примечание. Термин «қол сұқпау» употребляется в отношении имущества, а слова «тиіспеу» употребляются в отношении человека.

НАЛИЧНЫЕ ДЕНЬГИ – денежные знаки в виде банкнот и монет, находящиеся в обращении и являющиеся законным платежным средством в соответствующем государстве, а также изъятые или изымаемые из обращения, но подлежащие обмену денежные знаки.

БЕЗНАЛИЧНЫЕ ДЕНЬГИ – денежные средства, которые существуют в виде записей на банковских счетах и используются для осуществления платежей и переводов между этими счетами, без передачи наличных денег.

ПЕРЕСЕЛЕНИЕ – процесс организованного перемещения отдельных лиц или групп лиц с места постоянного проживания в другое место.

ЗАПАС – заранее заготовленное и сохранённое количество материальных ценностей, ресурсов или продукции для использования в будущем или в случае необходимости.

ОХРАНЯЕМЫЕ ЛИЦА – лица, которым в соответствии с законодательством предоставляется государственная охрана.

ҚОРҒАНШЫ – сот немесе уәкілетті орган белгілеген, өз бетінше өмір сүре алмайтын (жасы кәмелетке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз) адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін тағайындалған тұлға.

ҚОРҒАНШЫ ЖӘНЕ ҚАМҚОРШЫ ОРГАН – ерекше қорғауға мұқтаж кәмелетке толмағандар, кәмелет жастағы әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын бақылайтын және қадағалайтын мемлекеттік орган.

ҚОРҒАНШЫ МІНДЕТТЕМЕСІН ТЕРІС ПАЙДАЛАНУ – қамқоршы немесе қорғаншы құқықтарын өз қамы үшін немесе басқа да жаман ниетпен пайдалану, қорғанушыға зиян келтіру, оны қасақана қараусыз немесе қажетті көмексіз қалдыру, соның салдарынан оның құқықтары мен заңды мүдделерінің елеулі бұзылуына әкелетін әрекет.

ҚОРҒАНШЫЛЫҚ – он төрт жасқа толмаған балалардың және сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамның құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық формасы.

ҚОРЫТЫНДЫ – жүргізілген зерттеудің, сараптаманың, тексерудің немесе талдаудың нәтижелерін жүйелі баяндайтын және оларға сүйене отырып, белгілі бір сұраққа қатысты кешенді және аргументті пікір немесе ұсыныстарды беретін ресми құжат.

ОПЕКУН – лицо, назначенное для защиты прав и законных интересов лица, не способного к самостоятельной жизни (несовершеннолетнего или недееспособного), установленного судом или уполномоченным органом.

ОРГАН ОПЕКИ И ПОПЕЧИТЕЛЬСТВА – государственный орган, который осуществляет надзор и контроль за соблюдением прав и законных интересов несовершеннолетних, недееспособных или ограниченно дееспособных совершеннолетних граждан, нуждающихся в особой защите.

ЗЛОУПОТРЕБЛЕНИЕ ОПЕКУНСКИМИ ОБЯЗАННОСТЯМИ – использование прав опекуна или попечителя в корыстных или иных низменных целях, во вред подопечному, или умышленное оставление его без надзора или необходимой помощи, что влечет существенное ущемление его прав и законных интересов.

ОПЕКУНСТВО – правовая форма защиты прав и интересов детей, не достигших четырнадцати лет, и лиц, признанных судом недееспособными.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ – официальный документ, системно излагающий результаты проведенного исследования, экспертизы, проверки или анализа и на их основании содержащий комплексное и аргументированное мнение или рекомендации по определенному вопросу.

ҚОСАЛҚЫ ЖЕР ПАЙДАЛАНУШЫ

– жеке немесе заңды тұлғаның жер учаскесін мемлекеттен тікелей емес, жерді бастапқы пайдаланушымен жасасқан шарт негізінде пайдалануы.

ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕР

– бас мердігермен жасалған шартқа сәйкес, оған тапсырылған жұмыстардың бір бөлігін немесе толық көлемін орындауға міндеттенетін (жеке немесе заңды) тұлға.

ҚОСАРЛАНҒАН САЛЫҚ САЛУ

– салық юрисдикциясының бір мезгілде бірдей табысқа немесе мүлікке екі немесе одан да көп салық салуы.

ҚОСЫМША АҚЫ

– жұмыскерге негізгі еңбек міндеттерінен бөлек қосымша лауазымды қоса атқарғаны, қызмет көрсету аймағының кеңеюіне байланысты жұмыстарды орындағаны, не уақытша болмаған жұмыскерді алмастырғаны үшін Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен төленетін еңбекақы түрі.

ҚОСЫМША ЖАЛДАУШЫ

– жалға алушымен орынжайды қосымша жалдау шартын жасасқан адам.

ҚОСЫМША СӨТ САРАПТАМАСЫ

– сарапшының қорытындысы жеткілікті түрде анық немесе толық болмаған, сондай-ақ алдыңғы зерттеуге қатысты қосымша сұрақтарды шешу қажеттілігі туындаған кезде тағайындалатын сараптама.

ВТОРИЧНЫЙ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАТЕЛЬ

– физическое или юридическое лицо, которое использует земельный участок на основании договора с первичным землепользователем, а не напрямую от государства.

СУБПОДРЯДЧИК

– лицо (физическое или юридическое), которое в соответствии с договором, заключенным с генеральным подрядчиком, обязуется выполнить часть или весь объем порученных ему работ.

ДВОЙНОЕ НАЛОГООБЛАЖЕНИЕ

– одновременное налогообложение одного и того же дохода или имущества двумя или более налоговыми юрисдикциями.

ДОПЛАТА

– вид оплаты труда, выплачиваемый работнику в порядке, установленном Трудовым кодексом, за совмещение должностей, расширение зоны обслуживания либо за выполнение обязанностей временно отсутствующего работника сверх его основных трудовых обязанностей.

ПОДНАНИМАТЕЛЬ

– лицо, заключившее договор поднайма жилого помещения с нанимателем.

ДОПОЛНИТЕЛЬНАЯ СУДЕБНАЯ

ЭКСПЕРТИЗА – экспертиза которая назначается при недостаточной ясности или полноте заключения эксперта, а также возникновении необходимости решения дополнительных вопросов, связанных с предыдущим исследованием.

ҚҰЛЫҚПЕН ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕ – үшінші тұлғаны немесе мемлекеттік органдарды адастыру мақсатында тараптардың шынайы келісімінсіз, сырттан жасалатын мәміле.

ҚҰБЫЛМАЛЫ АЙЫРБАС БАҒАМЫ – валюта нарығына байланысты валюта құнының өзгеруіне рұқсат берілетін валюта курсының режимі.

ҚҰБЫЛМАЛЫ БОРЫШ – бұрынғы қарыздарды өтеу үшін жаңа қарыз міндеттемелерін жасау есебінен, үнемі жаңартылып отыратын мемлекеттің қысқа мерзімді берешегі.

ҚҰЖАТ КӨШІРМЕСІ – бастапқы құжаттың мазмұнын толық немесе жартылай түрде, дәлме-дәл көшірген нұсқасы, қағаз немесе электрондық түрде жасалған дубликат.

ҚҰЖАТТАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ САҚТАУ – белгіленген ережелер мен нормаларға сәйкес белгілі бір уақыт ішінде құжаттардың сақталуы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге, оларды тіркеу және жүйелеуге бағытталған іс-шаралар кешені.

ҚҰЖАТТАРДЫ РЕСІМДЕУ – ресми қағазға (өтініш, жолданым, шарт, акт және т.б.) белгіленген талаптарға сәйкес заңи күш беру үшін оны әзірлеу, толтыру, қол қою және мөр басу.

ҚҰЖАТТЫ АДРЕСТЕУ – құжаттың нақты кімге арналатынын көрсету, яғни адресатын белгілеу.

ПРИТВОРНАЯ СДЕЛКА – сделка, совершаемая извне, без реального согласия сторон в целях введения в заблуждение третьих лиц или государственных органов.

ПЛАВАЮЩИЙ ОБМЕННЫЙ КУРС – режим валютного курса, при котором стоимости валюты разрешено колебание в зависимости от валютного рынка

ПЛАВАЮЩИЙ ДОЛГ – краткосрочная государственная задолженность, которая регулярно возобновляется за счет выпуска новых долговых обязательств для погашения предыдущих.

КОПИЯ ДОКУМЕНТА – дубликат, составленный в бумажном или электронном виде, с точным копированием содержания исходного документа в полном или частичном виде.

УЧЕТ И ХРАНЕНИИ ДОКУМЕНТОВ – комплекс мероприятий, направленных на систематизацию, регистрацию, обеспечение сохранности и доступности документов в течение определенного времени, в соответствии с установленными правилами и нормативами.

ОФОРМЛЕНИЕ ДОКУМЕНТОВ – подготовка, заполнение, подписание и заверение печатью официальной бумаги (заявления, договора, акта и т.д.) в соответствии с установленными требованиями для придания ей юридической силы.

АДРЕСОВАНИЕ ДОКУМЕНТА – указание, кому именно предназначен документ, то есть его адресат.

ҚҰЖАТТЫҢ БАСПА НЫСАНЫ – құжаттың қағазда басып шығару немесе сақтау үшін дайындалған сыртқы түрі.

ҚҰҚЫҒЫН ШЕКТЕУ – жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын толық немесе ішінара шектеуге бағытталған мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамның әрекеті.

ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ – соттың немесе уәкілетті органның шешімімен адамды белгілі бір құқықтарынан (жүргізуші куәлігінен, ата-ана құқығынан және т.б.) айыратын заңи жауаптылық шарасы.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУ – қандай да бір құқық нормаларын бұзатын әрекет немесе әрекетсіздік.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУДЫҢ ЖОЛЫН КЕСУ – қылмыс жасалған немесе әкімшілік құқық бұзылған сәтте құқыққа қайшы іс-әрекетті тоқтату.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУДЫҢ ЗАҢИ ҚҰРАМЫ – қандай да бір әрекетті құқық бұзу деп тануға және оны жасаған адамды заң алдында жауапқа тартуға негіз болатын қажетті әрі жеткілікті белгілердің жиынтығы.

ҚҰҚЫҚ ИЕМДЕНУ – заңнамада белгіленген негіздерге сәйкес жеке немесе заңды тұлғаның белгілі бір құқықтарға ие болу үдерісі.

ҚҰҚЫҚ ҚАБІЛЕТІ – азаматтың немесе заңды тұлғаның азаматтық құқықтарға ие болу және міндеттерді орындау қабілеті.

ПЕЧАТНАЯ ФОРМА ДОКУМЕНТА – внешний вид документа, подготовленный для печати или для сохранения на бумажном носителе.

ОГРАНИЧЕНИЕ В ПРАВЕ – действие государственных органов или должностных лиц, направленное на полное или частичное ограничение прав и свобод физических или юридических лиц в случаях.

ЛИШЕНИЕ ПРАВ – мера юридической ответственности, при которой лицо утрачивает определённые права (например, водительское удостоверение, родительские права и др.) на основании решения суда или уполномоченного органа.

ПРАВОНАРУШЕНИЕ – действие или бездействие, нарушающее определённые нормы права.

ПРЕСЕЧЕНИЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ – прекращение противоправного деяния, будь то преступление или административное правонарушение, в момент его совершения.

ЮРИДИЧЕСКИЙ СОСТАВ ПРАВОНАРУШЕНИЯ – совокупность необходимых и достаточных признаков для признания деяния правонарушением и привлечения виновного к юридической ответственности.

ПРИБРЕТЕНИЕ ПРАВА – процесс получения физическим или юридическим лицом определённых прав на основаниях, установленных законодательством.

ПРАВОСПОСОБНОСТЬ – способность гражданина или юридического лица иметь гражданские права и нести обязанности.

ҚҰҚЫҚ МИРАСКЕРІ – заңға сәйкес басқа тұлғаның (заңды немесе жеке тұлғаның) құқықтары мен міндеттерін толық немесе ішінара қабылдайтын жеке немесе заңды тұлға.

ҚҰҚЫҚ РЕЖІМІ – қатысушылардың құқықтарын, міндеттері және жауапкершілігін белгілейтін ережелер, рұқсаттар, тыйымдар мен нұсқамалар жиынтығын анықтайтын объекті немесе субъектінің, қоғамдық қатынастардың қандай да бір саласын реттеудің ерекше тәртібі.

ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІ – барлық мемлекеттік орган, лауазымды адамдар, ұйымдар мен азаматтардың заң алдында тең және оған бағынуға міндетті екенін білдіретін іргелі конституциялық қағидат.

ҚҰҚЫҚ ФУНКЦИЯСЫ – мемлекеттің қоғамдық қатынастарға құқықтық ықпал етуінің негізгі бағыттары.

ҚҰҚЫҚҚА СЫЙЫМДЫЛЫҚ – іс-әрекеттің немесе шешімнің қолданыстағы заңдарға, құқықтық нормаларға және мемлекет белгілеген ережелерге толық сәйкес келуін білдіретін құқықтық ұғым.

ҚҰҚЫҚҚА СЫЙЫМСЫЗ ӘРЕКЕТ – құқық нормаларына қайшы келетін, заңмен рұқсат етілмеген немесе тыйым салынған, үшінші тұлғаның заңды мүдделері мен құқықтарын бұзатын әрекет немесе әрекетсіздік.

ҚҰҚЫҚҚА СЫЙЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ – құқық нормалары талаптарына қайшы келетін (сәйкес келмейтін) заңи фактілер.

ПРАВОПРЕЕМНИК – физическое или юридическое лицо, которое в соответствии с законом принимает на себя права и обязанности другого лица (юридического или физического) полностью или частично.

ПРАВОВОЙ РЕЖИМ – особый порядок регулирования какой-либо сферы общественных отношений, объекта или субъекта, определяющий совокупность правил, дозволений, запретов и предписаний, которые устанавливают права, обязанности и ответственность участников.

ВЕРХОВЕНСТВО ПРАВА – фундаментальный конституционный принцип, согласно которому все государственные органы, должностные лица, организации и граждане равны перед законом и обязаны подчиняться ему.

ФУНКЦИЯ ПРАВА – основные направления правового воздействия государства на общественные отношения.

ПРАВОМЕРНОСТЬ – правовое понятие, означающее полное соответствие действия или решения действующим законам, правовым нормам и правилам, установленным государством.

НЕПРАВОМЕРНЫЕ ДЕЙСТВИЯ – действия или бездействие, противоречащие правовым нормам, запрещенные законом или не допускаемые им, нарушающие права и законные интересы третьих лиц.

НЕПРАВОМЕРНОЕ ПОВЕДЕНИЕ – юридические факты, которые противоречат (не соответствуют) требованиям правовых норм.

ҚҰҚЫҚА СЫЙЫМСЫЗДЫҚ – құқық нормаларына қайшы келетін іс-әрекет немесе шешімнің заңдылық талаптарына сай келмеуін сипаттайтын құқықтық ұғым.

ҚҰҚЫҚТЫ ІСКЕ АСЫРУ НЫСАНЫ – жеке немесе заңды тұлғалардың өздеріне тиесілі құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған, құқыққа сай әрекеттерінің жиынтығы.

ҚҰҚЫҚТЫҚ АЙҚЫНДЫЛЫҚ ПЕН ӘДІЛДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – құқық қатынастарының барлық қатысушыларына тең және әділ жағдай жасауға бағытталған және құқық нормасының түсінікті әрі алдын ала болжам жасай алу кепілін қамтамасыз ететін құқықтық қағидат.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙ – құқық нормаларында бекітілген адам мен азаматтың қоғамдағы және мемлекеттегі саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени салалардағы орны мен мәртебесі.

ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКАЛЫҚ БАЙҚАУ – қылмыс пен құқық бұзудың деңгейін, себептерін, құрылымы мен динамикасын зерттеуге бағытталған, құқықтық құбылыстар мен үдерістер туралы бастапқы деректерді (белгілерді) жинаудың ғылыми ұйымдастырылған үдерісі.

ҚҰҚЫҚТЫҢ АЛДЫҢҒЫ ИЕСІ – белгілі бір мүлік немесе құқықтың бұрынғы иесі немесе иеленушісі, яғни қазіргі иесіне дейінгі тұлға.

ҚҰҚЫҚТЫҢ АУЫСУЫ – құқық субъектісінің өзгеруі, белгілі бір құқықтың заңды негізде бір тұлғадан екінші тұлғаға ауысуы.

НЕПРАВОМЕРНОСТЬ – правовое понятие, характеризующее несоответствие действия или решения требованиям законности, противоречащим нормам права.

ФОРМА РЕАЛИЗАЦИИ ПРАВА – совокупность правомерных действий физических или юридических лиц, направленных на осуществление принадлежащих им прав, свобод и обязанностей.

ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПРАВОВОЙ ОПРЕДЕЛЕННОСТИ И СПРАВЕДЛИВОСТИ – правовой принцип, обеспечивающий ясность и предсказуемость норм права и направленный на создание равных и справедливых условий для всех участников правоотношений..

ПРАВОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ – закрепленное нормами права место и статус человека и гражданина в политической, социальной, экономической и культурной сферах жизни общества и государства.

ПРАВОВОЕ СТАТИСТИЧЕСКОЕ НАБЛЮДЕНИЕ – научно организованный процесс сбора первичных данных (признаков) о правовых явлениях и процессах, направленный на изучение уровня, причин, структуры и динамики преступности и правонарушений.

ПРАВОПРЕДШЕСТВЕННИК – бывший владелец или владелец определенного имущества или права, то есть лицо до нынешнего владельца.

ПЕРЕХОД ПРАВА – смена субъекта права, при которой определенное право переходит от одного лица к другому на законных основаниях

ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚОРҒАУ ФУНКЦИЯ-СЫ – құқықтың негізгі ықпал ету бағыттарының бірі, ол қолданыстағы қоғамдық қатынастарды қорғауға, сақтауға және нығайтуға, сондай-ақ құқыққа қайшы әрекеттер мен жағымсыз құбылыстардың алдын алуға және жолын кесуге бағытталған.

ҚҰҚЫҚТЫҢ РЕТТЕУ ФУНКЦИЯ-СЫ – мінез-құлықтың оң ережелерін белгілеу, субъективтік құқықтар беру және құқық субъектілеріне заңды міндеттер жүктеуде көрінетін құқықтың ықпал ету бағыты.

ҚҰҚЫҚШЫҒАРЫМ – мемлекет органдарының заңнамалық актілерді (заңдар, қаулылар, жарлықтар) әзірлеу, қабылдау және күшін жою бойынша жүргізетін қызметі.

ҚҰҚЫЛЫ – жеке немесе заңды тұлғаның заңнамалық актілердің негізінде белгілі бір әрекетті орындауға, талап етуге немесе қандай да бір шешім қабылдауға құқығы, заңды негізі немесе мүмкіндігі бар екенін білдіреді.

ҚҰН – тауарды немесе көрсетілетін қызметті өндіруге не сатып алуға кеткен шығындардың ақшалай көрінісі.

ҚҰН ӨСІМІ – мүлікті сату құны мен оны сатып алу құны арасындағы оң айырма.

ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР ИЕСІ – акциялар, облигациялар, вексельдер және басқа да бағалы қағаздар сияқты мүліктерге меншік құқығы бар тұлға.

ОХРАНИТЕЛЬНАЯ ФУНКЦИЯ ПРАВА – одно из основных направлений воздействия права, которое направлено на защиту, сохранение и укрепление существующих общественных отношений, а также на пресечение и предотвращение противоправных действий и негативных явлений.

РЕГУЛЯТИВНАЯ ФУНКЦИЯ ПРАВА – направление правового воздействия, выражающееся в установлении позитивных правил поведения, предоставление субъективных прав и возложении на субъектов права юридических обязанностей.

ПРАВООТВОРЧЕСТВО – деятельность государственных органов по разработке, принятию и отмене законодательных актов (законов, постановлений, указов).

ВПРАВЕ – означает, что у физического или юридического лица на основании законодательных актов есть право, законное основание или возможность совершить определенное действие, предъявить требование или принять какое-либо решение.

СТОИМОСТЬ – денежное выражение затрат на производство или приобретение товара или услуги.

ПРИРОСТ СТОИМОСТИ – положительная разница между стоимостью реализации имущества и стоимостью его приобретения.

ВЛАДЕЛЕЦ ЦЕННЫХ БУМАГ – лицо, которому принадлежат права собственности на ценные бумаги, такие как акции, облигации, векселя и т.д.

ҚҰННЫҢ БАЛАМА НЫСАНЫ – бір тауардың өз құнын басқа тауардың құны арқылы көрсететін нысаны, яғни ол тікелей айырбастауға болатын тауар рөлін атқарады.

ҚҰННЫҢ ӨСУІ – қандай да бір объектінің, ресурстың немесе тауардың құны немесе бағасының өсу үдерісін білдіреді.

ҚҰНЫН БАҒАЛАУ – мүліктің, тауардың, жұмыстың, мүрсетілетін қызметтің немесе өзге де объектінің нарықтағы немесе өзге де құнын анықтау рәсімі.

ҚҰПИЯЛЫ – жария етуге жатпайтын, тек уәкілетті немесе оған қатысы бар тұлғаға ғана қолжетімді, заңмен немесе келісіммен құпия деп танылған ақпараттың мәртебесін білдіретін сипаттама.

ҚҰПИЯЛЫҚ – мемлекеттік, әскери немесе қызметтік құпияларды қорғау мақсатында заңмен немесе ведомстық актілермен қол жеткізуге шектеу қойылған ақпараттың жай-күйі немесе режімі.

ҚҰПИЯЛЫҚ БЕЛГІСІ – мәліметтердің құпиялық деңгейін куәландыратын, тасығыштың өзінде болатын, тасығыштың өзінде немесе оның ілеспе құжаттамасына қойылатын реквизиттер.

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ – белгілі бір ақпаратты оның иесінің келісімінсіз үшінші тұлғаға беруден және оны жария етуден қорғайтын құқықтық режім.

ЭКВИВАЛЕНТНАЯ ФОРМА СТОИМОСТИ – форма, в которой один товар выражает свою стоимость через стоимость другого товара, то есть он действует как товар, который можно обменять напрямую.

ВОЗРАСТАНИЕ СТОИМОСТИ – процесс возрастания стоимости или цены какого-либо объекта, ресурса или товара.

ОЦЕНКА СТОИМОСТИ – процедура определения рыночной или иной стоимости имущества, товара, работы, услуги или другого объекта.

КОНФИДЕНЦИАЛЬНЫЙ – статус информации, которая не подлежит разглашению и доступна только уполномоченным или имеющим отношение лицам, признана конфиденциальной в соответствии с законом или соглашением.

СЕКРЕТНОСТЬ – состояние или режим информации, доступ к которой ограничен законом или ведомственными актами в целях защиты государственной, военной или служебной тайны.

ГРИФ СЕКРЕТНОСТИ – реквизиты, свидетельствующие о степени секретности сведений, содержащихся в носителе, проставляемые на самом носителе или в сопроводительной документации на него.

КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТЬ – правовой режим, предусматривающий защиту определённой информации от её разглашения и передачи третьим лицам без согласия её владельца.

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

– ынтымақтастық барысында алынған белгілі бір ақпаратты жария етпеу туралы бір немесе бірнеше тарапты міндеттейтін заңи шарт.

ҚҰРАЛ – құқық саласында белгілі бір заңдық әрекеттерді жүзеге асыруға, құқық қатынастарын реттеуге немесе дәлелдеуге арналған ресми ресімделген құқықтық тетік, құжат немесе әдіс.

ҚҰРАМБӨЛІК – құқық құжатының элементі немесе бөлігі, оның біртұтас жұмыс істеуі үшін қажетті нормалар немесе жүйелер.

ҚҰРЫЛЫС МЕРДІГЕРЛІГІ – мердігердің тапсырыс беруші белгілеген мерзімде объектіні салу немесе жөндеу жұмыстарын орындауға, ал тапсырыс берушінің оларды қабылдап, ақысын төлеуге міндеттенетін шарты.

ҚЫЗМЕТ – адамның белгілі бір ұйым немесе мекемеде орындайтын кәсіби қызметі, міндеттері, сондай-ақ қоғамға қызмет көрсету бағытындағы әрекеттері.

ҚЫЗМЕТ – адамның немесе топтың белгілі бір мақсатқа жету үшін жүзеге асыратын әрекеттерінің жиынтығы.

ҚЫЗМЕТ АЛУШЫ – мемлекеттік немесе өзге де қызметтерді алатын жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ шетел азаматы немесе шетелдің заңды тұлғасы.

СОГЛАШЕНИЕ О КОНФИДЕНЦИ-

АЛЬНОСТИ – юридический договор, который обязывает одну или несколько сторон не разглашать определенную информацию, полученную в ходе сотрудничества.

ИНСТРУМЕНТ – официально оформленный юридический механизм, документ или средство, предназначенное для осуществления правовых действий, регулирования или подтверждения правовых отношений.

КОМПОНЕНТ – элемент или часть правового документа, нормы или системы, необходимая для её целостного функционирования.

СТРОИТЕЛЬНЫЙ ПОДРЯД – договор, по которому подрядчик обязуется в установленный заказчиком срок построить объект или выполнить ремонтные работы, а заказчик обязуется принять их и оплатить.

СЛУЖБА – профессиональная деятельность человека в определенной организации или учреждении, выполнение им определенных обязанностей, а также совокупность действий, направленных на оказание услуг обществу.

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ – совокупность действий человека или группы, направленных на достижение определенной цели.

УСЛУГОПОЛУЧАТЕЛЬ – физическое или юридическое лицо, а также иностранный гражданин или иностранное юридическое лицо, которое получает государственные или иные услуги.

ҚЫЗМЕТ БАБЫ – қызметкердің лауазымдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершіліктері, сондай-ақ жұмыс орнында оның мәртебесі мен атқаратын қызметін анықтайтын ережелер мен нормалар жиынтығы.

ҚЫЗМЕТ БАБЫНДА АУЫСТЫРУ – мемлекет органы немесе ұйымның шеңберінде жұмыскерді оның келісімімен бір лауазымнан екіншісіне немесе басқа құрылымдық бөлімшеге ауыстыру.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ – біреудің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әрекеттер жиынтығы, сондай-ақ техникалық құралдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, клиенттерге көрсетілетін қызметтер мен міндеттемелерді орындау үдерісі.

ҚЫЗМЕТ ТҰТЫНУШЫҒА БАҒДАРЛАҢУ – ұйымның немесе кәсіпорынның өз қызметін тұтынушының қажеттіліктеріне, талаптарына және қызығушылықтарына бағыттау қағидаты.

ҚЫЗМЕТ ТҰТЫНУШЫЛАРЫНА ХАБАР БЕРУ – қызмет көрсетуші тараптың тұтынушыларға көрсететін қызметтері, оның шарттары, сапасы, тарифтері, құқықтары мен міндеттері жайлы толық және нақты ақпарат беруі.

ҚЫЗМЕТ ҰСЫНУШЫ – мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын орталық мемлекеттік органдар, шетелдік мекемелер, жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар.

СЛУЖЕБНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ – совокупность правил и норм, определяющих служебные обязанности, права и ответственность сотрудника, а также его статус и функции на рабочем месте.

ПЕРЕМЕЩЕНИЕ ПО СЛУЖБЕ – перевод работника в пределах государственного органа или организации с одного должностного места на другое либо в иное структурное подразделение, с его согласия.

ОБСЛУЖИВАНИЕ – комплекс действий, направленных на удовлетворение чьих-либо потребностей, а также процесс поддержания технических объектов в рабочем состоянии, предоставления услуг клиентам или выполнения обязательств.

ОРИЕНТАЦИЯ НА ПОТРЕБИТЕЛЯ УСЛУГ – принцип, при котором организация или предприятие адаптирует свою деятельность в соответствии с потребностями, запросами и интересами потребителей.

ИНФОРМИРОВАНИЕ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ УСЛУГ – предоставление обслуживающей стороной потребителям полной и точной информации о своих услугах, ее условиях, качестве, тарифах, правах и обязанностях.

УСЛУГОДАТЕЛЬ – центральные государственные органы, загранучреждения, местные исполнительные органы, а также физические и юридические лица, оказывающие государственные услуги.

ҚЫЗМЕТКЕ СЕЛҚОС ҚАРАУ – лауазымды адамның өз міндеттеріне немқұрайлы қарауы немесе оларды тиісінше орындамауы.

ҚЫЗМЕТТЕГІ ЖАЛҒАНДЫҚ – қызмет немесе жұмыс жағдайында нақты шындыққа сай келмейтін, жалған ақпаратты жасау немесе көрсету, құжаттарды бұрмалау, жалған ақпаратты беру актісі.

ҚЫЗМЕТТЕН БОСАУ – мемлекеттік қызметті немесе өзге лауазымды өз өтініші бойынша тоқтату, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен босату.

ҚЫЗМЕТТІ МӘЖБҮРЛІ ТОҚТАТУ – адамның немесе ұйымның қызметін заңсыз немесе тәртіптік негізде, сот немесе мемлекеттік органдардың шешімімен не басқа да уәкілетті адамдардың бұйрығымен мәжбүрлеп тоқтату талпынысы.

ҚЫЗМЕТТІК БОРЫШ – жұмыскердің (қызметшінің) өз лауазымдық міндеттерін адал және кәсіби түрде орындауы, ұйымның тәртібі мен мемлекеттің мүдделерін сақтау міндеті.

ҚЫЗМЕТТІК ТҮРҒЫНЖАЙ – азаматтарға мемлекеттік мекеменің тұрғынжай қорынан берілетін және олардың қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерді ротациялау шеңберінде қоныстандыруға, сондай-ақ жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің және әлеуметтік қорғаудың белсенді шараларына қатысатын адамдарға арналған ерекше құқықтық режимдегі тұрғынжай.

ХАЛАТНОЕ ОТНОШЕНИЕ К СЛУЖБЕ – небрежное отношение должностного лица к своим обязанностям или их ненадлежащее исполнение.

СЛУЖЕБНЫЙ ПОДЛОГ – акт передачи ложной информации, фальсификации документов, создания или отображения ложных данных, которые не соответствуют реальной действительности в служебных или рабочих условиях.

ОТСТАВКА – прекращение государственной службы или иной должности по собственному заявлению, а также увольнение от государственной службы.

ПРИНУДИТЕЛЬНОЕ ПРЕКРАЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ – попытка принудительного прекращения деятельности лица или организации по незаконным или дисциплинарным основаниям, решением суда или государственных органов или приказом других уполномоченных лиц.

СЛУЖЕБНЫЙ ДОЛГ – обязанность работника (служащего) добросовестно и профессионально выполнять свои должностные обязанности, соблюдать дисциплину и интересы организации или государства.

СЛУЖЕБНОЕ ЖИЛИЩЕ – жилище с особым правовым режимом, предоставляемое из жилищного фонда государственного учреждения и предназначенное для заселения граждан на период выполнения ими служебных обязанностей, в том числе в рамках ротации государственных служащих, а также для лиц, участвующих в активных мерах содействия занятости и социальной защите.

ҚЫЛМЫС – қылмыстық заңмен тыйым салынған және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын, қоғамға қауіпті қылық (әрекет немесе әрекетсіздік).

ҚЫЛМЫС ЗАҢНАМАСЫ – қандай әрекеттер қылмысқа жататынын анықтайтын, қылмыстық жауаптылық негіздерін және оларды жасағаны үшін жазаның түрлерін белгілейтін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы.

ҚЫЛМЫС ЗАҢЫ ФУНКЦИЯСЫ – азаматтардың құқықтары мен еркіндігін қорғауға, қылмыстың алдын алуға, кінәліні жазалауға және қоғамда әділдікті қалпына келтіруге бағытталған қылмыстық заңнаманың негізгі бағыттары мен міндеттері.

ҚЫЛМЫС ЗАТЫ – кінәлі адам оған ықпал ете отырып, қылмыс заңымен қорғалатын қоғамдық қатынастарға (қылмыс объектісіне) қол сұғуды жүзеге асыратын материалдық және бейматериалдық элементті заты.

ҚЫЛМЫС МАҚСАТЫ – қасақана қылмыс жасаған адамның қол жеткізуге тырысатын, саналы түрде көзделген және қалаған соңғы нәтижесі.

ҚЫЛМЫС ОРНЫ – қылмыстық құқық бұзылған немесе оның іздері сақталған, сондай-ақ қылмысқа дайындалу, оны жасау, жасырыну немесе дәлелдемелерді жою әрекеттері жасалған орындар мен аумақтардың жиынтығы.

ПРЕСТУПЛЕНИЕ – общественно опасное деяние (действие или бездействие), запрещённое уголовным законом и влекущее за собой уголовную ответственность.

УГОЛОВНОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО – совокупность нормативных правовых актов, которые определяют, какие действия являются преступлениями, устанавливают основания уголовной ответственности и виды наказаний за их совершение.

ФУНКЦИЯ УГОЛОВНОГО ЗАКОНА – основные направления и задачи уголовного законодательства, направленные на охрану прав и свобод граждан, предупреждение преступлений, наказание виновных и восстановление справедливости в обществе.

ПРЕДМЕТ ПРЕСТУПЛЕНИЯ – предмет материального и нематериального мира, воздействуя на который, виновный осуществляет посягательство на охраняемые уголовным законом общественные отношения (объект преступления).

ПРЕСТУПНАЯ ЦЕЛЬ – сознательно предусмотренный и желаемый конечный результат, к достижению которого стремится лицо, совершающее умышленное преступление.

МЕСТО ПРЕСТУПЛЕНИЯ – совокупность мест и территорий, где непосредственно было совершено уголовное правонарушение либо сохранились его следы, а также где осуществлялись действия по подготовке к преступлению, его совершению, сокрытию или уничтожению доказательств.

ҚЫЛМЫС ТУРАЛЫ АУЫЗША АРЫЗДАНУ ХАТТАМАСЫ – қылмыстық құқық бұзу туралы ауызша берілген арызды тіркеуге арналған, арыз иесі мен оның жеке басы мәліметтері қамтылған және лауазымды адамның оны қабылдап, қуәландырған ресми құжат.

ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – мемлекеттік және қоғамдық органдардың жасалған қылмыстардың алдын алу (алдын ала ескерту) және жолын кесу, сондай-ақ кінәлі адамды жауапқа тарту арқылы қылмыспен күресуге бағытталған кешенді қызметі.

ҚЫЛМЫССЫЗДАНДЫРУ – қылмыс заңнамасында бұрын қылмыс болып саналған қылықты қылмыстық жауаптылықтан алып тастап, оны әкімшілік немесе басқа да жеңіл құқық бұзу түріне ауыстыру немесе мүлде жазасыз қалдыру үдерісі.

ҚЫЛМЫСТАНДЫРУ – белгілі бір әрекеттерді немесе мінез-құлықты қылмыстық жазаға тартылады деп танып, Қылмыс кодексіндегі қылмыстар тізіміне енгізу үдерісі.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ӘРЕКЕТ – табиғи немесе әлеуметтік ортадағы (қоғамда, табиғатта) өзгерістерге әкелетін, қоғамға қауіпті болатын және қылмыстық жазаға тартылатын адамның қасақана әрекеттерінің (немесе әрекетсіздігі) жиынтығы.

ПРОТОКОЛ УСТНОГО ЗАЯВЛЕНИЯ О ПРЕСТУПЛЕНИИ – официальный документ для регистрации устного заявления об уголовном правонарушении, содержащий сведения о заявителе и его личности, который удостоверяется должностным лицом, принявшим заявление.

БОРЬБА С ПРЕСТУПНОСТЬЮ – комплексная деятельность государственных и общественных органов, направленная на противодействие преступности через её профилактику (предупреждение) и пресечение совершаемых преступлений, а также привлечение виновных лиц к ответственности.

ДЕКРИМИНАЛИЗАЦИЯ – процесс, при котором деяние, ранее считавшееся преступлением в уголовном законодательстве, исключается из уголовной ответственности и переводится в категорию административных или других, более мягких правонарушений, либо полностью освобождается от наказания.

КРИМИНАЛИЗАЦИЯ – процесс, при котором определенные действия или поведение признаются уголовно наказуемыми и включаются в список преступлений в Уголовном кодексе.

ПРЕСТУПНОЕ ДЕЙСТВИЕ – совокупность умышленных действий (или бездействия) лица, вызывающих изменения в окружающей или социальной среде (природе, обществе), представляющих общественную опасность и признаваемых уголовно наказуемыми.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗА АТҚАРУ ЗАҢНАМАСЫ – жазаны орындаудың және өтеудің тәртібі мен шарттарын, сотталғандарды түзеу құралдарын қолдануды және босатылатын адамдарға көмек көрсетуді реттейтін, сондай-ақ жаза атқару қатынастарына қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер жүйесі.

Ескертпе. Ресми құжаттарда «Қылмыстық-атқару заңнамасы» нұсқасында қолданылып жүргенімен, ол сөзбе сөз мағынасы «Преступно-исполнительное законодательство» ұғымына сай келеді. Дұрысы – «Қылмыстық жаза атқару заңнамасы».

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПҚА ТАРТУ – қылмыстық құқық бұзған адамды анықтап, оған қылмыстық жауаптылық жүктеу және заңда белгіленген жазаны қолдану үдерісі.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАТЫН АДАМ – қылмыстық заңнамаға сәйкес жасаған қылмыстары үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін жеке тұлға.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗҒАН СЫБАЙЛАС ҚАТЫСУШЫНЫҢ ШЕКТЕН ШЫҒУЫ – басқа сыбайластардың пиғылында болмаған қылмыстық құқық бұзған адамның әрекеті үшін басқа қатысушылардың қылмыстық жауапқа тартылмауы.

УГОЛОВНО-ИСПОЛНИТЕЛЬНОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО – система нормативных правовых актов, регулирующих порядок и условия исполнения и отбывания наказаний, применение средств исправления осуждённых и оказание помощи освобождаемым лицам, а также определяющих права и обязанности участников уголовно-исполнительных правоотношений.

Примечание. Несмотря на то, что в официальных документах используется вариант «Қылмыстық-атқару заңнамасы», его буквальный смысл соответствует понятию «Преступно-исполнительное законодательство». Правильным вариантом является «Қылмыстық жаза атқару заңнамасы».

ПРИВЛЕЧЕНИЕ К УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ – процесс установления лица, совершившего уголовное правонарушение, возложения на него уголовной ответственности и применения наказания, предусмотренного законом.

ЛИЦО, ПОДЛЕЖАЩЕЕ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ – физическое лицо, которое может быть привлечено к уголовной ответственности за совершённые им преступления в соответствии с уголовным законодательством.

ЭКСПЕСС СОУЧАСТНИКА УГОЛОВНОГО ПРАВОНАРУШЕНИЯ – совершение одним из соучастников уголовного правонарушения действий, не охватывающихся умыслом других соучастников, за которые остальные участники уголовной ответственности не подлежат.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУҒА МҮМКІНДІК БЕРМЕЙТІН МӘН-ЖАЙЛАР – нақты адамның іске, туыстық қатысына немесе мүдделер қайшылығына байланысты қылмыстық іске қатыса алмайтын жағдайлары.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІК ӘРЕКЕТКЕ ҚАБІЛЕТТІК – адамның қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберінде оған жүктелген процестік міндеттерді өз еркімен орындайтын және өзіне қатысты процестік құқықтарды жүзеге асыра алатын қабілеті.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІК ЗАҢНАМА – қылмыстық құқық бұзуды тергеу мен сотта қараудың тәртібін реттейтін құқықтық нормалар жүйесін айқындайтын, қылмыстық процестің қатысушыларының мәртебесін, олардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асырудың нысандары, әдістері мен кепілдіктерін белгілейтін нормалаушы құқық актілерінің жүйесі.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ – қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіретін қауіп-қатерді туғызатын қылық.

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ – қандай да бір аумақта белгілі бір уақыт аралығында жасалған барлық қылмыстардың жиынтығын білдіретін, тарихи өзгермелі, жаппай және жүйелі әлеуметтік құбылыс.

ОБСТОЯТЕЛЬСТВА, ИСКЛЮЧАЮЩИЕ ВОЗМОЖНОСТЬ УЧАСТИЯ В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ – условия, при которых конкретное лицо не может быть участником по уголовному делу из-за своей связи с делом, родства или противоречия интересов.

УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНАЯ ДЕЕСПОСОБНОСТЬ – способность лица самостоятельно осуществлять принадлежащие ему процессуальные права и исполнять возложенные на него процессуальные обязанности в рамках уголовного судопроизводства.

УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО – система нормативных правовых актов, регулирующих порядок расследования и судебного рассмотрения уголовных правонарушений, определяющий статус участников уголовного процесса, их права и обязанности, а также формы, методы и гарантии осуществления уголовного судопроизводства.

УГОЛОВНЫЙ ПРОСТУПОК – деяние, которое не представляет существенной угрозы обществу, причиняет незначительный вред или создает угрозу причинения вреда отдельному лицу, организации, обществу или государству.

ПРЕСТУПНОСТЬ – исторически изменчивое, массовое и системное социальное явление, представляющее собой совокупность всех преступлений, совершенных на определенной территории за определенный период времени.

ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ – қылмыстың алдын алуға, оны жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды, мән-жайды анықтауға, жоюға немесе бейтараптандыруға, сондай-ақ құқыққа қайшы әрекет жасаған адамдарға алдын ала ықпал етуге бағытталған қызмет.

ҚЫЛМЫСТЫҢ ҚАЙТАЛАНУЫ – ұқсас немесе басқа да жасаған қылмыстары үшін бұрын қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның қайтадан қылмыс жасауы.

ҚЫЛЫҚ – адамның саналы мінез-құлқы, әрекет немесе әрекетсіздік түрінде көрінетін, құқықтық мәні бар және оның негізінде заңи жауаптылық тудыратын құбылыс.

ҚЫСҚА САТЫЛЫМ – активті қарызға алу және сату арқылы актив бағасының төмендеуінен пайда табуға, содан кейін оны төмен бағамен сатып алуға ұмтылатын сауда стратегиясы.

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ ПРЕСТУПЛЕНИЙ – деятельность, направленная на недопущение совершения преступлений путем выявления, устранения или нейтрализации причин, условий и обстоятельств, способствующих их совершению, а также оказания профилактического воздействия на лиц с противоправным действием.

РЕЦИДИВ ПРЕСТУПЛЕНИЙ – повторное совершение преступлений лицом, ранее привлекавшимся к уголовной ответственности за аналогичные или другие преступления.

ДЕЯНИЕ – сознательное поведение человека, выражающееся в действии или бездействии, которое может иметь правовое значение, в том числе служить основанием для юридической ответственности.

КОРОТКАЯ ПРОДАЖА – торговая стратегия, направленная на получение прибыли от снижения цены актива, путем его заимствования и продажи, а затем его выкупа по более низкой цене.

Лл

ЛАУАЗЫМ – жұмыскердің белгіленген еңбек функциялары мен қызметтік өкілеттігін орындауы үшін бекітілген ұйым құрылымындағы жұмыс орны.

ЛАУАЗЫМ НҮСҚАУЛЫҒЫ – жұмыскердің өз лауазымдық міндеттерін орындау тәртібін, құқықтары мен жауапкершіліктерін, сондай-ақ жұмысқа қатысты талаптар мен ережелерді анықтайтын ресми құжат.

ДОЛЖНОСТЬ – рабочее место в организационной структуре, закрепленное за работником для выполнения установленных трудовых функций и служебных полномочий.

ДОЛЖНОСТНАЯ ИНСТРУКЦИЯ – официальный документ, определяющий порядок, права и ответственность работника за выполнение своих должностных обязанностей, а также требования и правила, касающиеся работы.

ЛАУАЗЫМҒА ТАҒАЙЫНДАУ – адамның белгілі бір лауазымды орындауы үшін қызмет орнына ресми қабылдануы немесе бекітілуі.

ЛАУАЗЫМДЫ АДАМНЫҢ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҒЫ – қызметтік міндеттерді орындамау немесе тиісті деңгейде орындамау нәтижесінде әкімшілік құқық бұзған адамның заңи жауаптылығы.

ЛАУАЗЫМДЫ АДАМНЫҢ ӘРЕКЕТІНЕ ШАҒЫМДАНУ – мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның заңсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі салдарынан құқығы бұзылған адамның жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануына мүмкіндік беретін рәсім.

ЛАУАЗЫМДЫҚ САЛҒЫРТТЫҚ – лауазымды адамның қызметке салғырт немесе немқұрайлы қатынасы салдарынан өз міндеттерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы.

ЛАУАЗЫМДЫҚ ФУНКЦИЯ – мекеме немесе органның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және нақты міндеттерін орындауға бағытталған нормативтік актілер, еңбек шарты немесе лауазымдық нұсқаулықпен белгіленген жұмыскердің қызметі.

ЛАУАЗЫМНАН ШЕТТЕТУ – уәкілетті органның немесе жұмыс берушінің шешімімен адамның қызметтік немесе еңбек міндеттерін орындауға уақытша шектеу қойылатын тыйым салу шарасы.

НАЗНАЧЕНИЕ НА ДОЛЖНОСТЬ – официальное принятие или закрепление лица за местом службы для выполнения определенной должности.

АДМИНИСТРАТИВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ДОЛЖНОСТНОГО ЛИЦА – юридическая ответственность, которая наступает за совершение административного правонарушения в связи с неадекватным исполнением или неисполнением своих служебных обязанностей.

ОБЖАЛОВАНИЕ ДЕЙСТВИЙ ДОЛЖНОСТНОГО ЛИЦА – процедура, позволяющая лицу, чьи права были нарушены, подать жалобу на неправомерные действия или бездействие государственного органа или должностного лица в вышестоящую инстанцию или суд.

ДОЛЖНОСТНАЯ ХАЛАТНОСТЬ – неисполнение или ненадлежащее исполнение должностным лицом своих обязанностей из-за халатного или небрежного отношения к службе.

ДОЛЖНОСТНАЯ ФУНКЦИЯ – установленная нормативными актами, трудовым договором или должностной инструкцией деятельность работника, направленная на выполнение конкретных задач и обеспечение функционирования учреждения или органа.

ОТСТРАНЕНИЕ ОТ ДОЛЖНОСТИ – мера запрета, применяемая по решению уполномоченного органа или работодателя, временно ограничивающая выполнение лицом своих служебных или трудовых обязанностей.

ЛИЦЕНЗИЯ АЛЫМЫ – мемлекеттің тауарды елге әкелуге не елден шығаруға рұқсат (лицензия) беру кезінде импорттаушы немесе экспорттаушыдан алатын міндетті төлемі.

ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ ШАРТ – зияткерлік меншік құқығының иесі (лицензиар) екінші тарапқа (лицензиатқа) өнертабысты, тауар белгісін немесе басқа да зияткерлік меншік объектісін белгілі бір мерзімге және аумақта пайдалануға рұқсат беретін құқықтық келісім.

ЛОКАЛДЫҚ АКТИЛЕР – ішкі еңбек тәртібі ережелері, жұмыс уақытының есептік кезеңінің ережесі, демалыс беру тәртібі, сыйлықақы ережесі және тағы басқа да ұқсас құжаттар енетін жұмыс беруші актілері.

ЛОКАЛДЫҚ САРАПТАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ – тұтас жобаның емес, жоба құжаттамасының жекелеген бөлігін сараптау нәтижелеріне қатысты берілетін құжат.

МАҚСАТТЫ АУДАРУ – ақшалай қаражатты немесе өзге де ресурстарды алдын ала айқындалған белгілі бір мақсатқа бағыттау.

МАҚСАТТЫ ҚОР – нақты мұқтаждыققа және жобаларды қаржыландыруға арналған жеке ақша сомасы.

ЛИЦЕНЗИОННЫЙ СБОР – обязательный платёж, взимаемый государством с импортера или экспортёра при выдаче разрешения (лицензии) на ввоз или вывоз товаров.

ЛИЦЕНЗИОННЫЙ ДОГОВОР – правовое соглашение, по которому правообладатель интеллектуальной собственности (лицензиар) предоставляет другому лицу (лицензиату) разрешение на использование изобретения, товарного знака или другого объекта интеллектуальной собственности на определённый срок и на определённой территории.

ЛОКАЛЬНЫЕ АКТЫ – акты работодателя, к которым относятся правила внутреннего трудового распорядка, положение об учетном периоде рабочего времени, порядок предоставления отпусков, правила премирования и другие аналогичные документы.

ЛОКАЛЬНОЕ ЭКСПЕРТНОЕ ЗАКЛЮЧЕНИЕ – документ, который выдаётся по результатам экспертизы отдельной части проектной документации, а не всего проекта целиком.

ЦЕЛЕВОЕ ПЕРЕЧИСЛЕНИЕ – направление денежных средств или иных ресурсов на определённую, заранее установленную цель.

ЦЕЛЕВОЙ ФОНД – обособленная денежная сумма, предназначенная для финансирования конкретных нужд и проектов.

МАҚСАТТЫ МИКРОКРЕДИТ – алдын ала және нақты келісілген мақсатқа берілген шағын, қысқа мерзімді қарыз (мысалы, тұрмыстық техника сатып алу, білім алуға немесе медициналық көрсетілетін қызметтерді төлеу үшін).

МАҚСАТТЫ САЛЫМ ШАРТЫ – салымшы мен банк арасындағы келісім, оның негізінде салымшы шартта көрсетілген белгілі бір мақсатқа сәйкес банкке ақша аударады.

МАҢЫЗСЫЗ МӘМІЛЕ – заңның міндетті талаптарына сәйкес келмейтін, сот мойындамаса да жасалған сәттен бастап жарамсыз болып саналатын мәміле.

МАРАПАТТАУ – жеке тұлғаның немесе ұжымның ерекше еңбегін, жетістігін немесе қоғамға, салаға қосқан нақты үлесін ресми түрде тану және бағалау рәсімі.

МАРАПАТТАУ ПАРАҒЫ – адамды марапатқа ұсынуға арналған, ол туралы толық ақпаратты: жеке деректерін, білімі мен еңбек қызметін, бұрын алған марапаттары мен міндемесін қамтитын негізгі құжат.

МАТЕРИАЛДЫҚ ЗАЛАЛ – жеке немесе заңды тұлғаның мүлкіне немесе өзге де материалдық игіліктеріне келтірілген экономикалық зиян.

МАТЕРИАЛДЫҚ ТАСЫҒЫШ – ақпаратты немесе деректерді сақтау және тасымалдау үшін қолданылатын кез келген физикалық объект.

ЦЕЛЕВОЙ МИКРОКРЕДИТ – не-большой заем на короткий срок, выдаваемый на конкретную, заранее оговоренную цель (например, на покупку бытовой техники, оплату обучения или медицинских услуг).

ДОГОВОР ЦЕЛЕВОГО ВКЛАДА – соглашение между вкладчиком и банком, по которому вкладчик передает банку деньги с определенной целью, указанной в договоре.

НИЧТОЖНАЯ СДЕЛКА – сделка, не соответствующая обязательным требованиям закона, которая считается недействительной с момента ее заключения независимо от признания этого факта судом.

НАГРАЖДЕНИЕ – официальная процедура признания и поощрения особых заслуг, достижений или вклада физического лица или коллектива.

НАГРАДНОЙ ЛИСТ – основной документ для представления человека к награде, содержащий полную информацию о нем: личные данные, образование, трудовую деятельность, предыдущие награды и характеристику.

МАТЕРИАЛЬНЫЙ УЩЕРБ – экономический вред, причиненный имуществу или иным материальным благом физического или юридического лица.

МАТЕРИАЛЬНЫЙ НОСИТЕЛЬ – любой физический объект, используемый для хранения и передачи информации или данных.

МӘЖБҮРЛЕП ЖАУАП АЛУ – тергеушінің, анықтаушы мен прокурордың немесе соттың қылмыстық іске қатысты маңызды ақпарат алуы үшін куәгерден, жәбірленуші, күдікті немесе айыпталушыдан мәжбүрлеп жауап алуға бағытталған әрекеті.

МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУ – сот үкімі немесе басқа да атқару құжаты бойынша борышкерді, өз міндеттемелерін еркінен тыс орындауға мәжбүрлеу үдерісі.

МӘЖБҮРЛЕП ТАРАТУ – соттың немесе уәкілетті мемлекеттік органның шешімі негізінде ұйымның қызметін тоқтату және оның заңды тұлға мәртебесін жоюға бағытталған құқықтық рәсім.

МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕК – қандай да бір жаза қолдану қаупі төніп тұрған жағдайда адам өз еркімен қызмет көрсетуге келісім бермей, одан талап етілетін кез келген жұмыс немесе қызмет түрі

МӘЖБҮРЛІ ҚАЖЕТТІЛІК – жеке адамға, өзге тұлғалардың құқықтарына, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне төнген тікелей әрі нақты қатерді өзге тәсілдермен жою мүмкін болмаған жағдайда заңмен қорғалатын мүдделерге неғұрлым аз зиян келтіру арқылы сол қатерді жоюға бағытталған құқыққа сай әрекет.

ПРИНУДИТЕЛЬНЫЙ ДОПРОС – действие следователя, дознавателя, прокурора или суда, направленное на принудительный допрос свидетеля, потерпевшего, подозреваемого или обвиняемого с целью получения информации, имеющей значение для уголовного дела.

ПРИНУДИТЕЛЬНОЕ ИСПОЛНЕНИЕ – процесс, с помощью которого должник в соответствии с судебным решением или другим исполнительным документом обязан исполнить свои обязательства против своей воли.

ПРИНУДИТЕЛЬНАЯ ЛИКВИДАЦИЯ – правовая процедура, направленная на прекращение деятельности организации и лишение её статуса юридического лица на основании решения суда или уполномоченного государственного органа.

ПРИНУДИТЕЛЬНЫЙ ТРУД – означает любую работу или службу, требуемую от какого-либо лица под угрозой какого-либо наказания, для выполнения которой это лицо не предложило добровольно своих услуг.

КРАЙНЯЯ НЕОБХОДИМОСТЬ – правомерное причинение меньшего вреда охраняемым законом интересам для устранения непосредственной и реальной опасности, угрожающей личности, правам данного лица или иных лиц, интересам общества или государства, если эта опасность не могла быть устранена иными средствами.

МӘЙІТТІ АШУ – мәйітке патолого-анатомиялық немесе сот-медициналық сараптама жүргізу мақсатында оның денесін, соның ішінде ішкі ағзаларын ашып, зерттеу рәсімі.

МӘЛІМДЕМЕ – белгілі бір фактіні, оқиға немесе ниетті ресми хабарлайтын не жариялайтын құжат.

Ескертпе. Қазақ тіліндегі «мәлімдеме, өтініш, арыз» құжат атауларының үшеуі де орыс тіліне «заявление» болып аударылады. Анықтамалары әліпби ретімен берілді.

МӘЛІМЕТТЕРДІ ҚАСАҚАНА БҰРМАЛАП КӨРСЕТУ – жаңылыстыру, заңсыз пайда табу, жауапкершіліктен жалтару немесе басқа адамдарға зиян келтіру мақсатында ақпаратты (деректерді, фактілерді, құжаттарды) қасақана өзгерту, жасыру немесе бұрмалау.

МӘЛІМЕТТЕРДІ ӨЗЕКТЕНДІРУ – ақпаратты ағымдағы істің жағдайымен сәйкестендіру үшін оған өзгертулер енгізу.

МӘМІЛЕ – жеке немесе заңды тұлғалардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеті.

МӘМІЛЕГЕ ҚАТЫСУШЫ – азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға ерік білдіре отырып, мәмілені жасауға және (немесе) оны орындауға қатысатын жеке немесе заңды тұлға.

ВСКРЫТИЕ – патолого-анатомическая или судебно-медицинская процедура, посмертное вскрытие и исследование тела, в том числе внутренних органов.

ЗАЯВЛЕНИЕ – документ, официально сообщающий или объявляющий о каком-либо факте, событии или намерении.

Примечание. Названия документов «мәлімдеме, өтініш, арыз» во всех трёх случаях переводятся на русский язык как «заявление». Определения приведены в алфавитном порядке.

УМЫШЛЕННОЕ ИСКАЖЕНИЕ СВЕДЕНИЙ – преднамеренное, сознательное изменение, сокрытие или фальсификация информации (данных, фактов, документов) с целью введения в заблуждение, получения неправомерной выгоды, уклонения от ответственности или причинения вреда другим лицам.

АКТУАЛИЗАЦИЯ СВЕДЕНИЙ – внесения изменений в информацию, чтобы привести её в соответствие с текущим положением дел.

ДЕЛКА – действие физических или юридических лиц, направленное на установление, изменение или прекращение гражданских прав и обязанностей.

УЧАСТНИК СДЕЛКИ – физическое или юридическое лицо, которое принимает участие в заключении и (или) исполнении сделки, выражая свою волю на установление, изменение или прекращение гражданских прав и обязанностей.

МӘМІЛЕНІ КУӘЛАНДЫРУ – уәкілетті адамның (көп жағдайда нотариустың) мәмілеге заңи күш беріп, оның дәлелдеу мәнін ашу арқылы мәміленің шынайылығы мен заңдылығын ресми түрде растауы.

МӘМІЛЕНІ ОРЫНДАУ – мәміле тараптарының шартта көрсетілген міндеттемелерін уақытылы және толық орындауы.

МӘН-ЖАЙ – істің мәніне әсер ететін факт немесе талапшарт (мысалы, жеңілдеу немесе ауырлау мән-жай).

МӘНМӘТІН – сөздің, тіркестің немесе сөйлемнің мағынасын дәл анықтауға мүмкіндік беретін тілдік, жағдаяттық және мағыналық байланыстардың жиынтығы.

МӘРТЕБЕ – жеке адамның немесе ұйымның құқықтары мен міндеттері жиынтығын анықтайтын, құқықтық, әлеуметтік немесе кәсіби жағдайы.

МӘТІНДІ ХАБАРЛАМА – ұялы байланыс немесе интернет-мессенджерді пайдаланушылар арасында ақпарат алмасуға арналған, көбінесе мәтіннен тұратын қысқа электрондық хабарлама.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨРСЕТІЛІМ – белгілі бір медициналық рәсімдерді, емдеуді, дәрі-дәрмектерді немесе көрсетілетін қызметтерді қолдану керектігін негіздейтін адам денсаулығы жай-күйінің ерекшеліктері.

Ескертпе. «Показание» термині медицинада «медициналық көрсетілім» деп қолданылады. Бұл – науқасқа белгілі бір емді, тексеруді не себепті жасау керектігін көрсететін негіз.

УДОСТОВЕРЕНИЕ СДЕЛКИ – официальное подтверждение уполномоченным лицом (чаще всего нотариусом) действительности и законности сделки с целью придания ей юридической силы и доказательственного значения.

ИСПОЛНЕНИЕ СДЕЛКИ – своевременное и полное выполнение сторонами сделки обязательств, указанных в договоре.

ОБСТОЯТЕЛЬСТВО – факт или условие, имеющее значение для дела (например, смягчающее или отягчающее обстоятельство).

КОНТЕКСТ – совокупность речевых, ситуационных и смысловых связей, в которых употребляется слово, выражение или высказывание, и которые помогают точно понять его значение.

СТАТУС – правовое, социальное или профессиональное положение личности или организации, определяющее совокупность их прав и обязанностей.

ТЕКСТОВОЕ СООБЩЕНИЕ – короткое электронное сообщение, состоящее преимущественно из текста, предназначенное для обмена информацией между пользователями мобильной связи или интернет-мессенджера.

МЕДИЦИНСКОЕ ПОКАЗАНИЕ – особенности состояния здоровья человека, которые обосновывают необходимость применения определенных медицинских процедур, лечения, лекарственных средств или услуг.

Примечание. Термин «показание» в медицине употребляется в значении «медицинское показание». Это — основание, указывающее, почему пациенту нужно лечить или обследовать.

МЕЖЕЛІ ОРЫН – адамның, жүк немесе қызметкердің алдын ала белгіленген, келетін соңғы пункті.

МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ҚАРЫЗ – қарыз алушының өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда қарызды өтеу жөніндегі қаржы міндеттемесінің мемлекетке жүктелуі.

МЕМЛЕКЕТ ҚАРЖЫСЫ – мемлекеттің қоғам қажеттіліктерін қамтамасыз ету және өз функцияларын орындау үшін қалыптастыратын және пайдаланатын ақшалай қаражаттарының жүйесі.

МЕМЛЕКЕТ ҚАТЫСАТЫН БАНК – мемлекет акциялардың айтарлықтай үлесіне (мысалы, бақылаушы немесе блоктаушы үлеске) иелік ететін, бірақ міндетті түрде жалғыз иесі болмайтын, кредит және қаржы мекемесі.

МЕМЛЕКЕТ КҰПИЯСЫ – мемлекет үшін ерекше маңызды, қолжетімділігі қатаң шектелген және жария ету қылмыстық жауапқа әкеп соғатын ақпарат.

МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІ – мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік мүдделерін қамтамасыз ету үшін оған заң негізінде тиесілі болатын жылжымалы және жылжымайтын мүліктің, табиғи ресурстың және басқа да активтердің жиынтығы.

МЕСТО НАЗНАЧЕНИЯ – заранее определенный конечный пункт прибытия, в который должен прибыть человек, груз или сотрудник.

ГАРАНТИРОВАННЫЙ ГОСУДАРСТВОМ ЗАЕМ – финансовое обязательство, по которому ответственность за исполнение обязательств заёмщика в случае их неисполнения возлагается на государство.

ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ФИНАНСЫ – система денежных средств, формируемых и используемых государством для обеспечения общественных потребностей и выполнения своих функций.

БАНК С ГОСУДАРСТВЕННЫМ УЧАСТИЕМ – кредитно-финансовое учреждение, где государство владеет значительной долей акций (например, контрольным или блокирующим пакетом), но не обязательно является единоличным владельцем.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ТАЙНА – информация, имеющая особую важность для государства, доступ к которой строго ограничен и за разглашение которой предусмотрена уголовная ответственность.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ СОБСТВЕННОСТЬ – совокупность движимого и недвижимого имущества, природных ресурсов и других активов, которые на законных основаниях принадлежат государству для обеспечения его экономических и социальных интересов.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ ЖҰМЫСКЕРІ – тиісті мемлекеттік органның құзыреті шегінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға өкілеттігі бар мемлекеттік қызметші.

МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСЫРЫН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ – мемлекеттік көрсетілетін қызметтің өлшемшарттарына сәйкес келетін, бірақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне енгізілмеген мемлекеттік функция.

МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР – мемлекет бюджетін қалыптастыруға және мемлекет міндеттемелерін қаржыландыруға бағытталатын, мемлекетке салықтар, төлемдер, баждар және өзге де түсімдер арқылы келетін ақшалай қаражат.

МЕМЛЕКЕТТІК КРЕДИТ – мемлекеттің бағалы қағаздар шығару немесе қарыз алуға келісімдер жасасу арқылы қаржы ресурстарын тарту тәсілі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ – мемлекет меншігіндегі, оның иелігі мен басқаруындағы жалпыұлттық байлық, оның ішінде ақшалай қаражаттары, мүлік, табиғи ресурстар, жер, қорлар және өзге де материалдық және материалдық емес активтер жиынтығы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЫЗ – мемлекет қарыз алушы болатын, ал қарыз қаражаты мемлекеттік шығыстарды жабу немесе мемлекеттің өз қаражаты жеткіліксіз болатын жобаларды қаржыландыру үшін берілетін кредит.

РАБОТНИК ГОСУДАРСТВЕННОГО КОНТРОЛЯ И НАДЗОРА – государственный служащий, наделенный полномочиями по осуществлению контрольных и надзорных функций в пределах компетенции соответствующего государственного органа.

СКРЫТАЯ ГОСУДАРСТВЕННАЯ УСЛУГА – государственная функция, отвечающая критериям государственной услуги, но не включенная в реестр государственных услуг.

ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ДОХОДЫ – денежные средства, поступающие государству через налоги, платежи, пошлины и иные поступления, направляемые на формирование государственного бюджета и финансирование государственных обязательств.

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ КРЕДИТ – способ привлечения финансовых ресурсов государством путем выпуска ценных бумаг или заключения соглашений о займах.

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КАЗНАЧЕЙСТВО – совокупность общенационального богатства, находящегося в собственности, владении и управлении государства, включая денежные средства, имущество, природные ресурсы, землю, запасы и иные материальные и нематериальные активы.

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЗАЙМ – кредит, при которой заемщиком выступает государство, а заемные средства предоставляются для покрытия государственных расходов или финансирования проектов, на реализацию которых у государства недостаточно собственных средств.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЫЗ МІНДЕТ-ТЕМЕЛЕРІ – мемлекеттің ішкі және сыртқы қарыздарын өтеу, бюджет тапшылығын жою және мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру үшін шығарылатын бағалы қағаздар мен өзге де қарыз құралдарынан туындайтын заңи міндеттемелер.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОР – мемлекет меншігіндегі немесе оның тікелей бақылауындағы, қоғам мен экономиканың белгілі бір салаларына арналған қаржылық, табиғи, материалдық немесе өзге де ресурстардың жиынтығы.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАННЫҢ ҰСЫНЫМЫ – адамнан, ұйымнан, мемлекеттік органдардан немесе лауазымды адамнан құқық бұзудың себептері мен жағдайларын жоюды талап ететін заңды құжат.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫПАЛЫМ – мемлекет органдарының, мемлекеттік мекемелердің және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы.

МЕМЛЕКЕТТІК СОТ-САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІ – сот талқылауы барысында туындайтын сұрақтарға жауап беру үшін арнайы білімді қолдана отырып, ғылыми-тәжірибелік зерттеулер жүргізумен айналысатын мемлекеттік қызмет.

ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ДОЛГОВЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА – юридические обязательства государства, возникающие из выпускаемых ценных бумаг и иных долговых инструментов с целью погашения внутреннего и внешнего долга, устранения дефицита бюджета и финансирования государственных программ.

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ФОНД – совокупность финансовых, природных, материальных и иных ресурсов, находящихся в собственности государства или под его непосредственным контролем и предназначенных для определённых сфер общества и экономики.

ПРЕДСТАВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО ОРГАНА – юридический документ, требующий от человека, организации, госорганов или должностных лиц устранить причины и условия совершения правонарушения.

ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ЗАКУПКИ – приобретение товаров, работ, услуг государственными органами, государственными учреждениями и субъектами квазигосударственного сектора.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ СУДЕБНО-ЭКСПЕРТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ – государственная деятельность, заключающаяся в проведении научно-практических исследований с применением специальных знаний для ответов на вопросы, возникающие в ходе судебного разбирательства.

МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАЗАЛАУШЫ ФУНКЦИЯСЫ – мемлекеттің құқық бұзғандарды жауапқа тарту шараларын қолдану арқылы қоғамдағы тәртіпті сақтау және азаматтардың құқығын қорғауға бағытталған қызметі.

МЕМЛЕКЕТТІҢ ИНВЕСТИЦИЯ-ЛЫҚ ЖОБАСЫ – елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін, белгілі бір мақсаттарға жетуді көздейтін, мемлекеттің қатысуымен іске асырылатын жоба.

МЕМЛЕКЕТТІҢ КРЕДИТТІК ЖҮЙЕСІ – мемлекеттің және оның органдарының ақшалай қаражатын тарту, бөлу және қайтару қатынастарын реттейтін банктер, қаржы институттары мен нормативтік актілер жиынтығы.

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰРЫЛЫМ НЫСАНЫ – мемлекеттің билігі мен оның ұйымдасуын, басқару тармақтарының өзара байланысы мен бөлінісін айқындайтын мемлекеттің құқықтық және саяси ұйымдасу нысаны.

МЕМЛЕКЕТТІҢ САЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ – салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің дұрыс есептелуін, толық және уақытылы жиналуын қамтамасыз ететін мемлекеттік орган немесе оның құрылымдық бөлімшелері.

МЕНШІК ИЕСІ – меншік объектісін иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын қоса алғанда, материалдық немесе материалдық емес игіліктерге заңи бекітілген меншік құқығы бар экономикалық агент (жеке немесе заңды тұлға).

КАРАТЕЛЬНАЯ ФУНКЦИЯ ГОСУДАРСТВА – деятельность государства, направленная на поддержание общественного порядка и защиту прав граждан путем применения мер ответственности за правонарушения.

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ПРОЕКТ – проект, реализуемый с участием государства, направленный на достижение определенных целей и способствующий экономическому и социальному развитию страны.

КРЕДИТНАЯ СИСТЕМА ГОСУДАРСТВА – совокупность банков, финансовых институтов и нормативных актов, регулирующих отношения государства и его органов по привлечению, распределению и возврату денежных средств.

ФОРМА ГОСУДАРСТВЕННОГО УСТРОЙСТВА – форма правовой и политической организации, которая определяет взаимосвязь и разделение ветвей управления, организации и власти государства.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ НАЛОГОВАЯ СЛУЖБА – государственный орган или его структурные подразделения, обеспечивающий правильность исчисления, полноту и своевременность поступления налогов и других обязательных платежей в бюджет.

СОБСТВЕННИК – экономический агент (физическое или юридическое лицо), имеющий юридически закреплённое право собственности на материальные или нематериальные блага, включая права владения, пользования и распоряжения объектом собственности.

МЕНШІК ИЕСІ ЕМЕС ТҰЛҒАНЫҢ ЗАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ – мүліктің меншік иесі емес, бірақ заңды негізде сол мүлікті пайдалануға, иеленуге немесе оған билік етуге мүмкіндік беретін құқықтар жиынтығы.

МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ – жеке немесе заңды тұлғаның өзіне тиесілі мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы.

МЕНШІК НЫСАНЫ – мүліктің немесе өндіріс құралдарының тиесілігін айқындайтын құқықтық-экономикалық категория.

МЕРДІГЕРЛІК – бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырыс берушінің) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты орындауға және белгіленген мерзімде нәтижесін тапсыруға міндеттенетін, ал тапсырыс беруші осы жұмыстың нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге міндеттенетін азаматтық-құқықтық шарт.

МЕРЗІМДІ САЛЫМ – салымшы мен банк арасындағы шарт бойынша белгілі бір мерзімге (3 ай, 6 ай, 1 жыл және т.б.) салынатын салым.

МЕРЗІМДІ ҰЗARTY TYPALY ӨTІНІШХAT – жеке немесе заңды тұлғаның шартта, заңда немесе мемлекеттік орган актісінде белгіленген міндеттемені орындау мерзімін кейінге шегеру туралы уәкілетті органға жолдайтын жазбаша ресми жолданымы.

ВЕЩНЫЕ ПРАВА ЛИЦ, НЕ ЯВЛЯЮЩИХСЯ СОБСТВЕННИКАМИ – совокупность прав, предоставляющих лицу, не являющемуся собственником имущества, возможность пользоваться, владеть или распоряжаться этим имуществом на законных основаниях.

ПРАВО НА СОБСТВЕННОСТЬ – право физического или юридического лица владеть, пользоваться и распоряжаться принадлежащим ему имуществом.

ФОРМА СОБСТВЕННОСТИ – правовая и экономическая категория, определяющая принадлежность имущества или средств производства.

ПОДРЯД – гражданско-правовой договор, согласно которому одна сторона (подрядчик) обязуется по заданию другой стороны (заказчика) выполнить определённую работу и сдать её результат в установленный срок, а заказчик обязуется принять результат работы и оплатить его.

СРОЧНЫЙ ВКЛАД – вклад, который размещается на определённый срок (на 3 месяца, 6 месяцев, 1 год и т.д.) по договору между вкладчиком и банком.

ХОДАТАЙСТВО ОБ ОТСРОЧКЕ – письменное официальное обращение физического или юридического лица в уполномоченный орган с просьбой отсрочить выполнение обязательства, установленного в договоре, законе или акте государственного органа.

МЕРЗІМДІЛІК ҚАҒИДАТЫ – қарыз алушының алған сомасын шартта белгіленген нақты мерзімде қайтаруға міндеттенетінін білдіретін кредиттің негізгі белгілерінің бірі.

МЕРЗІМІ ӨТКЕН КРЕДИТ – қарыз алушы кредит шартында белгіленген төлем мерзімін бұзып, өз міндеттемесін толық немесе ішінара орындамаған жағдайда туындайтын кредит берешегі.

МЕРЗІМІН ӨТКІЗІП АЛУ – борышкердің немесе кредитордың заңда немесе шартта көзделген міндеттемені орындау мерзімдерін бұзуы.

МЕРЗІМСІЗ ҚАРЫЗ – шартта қайтару мерзімі нақты көрсетілмеген, бірақ қарыз алушының немесе кредит берушінің талабы бойынша қайтаруға тиісті ақшалай немесе мүлкітік қарыз міндеттемесі.

МЕРЗІМСІЗ САЛЫМ – салымшының алғашқы талабы бойынша (толық немесе ішінара) қайтарылатын, нақты сақтау мерзімі көрсетілмеген банк салымы.

МИКРОКРЕДИТ МӘНІ – микроаржа ұйымдары жеке немесе заңды тұлғаларға қысқа мерзімге пайызбен беретін шағын ақша сомасы.

МИКРОКРЕДИТ ҰЙЫМЫ – көбінесе жеке тұлғаларға және шағын бизнеске қысқа мерзімге шағын қарыз беретін қаржы ұйымы.

МОБИЛЬДІК – қандай да бір нысанның немесе субъектінің қозғалу, орын ауыстыру немесе өзгерістерге бейімделу қабілеті.

ПРИНЦИП СРОЧНОСТИ – одно из базовых свойств кредита, которое означает, что заемщик обязуется вернуть полученную сумму в четко определённый срок, установленный договором.

ПРОСРОЧЕННЫЙ КРЕДИТ – задолженность по кредиту, возникающая в случае, если заемщик нарушил срок оплаты, установленный кредитным договором, и не исполнил своё обязательство полностью или частично.

ПРОСРОЧКА – нарушение должником или кредитором предусмотренных законом или договором сроков исполнения обязательства.

БЕССРОЧНЫЙ ЗАЕМ – денежное или имущественное долговое обязательство, в котором срок возврата не установлен, но подлежащее возврату по требованию заёмщика или заимодавца.

ВЕЧНЫЙ ВКЛАД – банковский вклад без указания конкретного срока хранения, который подлежит возврату (полностью или частично) по первому требованию вкладчика.

ПРЕДМЕТ МИКРОКРЕДИТА – небольшая сумма денег, которую микрофинансовые организации выдают физическим или юридическим лицам на короткий срок под проценты.

МИКРОКРЕДИТНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ – финансовая организация, которая выдает небольшие займы на короткий срок, чаще всего физическим лицам и малому бизнесу.

МОБИЛЬНОСТЬ – способность какого-либо объекта или субъекта к передвижению, перемещению или адаптации к изменениям.

МОНЕТАРЛЫҚ САЯСАТ ҚҰРАЛЫ

– орталық банк арқылы экономикадағы ақша-кредит жағдайларын басқару үшін қолданатын ресми жүйеленген тетіктер мен операциялар жиынтығы: инфляция деңгейі, ұсынылатын ақша көлемі мен қарыз құны.

МОНИТОРИҢ – белгілі бір объектінің, үдерістің немесе жағдайдың өзгерістерін жүйелі байқау, тіркеу және талдау.

МОРАЛЬДЫҚ ЗИЯН – басқалардың заңсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі салдарынан адамның бастан кешіретін физикалық немесе психикалық азаптары.

МОРАЛЬДЫҚ ТОЗУ – ғылыми-техникалық прогрестің нәтижесінде объект құнының (құндылығының) жоғалуы, мүліктің материалдық жай-күйіне қарамастан одан да озық баламалардың пайда болуы.

МОРАЛЬДЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙ – адамның ішкі эмоционалдық, рухани және психологиялық тепе-теңдігін, өмірлік күйзеліс деңгейін, сондай-ақ өзін қауіпсіз және сенімді сезінуін сипаттайтын әлеуметтік-психологиялық жай-күйі.

МӨРТАБАН – құжаттардың, бұйымдардың немесе өзге де объектілердің бетіне алдын ала дайындалған рельефті бейнені, жазуды немесе белгіні қайталап түсіруге арналған құрал немесе сол құралмен алынатын бедер.

ИНСТРУМЕНТЫ МОНЕТАРНОЙ ПОЛИТИКИ

– официально систематизированный набор механизмов и операций, которые центральный банк использует для управления денежно кредитными условиями в экономике: уровнем инфляции, предлагаемым объемом денег и стоимостью займа.

МОНИТОРИНГ – систематическое наблюдение, регистрация и анализ изменений определенного объекта, процесса или состояния.

МОРАЛЬНЫЙ ВРЕД – физические или психические страдания, которые человек испытывает из-за противоправных действий или бездействия других лиц.

МОРАЛЬНЫЙ ИЗНОС – потеря объектом своей стоимости (ценности) в результате научно-технического прогресса, появления более совершенных аналогов, независимо от материального состояния имущества.

МОРАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ СОСТОЯНИЕ – социально-психологическое состояние, характеризующее внутреннее эмоциональное, духовное и психологическое равновесие личности, уровень жизненного стресса, а также ощущение безопасности и уверенности.

ШТАМП – средство для дублирования рельефного изображения, надписи или обозначения, заранее подготовленное на поверхности документов, изделий или иных объектов, или оттиск, получаемое этим средством.

МҰРАҒА ИЕ БОЛУ ҚҰҚЫҒЫ – қайтыс болған адамның (мұра қалдырушы) мүлкі мен міндеттердің мұрагерлеріне өту үдерісін реттейтін құқық нормалары жиынтығы.

МҰРАҒАТ ҚҰЖАТЫ – ағымдағы пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін белгіленген нормативтерге сәйкес оны сақтау және кейіннен пайдалану үшін мұрағатқа тапсыратын құжат.

МҰРАНЫ ИЕМДЕНУ – заңды тәртіпте жүзеге асырылатын рәсім, оның нәтижесінде мұрагерлердің қайтыс болған адамның (мұра қалдырушының) мүлкі мен мүлік құқықтарын қабылдауы.

МҰРСАТКҮН – жұмыс берушінің келісімімен қызметкерге мереке немесе демалыс күндері істеген жұмысы немесе артық жұмыс істегеніне берілетін қосымша демалыс күні.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ – мемлекеттік қызметшінің жеке басының мүдделігі мен оның өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісті атқаруының немесе жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің арасында осы заңды мүдделерге зиян келтіретін қайшылықты туындататын жағдаят.

МҮЛІК ДАУЫ – адамдар арасындағы мүліктің меншік құқығы, иеленуі, пайдалануы немесе оған билік етуге байланысты туындайтын құқықтық келіспеушілік немесе дау.

ПРАВО НА НАСЛЕДОВАНИЕ – совокупность правовых норм, регулирующих процесс перехода имущества и обязанностей от умершего лица (наследодателя) к его наследникам.

АРХИВНЫЙ ДОКУМЕНТ – документ, который по истечении срока его текущего использования передается в архив для хранения и последующего использования в соответствии с установленными нормами.

ПРИБРЕТЕНИЕ НАСЛЕДСТВА – юридическая процедура, в результате которой наследники получают имущество и имущественные права умершего лица (наследодателя).

ОТГУЛ – дополнительный день отдыха, предоставляемый работнику за работу в выходной или праздничный день, либо за сверхурочную работу, по согласованию с работодателем.

КОНФЛИКТ ИНТЕРЕСОВ – ситуация, при которой возникает противоречие между личной заинтересованностью государственного служащего и надлежащим исполнением им своих должностных полномочий или законными интересами физических и юридических лиц, государства, способное привести к причинению вреда этим законным интересам

ИМУЩЕСТВЕННЫЙ СПОР – правовой конфликт или разногласие между лицами, связанное с правом собственности, владением, пользованием или распоряжением имуществом.

МҮЛІК КЕШЕНІ – шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін бір бүтін ретінде пайдаланылатын жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзара байланысты бірлестігі.

МҮЛІК КІРІСІ – жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті пайдаланудан, жалға беруден немесе оны басқарудан түсетін пайда.

МҮЛІК ҚАТЫНАСЫ – заттарды, материалдық құндылықтарды иелену, пайдалану және оларға билік етуге байланысты туындайтын әлеуметтік және құқықтық байланыстар.

МҮЛІККЕ ҚОЛ СҰҚПАУ – меншік иесінің заңмен қорғалатын өз мүлкін иелену, пайдалану және оны басқару құқығы.

МҮЛІККЕ ТОҚТАМ САЛУ – сот шешімін орындау немесе дау талапты қамтамасыз ету мақсатымен мүлікке билік етуге (кейде пайдалануға да) тыйым салу.

МҮЛІКТІ ЖАЛҒА АЛУ (ЖАЛҒА БЕРУ) – бір тарап (жалға беруші) өзінің меншік құқығына жататын мүлікті белгілі бір мерзімге және белгілі талапшарттармен екінші тарапқа (жалға алушыға) пайдалануға беретінін растайтын шарттық қатынас.

ИМУЩЕСТВЕННЫЙ КОМПЛЕКС – объединение взаимосвязанного движимого и недвижимого имущества, используемого как одно целое для осуществления хозяйственной деятельности.

ИМУЩЕСТВЕННЫЙ ДОХОД – прибыль, полученная от использования, сдачи в аренду или управления движимым либо недвижимым имуществом.

ИМУЩЕСТВЕННОЕ ОТНОШЕНИЕ – социальные и правовые связи, возникающие в связи с владением, использованием и распоряжением вещами, материальными ценностями.

НЕПРИКОСНОВЕННОСТЬ СОБСТВЕННОСТИ – охраняемое законом право собственника владеть, пользоваться и управлять своим имуществом.

АРЕСТ НА ИМУЩЕСТВО – наложение запрета на распоряжение (а иногда и на пользование) имуществом в целях обеспечения иска или исполнения судебного решения.

НАЕМ (АРЕНДА) ИМУЩЕСТВА – договорные отношения, в рамках которых одна сторона (арендодатель) передает другой стороне (арендатору) принадлежащее ему имущество в пользование на определенный срок и на определенных условиях.

МҮЛІКТІ ЗАНДАСТЫРУ – жеке немесе заңды тұлғалардың өз иеліктеріндегі, бірақ құқық құжаттары жоқ немесе заңнамалық талаптарға сай келмейтін мүліктерін (ақша, жылжымалы және жылжымайтын мүлік) заңды айналымға енгізу үшін жүзеге асыратын арнайы құқықтық рәсім.

МҮЛІКТІ ИЕЛЕНІП АЛУ – қылмыс құқығының аясында бөтен мүлікті кінәлі немесе басқа адамның пайда-сына құқыққа қайшы, өтеусіз алып қою және (немесе) пайдалану нәтижесінде мүлік иесіне немесе басқа меншік иесіне зиян келтіру.

МҮЛІКТІ ИЕЛІКТЕН МӘЖБҮРЛЕП ШЫҒАРУ – мемлекеттік немесе муниципалдық органдардың, сондай-ақ сот органдарының заң немесе сот шешімі негізінде меншік иесінің келісімінсіз мүлікті алып қою үдерісі.

МҮЛІКТІ КҮЗЕТУ – меншік иесінің немесе мүлік иесінің келісімі бойынша мүлікке заңсыз қол сұғудан, ұрлықтан, бүлінуден және басқа да қауіптерден қорғау үшін көрсетілетін қызмет.

МҮЛІКТІ СЕНІМГЕРЛІКПЕН БАСҚАРУ ШАРТЫ – бір тарап (басқару құрылтайшысы) екінші тарапқа (сенімгер басқарушыға) белгілі бір мерзімге мүлікті сенімгерлік басқаруға беретін, ал басқарушы бұл мүлікті құрылтайшының немесе пайда алушының мүддесімен басқаруға міндеттенетін келісім.

ЛЕГАЛИЗАЦИЯ ИМУЩЕСТВА – специальная правовая процедура, осуществляемая физическими или юридическими лицами для введения в законный оборот своего имущества (денег, движимого и недвижимого имущества), но не имеющего правовых документов или не соответствующего законодательным требованиям.

ЗАВЛАДЕНИЕ ИМУЩЕСТВОМ – в контексте уголовного права, означает противоправное, безвозмездное изъятие и (или) использование чужого имущества в пользу виновного или других лиц, причинившее ущерб собственнику или иному владельцу этого имущества.

ПРИНУДИТЕЛЬНОЕ ОТЧУЖДЕНИЕ ИМУЩЕСТВА – процесс, при котором государственные или муниципальные органы, а также судебные инстанции, на основании закона или судебного акта, изымают имущество у его владельца против его воли.

ОХРАНА ИМУЩЕСТВА – услуга по защите имущества от незаконных посягательств, кражи, порчи и других опасностей по согласованию с собственником или собственником имущества.

ДОГОВОР ДОВЕРИТЕЛЬНОГО УПРАВЛЕНИЯ ИМУЩЕСТВОМ – соглашение, по которому одна сторона (учредитель управления) передает другой стороне (доверительному управляющему) имущество в доверительное управление на определённый срок, а управляющий обязуется управлять этим имуществом в интересах учредителя или выгодоприобретателя.

МҮЛІКТІК ЕМЕС ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАР ЖӘНЕ ӨЗГЕ БЕЙМАТЕРИАЛДЫҚ ИГІЛІКТЕР – жеке тұлғаның өміріне, денсаулығына, ар-намысына, қадір-қасиетіне, атына, авторлық құқықтарына қатысты, материалдық құны жоқ, бірақ заңмен қорғалатын құқықтар мен құндылықтар жиынтығы.

МҮЛІКТІК ЖАҒДАЙ – жеке немесе заңды тұлғаның меншігіндегі мүліктердің, ақшалай қаражатының және басқа да активтердің жиынтығын сипаттайтын қаржылық жай-күйі.

МҮЛІКТІК ЗАЛАЛ – мүліктің бүлінуі, жойылуы немесе жоғалуы салдарынан туындайтын қаржылай шығын.

МҮЛІКТІК ҚҰҚЫҚ – заттардың жеке келеген адамдарға және ұжымдарға тиесілігін негіздейтін құқық нормаларының жиынтығы.

МҮЛІКТІҢ ШАРТТАҒЫ РЕЖІМІ – ерлі-зайыптылардың неке шартына сәйкес, олардың мүлкіне қатысты меншік құқығы, пайдалану тәртібі, билік ету тәсілдері мен жауапкершілік шектерін айқындайтын құқықтық режим.

МҮЛІККЕ КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНДЫ ӨТЕУ – құқыққа жат әрекеттер нәтижесінде мүліктің бүлінуі, жоғалуы немесе құнының төмендеуі салдарынан туындаған шығындарды өтеу.

МІНДЕТ – адамның заң, ережелер немесе шартқа сәйкес міндетті түрде орындайтын әрекеті немесе қызметі.

ЛИЧНЫЕ НЕИМУЩЕСТВЕННЫЕ ПРАВА И ИНЫЕ НЕМАТЕРИАЛЬНЫЕ БЛАГА – не имеющие материальной стоимости, но охраняемые законом права и ценности, относящиеся к жизни, здоровью, чести, достоинству, имени, авторским правам и иным нематериальным благам физического лица.

ИМУЩЕСТВЕННОЕ ПОЛОЖЕНИЕ – финансовое состояние физического или юридического лица, характеризующее совокупность его имущества, денежных средств и других активов.

ИМУЩЕСТВЕННЫЙ УЩЕРБ – финансовые потери, которые возникают в результате повреждения, уничтожения или утраты имущества.

ИМУЩЕСТВЕННОЕ ПРАВО – совокупность правовых норм, закрепляющих принадлежность вещей отдельным лицам и коллективам.

ДОГОВОРНЫЙ РЕЖИМ ИМУЩЕСТВА – правовой режим, определяющий в соответствии с брачным договором супругов право собственности, порядок пользования, способы распоряжения их имуществом и пределы ответственности.

ВОЗМЕЩЕНИЕ ИМУЩЕСТВЕННОГО ВРЕДА – компенсация убытков, возникших в результате повреждения, утраты или уменьшения стоимости имущества вследствие правонарушений.

ОБЯЗАННОСТЬ – действие или деятельность, которое человек обязан выполнять в соответствии с законом, правилами или договором.

МІНДЕТ – белгілі бір нәтижеге жету үшін орындалуы тиіс нақты мәселе немесе тапсырма.

МІНДЕТТЕМЕ – бір тұлға (борышкер) екінші бір тұлғаның (кредитордың) пайдасына белгілі бір әрекетті жасауға немесе одан қалыс қалуға міндетті азаматтық-құқықтық қатынас.

МІНДЕТТЕМЕЛІК ҚҰҚЫҚ – міндеттемелердің туындау, өзгеру және тоқтау негіздерін, сондай-ақ олардың орындалу тәртібін реттейтін азаматтық құқықтың бір бөлігі.

МІНДЕТТІЛІК – азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекет алдындағы және заңнамада белгіленген міндетті әрекеттерін орындау қажеттігі.

ЗАДАЧА – конкретная цель или задание, которое необходимо выполнить для достижения определенно-го результата.

ОБЯЗАТЕЛЬСТВО – гражданско-правовое отношение, в силу которого одно лицо (должник) обязано совершить в пользу другого лица (кредитора) определенное действие либо воздержаться от него.

ОБЯЗАТЕЛЬСТВЕННОЕ ПРАВО – часть гражданского права, регулирующая основания возникновения, изменения и прекращения обязательств, а также порядок их исполнения.

ПОВИННОСТЬ – необходимость исполнения обязательных действий гражданами и юридическими лицами перед государством в соответствии с законодательством.

Нн

НАКТЫ – айқын белгіленген, нақты мазмұнға ие, екіұшты емес, түсінікті сипаттамалары бар, белгілі бір жағдаятқа, адамға, затқа немесе оқиғаға тікелей қатысты ұғым.

НАКТЫ ЗАЛАЛ – бүлінген немесе жоғалған мүлікті не бұзылған құқықты қалпына келтіруге жұмсалған шығыстар.

НАКТЫ ҚҰН – мүлікті немесе тауарды сатқан кездегі немесе белгілі бір уақыттағы нарық жағдайларына негізделген объективті құн.

КОНКРЕТНЫЙ – чётко определённое, обладающее конкретным содержанием, недвусмысленное и понятное по своим характеристикам понятие, имеющее непосредственное отношение к определённой ситуации, человеку, предмету или событию.

РЕАЛЬНЫЙ УЩЕРБ – расходы на то, чтобы восстановить испорченное или потерянное имущество или нарушенное право.

ДЕЙСТВИТЕЛЬНАЯ СТОИМОСТЬ – объективная стоимость имущества или товара, основанная на рыночных условиях на момент продажи или в определенный период времени.

НАҚТЫ МИССИЯ – ұйымның, бөлімшенің немесе жеке адамның алдында тұрған анық айқындалған және орындалуға тиісті арнайы міндет.

НАҚТЫ САНЫ – қызметкерлердің, тауарлардың немесе басқа да объектілердің белгілі бір уақыттағы дәл, нақты саны.

НАҚТЫ, ШЫНАЙЫ – шындықта бар, шындыққа сәйкес ақиқат, бірақ ойдан шығарылмаған немесе жалған емес.

Ескертпе. Мәнмәтінге қарай қолданылады.

НАҚТЫЛАУ – белгілі бір сұрақты, мәліметті не ұғымды толықтыру, нақтылау немесе неғұрлым дәл баяндау үдерісі.

НАРЫҚ – белгілі бір тауарлар немесе өзара алмастырылатын тауарлардың сатушылары мен сатып алушыларын қамтитын, белгілі бір географиялық аумақта әрекет ететін және оның аясында субъектілердің үлестері, бәсекелес жағдайы, өнімнің аумағы мен шекаралары, бағалары және басқа да параметрлері қарастырылатын тауар қатынастарының жиынтығы.

НАРЫҚ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚАҒИДАТЫ – нарықтың экономикалық жүйесінің жұмыс істеуін айқындайтын басты қағидағтар.

НАРЫҚТАҒЫ БАҒА – сұраныстың, ұсыныстың, бәсеке мен нарық конъюнктурасының ықпалымен қалыптасатын, мемлекеттің араласуынсыз белгіленетін баға.

КОНКРЕТНАЯ МИССИЯ – четко определенная и подлежащая выполнению специальная задача, поставленная перед организацией, подразделением или отдельным лицом.

ФАКТИЧЕСКАЯ ЧИСЛЕННОСТЬ – точное, реальное количество сотрудников, товаров или иных объектов на определенный момент времени.

РЕАЛЬНЫЙ – существующий в действительности, соответствующий истине, истинный, а не воображаемый или мнимый.

Примечание. Используется в соответствии с контекстом.

УТОЧНЕНИЕ – процесс дополнения, конкретизации или более точного изложения какого-либо вопроса, сведения или понятия.

РЫНОК – совокупность товарных отношений, включающая продавцов и покупателей определенных товаров или взаимозаменяемых товаров, действующих в географически определенной территории, в рамках которых изучаются доли субъектов, условия конкуренции, границы продукта и территории, цены и другие параметры.

ПРИНЦИП РЫНОЧНОЙ ЭКОНОМИКИ – основные принципы, определяющие функционирование экономической системы рынка.

РЫНОЧНАЯ ЦЕНА – цена, формирующаяся под воздействием спроса, предложения, конкуренции и рыночной конъюнктуры, без государственного вмешательства.

НАРЫҚТАҒЫ БАҒАМ – белгілі бір тауардың, көрсетілетін қызметтің немесе валюта бірлігінің нарықтағы ұсыныс пен сұраныс арақатынасына сәйкес қалыптасқан баға деңгейі.

НАРЫҚТАҒЫ ҮСТЕМ ЖАҒДАЙ – кәсіпкерлік субъектісінің нарықтағы позициясын басқа бәсекелестерге қарағанда елеулі басымдықпен пайдалануға мүмкіндік беретін жағдаят.

НАСИХАТТАУ – қоғам пікіріне ықпал ету және белгілі бір идеяларды, көзқарастарды, ілімдерді немесе саяси бағыттарды тарату мақсатында жүзеге асырылатын жүйелі ақпараттық қызмет.

НЕГАТОРЛЫҚ ДАУТАЛАП – меншік иесінің мүлкін заңсыз пайдалану немесе оны пайдалануға кедергі келтіру жағдайын тоқтатуды сұрап, сотқа жазатын дауталабы.

НЕГІЗГІ ҚАРАЖАТ ШЕГЕРІМІ – ұйымның негізгі құралдарды (ғимараттарды, жабдықтарды, машиналарды, көліктерді және т.б.) сатып алуға, пайдалануға немесе олардың тозуына байланысты салық салынатын базадан шегерілетін сомалар.

НЕГІЗДІ ТӘУЕКЕЛ – тәуекелсіз жүзеге асуы мүмкін емес жағдаятта қатердің алдын ала отырып, қоғамға пайда тигізу мақсатында жасалған, қылмыстық құқық бұзуға жатпайтын тәуекел.

РЫНОЧНЫЙ КУРС – уровень цен определённого товара, услуги или валютной единицы, сформированный в соответствии с соотношением спроса и предложения на рынке.

ДОМИНИРУЮЩЕЕ ПОЛОЖЕНИЕ НА РЫНКЕ – ситуация, позволяющая субъекту предпринимательства использовать свою позицию на рынке со значительным преимуществом по сравнению с другими конкурентами.

ПРОПАГАНДА – систематическая информационная деятельность, осуществляемая с целью воздействия на общественное мнение и распространения определенных идей, взглядов, учений или политических направлений.

НЕГАТОРНЫЙ ИСК – иск собственника в суд с требованием прекратить незаконное пользование его имуществом или устранить препятствия в его использовании.

ВЫЧЕТЫ ПО ОСНОВНЫМ СРЕДСТВАМ – суммы, которые организация может вычесть из налогооблагаемой базы в связи с приобретением, использованием или износом основных средств (зданий, оборудования, машин, транспорта и т.д.).

ОБОСНОВАННЫЙ РИСК – риск, не образующий уголовного правонарушения, допущенный для достижения общественно полезной цели в ситуации, когда ее невозможно достичь без риска, и при условии принятия мер по предотвращению вреда.

НЕКЕ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ – заңда белгіленген талапшарттарды бұза отырып тіркеген, жалған болып есептелетін, мәжбүрлеп жасалған некені қиылған кезден бастап, соттың жарамсыз деп тануы.

НЕКЕЛЕСУГЕ МӘЖБҮРЛЕУ – адамға заңсыз ықпал етіп, күш көрсетіп немесе алдап, өз еркінен тыс некеге тұруға мәжбүрлейтін қылмыстық қылық.

НЕКЕНІ ҰЗУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК – бұрынғы ерлі-зайыптылардың ажырасқанын растайтын маңызды құжат.

НЕСИЕ – бір тарап (несие беруші) екінші тарапқа (несие алушыға) ақшаны немесе мүлікті уақытша пайдалануға тегін беретін, ал екіншісі оны қайтаруға міндеттенетін шарт.

НИЕТ – бір нәрсеге, бір іске, біреуге бейіл, ықылас білдіруде алдын ала қалыптасатын мақсатты ой, ынта, тілек.

НОМЕНКЛАТУРА – тауарлардың, көрсетілетін қызметтер мен құжаттардың жүйелі тізімі немесе жіктелімі.

НОМИНАЛ ҚҰН – бағалы қағаздың (акция, облигация), банкноттың, монетаның немесе басқа да қаржы құралының, оның эмитентімен (шығарушысымен) белгіленген, бетіне жазылған бастапқы құны.

НЕДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТЬ БРАКА – признание судом брака недействительным с момента его заключения, если он был зарегистрирован с нарушением установленных законом условий, является фиктивным или был заключён под принуждением.

ПРИНУЖДЕНИЕ К ВСТУПЛЕНИЮ В БРАК – преступное деяние, вынуждающее человека вступить в брак против его воли, путём незаконного воздействия, применения силы или обмана.

СВИДЕТЕЛЬСТВО О РАСТОРЖЕНИИ БРАКА – важный документ, подтверждающий факт развода между бывшими супругами.

ССУДА – договор, по которому одна сторона (ссудодатель) передаёт другую сторону (ссудополучателю) деньги или имущество бесплатно во временное пользование, а вторая — обязуется их вернуть.

НАМЕРЕНИЕ – целенаправленная мысль, энтузиазм, желание, зараннее формирующаяся в стремлении к чему-либо, к одному делу, к кому-либо.

НОМЕНКЛАТУРА – систематизированный перечень или классификация товаров, услуг или документов.

НОМИНАЛЬНАЯ СТОИМОСТЬ – первоначальная стоимость ценной бумаги (акции, облигации), банкноты, монеты или другого финансового инструмента, установленная и обозначенная на нем его эмитентом (выпустившим его лицом).

НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТЫ ӘЗІРЛЕУ НҮСҚАУЫ – нормативтік құқықтық актілерді (заңдарды, ережелерді, қаулыларды) жазу, құрылымдау және ресімдеу бойынша талаптар мен ұсыныстарды қамтитын нұсқаулық.

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІ – құқық нормаларын белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, толықтыратын, тоқтататын немесе уақытша тоқтата тұратын, республикалық референдумда немесе уәкілетті органда қабылданған, нысаны белгіленген, жазбаша ресми құжат.

НОРМАТИВТІК ШАРТ – құқық субъектілерінің арасындағы қатынастарды реттеуге бағытталған, тараптар үшін міндетті ережелер мен құқықтық нормаларды белгілейтін келісім.

НОРМАТҮЗІМ – белгілі бір қызмет саласын немесе қатынастарды реттейтін нормаларды, ережелер немесе стандарттарды жазу үдерісі.

НОРМАШЫҒАРЫМ – қоғамда қолданылатын әртүрлі нормаларды (ережелер, мінез-құлық стандарттары) әзірлеуге, толықтыруға және күшін жоюға бағытталған заңи қызметтің белгілі бір түрі.

НОТАРИАТ ҚҰЖАТТАРЫ – нотариус немесе өзге де уәкілетті адамның куәландырған, растаған, ресімдеген немесе берген, заңи күші бар және сақталатын құжаттары.

РУКОВОДСТВО ПО СОСТАВЛЕНИЮ НОРМАТИВНОГО ДОКУМЕНТА – инструкция, содержащая требования и рекомендации по созданию, структурированию и оформлению нормативных правовых актов (законов, правил, постановлений).

НОРМАТИВНО-ПРАВОВОЙ АКТ – письменный официальный документ установленной формы, принятый на республиканском референдуме либо уполномоченным органом, устанавливающий нормы права, изменяющий, дополняющий, прекращающий или приостанавливающий их действие.

НОРМАТИВНЫЙ ДОГОВОР – соглашение, устанавливающее обязательные правила и правовые нормы, регулирующие отношения субъектов права.

НОРМООБРАЗОВАНИЕ – процесс создания норм, правил или стандартов, которые регулируют определенную область деятельности или отношения.

НОРМОТВОРЧЕСТВО – определенная форма юридической деятельности, направленная на создание, дополнение и отмену различных видов норм (правил, стандартов поведения), действующих в обществе.

НОТАРИАЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ – документы, удостоверенные, засвидетельствованные, оформленные или выданные нотариусом или другим уполномоченным лицом, имеющие юридическую силу и подлежащие хранению.

НОТАРИАТ ҚЫЗМЕТІ – жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған, заңды фактілерді куәландыру және құжаттарға құқықтық күш беру бойынша әрекеттер жасау.

НОТАРИУС РАСТАҒАН – құжатқа қойылған қолдың шынайылығын және құжаттың түпнұсқалығы мен заңды күшін растау рәсімі, сондай-ақ құжаттың құқықтық маңызын арттыруға бағытталған әрекет.

НҮСҚАМА – адамнан немесе белгілі бір органдар мен лауазымды адамдардан құқық қатынастары субъектісінің қызметінде анықталған бұзуларды жоюды талап ететін заңи құжат.

НҮСҚАУ – қандай да бір әрекеттің орындалу тәртібін, ережелерін немесе әдістерін түсіндіретін жүйеленген ақпарат, нұсқаулық немесе құжат.

НҮСҚАУЛЫҚ БЕРУ – жұмыскерлерге еңбек қауіпсіздігі саласындағы ережелер мен нормаларды, жұмыс орнындағы құқықтар мен міндеттерді, сондай-ақ авариялық жағдаяттар туындаған кезде атқарылатын әрекеттерді таныстыруға бағытталған оқыту түрі.

НЫСАН – жүйенің не құбылыс пен зат көрінісінің ұйымдасу тәсілін немесе сұлбасын, сыртқы көрінісін білдіретін ұғым.

НОТАРИАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ – совершение действий по удостоверению юридических фактов и приданию юридической силы документам, направленных на защиту прав и законных интересов физических и юридических лиц.

ЗАВЕРЕННЫЙ НОТАРИУСОМ – процедура, которая заключается в удостоверении подписи документа и подтверждении его подлинности и действительности, а также в расширении правового значения такого документа.

ПРЕДПИСАНИЕ – юридический документ, который требует от человека или определенных органов и должностных лиц устранить выявленные нарушения в деятельности субъекта правоотношений.

РУКОВОДСТВО – систематизированная информация, инструкция или документ, объясняющий порядок, правила или методы выполнения определенного действия.

ИНСТРУКТАЖ – форма обучения, целью которой является знакомство работников с нормами и правилами безопасности на рабочем месте, с их правами и обязанностями в области охраны труда, а также действиями в случае возникновения аварийных ситуаций.

ФОРМА – понятие, выражающее внешний вид, очертание или организационный способ проявления предмета, явления либо системы.

НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОР – мемлекет бағдарламасының, жобасының және стратегиясының орындалу барысын бағалау үшін қолданылатын, белгіленген мақсаттарға жету деңгейін сандық немесе сапалық тұрғыда өлшеуге мүмкіндік беретін көрсеткіш.

ЦЕЛЕВОЙ ИНДИКАТОР – показатель, используемый для оценки хода реализации государственной программы, проекта и стратегии, который позволяет количественно или качественно измерить уровень достижения поставленных целей.

Оо

ОБЛИГАЦИЯ ҰСТАУШЫ – облигацияны иемденетін және одан туындайтын құқықтарға (мысалы, пайыз алуға немесе қарызды қайтаруға) иелік ететін жеке немесе заңды тұлға.

ОБЛЫСТЫҚ ТІЗІМ – облыс аумағындағы басқа да объектілердің немесе ұйымдар мен кәсіпорындардың белгілі бір деректерін жүйелі түрде тіркейтін және есепке алатын ресми тізім.

ОБЪЕКТ – нақты бір мақсатқа бағытталған әрекеттің немесе қызметтің нысанасы болатын, кез келген материалдық немесе материалдық емес құбылыс.

ОҚТАЛУ – қылмыстық құқықта адамның өз әрекетінің қоғамға қауіпті зардаптарын саналы түрде түсініп, қылмыс нәтижесіне қол жеткізу үшін өз еркімен жасайтын қасақана әрекеті.

ОҢТАЙЛЫ ҮЙЛЕСІМ – белгілі бір мақсаттарға жетуге арналған аса тиімді, теңгерімді және үйлесімді элементтер немесе қасиеттер жиынтығы.

ДЕРЖАТЕЛЬ ОБЛИГАЦИИ – физическое или юридическое лицо, владеющее облигацией и обладающее вытекающими из нее правами (например, на получение процентов или возврат долга).

ОБЛАСТНОЙ РЕЕСТР – официальный список, систематически регистрирующий и учитывающий определенные данные организации, предприятия или другие объекты на территории области.

ОБЪЕКТ – любое материальное или нематериальное явление, которое является предметом какого-либо целенаправленного действия или деятельности.

ПОКУШЕНИЕ – в уголовном праве умышленные действия лица, осознающего общественно опасные последствия своего поведения и добровольно совершающего их с целью достижения преступного результата.

ОПТИМАЛЬНОЕ СОЧЕТАНИЕ – наиболее эффективный, сбалансированный и гармоничный набор элементов или качеств для достижения определенных целей.

ОПЦИОНДЫ ОРЫНДАУ БАҒАСЫ

– опцион шартына сай базалық активті болашақта сатып алуға немесе сатуға мүмкіндік беретін белгіленген баға.

ОРГАН ҚЫЗМЕТКЕРІ

– мемлекеттік органда немесе ұйымда штаттық лауазымды атқаратын және мемлекеттік, басқарушылық, құқық қорғау немесе өзге де қоғамдық маңызы бар қызметті жүзеге асыру үшін белгіленген функциялар мен өкілеттіктер жүктелген жұмыскер.

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

– объектінің, ұйымның немесе құбылыстың географиялық немесе нақты орналасқан жері.

ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯ-

ЛАР – акционерлік қоғам шығарған және инвесторлар сатып алды, ақын төлеген, сондай-ақ акционерлік қоғамның өзі қайта сатып алған акциялары.

ОРНЫҚТЫЛЫҚ

– жүйенің, объектінің немесе үдерістің сыртқы не ішкі әсерлерге қарамастан тепе-теңдігін, жұмыс қабілеттілігін сақтап қалу қасиеті.

ОРТАҚ БОРЫШ

– әр тараптың борыш міндеттемелерінің көлемі мен шарттары тең дәрежеде болатын, екі немесе одан да көп тараптың бір-біріне бірдей мөлшерде және бірдей шарттар негізінде берешегінің болуы.

ЦЕНА ИСПОЛНЕНИЯ ОПЦИОНА

– установленная цена, по которой опционный контракт дает право на покупку или продажу базового актива в будущем.

СОТРУДНИК ОРГАНА

– работник, занимающий штатную должность в государственном органе или организации и наделённый установленными функциями и полномочиями для осуществления государственной, управленческой, правоохранительной или иной общественно значимой деятельности.

МЕСТОПОЛОЖЕНИЕ

– географическое или физическое местонахождение объекта, организации или явления.

РАЗМЕЩЕННЫЕ АКЦИИ

– акции, которые были выпущены акционерным обществом, приобретены и оплачены инвесторами, а также акции, выкупленные самим акционерным обществом.

УСТОЙЧИВОСТЬ

– способность системы, объекта или процесса сохранять равновесие и работоспособность при воздействии внешних или внутренних изменений.

ДОЛГ СОЛИДАРНЫЙ

– задолженность, при которой две или более стороны обязаны друг другу в равных объёмах и на одинаковых условиях, то есть долговые обязательства всех сторон являются равными по объёму и условиям.

ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫС АУҚЫМЫ – жоспарланған жұмыстың қанша бөлігі нақты орындалғанын сипаттайтын сандық немесе сапалық көрсеткіштер жиынтығы.

ОРЫНЖАЙ – тұрғын үй, әкімшілік, өндірістік, сауда немесе өзге де мақсаттарға пайдаланылатын, қабырғалар, төбе және еденмен шектелген құрылысжай немесе ғимараттың бөлігі.

ОСЫ ЗАҢ – маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, негізгі қағидағтар мен нормаларды белгілейтін нормативтік құқықтық акт.

ОТБАСЫ ЖАҒДАЙЫ – жеке адамның некеде тұрған не тұрмаған жай-күйін, балаларының бар-жоғын және отбасылық мәртебесін көрсететін мәлімет.

ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ – некеге тұру, оны үзу, ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың арасындағы жеке және мүдіктік қатынастарды реттейтін құқық саласы.

ОФШОРСЫЗДАНУ – офшорлық аймақтарға мемлекет экономикасы капиталының шығуын болдырмауға немесе шектеуге, сондай-ақ шетелде тіркелген компаниялардың шынайы бенефициар иелерін анықтауға және салық базасын кеңейтуге бағытталған, экономикалық және құқықтық шаралар жиынтығы.

ОБЪЕМ ВЫПОЛНЕННЫХ РАБОТ – совокупность количественных или качественных показателей, которые характеризуют, какая часть запланированных работ была фактически выполнена.

ПОМЕЩЕНИЕ – часть здания или сооружения, ограниченная стенами, потолком и полом, используемая для жилых, административных, производственных, торговых или иных целей.

НАСТОЯЩИЙ ЗАКОН – нормативный правовой акт, который регулирует важнейшие общественные отношения, устанавливает основополагающие принципы и нормы.

СЕМЕЙНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ – сведения, указывающие на состояние лица в браке, наличие детей и его семейный статус.

СЕМЕЙНОЕ ПРАВО – отрасль права, регулирующая личные и имущественные отношения, возникающие между супругами, родителями и детьми, а также порядок заключения и расторжения брака.

ДЕОФШОРИЗАЦИЯ – комплекс экономических и правовых мер, направленных на ограничение или предотвращение оттока капитала из экономики государства в офшорные зоны, а также на выявление истинных бенефициарных владельцев компаний, зарегистрированных за рубежом, и расширение налоговой базы.

ӨӨ

ӨЗ ЕРКІМЕН ОРЫНДАУ – қандай да бір міндеттемені, талапты немесе тапсырманы қысымсыз, мәжбүрлеусіз, жеке қалауы мен келісімі бойынша орындауы.

ӨЗ ҚАРАЖАТЫ – кәсіпорынның өз қызметін қаржыландыру үшін қолданылатын, оған тиесілі және оның иелігіндегі қаражаттар жиынтығы.

ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ – екі немесе одан да көп субъектінің бір-біріне ықпал етіп, өзара байланысқа түсуі.

ӨЗГЕНІҢ МҮЛКІН ИЕМДЕНІП АЛУ – мүлік сеніп тапсырылған адамның ол мүлікті, өзінің немесе үшінші тұлғаның пайдасына заңсыз айналдыру арқылы жасалатын жымқыру.

ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАН АДАМ – жалдамалы жұмыскерлерді тартпай, жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысатын немесе жеке практикасын жүргізетін, табыс табатын және салық төлейтін жеке адам.

ӨЗІНШЕ БИЛІК ЕТУ – қандай да бір істерді шешу кезінде заң тәртібін бұзу, бір нәрсені өз бетінше, заңсыз жүзеге асыру.

ӨКІЛДІК – бір тұлға (өкіл) басқа тұлғаның (өкілдің) атынан және оның мүддесі үшін әрекет ететін, ол үшін азаматтық құқықтар мен міндеттерді құратын, өзгертетін немесе тоқтататын заңи институт.

ДОБРОВОЛЬНОЕ ИСПОЛНЕНИЕ – осуществление какого-либо обязательства, требования или поручения без принуждения, по личному желанию и согласию.

СОБСТВЕННЫЕ СРЕДСТВА – совокупность средств, принадлежащих предприятию и находящихся в его распоряжении, которые используются для финансирования его деятельности.

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ – воздействие двух или более субъектов друг на друга и их взаимосвязь.

ПРИСВОЕНИЕ ЧУЖОГО ИМУЩЕСТВА – хищение, при котором лицо, которому имущество было вверено, обращает его в свою пользу или пользу третьих лиц, не имея на то права.

САМОСТОЯТЕЛЬНО ЗАНЯТОЕ ЛИЦО – физическое лицо, занимающееся предпринимательской деятельностью или частной практикой без привлечения наемных работников, получающее доход и уплачивающее налоги.

САМОУПРАВСТВО – нарушение законного порядка при решении каких-либо дел, самовольное незаконное осуществление чего-либо.

ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВО – юридический институт, при котором одно лицо (представитель) действует от имени и в интересах другого лица (представляемого), создавая, изменяя или прекращая для него гражданские права и обязанности.

ӨКІЛЕТТІК – белгілі бір мәселе-лерді шешу үшін қандай да бір лауазымға немесе ұйымға ресми түрде бекітілген құқықтар жиынтығы.

ӨКІМ – уәкілетті адамның немесе органның нақты мәселе бойынша қабылдайтын және орындалуы міндетті болатын жеке құқықтық актісі.

ӨКІМДІК ҚҰЖАТ – ұйым қызметінің әкімшілік және ұйымдастырушылық мәселелерінің шешімдері жазылған құжат.

ӨЛІМДІ ТІРКЕУ – адамның қайтыс болған фактісін ресми растап, оны азаматтық хал актілерін тіркеу органында заңи тіркеу рәсімі.

ӨЛШЕМШАРТ – қандай да бір нәрсенің қойылған талаптарға (өлшемге) сәйкестігін бағалау үшін қолданылатын белгі, негіз немесе шешім қабылдау ережесі.

ӨМІРДЕРЕК ҚҰЖАТТАРЫ – азаматтың (жеке тұлғаның) жеке, қоғамдық немесе кәсіби өмірінде өзі жасаған не болмаса оған жолданған, сондай-ақ оның жеке құқықтары, міндеттері, күйзелістері, көзқарастары немесе өмірбаян мәліметтері көрініс тапқан құжаттар.

ӨНДІРІП АЛУ – борышкердің ақшалай қаражатын, мүлігін немесе басқа да құндылықтарын кредитордың пайдасына сот актісі негізінде мәжбүрлеп алып қою.

ПОЛНОМОЧИЕ – совокупность официально закрепленных за какой-либо должностью или организацией прав для решения определенного круга вопросов.

РАСПОРЯЖЕНИЕ – индивидуальный правовой акт, принимаемый уполномоченным лицом или органом по конкретному вопросу и обязательный для исполнения.

РАСПОРЯДИТЕЛЬНЫЙ ДОКУМЕНТ – документ, в котором фиксируются решения административных и организационных вопросов деятельности организации.

РЕГИСТРАЦИЯ СМЕРТИ – процедура юридической регистрации в органе регистрации актов гражданского состояния, официально подтверждающая факт смерти человека.

КРИТЕРИЙ – признак, основание, правило принятия решения по оценке чего-либо на соответствие предъявленным требованиям (мере).

ДОКУМЕНТЫ ЛИЧНОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ – документы, созданные гражданином (физическим лицом) в процессе его личной, общественной или профессиональной жизни, либо адресованные ему, и отражающие его индивидуальные права, обязанности, переживания, взгляды или биографические сведения.

ВЗЫСКАНИЕ – принудительное изъятие денежных средств, имущества или иных ценностей с должника в пользу кредитора на основании судебного акта.

ӨНДІРІП АЛУ МЕРЗІМДЕРІ – уәкілетті органдар немесе адамдар экономикалық, қаржылық немесе шаруашылық құқықтық қатынастардың міндеттемелерін немесе шарттарын бұзғаны үшін жауаптылық шараларын (айыппұлдар, өсімпұлдар, шегерімдер, санкциялар) қолдануға құқылы болатын нормативтік актілермен немесе шарт талапшарттарымен белгіленген мерзімдер.

ӨНДІРІП АЛУҒА ЖҮГІНУ – борышкердің өндіріп алушының алдындағы берешегін, оның мүлкін нәрзірлеп алып қою арқылы өтеуге бағытталған заңи рәсім.

ӨНДІРІП АЛУҒА КЕЛМЕЙТІН БЕРЕШЕК – борышкерден әртүрлі себептерге байланысты өндіріп алуға келмейтін қарыздар.

ӨНДІРУШІ – өнім өндіретін, жұмыстарды орындайтын немесе қызмет көрсететін әрі өз өнімінің немесе қызметінің сапасы мен қауіпсіздігіне жауап бере отыра, нарықта өз атынан әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға.

ӨНІМ БЕРУШІ – шарт, келісім-шарт немесе міндеттеме негізінде тауарларды жеткізіп, жұмыстарды орындап, көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

ӨНІМ ШЫҒАРУШЫ – тауар өндіруін жүзеге асыратын, оны өз атымен, тауар таңбасымен немесе өзге де белгілермен шығаратын, әрі оның сапасы мен қауіпсіздігі үшін жауапты болатын жеке немесе заңды тұлға.

СРОКИ НАЛОЖЕНИЯ ВЗЫСКАНИЯ – установленные нормативными актами или договорными условиями временные промежутки, в течение которых уполномоченные органы или лица вправе применять меры ответственности (штрафы, пеня, удержания, санкции) за нарушение обязательств или условий экономических, финансовых или хозяйственных правоотношений.

ОБРАЩЕНИЕ ВЗЫСКАНИЕ – юридическая процедура, в рамках которой принудительно изымается имущество должника для погашения его задолженности перед взыскателем.

БЕЗНАДЕЖНЫЕ К ВЗЫСКАНИЮ ЗАДОЛЖЕННОСТИ – долги, которые, по различным причинам, невозможно взыскать с должника.

ПРОИЗВОДИТЕЛЬ – физическое или юридическое лицо, которое изготавливает продукцию, выполняет работы или оказывает услуги, и может выступать на рынке от своего имени, обеспечивая качество и безопасность своей продукции или деятельности.

ПОСТАВЩИК – физическое или юридическое лицо, которое осуществляет поставку товаров, выполнение работ или оказание услуг по договору, контракту или обязательству.

ИЗГОТОВИТЕЛЬ – физическое или юридическое лицо, которое осуществляет производство товара, выпускает продукцию под своим именем, товарным знаком или иным обозначением, и несет ответственность за её качество и безопасность.

Өңір – кең аудан, көршілес елдер тобы немесе бірнеше жалпы белгілері (географиялық, экономикалық, саяси) бойынша біріктірілген аумақтар.

Өңірлік келісім – белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірліктегі (облыс, республикалық маңызы бар қала) әлеуметтік-еңбек қатынастарын және онымен байланысты экономикалық қатынастарды реттеудің жалпы қағидағтарын белгілейтін құқықтық акт.

Өңірлік нышан – белгілі бір өңірдің тарихи, мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін бейнелейтін және оны таныстыру мен сәйкестендіру үшін қолданылатын, ресми түрде бекітілген рәміздер жиынтығы (мемлекеттік елтаңбаға ұқсас жергілікті елтаңба, ту, эмблема, әнұран және басқа белгілер).

Өңірлік терроризмге қарсы құрылым – өңірлік халықаралық ұйым шеңберінде жұмыс істейтін және қатысушы мемлекеттердің терроризмге қарсы күрес жөніндегі бірлескен күш-жігерін үйлестіруге құрылған тұрақты жұмыс істейтін орган.

Өрт қауіпсіздігі ережелері – өрттің болуын алдын алуға, оның жайылуын шектеуге және өрт кезінде залалды азайтуға бағытталған шаралар мен нұсқамалар жиынтығы.

РЕГИОН – обширный район, группа соседствующих стран или территорий, объединённых по нескольким общим признакам (географическим, экономическим, политическим).

РЕГИОНАЛЬНОЕ СОГЛАШЕНИЕ – правовой акт, устанавливающий общие принципы регулирования социально-трудовых отношений и связанных с ними экономических отношений на территории определенной административно-территориальной единицы (области, города республиканского значения).

РЕГИОНАЛЬНАЯ СИМВОЛИКА – совокупность официально установленных символов (таких как герб, флаг, эмблема, гимн и другие знаки), отражающих исторические, культурные и социальные особенности определённого региона и используемых для его идентификации и представления.

РЕГИОНАЛЬНАЯ АНТИТЕРОРИСТИЧЕСКАЯ СТРУКТУРА – постоянно действующий орган, функционирующий в рамках региональной международной организации и созданный для координации совместных усилий государств-участников по борьбе с терроризмом.

ПРОТИВОПОЖАРНЫЕ ПРАВИЛА – комплекс мер и предписаний, направленных на предотвращение возникновения пожаров, ограничение их распространения и минимизацию ущерба при пожаре.

ӨСИЕТ МІНДЕТТЕМЕСІ – өсиет қалдырушы адамның өсиетіндегі нақты бір адамға орындау немесе міндетті түрде орындау үшін жүктелген міндет немесе талап.

ӨСІМАҚЫ – міндеттемені немесе төлемді белгіленген мерзімде орындамағаны үшін заңда немесе шартта көзделген, мерзімі өткен әр күн үшін есептелетін қаржылық санкция.

ӨТЕЛМЕГЕН КРЕДИТ – қарыз алушының кредитті өтеу кестесінің белгіленген мерзіміне сәйкес төлем жасамауы.

ӨТЕМ, ӨТЕУ – келтірілген залалдың, шығынның немесе зиянның өтемақысын беру.

ӨТЕМАҚЫ – қандай да бір залалдың немесе шығынның орнын толықтыру үшін төленетін ақшалай сома немесе өзге де сыйақы.

ӨТЕМАҚЫ ШАРТЫ – бір тарап екінші тарапқа тауарларды жеткізгені, жұмыстарды орындағаны немесе қызметтерді көрсеткені үшін ақы төлейтін, ал ақшалай төлемнің орнына басқа тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер түрінде өтем алатын келісім.

ӨТЕП АЛУ – белгілі бір (белгіленген) өтемақы төлеу арқылы бір тараптың екінші тараптан мүлік сатып алуын көздейтін азаматтық-құқықтық мәміле.

ӨТЕУЛІ МӘМІЛЕ – тараптардың әрқайсысы өз міндеттемелерін орындағаны үшін қарсы тараптан ақы немесе өзге де өтем алу үшін жасалатын азаматтық-құқықтық мәміле.

ЗАВЕЩАТЕЛЬНЫЙ ОТКАЗ – обязанность или требование, возложенное на конкретное лицо в завещании лица, оставившего завещание, для обеспечения обязательного исполнения или исполнения.

ПЕНЯ – финансовая санкция, предусмотренная законом или договором за неисполнение обязательства или платежа в установленный срок и начисляемая за каждый день просрочки.

НЕПОГАШЕННЫЙ КРЕДИТ – кредит, по которому заемщик не произвел своевременные платежи в соответствии с установленным графиком погашения.

ВОЗМЕЩЕНИЕ – предоставление компенсации за причиненный ущерб, убытки или вред.

КОМПЕНСАЦИЯ – денежная сумма или иное вознаграждение, выплачиваемые с целью возмещения какого-либо ущерба или убытка.

КОМПЕНСАЦИОННЫЙ ДОГОВОР – соглашение, по которому одна сторона оплачивает другой поставку товаров, выполнение работ или оказание услуг, а вместо денежной оплаты получает другие товары или услуги.

ВЫКУП – гражданско-правовая сделка, предусматривающая приобретение одной стороной имущества у другой стороны в собственность посредством выплаты определённой (установленной) компенсации.

ВОЗМЕЗДНАЯ СДЕЛКА – гражданско-правовая сделка, предусматривающая получение каждой из сторон платы или иного встречного предоставления за исполнение своих обязанностей.

ӨТЕУСІЗ ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК – ешқандай да бір ақы немесе қарсы ұсыныс алмастан, ақшалай қаражатты немесе басқа мүлікті екінші тараптың меншігіне беру.

ӨТЕУСІЗ МӘМІЛЕ – ақы немесе өзге де қарсы өтем талап етпей, оның шеңберінде, тараптардың бірі екінші тарапқа мүлік беретін, жұмыстарды орындайтын не қызметтерді көрсететін азаматтық-құқықтық мәміле.

ӨТІНІШ – адамның (азаматтың, ұйымның) мемлекеттік органдарға, мекемелерге немесе лауазымды адамдарға жазбаша немесе ауызша өтініш, ұсыныс, хабарлама немесе талап түрінде жіберілген ресми жолданымы.

Ескертпе. Қазақ тіліндегі «өтініш, мәлімдеме, арыз» құжат атауларының үшеуі де орыс тіліне «заявление» болып аударылады. Анықтамалары әліпби ретімен берілді.

ӨТІНІШХАТ – сотқа, басқа мемлекеттік органға, лауазымды адамға немесе ұйымға белгілі бір әрекетті жасау, шешім қабылдау немесе қандай да бір фактіні тану туралы қатысушы тараптың не мүдделі адамның ресми жүгінуі (өтініші).

ӨТКЕН КҮНІН ҚОЮ – құжаттың нақты жасалған, қол қойылған немесе күшіне енген күнінен бұрынғы күнді әдейі көрсету.

БЕЗВОЗМЕЗДНАЯ ФИНАНСОВАЯ ПОМОЩЬ – передача денежных средств или иного имущества в собственность другой стороны без получения взамен какой-либо платы или встречного предоставления.

БЕЗВОЗМЕЗДНАЯ СДЕЛКА – гражданско-правовая сделка, в рамках которой одна из сторон предоставляет другой стороне имущество, выполняет работы или оказывает услуги без получения платы или иного встречного предоставления.

ЗАЯВЛЕНИЕ – официальное обращение лица (гражданина, организации) в письменной или устной форме, направленное в государственные органы, учреждения или должностным лицам с просьбой, предложением, сообщением или требованием.

Примечание. Названия документов «өтініш, мәлімдеме, арыз» во всех трёх случаях переводятся на русский язык как «заявление». Определения приведены в алфавитном порядке.

ХОДАТАЙСТВО – официальное обращение (просьба) участника или заинтересованного лица к суду, другому государственному органу, должностному лицу или организации с просьбой о совершении определенных действий, принятии решения или признании какого-либо факта.

АНТИДАТИРОВАНИЕ – указание в документе заведомо более ранней даты, чем дата его фактического составления, подписания или вступления в силу.

Пп

ПАЙДА – кәсіпорынның немесе жеке тұлғаның кірістері мен шығыстары арасындағы оң айырмашылық, яғни қызмет нәтижесінде алынған таза табыс.

ПАЙЫЗ – жүзден бір бөлік, ақшаны немесе басқа да активтерді пайдаланғаны үшін төленетін сыйақы, әдетте қарыз сомасының белгілі бір үлесі ретінде есептеледі.

ПАЙЫЗ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ – кредит алушы белгілі бір мерзім (ай, тоқсан, жыл) ішінде кредит қаражатын пайдаланғаны үшін төлейтін, кредит сомасының пайызы ретінде көрсетілген сома.

ПАЙЫМ – болашаққа деген көзқарас, мақсат, даму бағыты.

ПАРАФИРЛЕУ – тараптардың уәкілетті өкілдері құжаттың әр бетіне немесе соңына өз инициалдарын (параф) қою арқылы халықаралық шарттың немесе өзге ресми құжаттың мәтінін алдын ала куәландыру рәсімі.

ПАСПОРТ, ТӨЛҚҰЖАТ – азаматтың жеке басын куәландыратын және ел аумағында немесе одан тыс жерде азаматтығын растайтын құжат.

ПАСПОРТТЫҚ БАҚЫЛАУ – саяхатшылардың жеке басын және елге кіру немесе шығу құқығын растау үшін құжаттарын тексеретін мемлекеттік органның рәсімі.

ПРИБЫЛЬ – положительная разница между доходами и расходами предприятия или физического лица, то есть чистый доход, полученный в результате деятельности.

ПРОЦЕНТ – одна сотая часть, вознаграждение, выплачиваемое за использование денег или других активов, обычно рассчитываемое как определенная доля от суммы долга.

ПРОЦЕНТНАЯ СТАВКА – сумма, указанная в процентном выражении к сумме кредита, которую платит получатель кредита за пользование им в расчёте на определённый период (месяц, квартал, год).

ВИДЕНИЕ – представление о будущем, цель, направление развития.

ПАРАФИРОВАНИЕ – процедура предварительного удостоверения текста международного договора или иного официального документа путем проставления инициалов (параф) уполномоченными представителями сторон на каждой странице или в конце документа.

ПАСПОРТ – документ, удостоверяющий личность гражданина и подтверждающий гражданство на территории страны и за ее пределами.

ПАСПОРТНЫЙ КОНТРОЛЬ – процедура, при которой государственные органы проверяют документы путешественников для подтверждения их личности и права на въезд или выезд из страны.

ПАСПОРТТЫҢ ЖАРАМДЫ МЕРЗІМІ – құжаттың заңи күшін сақтайтын және оны мақсатына сай пайдалануға болатын уақыт кезеңі.

ПАТЕНТТІК ҚҰҚЫҚ – авторлық құқықты және өнертабысты, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні пайдаланудың ерекше құқықтарын реттейтін құқық саласы.

ПӘН – 1. Зерттелетін, қолданылатын немесе реттелетін кез келген объект немесе құбылыс. 2. Ғылым немесе ғылым саласы, жеке оқу пәні.

Ескертпе. «Предмет» сөзі қазақ тілінде бірнеше мағынада қолданылады. Оқу үдерісіне, ғылым саласына қатысты айтылса, «пән» болады (оқу пәні, зерттеу пәні). Егер белгілі бір құқық мәселесінің мазмұны немесе іс жүргізудегі талаптың негізгі сипаттамасы туралы сөз болса, онда «мән» немесе «зат» сөзі қолданылады (дауталап мәні, құқықтық мәні бар, микрокредит мәні, істің мәні, шарттың мәні, қылмыс заты және т.б.). Ал азаматтық-құқықтық қатынастарда, әсіресе шарттар, міндеттемелер немесе мәмілелер бойынша нысананың қандай мүлікке не құқық объектісіне бағытталғанын көрсету қажет болғанда «нысана» сөзі қолданылады (мүлік нысанасы, міндеттеме нысанасы, кепіл нысанасы және т.б.).

ПИЛОТ ЖОБА – идеяларды, технологияларды немесе үдерістерді кең көлемде енгізу алдында, сынақтан өткізу үшін іске қосылатын жобаның шектеулі нұсқасы.

СРОК ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ ПАСПОРТА – период времени, в течение которого документ сохраняет свою юридическую силу и может быть использован по назначению.

ПАТЕНТНОЕ ПРАВО – отрасль права, регулирующая авторские права и исключительные права на использование изобретений, полезных моделей или промышленных образцов.

ПРЕДМЕТ – 1. Любой объект или явление, подлежащие изучению, использованию или регулированию. 2. Наука или раздел науки, отдельная учебная дисциплина.

Примечание. Слово «предмет» в казахском языке употребляется в нескольких значениях. Когда речь идет об учебном процессе или области науки, оно передается словом «пән» (оқу пәні, зерттеу пәні). Если речь касается содержания определенного правового вопроса или основной характеристики требования в процессе, используются слова «мән» или «зат» (дауталап мәні, құқықтық мәні бар, микрокредит мәні, істің мәні, шарттың мәні, қылмыс заты и т.д.). В гражданско-правовых отношениях, особенно в договорах, обязательствах или сделках, когда необходимо указать, на какое имущество или правовой объект направлен предмет обязательства, используется слово «нысана» (мүлік нысанасы, міндеттеме нысанасы, кепіл нысанасы и т.д.).

ПИЛОТНЫЙ ПРОЕКТ – ограниченная версия проекта, которую запускают для тестирования идей, технологий или процессов перед их масштабным внедрением.

ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС – алқалы органның жұмыс нысаны, онда оның барлық (немесе көпшілік) мүшесі қатысып, органның құзыретіне кіретін негізгі сұрақтардың шешімдері қабылданады.

ПОШТА ҚЫЗМЕТІ – хат-хабарларды, сәлемдемелерді және басқа да пошта жөнелтілімдерін қабылдау, өңдеу, тасымалдау және жеткізу бойынша көрсетілетін қызмет.

ПРАКТИКА ӨЛШЕМШАРТЫ – құқық қолдану, рұқсат беру немесе әкімшілік қызметті бағалау үшін қолданылатын, белгіленген белгі немесе параметр.

ПРЕВЕНТИВТІ – құқық бұзуға, соның ішінде қылмыстарға жол бермеуге бағытталған құқықтық, ұйымдастыру және тәрбиелік шаралар жүйесі.

ПРОКУРОРЛАР БАҒЫНЫСТЫЛЫҒЫ – төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға қызметтік және әкімшілік тұрғыдан тәуелді болуы, олардың нұсқаулары мен талаптарын орындау міндеттілігі.

ПРОКУРОРЛЫҚ ДЕН ҚОЮ АКТІСІ – заңдылықтың сақталуын қадағалау барысында прокурор тарапынан заң бұзуды жою, кінәлі адамдарды жауапқа тарту және бұзылған құқықтарды қалпына келтіру мақсатында шығарылатын ресми құжат.

ПРОЦЕСТІК МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ – іс бойынша іс жүргізудің тиісті барысын, процестік міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ сот төрелігіне кедергі келтірудің алдын алу мақсатында іске қатысушы адамдарға қолданылатын мемлекеттік-биліктік шаралар.

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ – форма работы коллегиального органа, на которой присутствуют все (или большинство) его членов и принимаются ключевые решения по вопросам, входящим в его компетенцию.

ПОЧТОВАЯ УСЛУГА – услуги по приему, обработке, транспортировке и доставке корреспонденции, посылок и других почтовых отправлений.

КРИТЕРИЙ ПРАКТИКИ – установленный признак или параметр, используемый для оценки правоприменения, допустимости или административной деятельности.

ПРЕВЕНТИВНЫЙ – система правовых, организационных и воспитательных мер, направленных на недопущение правонарушений, в том числе преступлений.

ПОДЧИНЕННОСТЬ ПРОКУРОРОВ – зависимость нижестоящих прокуроров от вышестоящих в служебном и административном отношении, обязанность выполнять их указания и требования.

АКТ ПРОКУРОРСКОГО РЕАГИРОВАНИЯ – официальный документ, который издается прокурором при осуществлении надзора за соблюдением законности, с целью устранения нарушений закона, привлечения виновных к ответственности и восстановления нарушенных прав.

МЕРЫ ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ПРИНУЖДЕНИЯ – государственно-властные меры, применяемые к участникам процесса в целях обеспечения надлежащего хода производства по делу, исполнения процессуальных обязанностей, а также для предотвращения препятствий правосудию.

ПШІР – жеке адамның немесе топтың қандай да бір мәселе, оқиға немесе құбылысқа беретін өзіндік көзқарасы, бағасы, пайымдауы.

МНЕНИЕ, ОТЗЫВ – личная точка зрения, оценка или суждение отдельного лица или группы лиц по какому-либо вопросу, событию или явлению.

Рр

РАҚЫМШЫЛЫҚ – мемлекет басысының немесе басқа уәкілетті мемлекеттік органның актісі негізінде белгілі бір адам тобын қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан босату.

РАСТАУ – жалпы тұжырымдардың салдарын анықтап, кейін оларды бекітілген шынайы жағдайлармен сәйкестендіру арқылы дәлелдеудің бір түрі.

РӘСІМ – сотта немесе өзге де заңи инстанцияда істі қарау тәртібі.

РӘСІМКҮӘ – іс нәтижесіне мүдделі емес, тергеу әрекеттерінің жүргізілу фактісін және заңдылығын куәландыру мақсатында бейтарап бақылаушы ретінде қатыстырылатын процестік тұлға.

***Ескертпе.** Қазіргі заң мәтініндегі синоним ретінде қолданылып жүрген «куә мен куәгер» сөздері орыс тіліне «свидетель» және «понятой» болып аударылып жүр, алайда бұл екі сөз бір түбірден жасалғандықтан, заң мәтініндегі ұғымдардың шатасуына, қате қолданыстардың тууына жол ашты. Сол себепті «свидетель» сөзі «куәгер», ал «понятой» сөзі «рәсімкуә» болып аударылды.*

АМНИСТИЯ – освобождение от уголовной ответственности или наказания определённой группы лиц на основании акта главы государства или иного уполномоченного государственного органа.

ПОДТВЕРЖДЕНИЕ – один из видов обоснования, состоящий в выведении следствий из общих утверждений с последующим их соотношением с достоверно установленными положениями.

ПРОЦЕДУРА – порядок ведения дела в суде или другой юридической инстанции.

ПОНЯТОЙ – незаинтересованное в исходе дела процессуальное лицо, привлекаемое для участия в следственных действиях в качестве нейтрального наблюдателя с целью удостоверения факта их проведения и законности.

***Примечание.** В современных законодательных текстах слова «куә» и «куәгер», используемые как синонимы, переводятся на русский язык как «свидетель» и «понятой». Поскольку эти два казахских слова происходят от одного корня, это приводит к путанице в правовых понятиях и ошибочному использованию в текстах закона. Поэтому в юридическом переводе слово «свидетель» соответствует «куәгер», а слово «понятой» – «рәсімкуә».*

РЕИНЖИНИРИЦ – шығындар, сапа, қызмет көрсету және жылдамдық секілді негізгі көрсеткіштерді айтарлықтай жақсарту мақсатында ұйымның негізгі бизнес үдерістерін түбегейлі қайта қарау және қайта жобалау.

РЕНТАЛЫҚ ҚАРЫЗ – облигация ұстаушыларға тұрақты, тіркелген табысқа (рента) кепілдік берілетін, бірақ қарызды өтеу мерзімі мен негізгі борышты қайтару міндеттемесі белгіленбейтін мемлекеттік қарыз нысаны.

РҰҚСАТ – адамның немесе ұйымның заңмен белгіленген тәртіпте қандай да бір ақпаратқа, құжатқа, мүлікке немесе көрсетілетін қызметке қол жеткізу құқығы.

РҰҚСАТ – рұқсат беру органдары лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімі арқылы жүзеге асыратын, жеке немесе заңды тұлғаның, сондай-ақ қызмет нысаны қаржылық көрсетілетін қызметтер болатын, шетелдік заңды тұлға филиалының қызметін немесе әрекеттерін (операцияларды) жүзеге асыру құқығын растау.

РҰҚСАТ БЕРУ, РҰҚСАТТАМА – белгілі бір әрекетті жасауға, объектіге кіруге немесе ақпаратты алуға құқық беретін ресми рұқсат немесе құжат.

РҰҚСАТНАМА – белгілі бір аумаққа, ғимаратқа кіруге құқық беретін ресми құжат.

РЕИНЖИНИРИНГ – радикальное переосмысление и перепроектирование основных бизнес-процессов организации с целью достижения существенных улучшений в ключевых показателях деятельности, таких как затраты, качество, обслуживание и скорость.

ЗАЕМ РЕНТНЫЙ – форма государственного займа, при которой держателям облигаций гарантируется регулярный фиксированный доход (рента), однако срок погашения займа и обязательство возврата основной суммы долга не устанавливаются.

ДОСТУП – право лица или организации получать информацию, документы, имущество или услуги в установленном законом порядке.

РАЗРЕШЕНИЕ – подтверждение права физического или юридического лица, а также филиала иностранного юридического лица, предметом деятельности которого является оказание финансовых услуг, на осуществление деятельности или действий (операций), осуществляемое разрешительными органами посредством лицензирования или разрешительной процедуры.

ДОПУСК – официальное разрешение или документ, предоставляющий право на совершение определенного действия, доступ к объекту или информации.

ПРОПУСК – официальный документ, дающий право на вход в определенную территорию, здание.

РҰҚСАТНАМА БЮРОСЫ – ұйымда немесе мекемеде рұқсатнамаларды ресімдеу, беру, тіркеу және есепке алумен айналысатын бөлімше.

РҰҚСАТЫ БАР БАРЛАУ – барлау органдарының ресми (ашық) бүркемелену негізінде, орналасқан мемлекеттің заңнамасы мен халықаралық нормаларын сақтай отырып, оның егемендігін бұзбай, бірақ барлаушы жіберген мемлекеттің мүддесі үшін жүзеге асырылатын қызметі.

БЮРО ПРОПУСКОВ – подразделение в организации или учреждении, занимающееся оформлением, выдачей, регистрацией и учетом пропусков.

ЛЕГАЛЬНАЯ РАЗВЕДКА – деятельность разведывательных органов, осуществляемая под официальным (открытым) прикрытием, с соблюдением законодательства страны пребывания и международных норм, без нарушения её суверенитета, но в интересах государства, направившего разведчика.

Сс

САЙЛАУШЫ – он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие азамат.

САҚТАЛУ, САҚТАЛУЫ – ақпараттың немесе құжаттың, мүліктің бүтіндігін және құнын, сапасын, бастапқы қалпын сақтауға бағытталған шаралар кешені.

САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ – сақтандыру шартында немесе заңда көзделген жағдай басталған кезде сақтандырушы сақтанушыға, сақтандырылған тұлғаға, пайда алушыға немесе басқа үшінші тұлғаға сақтандыру төлемін жасауға міндетті оқиға.

САҚТАНДЫРУ ӨТЕМІ – сақтандыру шартында көрсетілген оқиға (сақтандыру жағдайы) болған кезде сақтанушыға немесе пайда алушыға сақтандыру ұйымы төлейтін ақшалай сома.

ИЗБИРАТЕЛЬ – гражданин, достигший 18 лет, обладающий активным избирательным правом.

СОХРАНЕНИЕ, СОХРАННОСТЬ – комплекс мер, направленных на поддержание первоначального состояния, качества, стоимости и целостности имущества, документа или информации.

СТРАХОВОЙ СЛУЧАЙ – событие, предусмотренное договором страхования или законом, с наступлением которого возникает обязанность страховщика произвести страховую выплату страхователю, застрахованному лицу, выгодоприобретателю или иным третьим лицам.

СТРАХОВОЕ ВОЗМЕЩЕНИЕ – денежная сумма, которую страховая организация выплачивает страхователю или выгодоприобретателю при наступлении события (страхового случая), указанного в договоре страхования.

САҚТАНДЫРУДЫ БАҒАЛАУ – сақтандырылған объектінің (мүліктің, денсаулықтың немесе өмірдің) құнын, сондай-ақ сақтандыру оқиғасы болған кезде келтірілген зардаптың мөлшерін анықтау және есептеу үдерісі.

САҚТАНДЫРУДЫҢ УАҚЫТША КҮӘЛІГІ – сақтандыру компаниясының (немесе сақтандыру брокері) сақтандыру полисі ресімделгенге дейін сақтанушыға беретін уақытша құжаты.

САҚТАУ – азаматтық құқықта сақтау шарты негізінде немесе заң күшіне байланысты (жауаптылықпен сақтау) туындайтын міндеттеме.

САЛА – біртекті қызмет түрлерін біріктіретін, шаруашылықтың, ғылымның немесе қоғамдық қызметтің жеке бөлігі.

САЛА ЗАҢДАРЫ – экономиканың, әлеуметтік саланың немесе мемлекеттік басқарудың нақты, жеке салаларының біріндегі құқықтық қатынастарды реттейтін заңнамалық актілер.

САЛАЛЫҚ КӘСПОДАҚ – белгілі бір саладағы (білім беру, денсаулық сақтау, құрылыс, өнеркәсіп және т.б.) жұмыскерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында құрылған жұмыскерлердің бірлестігі.

САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМ – әлеуметтік еңбек қатынастарын реттейтін және нақты саладағы жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасындағы, олармен байланысты экономикалық қатынастарды реттеудің жалпы қағидаттарын белгілейтін құқықтық акт.

СТРАХОВАЯ ОЦЕНКА – процесс определения и расчета стоимости объекта страхования (имущества, здоровья или жизни), а также размера ущерба, причиненного при наступлении страхового случая.

ВРЕМЕННОЕ СВИДЕТЕЛЬСТВО О СТРАХОВАНИИ – временный документ, выдаваемый страховой компанией (или страховым брокером) страхователю до оформления страхового полиса.

ХРАНЕНИЕ – в гражданском праве - обязательство, которое возникает на основании договора хранения или в силу закона (ответственное хранение).

ОТРАСЛЬ – отдельная часть хозяйства, науки или общественной деятельности, объединяющая однородные виды деятельности.

ОТРАСЛЕВЫЕ ЗАКОНЫ – законодательные акты, регулирующие правоотношения в конкретной, одной из отдельных отраслей экономики, социальной сферы или государственного управления.

ОТРАСЛЕВОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ СОЮЗ – объединение работников, созданное с целью защиты прав и интересов работников определенной отрасли (образованная, здравоохранения, строительства, промышленности и др.).

ОТРАСЛЕВОЕ СОГЛАШЕНИЕ – правовой акт, регулирующий социально-трудовые отношения и устанавливающий общие принципы регулирования связанных с ними экономических отношений между работниками и работодателями в конкретной отрасли.

САЛЫҚ ӘКІМШІЛІГІН ЖҮРГІЗУ – салық органдарының салық құқықтарын жүзеге асыруға және салық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі мен әрекеттері.

САЛЫҚ БАҚЫЛАУЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ – салық органдарының салық заңнамасының орындалуын тексеру бойынша әрекеттерін реттейтін заң нормаларының жиынтығы.

САЛЫҚ КЕЗЕҢІ – салықты есептеу және төлеу үшін заңнамада белгіленген уақыт аралығы.

САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕСІ – салық төлеушінің салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлеу міндеті.

САЛЫҚ ӨТІНІШІ – салық төлеушінің (немесе салық агентінің) уәкілетті мемлекеттік органға салық салу және салық міндеттемелеріне қатысты мәселені қарастыруды немесе белгілі бір әрекетті жүзеге асыруды сұрап жолдайтын ресми құжаты.

САЛЫҚ РЕЖІМІ – салық есептеу мен төлеу тәртібін, сондай-ақ салық жеңілдіктерін қолдану ерекшеліктерін айқындайтын заңнамалық нормалар жиынтығы.

САЛЫҚ САЛУ – мемлекеттік қажеттіліктерді қаржыландыру үшін заңды және жеке тұлғалардан мемлекеттік салықтарды жинау үдерісі.

НАЛОГОВОЕ АДМИНИСТРИРОВАНИЕ – деятельность и действия налоговых органов, направленные на реализацию налоговых прав и обеспечение исполнения налоговых обязательств.

ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ НАЛОГОВОГО КОНТРОЛЯ – совокупность правовых норм, регулирующих действия налоговых органов по проверке исполнения налогового законодательства.

НАЛОГОВЫЙ ПЕРИОД – установленный законодательством промежуток времени для исчисления и уплаты налога.

НАЛОГОВОЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВО – обязанность налогоплательщика по уплате налогов и других обязательных платежей в бюджет.

НАЛОГОВОЕ ЗАЯВЛЕНИЕ – официальный документ, направляемый налогоплательщиком (налоговым агентом) в уполномоченный государственный орган с просьбой рассмотреть вопрос, связанный с налогообложением и налоговыми обязательствами, или совершить определенное действие.

НАЛОГОВЫЙ РЕЖИМ – совокупность законодательных норм, определяющих порядок исчисления и уплаты налогов, а также особенности применения налоговых льгот.

НАЛОГООБЛОЖЕНИЕ – процесс взимания государственных налогов с юридических и физических лиц в целях финансирования государственных нужд.

САЛЫҚ САЛЫНАТЫН КІРІС – салық салу объектісі ретінде танылатын, салық органдары белгіленген мөлшерлемелер бойынша салықтарды есептеп және ұстап қалатын жеке және заңды тұлғалардың табысы.

САЛЫҚ САРАПТАМАСЫ – субъектінің қызметін тексеруге және мемлекетке төленетін міндетті аударымдардың заңнамаға сәйкестігін анықтауға бағытталған зерттеу.

САЛЫҚ ТЕКСЕРУ – салық органдары тарапынан салық төлеушінің есеп айырысу және салық міндеттемелерінің заң талаптарына сәйкестігін анықтау үшін жүргізетін тексеру рәсімі.

САЛЫҚ ТӨЛЕМДЕРІН БАҚЫЛАУ – салық органдарының салық төлеушілердің салық заңнамасы талаптарын сақтауын және салықтарды толық әрі уақытылы төлеуін тексеруге бағытталған қызметі.

САЛЫҚ ТӨЛЕМІ – салық заңнамасына сәйкес салық төлеушінің мемлекеттік бюджетке төлейтін міндетті ақшалай қаражаты.

САЛЫҚ ТӨЛЕУ ҚАБІЛЕТТІГІ – жеке немесе заңды тұлғаның салық міндеттемелерін орындай алуының экономикалық мүмкіндігі.

САЛЫҚ ТҮСІМІ – белгілі бір мерзім ішінде салық төлеушілерден және басқа да міндетті төлемдерден алынатын салықтардың жалпы сомасы.

ДОХОДЫ, ПОДЛЕЖАЩИЕ НАЛОГООБЛОЖЕНИЮ – доходы физических и юридических лиц, которые в соответствии с законодательством признаются объектом налогообложения и с которых налоговые органы исчисляют и удерживают налоги по установленным ставкам.

НАЛОГОВАЯ ЭКСПЕРТИЗА – исследование, направленное на проверку деятельности субъекта и выявление соответствия законодательству с точки зрения обязательных отчислений государству.

НАЛОГОВАЯ ПРОВЕРКА – процедура проверки, проводимая налоговыми органами для определения соответствия расчетов и налогоплательщика требованиям закона.

КОНТРОЛЬ ЗА УПЛАТОЙ НАЛОГОВ – деятельность налоговых органов, направленная на проверку соблюдения налогоплательщиками требований налогового законодательства и полноты, а также своевременности уплаты налогов.

НАЛОГОВЫЙ ПЛАТЕЖ – денежные средства, которые налогоплательщик обязан уплатить в государственный бюджет в соответствии с налоговым законодательством.

НАЛОГОВАЯ ДЕЕСПОСОБНОСТЬ – экономическая возможность физического или юридического лица исполнять налоговые обязательства.

НАЛОГОВОЕ ПОСТУПЛЕНИЕ – общая сумма налогов и других обязательных платежей, взимаемых с налогоплательщиков в течение определенного периода.

САЛЫҚ ШЕГЕРІМДЕРІН ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ – салық заңнамасына сәйкес салық төлеушінің салық салынатын табысын азайтатын сома.

САЛЫҚ-БЮДЖЕТ САЯСАТЫ – мемлекеттік шығындар мен салық салу өзгерістерін енгізу арқылы экономикаға әсер ету үшін үкіметтің қолданатын шаралар жиынтығы.

САЛЫҚТАН ТЫС ТҮСІМ – мемлекеттік бюджетке салықтардан басқа көздерден келетін қаражат.

САЛЫҚТЫ ЕСЕПКЕ АЛУ – салық салынатын объектілер және олармен байланысты деректерді жинау және жүйелеу, салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді есептеу, сондай-ақ салық есептілігін дайындау үшін жүргізілетін жазбалар жүйесі.

САЛЫҚТЫ КӨТЕРУ – салық мөлшерлемесін арттыру немесе жаңа салық түрлерін енгізу есебінен салық түсімдерінің көлемін көбейтуге бағытталған мемлекеттің экономикалық реттеу шарасы.

САЛЫҚТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУДЫ АНЫҚТАУ – салық міндеттемелерінің дұрыс орындалмағандығын немесе жүйелі орындамау фактілерін анықтауға бағытталған салық бақылауы шараларының жиынтығы.

САЛЫМ – жеке немесе заңды тұлғалардың кредит-қаржы мекемелеріне уақытша пайдалануға берген, бірақ талап етілген жағдайда иесіне қайтарылатын немесе оның нұсқауы бойынша басқа тұлғаға аударылатын ақшалай қаражаты.

ОПРИМЕНЕНИИ НАЛОГОВЫХ ВЫЧЕТОВ – сумма, на которую уменьшается облагаемый налогом доход налогоплательщика в соответствии с налоговым законодательством.

НАЛОГОВО-БЮДЖЕТНАЯ ПОЛИТИКА – комплекс мер, предпринимаемых правительством с целью воздействия на экономику посредством изменения государственных расходов и налогообложения.

НЕНАЛОГОВЫЕ ПОСТУПЛЕНИЯ – финансы, поступающие в государственный бюджет из источников, отличных от налогов.

НАЛОГОВЫЙ УЧЕТ – система ведения записей, осуществляемая с целью сбора и систематизации сведений об объектах налогообложения и связанных с ними данных, расчёта налогов и других обязательных платежей, а также составления налоговой отчётности.

ПОВЫШЕНИЕ НАЛОГА – мера экономического регулирования государства, направленная на увеличение объема налоговых поступлений за счёт повышения налоговых ставок или введения новых видов налогов.

ВЫЯВЛЕНИЕ НАЛОГОВЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ – комплекс мероприятий налогового контроля, направленных на выявление фактов ненадлежащего исполнения или систематического неисполнения налоговых обязательств.

ВКЛАД – денежные средства физических и юридических лиц, временно размещенные в кредитно-финансовых учреждениях, но подлежащие возврату владельцу по требованию или переводу другому лицу по его указанию.

САЛЫМНАН ТҮСЕТІН ПАЙЫЗҒА САЛЫҚ САЛУ – жеке немесе заңды тұлғаның банк депозиттері мен басқа да қаржы ұйымдарындағы салымдары бойынша есептелген пайыздық табысына салық салу үдерісі.

САЛЫСТЫРМАЛЫ КӨПШІЛІК – кандидат басқа кандидаттарға қарағанда көбірек дауыс алатын, бірақ жалпы дауыс санының 50%-ынан аспайтын жағдай.

САРАПТАМАНЫҢ КІШІ ТҮРІ – белгілі бір сараптама түрінің шеңберіндегі нақты сараптама түрі.

САРАПШЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫ – сот, тергеу немесе іс жүргізу тараптары қойған мәселелер бойынша арнайы білімі бар маманның жазбаша нысанда ресімделген пікірі.

САРАПТАУ КОМИССИЯСЫ – белгілі бір мәселе бойынша кешенді сараптама жүргізу және қорытынды шығару үшін құрылған, құрамына бірнеше маман кіретін алкалы орган.

САТУ, САТЫЛЫМ – тауарды немесе көрсетілетін қызметті ақшаға немесе басқа құндылыққа айырбастау арқылы меншік құқығын беру және алу үдерісі.

САТЫ – қандай да бір үдерістің, құбылыс немесе әрекеттің дамуының белгілі бір кезеңі немесе деңгейі.

САТЫП АЛУ – азаматтық айналымда ақша төлеу арқылы тауарды, мүлікті немесе көрсетілетін қызметті сатып алу.

САТЫП АЛУ-САТУ – бір тарап тауарды меншікке беруге, ал екінші тарап оны қабылдап, белгіленген бағасын төлеуге міндеттенетін шарт.

НАЛОГООБЛАЖЕНИЕ ПРОЦЕНТОВ ПО ВКЛАДАМ – процесс налогообложения процентного дохода, начисленного на вклады физических и юридических лиц в банках и других финансовых учреждениях.

ОТНОСИТЕЛЬНОЕ БОЛЬШИНСТВО – случай, когда кандидат получает больше голосов, чем любой другой, но не набирает более 50% от общего числа голосов.

ПОДВИД ЭКСПЕРТИЗЫ – конкретный тип экспертизы в рамках определенного вида.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ ЭКСПЕРТА – оформленное в письменной форме мнение специалиста, обладающего специальными знаниями, по вопросам, поставленным перед ним судом, следствием или сторонами процесса.

ЭКСПЕРТНАЯ КОМИССИЯ – коллегиальный орган, состоящий из нескольких специалистов, созданный для проведения комплексной экспертизы и вынесения заключения по определенному вопросу.

ПРОДАЖА – процесс передачи и получения права собственности на товар или услугу в обмен на деньги или иную ценность.

СТАДИЯ – определенный период или уровень в развитии какого-либо процесса, явления или действия.

ПОКУПКА – в гражданском обороте приобретение товара, имущества или услуги в собственность посредством уплаты денег.

КУПЛЯ-ПРОДАЖА – договор, по которому одна сторона обязуется передать товар в собственность, а другая – принять его и уплатить установленную цену.

САТЫПАЛЫМ – тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді ақыға сатып алу үдерісі.

САУАЛ, СҰРАНЫМ, СҰРАУ САЛУ – азаматтың мемлекеттік органдарға, ұйымдарға немесе лауазымды адамдарға жеке немесе қоғамдық сипаттағы мәселелер бойынша ақпарат алу қажеттілігін білдіретін жолданымы.

Ескертпе. Мәнмәтінге сәйкес қолданылады.

САУАЛНАМА ДЕРЕКТЕРІ – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, мекенжайы сияқты негізгі мәліметтерді қамтитын ақпарат.

САУАЛНАМА ӨТКІЗУ – адамдардың белгілі бір мәселе жөніндегі пікірін, көзқарасын немесе тәжірибесін білу мақсатында арнайы дайындалған сауалнама (анкета) арқылы ақпарат жинау үдерісі.

САУҒА БЕРУ – адамды қылмыстық жазадан толық немесе ішінара босату, жазаны жеңілдету немесе сотталғандықты алып тастауға бағытталған мемлекеттің адамгершілік актісі.

САУДА – тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу және сатуға қатысты коммерциялық қызмет.

САУДА-САТТЫҚ – аукцион, тендер немесе конкурс сияқты нақты рәсімдермен жүзеге асатын, ең жоғары баға ұсынған сатып алушыға тауарды немесе көрсетілетін қызметті сату міндеттемесін белгілейтін сауда іс-шарасының бір түрі.

ЗАКУП – процесс приобретения товаров, работ или услуг за плату.

ЗАПРОС – обращение гражданина в государственные органы, организации или должностным лицам, выражающее потребность в получении информации по вопросам личного или общественного характера.

Примечание. Используется в соответствии с контекстом.

АНКЕТНЫЕ ДАННЫЕ – информация о физическом лице, включающая основные сведения, такие как фамилия, имя, отчество, дата рождения и адрес.

ПРОВЕДЕНИЕ АНКЕТИРОВАНИЯ – процесс сбора информации с помощью специально разработанной анкеты (опросника) для изучения мнений, взглядов или опыта людей по определенному вопросу.

ПОМИЛОВАНИЕ – акт гуманности государства, выражающийся в освобождении лица от уголовного наказания полностью или частично, смягчении наказания либо снятия судимости.

ТОРГОВЛЯ – коммерческая деятельность по купле и продаже товаров или услуг.

ТОРГ – вид торговых мероприятий, осуществляемых посредством конкретных процедур, таких как аукцион, тендер или конкурс, которые устанавливают обязательство продать товар или услугу покупателю, предложившему наивысшую цену.

САУДА-САТТЫҚТА САТУ – неғұрлым тиімді шарттарды ұсынатын қатысушыға мүлікті арнайы бәсекелестік рәсімдер (аукциондар, тендерлер, конкурстар) арқылы жария ету әдісі.

САУЫҚТЫРУ ЖӘРДЕМАҚЫСЫ – жұмыскерге немесе белгілі бір санаттағы азаматтардың (мемлекеттік қызметшілерге, зейнеткерлерге) денсаулығын қалпына келтіруге немесе нығайтуға жұмсалған шығындарын өтеуге берілетін ақшалай төлем, көбінесе жыл сайынғы еңбек демалысына шыққан кезде беріледі.

СӘЙКЕСТЕНДІРМЕ – қаржы және ақпарат ресурстарына рұқсат алатын субъектілердің (пайдаланушылардың, клиенттердің, қызметкерлердің) төлнұсқалығын тексеру үдерісі.

СӘЙКЕСТЕНДІРУ – жеке немесе заңды тұлғаның, объектінің немесе ақпараттың бірегейлігін анықтау және растау үдерісі.

СӘЙКЕСТІКТІ БАҚЫЛАУ – өнімнің, үдерістің немесе көрсетілетін қызметтің белгіленген талаптарға, стандарттарға немесе ережелерге сай келуін тексеру.

СЕНІМ БІЛДІРІЛГЕН АДАМ – 1. сенімхат негізінде басқа тұлғаның (сенім білдірушінің) атынан және соның мүддесі үшін әрекет етуге уәкілеттік берілген жеке немесе заңды тұлға; 2. борышкер банкрот деп танылған жағдайда, оның мүлкін басқару үшін сот немесе кредиторлар жиналысы тағайындайтын тәуелсіз тұлға.

ПРОДАЖА НА ТОРГАХ – способ публичной реализации имущества посредством специальных конкурентных процедур (аукционов, тендеров, конкурсов) участнику, предложившему наиболее выгодные условия.

ПОСОБИЕ НА ОЗДОРОВЛЕНИЕ – денежная выплата, предоставляемая работнику или определенной категории граждан (государственным служащим, пенсионерам) для покрытия убытков, связанных с укреплением или восстановлением здоровья, чаще всего при выходе в ежегодный трудовой отпуск.

АУТЕНТИФИКАЦИЯ – процесс проверки подлинности субъектов (пользователей, клиентов, сотрудников), получающих доступ к финансовым и информационным ресурсам.

ИДЕНТИФИКАЦИЯ – процесс определения и подтверждения уникальности физического или юридического лица, объекта или информации.

КОНТРОЛЬ НА СООТВЕТСТВИЕ – проверка соответствия продукта, процесса или услуги установленным требованиям, стандартам или правилам.

ДОВЕРЕННОЕ ЛИЦО – 1. физическое или юридическое лицо, уполномоченное действовать от имени и в интересах другого лица (доверителя) на основании доверенности; 2. в праве о банкротстве – независимое лицо, назначаемое судом или собранием кредиторов для управления имуществом должника.

СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУ – мүліктің иесі өз мүлкінің басқару құқығын сенімгерлік басқарушыға белгілі бір уақытқа беретінін дәлелдейтін құқықтық қатынас.

СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУШЫ – сенімгерлік басқару шартына сай мүлікті басқаратын жеке немесе заңды тұлға.

СЕНІМСІЗДІК БІЛДІРУ – өкілді орган тарапынан лауазымды адамға немесе мемлекеттік билік органына сенімсіздік білдіру нысаны, оның нәтижесінде қызметтен түсуі немесе өзге де саяси-құқықтық салдарлар туындауы мүмкін.

СКАНЕРЛЕУ – бейнені, құжатты немесе қандай да бір физикалық объектіні арнайы құрылғы – сканердің көмегімен цифрлық форматқа түрлендіру үдерісі.

СОТ ҚАДАҒАЛАУЫ – сот қателіктерін жою және заңдылықты қамтамасыз ету үшін жоғары тұрған соттардың заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау нысаны.

СОТ ТАЛҚЫСЫ – сот процесінің негізгі сатысы, сот бұл жағдайда тараптардың теңдігі мен бәсекелестігі негізінде істің мәні бойынша қарап, шешім шығарады.

СОТ ТӨРЕЛІГІ – соттың қылмыстық істерді, азаматтық дауларды және оның құзыретіне кіретін басқа да істерді қарау және шешу жөніндегі қызметі.

ДОВЕРИТЕЛЬНОЕ УПРАВЛЕНИЕ – правоотношение, при котором собственник имущества передает доверительному управляющему на определенный срок право управления своим имуществом.

ДОВЕРИТЕЛЬНЫЙ УПРАВЛЯЮЩИЙ – физическое или юридическое лицо, которое управляет имуществом в соответствии с договором доверительного управления.

ВОТУМ НЕДОВЕРИЯ – форма выражения недоверия должностному лицу или органу власти со стороны представительного органа, которая может повлечь отставку или иные политико-правовые последствия.

СКАНИРОВАНИЕ – процесс преобразования изображения, документа или физического объекта в цифровую форму с помощью специального устройства – сканера.

СУДЕБНЫЙ НАДЗОР – форма пересмотра вступивших в законную силу судебных актов вышестоящими судами в целях устранения судебных ошибок и обеспечения законности.

СУДЕБНОЕ РАЗБИРАТЕЛЬСТВО – основная стадия судебного процесса, в ходе которой суд рассматривает и разрешает дело по существу на основании состязательности и равноправия сторон.

ПРАВОСУДИЕ – деятельность суда по рассмотрению и разрешению дел о преступлениях, гражданских спорах и других дел, отнесенных к его компетенции.

СОТ ТӨРЕЛІГІ МҮДДЕСІНЕ ЗАЛАЛ КЕЛТІРУ – сот төрелігінің әділ және заңды жүзеге асырылуына әдейі кедергі келтіретін, сот жүйесінің беделіне немесе сот актілерінің заңдылығына күмән тудыратын әрекет не әрекетсіздік.

СОТ ҮКІМІ – қылмыстық іс бойынша бұрынғы барлық іс жүргізуді қорытындылайтын, заңды қолданудың ең маңызды актісі.

СОТ ШЕШІМІН ТҮСІНДІРУ – шешімнің мазмұнында нақты емес немесе түсініксіз айтылған жағдайды нақтылау мақсатында, оның түпкі мәнін өзгертпей, шығаратын сот ұйғарымы (анықтауы).

СОТ ШЫҒЫСТАРЫН МЕМЛЕКЕТКЕ ӨТЕУ – сот ісін қарауға байланысты туындаған шығыстарды жеке немесе заңды тұлғаның мемлекет бюджетіне қайтаруы.

СОТҚА ДЕЙІН ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ – уәкілетті органдардың (тергеуші, анықтаушы) қылмыс белгілерін анықтайтын, дәлелдемелер жинайтын, күдіктілерді анықтап, іс сотқа берілгенге дейін процеске қатысушылардың құқықтарын қорғайтын қылмыстық іс жүргізу кезеңі.

СОТҚА ДЕЙІНГІ ІСТІ ЖҮРГІЗЕТІН АДАМ – қылмыстық процесте сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын, заңмен уәкілеттік берілген лауазымды адам (тергеуші, анықтаушы, прокурор).

НАНЕСЕНИЕ УЩЕРБА ИНТЕРЕСАМ ПРАВОСУДИЯ – действие или бездействие, умышленно препятствующее справедливому и законному осуществлению правосудия, подрывающее авторитет судебной системы или вызывающее сомнение в законности судебных актов.

СУДЕБНЫЙ ПРИГОВОР – важнейший акт применения права, которым подводится итог всему предшествующему производству по уголовному делу.

РАЗЪЯСНЕНИЕ СУДЕБНОГО РЕШЕНИЯ – определение суда, выносимое с целью уточнения содержания неясно или неточно изложенных положений решения, без изменения его сути.

ВОЗМЕЩЕНИЕ ГОСУДАРСТВУ СУДЕБНЫХ РАСХОДОВ – возврат физическим или юридическим лицом в государственный бюджет расходов, возникших в связи с рассмотрением судебного дела.

ДОСУДЕБНОЕ РАССЛЕДОВАНИЕ – стадия уголовного процесса, в ходе которой уполномоченные органы (следователь, дознаватель) устанавливают наличие признаков преступления, собирают доказательства, устанавливают подозреваемых и обеспечивают защиту прав участников процесса до передачи дела в суд.

ЛИЦО, ОСУЩЕСТВЛЯЮЩЕЕ ДОСУДЕБНОЕ ПРОИЗВОДСТВО – должностное лицо, уполномоченное законом осуществлять досудебное расследование в уголовном процессе (следователь, дознаватель, прокурор).

СОТҚА ДЕЙІНГІ КІНӘРАТ-ТАЛАП – дауды сотқа жеткізбей реттеу үшін бір тараптың екінші тарапқа қоятын жазбаша талабы.

СОТТЫЛЫҚТЫ ЖООУ – қылмыстық жауапқа тартылғаннан кейін белгілі бір уақыт өткеннен соң адамды заңмен белгіленген тәртіппен сотталған адам мәртебесінен босату.

СОТТАН ТЫС САРАПТАМА – сот талқысы шеңберінде қолданылмайтын, бірақ арнайы салалар бойынша сарапшылардың пікірін немесе қорытындыларын ұсынатын зерттеу немесе талдау жүргізу әдісі.

СОТТЫ ҚҰРМЕТТЕМЕУ – сотқа, судьяға немесе сот үдерісіне қатысушы адамға қатысты әдепсіз, қорлайтын не тәртіпсіз әрекеттер жасау арқылы сот талқысының заңдылығын бұзу және сот абыройын төмендету.

СОТТЫҢ ШАҚЫРТУ ҚАҒАЗЫ – сот отырысына қатысуы міндетті болатын азаматқа (жауапкерге, талап қоюшыға, куәға, сарапшыға және т.б.), оның өтетін күні, уақыты мен орны туралы ресми түрде хабарлау үшін жіберілетін құжат.

СӨЗБҮЙДАҒА САЛУ – қызметтік міндеттерді орындау немесе құжаттарды қарау кезінде негізсіз кешіктіру, рәсімдерді созу, төрешілдікке салынып баяулату.

ДОСУДЕБНАЯ ПРЕТЕНЗИЯ – письменное требование одной стороны к другой, предъявляемое с целью урегулирования спора без обращения в суд.

ПОГАШЕНИЕ СУДИМОСТИ – освобождение лица от статуса судимого в установленном законом порядке и по истечении определённого срока после привлечения к уголовной ответственности.

ВНЕСУДЕБНАЯ ЭКСПЕРТИЗА – метод проведения исследования или анализа, не применяемый в рамках судебного разбирательства, но предоставляющий заключения или мнения специалистов по соответствующим отраслям.

НЕУВАЖЕНИЕ К СУДУ – совершение непристойных, оскорбительных или нарушающих порядок действий в отношении суда, судьи или участников судебного процесса, влекущих подрыв авторитета суда и нарушение законности судебного разбирательства.

СУДЕБНАЯ ПОВЕСТКА – официальный документ, направляемый гражданину (ответчику, истцу, свидетелю, эксперту и др.), чье присутствие необходимо на судебном заседании, с целью уведомления о дате, времени и месте его проведения.

ПРОЯВЛЕНИЕ ВОЛОКИТЫ – неоправданные задержки в исполнении служебных обязанностей или рассмотрении документов, затянутость процедур и бюрократическая медлительность.

СӨЗ ЕРКІНДІГІ – әркімнің өз пікірін еркін білдіру, заңды жолмен ақпарат іздеу, алу, тарату және беру құқығы.

СУ ҚОРҒАУ АЙМАҚТАРЫ МЕН ЖОЛАҚТАРЫ – су объектілеріне (өзендерге, көлдерге, теңіздерге, су қоймаларына) іргелес жатқан су ресурстарын қорғау мақсатында шаруашылық және өзге де қызметтің ерекше режімі орнатылған аумақтар.

СУБСИДИЯ – үкіметтің немесе басқа ұйымның жеке азаматтарды, ұйымдарды немесе тіпті экономикалық салаларды қолдау үшін беретін қаржылық көмегі.

СУБСИДИЯЛАУ – белгілі бір адамдарға, ұйымдарға немесе салаларға қаржылай қолдау көрсетуге бағытталған субсидияларды беру үдерісі.

СУБЪЕКТ – құқық қатынастарына қатысушы, яғни құқықтар мен міндеттердің иесі бола алатын жеке немесе заңды тұлға.

СУБЪЕКТИВТІК ҚҰҚЫҚ – адамның немесе ұйымның заңға сәйкес өз пікірін білдіру және әрекет ету мүмкіндігі.

СҰРАЛАТЫН БАҒА – биржада немесе биржадан тыс нарықта құнды қағаздар немесе тауар шикізаты өнімдерінің сатуға ұсынылатын бағасы.

СВОБОДА СЛОВА – право каждого свободно выражать свое мнение, искать, получать, распространять и передавать информацию законным способом.

ВОДООХРАННЫЕ ЗОНЫ И ПОЛОСЫ – территории, прилегающие к водным объектам (рекам, озёрам, морям, водохранилищам), на которых устанавливается особый режим хозяйственной и иной деятельности с целью охраны водных ресурсов.

СУБСИДИЯ – финансовая помощь, предоставляемая правительством или другой организацией для поддержки конкретных граждан, организаций или даже секторов экономики.

СУБСИДИРОВАНИЕ – процесс предоставления субсидий, направленный на финансовую поддержку определённых лиц, организаций или отраслей.

СУБЪЕКТ – участник правоотношений, то есть физическое или юридическое лицо, способное быть носителем прав и обязанностей.

СУБЪЕКТИВНОЕ ПРАВО – возможность человека или организации выражать свое мнение и совершать действия в соответствии с законом.

ЦЕНА ЗАПРАШИВАЕМАЯ – цена, по которой ценные бумаги или товарно сырьевая продукция предлагаются к продаже на бирже или на внебиржевом рынке.

СҰРАНЫМ ЖІБЕРУ – қандай да бір органға, мекемеге немесе жүйеге қажетті ақпаратты, құжатты немесе көрсетілетін қызметті алу үшін жіберілетін ресми сұраным.

СҰРАНЫС ИКЕМДІЛІГІ – белгілі бір факторлардың: баға, тұтынушының табысы, бәсекелес тауарлардың әсерінің, өзгеруіне байланысты сатып алушылардың сұраныс көлемінің қаншалықты қарқынды өзгеретінін көрсететін дәрежесі.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ АНЫҚТАУ – уәкілетті органдардың кінәліні жауапқа тарту және ұқсас қылмыстардың алдын алу мақсатында сыбайлас жемқорлық құқығын бұзу фактілерін және құқық бұзған адамдар мен болған мән-жайды анықтауға бағытталған қызметі.

СЫЙАҚЫ – орындалған жұмыс, көрсетілген қызмет немесе өзге әрекеттер үшін ақшалай немесе заттай төлем, сондай-ақ қарыздар, кредиттер, салымдар, сақтандыру немесе бағалы қағаздар бойынша төленген ақшалай кіріс.

СЫЙЛЫҚАҚЫ – жұмыскерді еңбек міндеттерін тиісті деңгейде орындағаны және жұмыстағы жоғары көрсеткіштері немесе өзге де ерекше еңбек жетістіктері үшін ынталандыру ретінде берілетін қосымша төлем.

СЫҢАРЖАҚТЫҚ – бір нәрсеге немесе біреуге қатысты объективті, көбінесе эмоционалды көзқарас, әділетсіз бағалау, ерекше ұнату немесе күмәнді көзқарас түрінде көрінеді.

НАПРАВЛЕНИЕ ЗАПРОСА – официальный запрос в какой-либо орган, учреждение или систему с целью получения необходимой информации, документа или услуги.

ЭЛАСТИЧНОСТЬ СПРОСА – степень интенсивности изменения количества покупательского спроса в ответ на изменение ряда факторов: цены, дохода потребителя, влияние товаров-конкурентов.

ВЫЯВЛЕНИЕ КОРРУПЦИИ – деятельность уполномоченных органов, направленная на обнаружение фактов коррупционных правонарушений, лиц, их совершивших, и обстоятельств совершения, в целях привлечения виновных к ответственности и предупреждения аналогичных преступлений

ВОЗНАГРАЖДЕНИЕ – денежная или натуральная выплата за выполненную работу, оказанную услугу или иные действия, а также денежный доход, выплачиваемый по займам, кредитам, вкладам, страхованию или ценным бумагам.

ПРЕМИЯ – дополнительная выплата, предоставляемая работнику в целях стимулирования за надлежащее исполнение трудовых обязанностей, высокие показатели в работе или иные особые трудовые достижения.

ПРЕДВЗЯТОСТЬ – необъективное, часто эмоциональное отношение к чему-либо или кому-либо, проявляющееся в несправедливой оценке, предпочтении или предубеждении.

СЫРТҚЫ БАЙҚАУ – ақпарат жинау және олардың жұмысын бағалау үшін ұйымдардың, органдар немесе адамдардың қызметін ресми шешім қабылдау өкілеттігінсіз байқау үдерісі.

СЫРТҚЫ БАҚЫЛАУ – тәуелсіз мемлекеттік органдар немесе ревизиялық комиссиялармен жүзеге асырылатын ұйымдардың, органдардың немесе адамдардың әрекеттерінің заңдылығын, мақсаттылығын және дұрыстығын тексеру үдерісі.

СЫРТҚЫ САУДА МӘМЛЕСІ – тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызмет пен зияткерлік меншікті экспорттау, импорттау немесе айырбастау (бартер) арқылы табыс табуды көздейтін коммерциялық сыртқы экономикалық қызмет түрі.

**СЫРТТАЙ ШЕШІМГЕ ШАҒЫМДА-
НУ** – соттың қабылдаған шешімін тараптардың бірінің қатысуынсыз, заңда белгіленген мерзім ішінде, шешімді сырттай жою өтініші немесе апелляциялық шағым арқылы даулау үдерісі.

СІЛТЕМЕ – акт мәтіндегі басқа нормативтік құқықтық актіні немесе оның құрылымдық бірлігін (бабы, тармағы, ережесіне) сілтеп көрсету.

ВНЕШНЕЕ НАБЛЮДЕНИЕ – процесс наблюдения за деятельностью органов, организаций или лиц с целью сбора информации и оценки их работы без официальных полномочий по принятию решений.

ВНЕШНИЙ КОНТРОЛЬ – процесс проверки законности, целесообразности и правильности действий органов, организаций или лиц, осуществляемый независимыми государственными органами или ревизионными комиссиями.

ВНЕШНЕТОРГОВАЯ СДЕЛКА – вид коммерческой внешнеэкономической деятельности, осуществляемой с целью получения дохода (прибыли) путем экспорта, импорта или обмена (бартера) товарами, работами, услугами и результатами интеллектуальной деятельности.

ОБЖАЛОВАНИЕ ЗАОЧНОГО РЕШЕНИЯ – процесс оспаривания решения суда, принятого без участия одной из сторон, путем подачи заявления об отмене заочного решения либо апелляционной жалобы в установленный законом срок.

ССЫЛКА – указание в тексте акта на другой нормативный правовой акт или его структурную единицу (статью, пункт, правило).

Тт

ТАБЫС – мемлекеттің, жеке азаматтың не заңды тұлғаның белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асырылған қандай да бір қызметінің нәтижесінде алатын ақшалай қаражаты не материалдық құндылығы.

ЗАРАБОТОК – денежные средства или материальные ценности, получаемые государством, отдельным гражданином или юридическим лицом в результате какой-либо деятельности, осуществленной в течение определенного периода времени.

ТАБЫС САЛЫҒЫ – мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық және басқа кәсіпорындар мен ұйымдардан алатын жалақыдан және басқа да табыстан ұсталатын салық.

ТАБЫСЫ ТӨМЕН ОТБАСЫ – жан басына шаққандағы табысы заңда белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасы.

ТАЛАП – тараптың (адамның немесе органның) басқа тұлғадан заңда, шартта немесе өзге де құқықтық негізде көзделген міндеттерді орындауын талап ету құқығы.

ТАЛАП ЕТІП АЛДЫРТУ – құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау үшін қажетті болған, басқа тұлғаның иелігіндегі мүлікті, құжаттарды немесе ақпаратты қайтару туралы заңды түрде ресімделген талабы.

ТАЛАПТЫ ҚАТАНДАТУ – белгіленген ережелерге, нормалар немесе міндеттемелерге қойылатын талаптарды күшейту.

ТАЛАПШАРТ – қандай да бір әрекеттің жүзеге асуына, нәтижеге жетуге немесе міндеттемені орындауға әсер ететін талап немесе мән-жай.

ТАЛАПШАРТЫ БАР ӨСИЕТ – мұрагердің өсиетте жазылған белгілі бір талапшарттың міндетті түрде орындауын көздейтін өсиетшінің (мұра қалдырушының) мұрагерлік өсиеті.

ПОДОХОДНЫЙ НАЛОГ – налог, удерживаемый с заработной платы и других доходов, полученных от государственных, кооперативных, общественных и других предприятий и организаций.

МАЛООБЕСПЕЧЕННАЯ СЕМЬЯ – семья, среднедушевой доход которой ниже установленного законом минимального социального стандарта.

ТРЕБОВАНИЕ – право стороны (лица или органа) требовать от другого лица исполнения обязанности, предусмотренной законом, договором или иным правовым основанием.

ИСТРЕБОВАНИЕ – юридически оформленное требование о возврате имущества, документов или информации, находящихся у другого лица и необходимых для защиты прав и законных интересов.

УЖЕСТОЧЕНИЕ ТРЕБОВАНИЯ – усиление требований, предъявляемых к установленным правилам, нормам или обязательствам.

УСЛОВИЕ – обстоятельство или требование, от которого зависит возможность совершения какого-либо действия, достижения результата, выполнения обязательства.

ЗАВЕЩАНИЕ С УСЛОВИЕМ – завещание, в котором завещатель ставит получение наследства в зависимость от выполнения наследником определенного условия.

ТАЛАПШАРТЫ ҚОЙЫЛҒАН ГРАНТТАР – донордың (грант беруші тарап) белгілі бір мақсаттарға немесе міндетті талапшарттарды орындауға бағыттайтын, арнайы мақсаттағы қаржыландыруды қарастыратын грант түрі.

ТАЛҚЫЛАП-ТАРАЗЫЛАУ – соттағы немесе уәкілетті органдағы қылмыстық, азаматтық, әкімшілік немесе өзге де істің мән-жайын анықтауға, дәлелдемелерді зерттеуге және қорытынды шешім шығаруға бағытталған қарау және шешу үдерісі.

ТАНЫМАЛ ЕТУ – кең жұртшылықтың назарын аудару мақсатында мәліметті, білімді немесе идеяларды қарапайым әрі түсінікті түрде тарату үдерісі.

ТАНДАУШЫ – басқа сайлаушылар тандаған және олардың атынан дауыс беретін адам.

ТАПСЫРЫС-ЖҮКТЕЛІМ – тараптар арасында белгілі бір жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету кезінде келісім немесе шарт нысаны ретінде жасалатын, азаматтық-құқықтық сипаттағы құжаттың түрі.

ТАРАПТАРДЫҢ СОТ ШЫҒЫСТАРЫН ӨТЕУІ – процеске қатысушы тараптардың істі қарауға байланысты жұмсалған сот шығыстарын өтеуі.

СВЯЗАННЫЕ ГРАНТЫ – вид гранта, предусматривающий целевое финансирование, которое донор (сторона, предоставляющая грант) направляет на достижение определенных целей или выполнение обязательных условий.

РАЗБИРАТЕЛЬСТВО – процесс рассмотрения и разрешения уголовного, гражданского, административного или другого дела в суде или уполномоченном органе, в ходе которого выясняются обстоятельства дела, исследуются доказательства и выносятся итоговое решение.

ПОПУЛЯРИЗАЦИЯ – распространение сведений, знаний или идей в упрощенной и доступной форме для привлечения внимания широкой общественности.

ВЫБОРЩИК – лицо, избранное другими избирателями, чтобы голосовать от их имени.

ЗАКАЗ-НАРЯД – разновидность гражданско-правового документа, который представляет собой одну из форм соглашения или договора между сторонами и составляется при выполнении каких-либо работ или оказании услуг.

ВОЗМЕЩЕНИЕ СТОРОНАМИ СУДЕБНЫХ РАСХОДОВ – оплата судебных расходов, возникших в связи с рассмотрением дела, сторонами-участниками процесса.

ТАРАТУ, ЖОЮ – кәсіпорындардың таратылуы немесе ұйымдардың жабылуы не болмаса қандай да бір жүйенің, заңды тұлғаның қызметін толық тоқтату үдерісі.

Ескертпе. «Жою» сөзі мәнмәтінге қарай орыс тіліне «ликвидация, устранение, удаление, аннулирование» болып аударылады.

ТАРТУ – жеке немесе заңды тұлғаларды белгілі бір қызметке, үдерістерге немесе іс-шараларға қағыстырып, оларды тартуға бағыттайтын әрекеттер жиынтығы.

ТАСЫМАЛДАУ – бағажды, жүктерді, жүк-бағажды жөнелту пунктінен межелі пунктіне апару максатында орындалатын тасымалдаушының, магистралдық теміржол желісі операторының, локомотивтік тартқыш операторының өзара байланысты әрекеттер жиынтығы.

ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІ – тараптардың арасындағы дауды өзара келісімге келу жолымен сотқа дейін немесе соттың талқылап-таразылауы барысында реттеуге бағытталған шаралар жүйесі.

ТАТУЛАСУ КЕЛІСІМІ – азаматтық, еңбек немесе басқа да құқықтық қатынастар субъектілері арасындағы дауды немесе талаптарды ерікті түрде реттеу келісімі.

ЛИКВИДАЦИЯ – процесс ликвидации предприятий или закрытия организаций, либо полное прекращение деятельности какой-либо системы или юридического лица.

Примечание. Слово «жою» переводится на русский язык как «устранение, удаление, ликвидация, аннулирование» в зависимости от контекста.

ВОВЛЕЧЕНИЕ, ВОВЛЕЧЕННОСТЬ – совокупность действий, направленных на привлечение физических или юридических лиц к участию в определённой деятельности, процессах или мероприятиях.

ПЕРЕВОЗКА – совокупность взаимосвязанных действий перевозчика, оператора магистральной железнодорожной сети, оператора локомотивной тяги, выполняемых с целью перевозки багажа, грузов, грузобагажа из пункта отправления в пункт назначения.

ПРИМИРИТЕЛЬНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ – система мероприятий, направленных на урегулирование спора между сторонами путем достижения взаимного согласия до суда либо в ходе судебного разбирательства.

МИРОВОЕ СОГЛАШЕНИЕ – соглашение о добровольном урегулировании спора или претензий между субъектами гражданских, трудовых или иных правоотношений.

ТАУАР АЙНАЛЫМЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ-ТЫҚ НЕГІЗДЕРІ – ішкі және сыртқы нарықтарда тауарлардың сатып алу-сату, жеткізу және айналымы тәртібін, сондай-ақ тауар қатынастарын жасайтын тұлғалардың құқықтарын қорғауды реттейтін заңдар мен нормативтік актілер жиынтығы.

ТАУАР БЕЛГІСІН ТІРКЕУ – уәкілетті мемлекеттік органның тауар белгісін (ауызша, бейнелеу және басқа да) пайдалануға қатысты айрықша құқық беретін, өтінішті қабылдап, сараптама жүргізетін, нәтижесінде куәлік беру немесе тіркеу туралы шешім шығарып, субъектіні мемлекеттік тізілімге енгізетін ресми рәсімі.

ТАУАР БЕЛГІСІНІҢ КУӘЛІГІ – тауар белгісінің тіркелгендігін куәландыратын және иесінің белгілі бір тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге осы таңбаны пайдалануға айрықша құқығын растайтын ресми құжат.

ТАУАР ЖОҒАЛТЫМЫН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ АКТІСІ – ұйымның балансына тіркелген, бірақ белгілі бір себептермен (жарамдылық мерзімі өтуі, бүлінуі, бұзылуы, сапасына сәйкес келмеуі немесе пайдалану мүмкіндігінің болмауы) жарамсыз болған тауарларды есептен шығару үшін ресімделетін ресми бухгалтерлік құжат.

ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ТОВАРООБОРОТА – совокупность законов и нормативных актов, регулирующих порядок купли-продажи, поставки и оборота товаров на внутреннем и внешнем рынках, а также защиту прав участников товарных отношений.

РЕГИСТРАЦИЯ ТОВАРНОГО ЗНАКА – официальная процедура предоставления исключительного права на обозначение (словесное, изобразительное и другие), при которой уполномоченный государственный орган рассматривает заявку и после успешной экспертизы выдает свидетельство или решение о регистрации, подтверждающее внесение субъекта в государственный реестр.

СВИДЕТЕЛЬСТВО НА ТОВАРНЫЙ ЗНАК – официальный документ, удостоверяющий регистрацию товарного знака и подтверждающий исключительное право его владельца на использование этого знака в отношении определённых товаров или услуг.

АКТ СПИСАНИЯ ТОВАРНЫХ ПОТЕРЬ – официальный бухгалтерский документ, оформляемый для списания с баланса организации товаров, признанных непригодными по определённым причинам (истечение срока годности, повреждение, порча, несоответствие качеству или невозможность использования).

ТАУАР КРЕДИТІ – несие түрі, бұл жағдайда жеткізуші сатып алушыға тауарларды белгілі бір мерзімге және белгіленген талапшарттар негізінде қарызға береді.

ТАУАР ҚҰНЫНЫҢ ЖОҒАЛУ ШАМАСЫ – белгілі бір мән-жайдың нәтижесінде (зақымдану, табиғи кему, бүліну, жарамсыздық, моральдық тозу) қалыптасқан тауардың бастапқы (нарықтағы немесе баланстық) және ағымдағы құны арасындағы айырмашылық.

ТАУАР САТЫПАЛЫМЫ – қажетті затты (тауарды) белгілі бір ақшалай сомаға сатып алу үдерісі.

ТАУАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ – есептік кезең ішінде ұлттық экономиканың субъектілері өндірген, сатуға, тұтынуға немесе кейіннен өндіріс үдерісіне пайдалануға арналған өнімдер мен көрсетілген қызметтердің көлемі.

ТАУАРДЫҢ КЕДЕНДІК ҚҰНЫ – кедендік баж, салық және басқа да кеден төлемдерін есептеу үшін қолданылатын тауардың құны.

ТАУАРТАНУ САРАПТАМАСЫ – құқық, сауда немесе тұтынуға қатысты дауларды шешу мақсатында тауарлардың сапасын, төлнұсқалығын, құнын және өзге де сипаттамаларын анықтайтын сараптамалық зерттеу.

ТОВАРНЫЙ КРЕДИТ – вид кредита, при котором поставщик передаёт покупателю товары в долг на определённый срок и на установленных условиях.

ВЕЛИЧИНА УТРАТЫ ТОВАРНОЙ СТОИМОСТИ – разница между первоначальной (рыночной или балансовой) стоимостью товара и его текущей стоимостью, сформировавшейся в результате определённых обстоятельств (повреждение, естественная убыль, порча, непригодность, моральный износ).

ЗАКУП ТОВАРА – процесс приобретения необходимой вещи (товара) за определённую денежную сумму.

ТОВАРНЫЙ ВЫПУСК – объём продукции и оказанных услуг, произведённых субъектами национальной экономики за отчётный период, предназначенный для продажи, потребления или использования в дальнейшем производственном процессе.

ТАМОЖЕННАЯ СТОИМОСТЬ ТОВАРА – стоимость товара, используемая для исчисления таможенных пошлин, налогов и иных таможенных платежей.

ТОВАРОВЕДЧЕСКАЯ ЭКСПЕРТИЗА – экспертное исследование, устанавливающее качество, подлинность, стоимость и иные характеристики товара в целях решения правовых, торговых или потребительских споров.

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ – ұйымдар, мекемелер немесе жеке адамдар арасында білім, білік, дағды, кәсіби тәжірибе және ақпарат алмасу үдерісі.

ТӘРКІЛЕНБЕЙТІН ПАЙ ЖАРНАЛАРЫ – сот шешімімен немесе мемлекеттік органның талабымен алып қоюға болмайтын, азаматтың немесе ұйымның жарғылық капиталға, кооператив немесе серіктестікке қосқан, тәркілеуге жатпайтын үлесі (пайы).

ТӘРТІП БҰЗУ – жұмыскердің немесе азаматтың өзіне жүктелген міндеттерін, ішкі еңбек тәртібін, лауазымдық нұсқаулықтарын не болмаса жалпы қабылданған құқықтық және әлеуметтік нормаларды бұзу фактісі.

ТӘРТІПТІК ЖАЗАЛАУ – жұмыс берушінің жұмыскерге еңбек тәртібін бұзғаны үшін жауапқа тартатын шарасы.

ТӘРТІПТІК ЖАУАПТЫЛЫҚ – жұмыскердің кінәсінен жүктелген еңбек міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жұмыс берушінің жұмыскерге тиісті негіздемеге сәйкес ескерту, сөгіс, жұмыстан босату түрінде қолданатын тәртіптік жазалары.

ТӘРТІПТІК ТЕРІС ҚЫЛЫҚ – жұмыскердің немесе басқа да субъектінің еңбек тәртібін, қызметтік ережелерді немесе басқа да ішкі нормаларды бұзуы.

ОБМЕН ОПЫТА – процесс передачи и получения знаний, умений, навыков, профессиональной практики и информации между организациями, учреждениями или отдельными лицами.

ПАЕВЫЕ ВЗНОСЫ, НЕ ПОДЛЕЖАЩИЕ КОНФИСКАЦИИ – доля (пай), внесенные гражданином или организацией в уставный капитал, кооператив или товарищество, которая не подлежит конфискации, то есть не может быть изъята по решению суда или по требованию государственного органа.

НАРУШЕНИЕ ПОРЯДКА – факт несоблюдения работником или гражданином возложенных на него обязанностей, внутреннего трудового распорядка, должностных инструкций либо общепринятых правовых и социальных норм.

ДИСЦИПЛИНАРНОЕ ВЗЫСКАНИЕ – мера, посредством которой работодатель привлекает работника к ответственности за нарушение трудовой дисциплины.

ДИСЦИПЛИНАРНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ – дисциплинарные взыскания со стороны работодателя в отношении работника за неисполнение или ненадлежащее исполнение работником по его вине возложенных на него трудовых обязанностей: замечание, выговор, увольнение по соответствующим основаниям.

ДИСЦИПЛИНАРНЫЙ ПРОСТУПОК – нарушение работником или иным субъектом трудовой дисциплины, служебных правил или других внутренних норм.

ТӘУЕКЕЛ СЫЙАҚЫСЫ – кәсіпкердің немесе инвестордың ықтимал шығындарға не тұрақсыздыққа қарамастан, инвестициялау қатерін қабылдағаны үшін алатын қосымша табысы.

ТӘУЕКЕЛ-АППЕТИТ – субъектінің (жеке немесе заңды тұлға) алдына қойған мақсатына жету үшін белгілі бір тәуекелге бару дайындығы деңгейінің көрсеткіші.

ТӘУЕКЕЛ, ҚАТЕР – белгілі бір қызмет немесе шешім қабылдау нәтижесінде жағымсыз сақтардың, шығынның немесе күтпеген мән-жайлардың туындау ықтималдығын білдіретін ұғым.

Ескертпе. Мәнмәтінге қарай «тәуекел» сөзі де «қатер» сөзі де қолданыла береді. Мысалы, өрттің қатері жоғары (риск возникновения пожара высок), тәуекелдің ауысуы (переход рисков).

ТӘУЕКЕЛДІҢ АУЫСУЫ – тауарлардың жоғалу немесе бүліну қаупінің сатушыдан сатып алушыға ауысуын көздейтін талапшарт.

ТЕКСЕРІС – жеке немесе заңды тұлғаның қызметінде заңнама талаптарының сақталуын, сондай-ақ қойылған міндеттердің орындалуын анықтау үшін мемлекеттік органның немесе уәкілетті адамның жүргізетін іс-шарасы.

ТЕЛНҮСҚА – түпнұсқа құжатпен бірдей заңи күші бар және оның мазмұнын толық қайталайтын көшірмесі.

ВОЗНАГРАЖДЕНИЕ ЗА РИСК – дополнительный доход, который получает предприниматель или инвестор за принятие на себя риска инвестирования, несмотря на возможные убытки и нестабильность.

РИСК-АППЕТИТ – показатель степени готовности субъекта (физического или юридического лица) принимать определённый уровень риска ради достижения поставленных целей.

РИСК – вероятность возникновения неблагоприятных последствий, убытков или непредвиденных обстоятельств в результате осуществления определённой деятельности или принятия решения.

Примечание. В зависимости от контекста употребляются как слово «тәуекел», так и слово «қатер». Например, риск возникновения пожара высок (өрттің қатері жоғары), переход рисков (тәуекелдің ауысуы).

ПЕРЕХОД РИСКОВ – условие поставки, предусматривающее момент, с которого риск утраты или повреждения товаров переходит от продавца к покупателю.

ПРОВЕРКА – мероприятие, проводимое государственным органом или уполномоченным лицом с целью установления соблюдения требований законодательства в деятельности физического или юридического лица, а также выполнения поставленных задач.

ДУБЛИКАТ – копия, имеющая такую же юридическую силу, как и оригинальный документ, и полностью воспроизводящая его содержание.

ТЕҢ АВТОР – шығарманы, ғылыми еңбекті, өнертабыс не өзге де зияткерлік меншік объектісін басқа автормен бірлесе дайындаған адам.

ТЕҢМӘНДЕС ЖҰМЫС – біліктілік деңгейі, орындалатын еңбек функцияларының күрделілігі, еңбек жағдайлары және жалақы мөлшері бойынша жұмыскердің бұрынғы жұмысына сәйкес келетін жұмыс немесе лауазым.

ТЕҢМӘНДЕС ЛАУАЗЫМ – негізгі сипаттамалары бойынша (лауазымдық міндеттері, біліктілікке қойылатын талаптар, жауапкершілік деңгейі және бағыныстылығы) жұмыскердің бұрынғы лауазымымен салыстыруға болатын лауазым.

ТЕРГЕУДЕ БОЛУ – алдын ала тергеу немесе анықтап-білу органының тексеру жүргізу себебін туындататын қылмыс белгілерінің жиынтығы.

ТЕРГЕУШІ ВЕРСИЯСЫ – нақты қылмысты тергеп-тексеру үшін маңызды болып саналатын, жеке фактіге немесе фактілер тобына қатысты тергеушінің негізделген болжамы.

ТЕРІС ҚЫЛЫҚ – қоғамдық тәртіпке немесе заңға қайшы келетін, бірақ қылмысқа жатпайтын әрекет.

ТИІМДІ ДАЯРЛЫҚ – белгілі бір мақсатты орындау үшін ресурстарды (уақыт, күш, қаражат) ұтымды пайдаланып, жоғары нәтижелерге жетуге бағытталған үдеріс.

СОВАТОР – лицо, создавшее произведение, научный труд, изобретение или иной объект интеллектуальной собственности совместно с другими авторами.

РАВНОЗНАЧНАЯ РАБОТА – работа или должность, которая соответствует прежней работе работника по уровню квалификации, сложности выполняемых трудовых функций, условиям труда и размеру заработной платы.

РАВНОЗНАЧНАЯ ДОЛЖНОСТЬ – должность, которая по своим основным характеристикам (должностные обязанности, требования к квалификации, уровень ответственности и подчиненность) сопоставима с прежней должностью работника.

ПОДСЛЕДСТВЕННОСТЬ – совокупность признаков преступления, которая обуславливает расследование его органом предварительного следствия или дознания.

ВЕРСИЯ СЛЕДОВАТЕЛЯ – обоснованное предположение следателя относительно отдельного факта или группы фактов, имеющих значение для расследования конкретного преступления.

ПРОСТУПОК – действие, противоречащее общественному порядку или закону, но не являющееся преступлением.

ЭФФЕКТИВНАЯ ПОДГОТОВКА – процесс, направленный на достижение высоких результатов при наиболее оптимальном использовании ресурсов (времени, усилий, средств) для выполнения определенной цели.

ТОҚТАМ САЛУ – мүлікті сатуға, айырбастауға немесе өзге де операцияларға тыйым сала отырып, оны иелену құқығын шектеу.

Ескертпе. «Арест» сөзі қазақ тіліне мүлікке қатысты «тоқтам салу», ал адамға қатысты «қамақ, қамау» болып аударылады.

ТӨЛЕМ – ақшалай міндеттемені орындау үшін жасалатын ақша аударымы.

ТӨЛЕМ – еңбек шартына, әлеуметтік қамсыздандыруға немесе өзге де заңды негіздерге сәйкес төленетін ақшалай қаражат.

ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТСІЗДІГІ – борышкердің ақшалай міндеттемелерін және ақшалай сипаттағы өзге де талаптарын толық көлемде орындай алмау қабілеті.

ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІК – борышкердің кредиторлар алдындағы ақшалай міндеттемелерін және өзге де мүліктік сипаттағы талаптарын толық көлемде және белгіленген мерзімде орындау қабілеті.

ТӨЛЕМГЕ ҚАТЫСУШЫЛАР – ақшалай аударымдарды жүзеге асыру үдерісіне тікелей қатысатын адамдар немесе ұйымдар (төлеуші, алушы, банк).

ТӨЛЕМДІ БАҒЫТТАУ – ақшалай қаражатты аудару кезінде төлемнің нақты алушысын (төлем мақсатын) көрсету.

ТӨЛНҰСҚА – құжаттың өзі, түпкі мазмұны мен ресмилігін растайтын, оның алғашқы данасы.

НАЛОЖЕНИЕ АРЕСТА – ограничение права владения имуществом путем запрета на его продажу, обмен или иные операции.

Примечание. Слово «арест» на казахский язык переводится в отношении имущества как «тоқтам салу», а в отношении лица как «қамақ, қамау».

ПЛАТЕЖ – денежный перевод, осуществляемый с целью исполнения денежного обязательства.

ВЫПЛАТА – перечисление денежных средств по трудовому договору, социальному обеспечению или иным законным основаниям.

НЕПЛАТЕЖЕСПОСОБНОСТЬ – неспособность должника в полном объеме выполнить денежные обязательства и иные требования денежного характера.

ПЛАТЕЖЕСПОСОБНОСТЬ – способность должника в полном объеме и в установленный срок исполнять денежные обязательства и иные требования имущественного характера перед кредиторами.

УЧАСТНИКИ ПЛАТЕЖА – лица или организации, непосредственно участвующие в процессе осуществления денежных переводов (плательщик, получатель, банк).

АДРЕСАЦИЯ ПЛАТЕЖА – указание точного получателя платежа (или назначение платежа) в процессе перевода денежных средств.

ПОДЛИННИК – сам документ, его первый экземпляр, подтверждающий изначальное содержание и официальность.

ТӨМЕНДЕ САНАМАЛАНҒАН ТӘСІЛДЕР – мәтінде әрі қарай тізімделетін немесе баяндалатын әдістер, жолдар немесе тетіктері.

ТӨРЕЛІК – азаматтық-құқықтық, шаруашылық және өзге де экономикалық дауларды тараптардың келісімі бойынша тәуелсіз төрешілердің (аралық сот) қарауына беру арқылы шешу тәсілі.

ТӨРЕЛІК КЕЛІСІМ – тараптардың өзара арасында туындаған немесе туындауы мүмкін дауларды төрелік сотта қарауға олардың келіскенін растайтын жазбаша шарт.

ТӨРЕЛІК СОТ – азаматтық-құқықтық дауларды тараптардың келісімі бойынша қарайтын және шешетін орган.

ТӨРЕЛІК ТАЛҚЫЛАП-ТАРАЗЫЛАУ – азаматтық-құқықтық дауды мемлекеттік соттар жүйесінен тыс шешу тәсілі, бұл жағдайда тараптар шешімі олар үшін міндетті болатын тәуелсіз арбитраді (немесе бірнеше арбитраді) таңдайды.

ТӨРЕЛІК ШЫҒЫС – төрелік сотта дауды қарауға байланысты туындайтын шығыстар.

ТӨРЕШІЛДІК – ресми ережелерді басшылыққа алатын, қызметкерлер басшыларға қатаң бағынатын, міндеттері нақты бөлінген және артық қағазбастылық бар мемлекетті немесе ұйымды басқару жүйесі.

НИЖЕПЕРЕЧИСЛЕННЫЕ СПОСОБЫ – методы, пути или механизмы, которые будут перечислены или описаны далее в тексте.

АРБИТРАЖ – способ разрешения гражданско-правовых, хозяйственных и иных экономических споров путем передачи их на рассмотрение независимым арбитрам (третейским судьям) по соглашению сторон.

АРБИТРАЖНОЕ СОГЛАШЕНИЕ – письменный договор, подтверждающий согласие сторон на рассмотрение возникших или могущих возникнуть между ними споров в арбитражном суде.

АРБИТРАЖНЫЙ СУД – орган, который рассматривает и разрешает гражданско-правовые споры по соглашению сторон.

АРБИТРАЖНОЕ РАЗБИРАТЕЛЬСТВО – способ разрешения гражданско-правовых споров вне системы государственных судов, при котором стороны избирают независимого арбитра (или нескольких арбитров), чье решение является для них обязательным.

АРБИТРАЖНЫЙ РАСХОД – расходы, возникающие в связи с рассмотрением спора в арбитражном суде.

БЮРОКРАТИЯ – система управления государством или организацией, где руководствуются формальными правилами, сотрудники строго подчиняются начальству, обязанности четко распределены и присутствует излишняя бумажная волокита.

ТӨРЕШІЛДІК КӨРІНІСІ – мемлекеттік органдардың немесе ірі ұйымдардың қызметіндегі мәселелердің шешімін шамадан тыс күрделендіру, созу және ресмилендіру.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ – сыртқы немесе ішкі қауіп-қатерден қорғану және қоғамдық тәртіпті сақтау үшін елде немесе оның жеке аймақтарында енгізілген, мемлекеттік органдар мен әкімшіліктердің, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдар қызметінің ерекше құқықтық режімі.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЯТТЫҢ САЛДАРЛАРЫ – табиғи апаттар, техногендік авариялар, эпидемиялар немесе басқа да төтенше оқиғалар нәтижесінен туындайтын теріс өзгерістер, залалдар немесе бұзылулар.

ТӨТЕНШЕ ЖАРНАЛАР – ерекше жағдайларда күтпеген немесе төтенше шығыстарды (қажеттіліктерді) қаржыландыру үшін жиналатын қосымша міндетті ақшалай жарналар.

ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ – электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, өзара ақпарат алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды ұсыну үшін көрсетілетін қызмет.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ТАСЫМАЛ ЖӘНЕ АУЛАҚТАТУ – тауарларды, материалдарды немесе қалдықтарды бір елдің аумағынан басқа елдің аумағына тасымалдау және оларды сол жерде жою немесе орналастыру.

ПРОЯВЛЕНИЕ БЮРОКРАТИЗМА – чрезмерное усложнение, затягивание и формализация решения вопросов в деятельности государственных органов или крупных организаций.

ЧРЕЗВЫЧАЙНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ – особый правовой режим деятельности органов государственной власти и управления, предприятий, учреждений и организаций, вводимый в стране или отдельных её районах для защиты от внешней или внутренней угрозы, поддержания общественного порядка.

ПОСЛЕДСТВИЯ ЧРЕЗВЫЧАЙНЫХ СИТУАЦИЙ – негативные изменения, ущерб или разрушения, которые возникают в результате природных катастроф, техногенных аварий, эпидемий или иных чрезвычайных событий.

ЧРЕЗВЫЧАЙНЫЕ ВЗНОСЫ – дополнительные обязательные денежные отчисления, взимаемые для финансирования непредвиденных или экстренных расходов (потребностей) в особых случаях.

ТРАНЗАКЦИОННАЯ УСЛУГА – услуга по предоставлению пользователям электронных информационных ресурсов, требующая взаимного обмена информацией с применением электронной цифровой подписи.

ТРАНСГРАНИЧНАЯ ПЕРЕВОЗКА И УДАЛЕНИЕ – транспортировка товаров, материалов или отходов с территории одной страны на территорию другой страны с последующим их уничтожением или размещением там.

ТУУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын, оның туу фактісінің мемлекетте тіркелгенін куәландыратын құжат.

ТУЫНДЫ АКТІЛЕР – негізгі құқық құжаттарының (заңдардың, кодекстердің) нормаларын нақтылайтын, дамытатын немесе толықтыратын, сондай-ақ олардың орындалуын реттейтін қосымша құқықтық актілер.

ТҰЖЫРЫМ – жинақталған ақпаратты талдау, аргументтерді салыстыру және логикалық ой қорыту негізінде жасалатын, қарастырылып отырған мәселенің нақты және негізделген пікірі немесе шешімі.

ТҰЖЫРЫМДАМА – тиісті мемлекеттік саясатты негіздейтін және оны іске асырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері енгізілген белгілі бір аяны, саланы (салаларды) дамытудың пайымын көрсететін құжат.

ТҰРАҚТЫЛЫҚ – объектінің немесе жүйенің ұзақ уақыт бойы өзгеріссіз, тұрақтылық жай-күйі.

ТҰРҒЫН АУДАНЫ – тұрғын орынжайдың (пәтердің немесе үйдің) жалпы алаңының бір бөлігі болып табылатын, шаршы метрмен өлшенетін, тұрғын бөлмелердің (жатынүй, қонақбөлме, бала бөлмесі, жұмыс кабинеті және т.б.) жиынтық ауданы.

ТҰРҒЫН ҮЙ – адамдардың тұрақты тұруына арналған, тұрғын және қосалқы орынжайларды қамтитын күрделі ғимарат.

СВИДЕТЕЛЬСТВО О РОЖДЕНИИ – документ, удостоверяющий личность физического лица, свидетельствующий о государственной регистрации факта его рождения.

ПРОИЗВОДНЫЕ АКТЫ – дополнительные правовые акты, уточняющие, развивающие или дополняющие нормы основных правовых документов (законов, кодексов), а также регулирующие их исполнение.

ВЫВОД – конкретное и обоснованное мнение или решение по рассматриваемому вопросу, сформированное на основе анализа собранной информации, сопоставления аргументов и логического умозаключения.

КОНЦЕПЦИЯ – документ, отражающий видение развития определенной сферы или отрасли (отраслей), обосновывающий соответствующую государственную политику и включающий основные принципы и подходы к ее реализации

СТАБИЛЬНОСТЬ – состояние стабильности объекта или системы, остающееся неизменным в течение длительного времени.

ЖИЛАЯ ПЛОЩАДЬ – часть общей площади жилого помещения (квартиры или дома), представляющая собой сумму площадей жилых комнат (спальни, гостиной, детской, кабинета и т.п.), выраженная в квадратных метрах.

ЖИЛОЙ ДОМ – капитальное здание, предназначенное для постоянного проживания людей, включающее жилые и вспомогательные помещения.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТІРШІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – төтенше жағдаяттар аймақтарында, эвакуациялау маршруттарында және эвакуацияланғандарды орналастыру орындарында адамдардың өмірін сақтау және денсаулығын демеу үшін ең қажетті жағдайды жасауға және қолдауға бағытталған, уақыт, ресурстар және өткізу орындары өзара байланысты болатын, азаматтық қорғаудың күштері және құралдарымен жүзеге асырылатын іс-шаралар жиынтығы.

ТҰРҒЫНЖАЙ – тұрақты тұруға арналған және соған пайдаланылатын, белгіленген құрылыс, санитариялық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да міндетті нормалар мен қағидаларға сай келетін жеке тұрғын үй бірлігі (жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме, модульдік (мобилді) тұрғын үй).

ТҰРҒЫНЖАЙ ҚҰРЫЛЫСЫНА ҮЛЕСТІК ҚАТЫСУ – тараптардың тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шартына негізделген қатынастары.

ТҰРҒЫНЖАЙҒА ҚОЛ СҰҚПАУ ҚҰҚЫҒЫ – тұрғындардың келісімінсіз немесе заңды сот шешімінсіз тұрғын үйге заңсыз кіруге, қарауға немесе тінтуге жол бермейтін, сондай-ақ жеке өмірі мен жеке қауіпсіздігін қорғауға кепілдік беретін, азаматтың конституциялық құқығы.

ТҰРҒЫНЖАЙДЫ ЖАЛДАУ (ҚОСЫМША ЖАЛДАУ) ШАРТЫ – қосымша жалдаушы тұрғынжайды не оның бір бөлігін ақы төлеп пайдалану құқығын алатын тараптар шарты.

ЖИЗНЕОБЕСПЕЧЕНИЕ ГРАЖДАНСКОГО НАСЕЛЕНИЯ – совокупность взаимосвязанных по времени, ресурсам и месту проведения силами и средствами гражданской защиты мероприятий, направленных на создание и поддержание условий, минимально необходимых для сохранения жизни и поддержания здоровья людей в зонах чрезвычайных ситуаций, на маршрутах эвакуации и в местах размещения эвакуируемых.

ЖИЛИЩЕ – отдельная жилая единица (индивидуальный жилой дом, квартира, комната в общежитии, модульный (мобильный) жилой дом), предназначенная и используемая для постоянного проживания, отвечающая установленным строительным, санитарным, экологическим, противопожарным и другим обязательным нормам и правилам.

ДОЛЕВОЕ УЧАСТИЕ В ЖИЛИЩНОМ СТРОИТЕЛЬСТВЕ – отношения сторон, основанные на договоре о долевом участии в жилищном строительстве.

ПРАВО НА НЕПРИКОСНОВЕННОСТЬ ЖИЛИЩА – конституционное право гражданина, гарантирующее защиту жилища от незаконного проникновения, осмотра или обыска без согласия проживающих или без законного судебного решения, а также охрану частной жизни и личной безопасности.

ДОГОВОРА НАЙМА (ПОДНАЙМА) ЖИЛИЩА – договор сторон, в соответствии с которым поднайматель получает право пользования жилищем либо его частью за плату.

ТҰРҒЫНЖАЙДЫ КҮТІП-ҰСТАУ ШЫҒЫСЫ – заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқару және күтіп-ұстау үшін, жиналыс шешімімен бекіткен пәтерлер мен тұруға арналмаған орынжайлар иелерінің міндетті ай сайынғы жарналары.

ТҰРМЫС МЕРДІГЕРЛІГІ – тапсырыс берушінің тұрмыстық немесе жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында мердігер белгілі бір жұмысты орындауға және оны белгіленген мерзімде тапсыруға міндеттенетін, ал тапсырыс беруші жұмыстың нәтижесін қабылдап, оған ақы төлеуге міндеттенетін азаматтық-құқықтық шарт түрі.

ТҰРМЫСТАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ – отбасы-тұрмыстық қарым-қатынаста бір адамның екінші адамға жасаған және оның құқығы мен еркіндігіне, денсаулығы мен қадір-қасиетіне зиян келтіретін қасақана қылығы.

ТҰРУҒА АРНАЛМАҒАН ОРЫНЖАЙ – адамдардың тұрақты тұруына арналмаған және тұрғын үй-жайға қойылатын талаптарға сай келмейтін, бірақ өндірістік, әкімшілік, сауда, қоғамдық немесе басқа да мақсаттарда пайдаланылатын ғимарат немесе орынжай.

ТҰТЫНУШЫ КРЕДИТІ – жеке тұлғаның (қарыз алушының) кәсіпкерлік қызметімен байланысты емес жеке шығыстарын өтеуге, яғни тұтынушылық қажеттігіне (тауарлар сатып алу, көрсетілген қызметтерге ақы төлеу) банк немесе өзге де кредит берушінің беретін ақшалай қаражаты.

РАСХОДЫ НА СОДЕРЖАНИЕ ЖИЛИЩА – обязательные ежемесячные взносы собственников квартир и нежилых помещений, утвержденные решением собрания для управления и содержания общего имущества объекта кондоминиума в соответствии с порядком, установленной законодательством.

БЫТОВОЙ ПОДРЯД – вид гражданско-правового договора, по которому подрядчик обязуется выполнить определенную работу для удовлетворения бытовых или личных потребностей заказчика и сдать результат в установленный срок, а заказчик – принять результат и оплатить его.

БЫТОВОЕ НАСИЛИЕ – умышленное деяние одного лица в отношении другого в сфере семейно-бытовых отношений, которое причиняет вред его правам и свободам, здоровью и достоинству.

НЕЖИЛОЕ ПОМЕЩЕНИЕ – здание или помещение, не предназначенное для постоянного проживания людей и не соответствующее требованиям, предъявляемым к жилым помещениям, но используемое в производственных, административных, торговых, общественных или иных целях.

ПОТРЕБИТЕЛЬСКИЙ КРЕДИТ – денежные средства, предоставляемые банком или иным кредитором физическому лицу (заемщику) на потребительские нужды (покупку товаров, оплату услуг, личные расходы), не связанные с предпринимательской деятельностью.

ТҰТЫНУШЫ МҮДДЕЛЕРІНІҢ ТЕҢГЕРІМІ – әртүрлі топтағы тұтынушылардың (экономикалық, әлеуметтік) мүдделерін ескеру және олардың өзара оңтайлы үйлесімге келуі.

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ АЙЫРБАС-ТАУ ҚҰҚЫҒЫ – азық-түлікке жатпайтын, сатып алынған тауардың пішіні, өлшемі, түсі, жинақтығы немесе өзге де параметрлері бойынша сәйкес келмесе, тұтынушы сатып алған тауарын алған күннен бастап он төрт күн ішінде басқа тауарға айырбастауға құқылы.

ТУЫРТЕК – ақшалай қаражаттың, заттардың, құжаттардың немесе өзге де мүліктің қабылданғанын растайтын және сомасы (қажет болған жағдайда), күні және қабылдау негізі көрсетілген төлем құжаты.

ТҮЗЕТІМ – алдыңғы мәліметтердің, есептер немесе көрсеткіштердің дәлдігін, нақтылығын немесе сәйкестігін қамтамасыз ету үшін, оларға өзгерістер мен түзетулер енгізу үдерісі.

ТҮЗЕТУ – заң жобасының, құжат немесе мәтіннің мазмұнын өзгерту, толықтыру немесе нақтылау үшін енгізілетін өзгерістер.

ТҮЗЕУ – құжаттың немесе мәтіннің қателерін, кемшіліктері немесе дәлсіздіктерін жою үшін жасалатын түзетулер.

ТҮПКІЛІКТІ НҮСҚА – толық тексеріліп, бекітілген, ресми түрде қолдануға дайын құжат.

БАЛАНС ИНТЕРЕСОВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ – учет интересов различных групп потребителей (экономических, социальных) и достижение оптимального сочетания между ними.

ПРАВО ПОТРЕБИТЕЛЕЙ НА ОБМЕН – право потребителя в течение четырнадцати календарных дней со дня покупки непродовольственного товара надлежащего качества обменять его у продавца на аналогичный товар, если приобретённый товар не подошел по форме, размеру, цвету, комплектации или иным параметрам.

КВИТАНЦИЯ – платежный документ, подтверждающий прием денежных средств, вещей, документов или иного имущества, содержащий сведения о сумме (если применимо), дате и основании получения.

КОРРЕКТИРОВКА – внесение изменений или исправлений в ранее полученные данные, отчёты или показатели с целью обеспечения их точности, достоверности или соответствия.

ПОПРАВКИ – изменения, вносимые в законопроект, документ или текст для изменения, дополнения или уточнения его содержания.

ИСПРАВЛЕНИЯ – поправки, производимые для устранения ошибок, недостатков или неточностей в документе или тексте.

ОКОНЧАТЕЛЬНЫЙ ВАРИАНТ – финальный, утверждённый документ, который уже можно использовать официально.

ТУПНУСҚА – құжаттың көшірме жасауға болатын бастапқы данасы немесе үлгісі.

ТҮРЛЕНДІРУ – объектінің, үдерістің немесе жүйенің бастапқы құрылымына, қасиеттеріне немесе қызметтік сипаттамаларына белгілі бір өзгерістер енгізу арқылы оның жаңа нысанын немесе ерекшелігін қалыптастыру.

ТҮСІМ – 1) белгілі бір уақыт аралығында ұйымның немесе жеке тұлғаның банк шотына немесе кассасына келіп түскен (ақша) ақшалай қаражатының сомасы; 2) ұйымның шаруашылық қызметі нәтижесінде алған барлық ақшалай және материалдық құндылықтары.

ТҮСІМ – компанияның белгілі бір уақыт кезеңінде, кез келген салықтар мен жеңілдіктерді қоспағандағы, тауарларын, жұмыстарын немесе көрсетілген қызметтерін саудан түскен жиынтық кірісі.

ТҮСІНДІРМЕ БЕРУ – құқықтық актінің, құжаттың немесе ереженің мағынасын, мақсатын және қолданылу тәртібінің жазбаша немесе ауызша түсіндірмесі.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА – қандай да бір ресми құжатқа тіркелген және қосымша түсіндірмелер, мәліметтер, дәлелдер қамтылатын құжат.

ТҮСІНДІРУ – зерттелетін объектінің, құбылыстың немесе ұғымның мәнін ашуға бағытталған адам танымының маңызды функциясы, сондай-ақ істі қарау барысында тараптардың немесе олардың өкілдерінің өз талаптары мен өтініштерін негіздеу үшін ауызша не жазбаша түрде беретін дәлелдемесі.

ОРИГИНАЛ – первоначальный экземпляр документа или образец, с которого делают копию.

МОДИФИКАЦИЯ – формирование новой формы или особенности объекта, процесса или системы путем внесения определенных изменений в его изначальную структуру, свойства или функциональные характеристики.

ПОСТУПЛЕНИЕ – 1) сумма денежных средств, которая поступила на банковский счет или в кассу организации либо физического лица за определенный период времени; 2) все денежные и материальные ценности, полученные в результате хозяйственной деятельности организации.

ВЫРУЧКА – суммарный доход, который компания получает от продажи своих товаров, работ или услуг за определенный период времени, без учёта каких-либо налогов и скидок.

КОММЕНТАРИЙ – письменное или устное разъяснение смысла, цели и порядка применения правового акта, документа или правила.

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА – документ, который прилагается к какому-либо официальному документу и содержит дополнительные пояснения, сведения и аргументацию.

ПОЯСНЕНИЕ, ОБЪЯСНЕНИЕ – важная функция человеческого познания, заключающаяся в раскрытии сущности изучаемого объекта, явления или понятия, а также устное или письменное доказательство, приводимое сторонами или их представителями в ходе рассмотрения дела для обоснования своих требований или заявлений.

ТҮСІНІК БЕРУ – (заң, шарт), заңды немесе шартты дұрыс түсіну және қолдану үшін, оның түпнұсқа мәні мен мазмұнын анықтау.

ТҮСІНІКТЕМЕ ЖАЗБА – белгілі бір әрекеттің, оқиғаның немесе фактінің себептерін түсіндіріп беруге, сондай-ақ негізгі құжаттың (жоспар, есеп, жоба және т.б.) мазмұнын түсіндіруге арналған қызметтік құжат.

ТҮЙІМ САЛУ НОРМАЛАРЫ – белгілі бір әрекеттерді жасауға тыйым салатын, мінез-құлықтың шеберін анықтайтын және оларды бұзғаны үшін жауаптылық көзделген құқық нұсқамасы.

ТҮЙІМ САЛУ-ШЕКТЕУ СИПАТЫНДАҒЫ ШАРАЛАР – заңда, нормативтік құқықтық актілерде немесе басқа реттеуші құжаттарда бекітілген, белгілі бір әрекеттерді жасауға тыйым салу немесе шектеу жолымен құқық тәртібін, қоғамдық қауіпсіздікті және азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған құқық тетіктері.

ТҮЙІС-ТІРШІЛІК – адамның немесе әлеуметтік топтың күнделікті өмір сүру жағдайлары мен формаларының жиынтығы.

ТІЗБЕ – белгілі бір стандарттарды немесе талаптарды қолдану мақсатында құрастырылған құжаттардың немесе басқа заттардың, объектілердің немесе жұмыстардың жүйелі тізімі.

ТОЛКОВАНИЕ – (закона, договора), установление подлинного смысла и содержания закона или договора в целях его правильного понимания и применения.

ОБЪЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА – служебный документ, предназначенный для разъяснения причин определенного действия, события или факта, а также для пояснения содержания основного документа (например, плана, отчета, проекта и др.).

ЗАПРЕТИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ – правовые предписания, запрещающие совершение определенных действий, определяющие рамки поведения и предусматривающие ответственность за их нарушение.

МЕРЫ ЗАПРЕТИТЕЛЬНО-ОГРАНИЧИТЕЛЬНОГО ХАРАКТЕРА – правовые механизмы, закрепленные в законах, нормативных правовых актах или иных регуляторных документах, направленные на обеспечение правопорядка, общественной безопасности и защиту прав и интересов граждан путем установления запрета либо ограничения на совершение определенных действий.

ЖИЗНЕДЕЯТЕЛЬНОСТЬ – совокупность условий и форм повседневной жизни и деятельности человека или социальной группы.

ПЕРЕЧЕНЬ – систематизированное перечисление документов или иных предметов, объектов или работ, составленное в целях распространения на них определенных норм или требований.

ТІЗІЛІМ – қағаз түрінде де, электрондық тасығышта да сақталатын, жүйеленген тізбе, тізімдеме немесе тізім.

ТІЗІМДЕРЕК – қандай да бір фактілерді, сомаларды немесе материалдық құндылықтарды (жалақы, шығыс, мүлік) жүйелеп тіркеу және оларды бақылау үшін арнайы үлгіде жасалатын ресми құжат.

ТІЗІМДЕМЕ – мүліктің, құжаттардың немесе басқа да заттардың толық құрамы мен сипаттамасын көрсететін ресми тізім.

ТІКЕЛЕЙ АТАУЛЫ САТУ – мемлекеттік немесе коммуналдық меншік объектісі нақты бір тұлғаға немесе уәкілетті органның шешімімен сауда-саттық өткізбей сатылатын жекешелендіру әдісі.

ТІЛГЕ ТИЕСІЛІК БЕЛГІ – нақты бір тілдің өзіндік ерекшелігін, құрылымдық сипатын немесе жүйелік қасиеттерін айқындайтын көрсеткіш.

ТІРКЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК – заңды тұлғаның, мүліктің немесе басқа да объектінің мемлекеттік органда тіркелгенін растайтын ресми құжат.

ТІРШІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – адамның өмір сүруіне қажетті негізгі жағдайлармен (тамақтану, су, баспана, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, экологиялық және әлеуметтік қолдау) қамтамасыз ету жүйесі.

РЕЕСТР – систематизированный перечень, описание или список, который может вестись как на бумажных носителях, так и в электронном виде.

ВЕДОМОСТЬ – официальный документ, составляемый по специальной форме для систематической регистрации каких-либо фактов, сумм или материальных ценностей (заработная плата, расходы, имущество) и их контроль.

ОПИСЬ – официальный перечень, отражающий полный состав и описание имущества, документов или других предметов.

ПРЯМАЯ АДРЕСНАЯ ПРОДАЖА – способ приватизации, при котором объект государственного или муниципального имущества продается конкретному лицу или решением уполномоченного органа, без проведения торгов.

ПРИЗНАК ЯЗЫКОВОЙ ПРИНАДЛЕЖНОСТИ – показатель, определяющий специфические особенности, структурные характеристики или системные свойства конкретного языка.

СВИДЕТЕЛЬСТВО О РЕГИСТРАЦИИ – официальный документ, подтверждающий регистрацию юридического лица, имущества или иного объекта в государственном органе.

ЖИЗНЕОБЕСПЕЧЕНИЕ – система обеспечения основных условий, необходимых для существования человека (питание, вода, жилье, здравоохранение, безопасность, экологическая и социальная подержка).

ТІРШІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ОБЪЕКТІЛЕРІ – тұрғындардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін инфрақұрылым мен жүйелер: энергиямен жабдықтау, суды жеткізу, кәріз жүйелері, жылумен жабдықтау, денсаулық сақтау, байланыс, көлік инфрақұрылымы, коммуналдық көрсетілетін қызметтер, құқық қорғау объектілері және басқа да функционалдық ғимараттар мен желілер.

ОБЪЕКТЫ ЖИЗНЕОБЕСПЕЧЕНИЯ – объекты инфраструктуры и системы, обеспечивающие жизнедеятельность населения: системы энергоснабжения, водоснабжения, канализации, теплоснабжения, объекты здравоохранения, связи, транспортной инфраструктуры, коммунальных услуг, охраны правопорядка и другие функциональные сооружения и сети.

Уу

УАҚЫТЫЛЫ, ДЕР КЕЗІНДЕ – белгіленген мерзімде, жоспарланған уақытта немесе қажетті сәтте орындалған немесе орын алған әрекет.

Ескертпе. Мәнмәтінге сәйкес қолданылады.

УӘЖ – тұлғаны қандай да бір әрекетті (әрекетсіздікті) жасауға итермелейтін, оның ниетін, мақсатын және себептерін сипаттайтын ішкі түрткі.

УӘЖДЕМЕ – адамды белгілі бір әрекетке немесе қылықтарға итермелейтін, оның қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған психологиялық және әлеуметтік факторлардың жиынтығы.

УӘЖДЕМЕЛІК ТАЛДАУ – субъекті әрекетінің себептерін, оны әрекетке итермелеген мән-жайды және оның шешім қабылдауына әсер еткен факторларды зерттеу үдерісі.

УӘЖДІ ЖАУАП – қабылданған шешімнің немесе айтылған пікірдің негіздерін, себептерін және оны растайтын дәлелдерді айқын көрсететін, жан-жақты түсіндірілген жауап.

СВОЕВРЕМЕННО, СВОЕВРЕМЕННЫЙ, СВОЕВРЕМЕННОСТЬ – действие, выполненное или произошедшее в установленный срок, в запланированное время или в нужный момент.

Примечание. Используется в соответствии с контекстом.

МОТИВ – внутреннее побуждение, которое движет лицом к совершению определенного действия (бездействия), характеризует его намерения, цели и причины.

МОТИВАЦИЯ – совокупность психологических и социальных факторов, побуждающих человека к определенным действиям или поступкам, направленным на удовлетворение его потребностей и интересов.

МОТИВАЦИОННЫЙ АНАЛИЗ – процесс исследования причин действий субъекта, обстоятельств, побудивших его к действиям, и факторов, повлиявших на принятие им решений.

МОТИВИРОВАННЫЙ ОТВЕТ – всесторонне объясненный ответ, четко указывающий основания, причины и подтверждающие аргументы принятого решения или высказанного мнения.

ҰҰ

ҰЖЫМДЫҚ ВАЛЮТА – халықаралық есеп айырысу кезінде бірнеше мемлекеттің өзара келісіп қолданылатын ортақ ақша бірлігі.

ҰЙҒАРЫМ – соттың немесе судьяның талқылап-таразылау барысында туындаған жеке мәселеге қатысты қабылданатын істі мәні бойынша шешпейтін процесік актісі.

Ескертпе. «Анықтау, ұйғарым» сөздері орыс тіліне «определение» болып аударылады, «анықтау» сөзінің анықтамасы әліпби ретімен берілді.

ҰЙЫМДЫ ТАРАТУ – заңды тұлғаның қызметін, оның құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаларға берместен тоқтату.

ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАН – заңды тұлғаның құрылу, жұмыс істеу және тарату тәртібін анықтайтын құқықтық нысаны (мысалы, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, акционерлік қоғам, мемлекеттік мекеме).

ҰСАҚ ВАЛЮТА – банк және қасқа операциялары орталықтарында жұмыс жасайтын, арнайы жабдықталған айырбас қасса арқылы берілетін ұсақ номиналды (монеталар және ұсақ банкноттар) ақша бірліктері.

ҰСАҚ-ТҮЙЕК ЖЫМҚЫРУ – болмашы мөлшерде жасалған ұрлық, алаяқтық, бөтен адамның мүлкін иемденіп алу немесе талан-таражға салу.

КОЛЛЕКТИВНАЯ ВАЛЮТА – денежная единица, используемая несколькими государствами по взаимному соглашению при международных расчетах.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ – процессуальный акт суда или судьи, выносимый по отдельным вопросам, возникающим в ходе судебного разбирательства, и не разрешающий дело по существу.

Примечание. Слово «определение» переводится на казахский язык как «анықтау» и «ұйғарым». Дефиниция термина «анықтау» представлена в алфавитном порядке.

ЛИКВИДАЦИЯ ОРГАНИЗАЦИЙ – прекращение деятельности юридического лица без перехода его прав и обязанностей к другим лицам.

ОРГАНИЗАЦИОННО-ПРАВОВАЯ ФОРМА – правовая форма, определяющая порядок создания, функционирования и ликвидации юридического лица (например, товарищество с ограниченной ответственностью, акционерное общество, государственное учреждение).

РАЗМЕННАЯ (ОБМЕННАЯ) ВАЛЮТА – денежные знаки мелкого номинала (монеты и мелкие банкноты), которые выдаются через специально оборудованную разменную кассу, функционирующую в банках и центрах кассовых операций.

МЕЛКОЕ ХИЩЕНИЕ – кража, мошенничество, присвоение или растрата чужого имущества, совершенные в незначительном размере.

ҰСТАП БЕРУ ҮШІН КІДІРТУ – басқа мемлекеттің іздеуіндегі адамды қылмыстық жауапқа тарту немесе үкімді орындау үшін кейіннен ұстап беруді (экстрадициялауды) қамтамасыз ету мақсатында оны күзетпен қамауға алу.

ҰСЫНЫМ – заң бұзуды, кемшіліктерді жою немесе көтермелеу мақсатында лауазымды адамның немесе органның басқа ұйымға жіберетін ресми құжаты.

ҰСЫНЫМ – құқықтық және іскери мәнмәтінде «ұсыным» деген ұғым белгілі бір шешімдерді, әрекеттер немесе мінез-құлықты қабылдауға бағытталған, бірақ міндетті заңи күші жоқ, кеңес, ұсыныс немесе пікір.

ҰСЫНЫМДАРДЫ ТҰЖЫРЫМДАУ – белгілі бір мәселе бойынша шешім қабылдау немесе әрекет ету үшін негіз бола алатын ұсыныстарды мұқият талдау және дайындау үдерісі.

ҰСЫНЫС – басқа адамның қарауына, талқылауына ұсынылатын немесе белгілі бір мәселені шешуге бағытталған ой, идея, кеңес, жоспар немесе бастама.

ҰСЫНЫСТАРДЫ ТҰЖЫРЫМДАУ – белгілі бір қызмет саласында нормативтік, басқару, ұйымдастыру немесе өзге тетіктерді жетілдіруге бағытталған жағдаяттарды талдау, талқылау және нақты ұсыныстарды, шешімдерді не бастамаларды қалыптастыру үдерісі.

ЗАДЕРЖАНИЕ ПОД СТРАЖУ ДЛЯ ВЫДАЧИ – заключение под стражу лица, разыскиваемого другим государством для привлечения к уголовной ответственности или исполнения приговора, в целях обеспечения его последующей выдачи (экстрадиции).

ПРЕДСТАВЛЕНИЕ – официальный документ, направляемый должностным лицом или органом в другую организацию с целью устранения нарушений закона, недостатков или в целях поощрения.

РЕКОМЕНДАЦИЯ – понятие «рекомендация» в правовом и деловом контексте означает совет, предложение или мнение, направленное на принятие определенных решений, действий или поведения, но не обладающее обязательной юридической силой.

ВЫРАБОТКА РЕКОМЕНДАЦИЙ – процесс тщательного анализа и подготовки предложений, которые могут служить основой для принятия решений или действий по определенному вопросу.

ПРЕДЛОЖЕНИЕ – мысль, идея, совет, план или инициатива, представленные другому человеку для рассмотрения, обсуждения или принятия и направленные на решение определенной проблемы.

ВЫРАБОТКА ПРЕДЛОЖЕНИЙ – процесс анализа ситуации, обсуждения и формулирования конкретных рекомендаций, решений или инициатив, направленных на совершенствование нормативных, управленческих, организационных или иных механизмов в той или иной сфере деятельности.

ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫСТЫҢ АБОНЕНТТІК ҚҰРЫЛҒЫСЫ – ұялы байланыс операторының желісіне қосылу арқылы пайдаланушыға ұялы байланыс қызметтерін (дауыс байланысы, деректерді беру, SMS) алуға мүмкіндік беретін электрондық құрылғы (ұялы телефон, смартфон, планшет немесе модем).

АБОНЕНТСКОЕ УСТРОЙСТВО СОТОВОЙ СВЯЗИ – электронное устройство (мобильный телефон, смартфон, планшет или модем), которое позволяет пользователю получать услуги мобильной связи (голосовая связь, передача данных, SMS) путем подключения к сети оператора сотовой связи.

ҮҮ

ҮГІТТЕУ – саяси, сайлауалды немесе әлеуметтік науқан кезінде белгілі бір мақсатқа (дауыс беру, жиналыстарға қатысу) қол жеткізу үшін азаматтарға белсенді түрде ауызша, жазбаша немесе көрнекі әсер ету.

ҮДЕМЕЛІ САЛЫҚ САЛУ – табыс өскен сайын салық мөлшерлемесі ұлғаятын салық салу жүйесі.

ҮДЕРІС – белгілі бір нәтижеге жетуге бағытталған бірізді әрекеттердің немесе өзгерістердің жиынтығы.

ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ – ресми құжаттың белгілі бір бөлігін толықтай немесе ішінара көшіріп, оның дұрыстығын растайтын құжат.

ҮЙ ИЕСІ – жеке меншігінде үйі немесе оның бір бөлігі бар (ортақ меншік) жеке немесе заңды тұлға.

ҮЙГЕ ИЕЛІК ЕТУ – жеке немесе заңды тұлғаның тұрғын үй-жайды нақты түрде немесе заңды негізде иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарының жүзеге асуы.

АГИТАЦИЯ – активное устное, письменное или наглядное воздействие на граждан с целью достижения определённой цели (голосование, участие в собраниях) во время политической, предвыборной или социальной кампании.

ПРОГРЕССИВНОЕ НАЛОГООБЛАЖЕНИЕ – система налогообложения, при которой ставка налога увеличивается с ростом дохода.

ПРОЦЕСС – совокупность последовательных действий или изменений, направленных на достижение определённого результата.

ВЫПИСКА – документ, представляющий собой полное или частичное извлечение из официального документа, подтверждающее его достоверность.

ДОМОВЛАДЕЛЕЦ – юридическое или физическое лицо, имеющее в частной собственности домостроение или его часть (совместное владение).

ДОМОВЛАДЕНИЕ – осуществление физическим или юридическим лицом прав владения, пользования и распоряжения жилым помещением на законных или фактических основаниях.

ҮЙДЕГІ КАРАНТИН – жұқпалы ауруы бар деп болжанған немесе расталған адам үшін міндетті медициналық байқау мен санитарлық талаптардың сақталуын қарастыратын үйдегі оқшаулау режімі.

ҮЙҚАМАҚ – сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе қылмыстық іс жүргізу шеңберінде күдіктіге немесе айыпталушыға сот белгілеген мерзім ішінде өз тұрғынжайынан (тұрғылықты жерінен) кетуге тыйым салуды көздейтін процестік мәжбүрлеу шарасы.

ҮЙЛЕСТІРУ – әртүрлі бөліктердің, үдерістердің немесе адамдардың жұмысын бір мақсатқа жету үшін үйлесімді және келісімді ұйымдастыру.

ҮКІМЕТ ҚОРЫТЫНДЫСЫ – заң жобасына немесе басқа нормативтік құқықтық актіге қатысты Үкімет әзірлейтін және оның ұстанымын, ұсыныстарын білдіретін ресми құжат.

ҮЛЕСТЕС ТҮЛҒА – басқа заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің қызметіне ықпал етуге мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлға.

ҮЛЕСТІК МІНДЕТТЕМЕ – компанияның немесе ұйымның қатысушыларының (мүше, акционерлердің) өз үлестері бойынша компанияға немесе ұйымға қатысты қаржылық немесе басқа да міндеттемелерді орындау жауапкершілігі.

ДОМАШНИЙ КАРАНТИН – режим изоляции на дому для лица с подтвержденным или предполагаемым инфекционным заболеванием, предусматривающий обязательное медицинское наблюдение и соблюдение санитарных требований.

ДОМАШНИЙ АРЕСТ – мера процессуального принуждения, при которой подозреваемому или обвиняемому запрещается покидать своё жилище (место проживания) на период, определенный судом, в рамках досудебного расследования или уголовного процесса.

КООРДИНАЦИЯ – организация скоординированной и согласованной работы различных частей, процессов или людей для достижения единой цели.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ ПРАВИТЕЛЬСТВА – официальный документ, подготовленный Правительством относительно проекта закона или иного нормативного правового акта и выражающий его позицию и предложения.

АФФИЛИРОВАННОЕ ЛИЦО – физическое или юридическое лицо, имеющее возможность оказывать влияние на деятельность другого юридического лица или индивидуального предпринимателя.

ДОЛЕВОЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВО – ответственность участников (членов, акционеров) компании или организации за выполнение финансовых или иных обязательств перед компанией или организацией в соответствии с их долями.

ҮМІТКЕР – белгілі бір лауазымға, орынға немесе құқыққа ие болуға үміттенетін немесе ұмтылатын адам.

ҮНДЕСТІРУ – әртүрлі жүйелердің, заңнамалардың немесе стандарттардың өзара үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында оларды біріздендіру немесе ретке келтіру үдерісі.

ҮСТЕМДІК – басқа нормалардың, шешімдер немесе әрекеттердің оған бағынуын көздейтін, белгілі бір саладағы ең жоғары, жетекші жағдайға ие болатын жай-күй немесе қасиет.

ҮСТЕМЕ ЖҰМЫС – жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыскердің жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс (есептік кезеңдегі жұмыс сағаттарының қалыпты санынан жоғары) орындайтын жұмысы.

ҮСТЕМАҚЫ – еңбек жағдайларының ерекшеліктеріне, қосымша жүктемеге немесе еңбек өтіліне байланысты негізгі жалақыдан тыс төленетін ақшалай төлем.

ҮШІНШІ ТҮЛҒА – азаматтық немесе құқықтық қатынастарда негізгі тараптарға (мысалы, жеке немесе заңды тұлға) тікелей қатысы жоқ, бірақ іске жанама түрде қатысатын жеке адам немесе ұйым.

ПРЕТЕНДЕНТ – лицо, которое стремится или претендует на занятие определенной должности, места или получение права.

ГАРМОНИЗАЦИЯ – процесс унификации или упорядочивания различных систем, законодательств или стандартов для обеспечения их взаимного согласованного функционирования.

ВЕРХОВЕНСТВО – состояние или свойство занимать высшее, руководящее положение в определённой сфере, предполагающее подчинение ему других норм, решений или действий.

СВЕРХУРОЧНАЯ РАБОТА – работа, выполняемая работником по инициативе работодателя за пределами установленной продолжительности рабочего времени (сверх нормального количества рабочих часов за учетный период).

НАДБАВКА – денежная выплата сверх основной заработной платы, выплачиваемая в связи с особыми условиями труда, дополнительной нагрузкой или трудовым стажем.

ТРЕТЬЕ ЛИЦО – частное лицо или организация, не имеющие прямого отношения к основным сторонам (например, к физическому или юридическому лицу) в гражданских или правовых отношениях, но косвенно участвующие в деле.

Фф

ФАЙЛДЫ ЖОЮ – ақпараттық жүйелерде немесе деректерді сақтау құрылғыларында сақталған электрондық деректер жиынтығын (файлды) одан әрі қолдануға мүмкіндік болмайтындай етіп өшіру немесе жою үдерісі.

ФИСКАЛДЫ ОРНЫҚТЫЛЫҚ – тұрақты төлем қабілеттігіне кепілдік беретін кәсіпорын шоттарының жай-күйі.

ФОТОБЕКІТІМ, ФОТОБЕКІТУ – құқық қолдану тәжірибесінде дәлел ретінде қолданылатын құқық бұзуды, оқиғалар мен объектілерді фотосуретке түсіруді құжаттау тәсілі.

ФОТОТҮСІРІЛІМ ЖАСАУ – нақты объектілердің кескінін жарық сезгіш материалға немесе цифрлық матрицаға тіркеу үдерісі.

ФУНКЦИЯ – қандай да бір органның, лауазымды адамның немесе жүйенің өз мақсатына сәйкес атқаратын негізгі міндеті мен қызметі.

УДАЛЕНИЕ ФАЙЛА – процесс стирания или уничтожения электронных данных (файла), хранящихся в информационных системах или на устройствах хранения данных, с целью исключить возможность их дальнейшего использования.

ФИСКАЛЬНАЯ УСТОЙЧИВОСТЬ – состояние счетов предприятия, гарантирующее его постоянную платежеспособность.

ФОТОФИКСАЦИЯ – способ документирования правонарушений, событий или объектов с помощью фотосъёмки, используемый в правоприменительной практике в качестве доказательства.

ОСУЩЕСТВЛЕНИЕ ФОТОСЪЕМКИ – процесс фиксации изображений реальных объектов на светочувствительный материал или цифровую матрицу.

ФУНКЦИЯ – основная обязанность и деятельность, выполняемая каким-либо органом, должностным лицом или системой в соответствии с их предназначением.

Хх

ХАБАР БЕРУ – кез келген ақпаратты мүдделі тұлғаларға жеткізу үдерісі.

ХАБАРДАРЛЫҚ – адамның немесе адам тобының қандай да бір факті, оқиға, мәселе, жағдаят немесе үдеріс туралы ақпараттануы, түсінуі және білім деңгейі.

ИНФОРМИРОВАНИЕ – процесс доведения какой-либо информации до сведения заинтересованных лиц.

ОСВЕДОМЛЕННОСТЬ – уровень информированности, понимания и знаний человека или группы лиц о каком-либо факте, событии, проблеме, ситуации или процессе.

ХАБАРЛАМА – жұмыскердің немесе жұмыс берушінің жазбаша түрде, оның ішінде электрондық форматта, байланыс құралдары арқылы жіберілетін ақпараттық құжаты (ескертуі, хабарлауы).

ХАБАРХАТ – қандай да бір оқиға немесе факт, белгілі бір әрекеттерді орындау немесе төлем жасау қажеттігі туралы ақпарат беретін ресми құжат.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ӨКІЛДІК ЕТУ – мемлекеттің, ұйымның немесе жеке тұлғаның өз мүдделерін халықаралық аренада білдіруі, халықаралық ұйымдарға қатысуы немесе басқа елдермен қарым-қатынас орнатуы.

ХАЛЫҚТЫҢ СЫНАМДЫ ТОБЫ – әлеуметтік, экономикалық немесе экологиялық дағдарыс қатерлері мен жағымсыз салдарына неғұрлым бейім азаматтардың әлеуметтік осал санаты.

УВЕДОМЛЕНИЕ – информационный документ, (уведомить, известить) направляемый работником или работодателем в письменной форме, в том числе в электронном формате, посредством средств связи.

ИЗВЕЩЕНИЕ – официальный документ, информирующий о каком-либо событии или факте, необходимости выполнения определенных действий или осуществления платежа.

ПРЕДСТАВЛЕНИЕ НА МЕЖДУНАРОДНОМ УРОВНЕ – представление интересов государства, организации или физического лица на международной арене, участие в международных организациях или установление взаимоотношений с другими странами.

КРИТИЧЕСКАЯ ГРУППА НАСЕЛЕНИЯ – социально уязвимая категория граждан, наиболее подверженная рискам и негативным последствиям социальных, экономических или экологических кризисов.

Цц

ЦИФРЛАНДЫРУ – бизнесте, мемлекеттік басқаруда және күнделікті өмірде қолданыстағы үдерісті өзгерту және жаңа мүмкіндіктер жасау үшін цифрлық технологияларды енгізу.

ЦИФРОВИЗАЦИЯ – внедрение цифровых технологий для изменения существующих процессов и создания новых возможностей в бизнесе, государственном управлении и повседневной жизни.

ШШ

ШАҒЫМ – мемлекеттік органдардың, лауазымды адамның немесе ұйымдардың әрекеттеріне, шешімдеріне немесе әрекетсіздігіне наразылығын білдіруге бағытталған және өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында ресімделген, ресми жазбаша немесе ауызша жолданымы.

ШАҒЫМДАНУ – адамның өз құқығын қорғау үшін жоғары тұрған органға немесе сотқа шағым беру арқылы мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның әрекеті не әрекетсіздігіне шешім табатын заңи әрекеті.

ШАҒЫМДАНУҒА БОЛАТЫН ШЕШІМ – процестік заңнамада белгіленген апелляциялық немесе кассациялық тәртіпте, жоғары тұрған сот инстанциясында қайта қаралуы мүмкін заңды күшіне енген сот актісі.

ШАҒЫМДАНУҒА БОЛМАЙТЫН ШЕШІМ – процестік заңнамаға сәйкес оны шығарғаннан кейін дереу заңды күшіне енетін және апелляциялық немесе кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актісі.

ШАМАДАН ТЫС КРЕДИТ АЛУ – қарыз міндеттемесінің табыс және активтерден едәуір артып кетуінен туындайтын қаржылық жай-күй.

ЖАЛОБА – официальное письменное или устное обращение лица, направленное на выражение недовольства действиями, решениями или бездействием государственных органов, должностных лиц или организаций с целью защиты своих прав и законных интересов.

ОБЖАЛОВАНИЕ – юридическое действие, предпринимаемое лицом в целях защиты своих прав путем подачи жалобы в вышестоящий орган или суд на решение, действие либо бездействие государственного органа или должностного лица.

РЕШЕНИЕ, ПОДЛЕЖАЩЕЕ ОБЖАЛОВАНИЮ – не вступивший в законную силу судебный акт, который может быть пересмотрен вышестоящей судебной инстанцией в апелляционном или кассационном порядке, установленном процессуальным законодательством.

РЕШЕНИЕ, НЕ ПОДЛЕЖАЩЕЕ ОБЖАЛОВАНИЮ – судебный акт, который в соответствии с процессуальным законодательством вступает в законную силу немедленно после его вынесения и не подлежит пересмотру в апелляционном или кассационном порядке.

ЗАКРЕДИТОВАННОСТЬ – финансовое состояние, при котором долговые обязательства значительно превышают доходы и активы.

ШАМАДАН ТЫС ҚОРҒАНУ – адам өзіне немесе өзгеге төнген нақты қауіптен қорғану кезінде заңмен рұқсат етілген шектен артық күш қолдануы, нәтижесінде қарсы тарапқа қажетсіз зиян келтіруі.

ШАРАЛАРДЫ ТҰЖЫРЫМДАУ – жағдаятқа ден қою, мәселені шешу немесе белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған нақты әрекеттерді, (шаралар, тетіктер, шешімдер) дайындау және қалыптастыру үдерісі.

ШАРАСЫЗ ҚОРҒАНЫС – қорғанушының және басқа адамдардың жеке басы мен құқықтарын, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қол сұғудан қорғау, оның ішінде қолсұғушы адамға зиян келтіру жолымен заңды түрде шарасыз қорғану.

ШАРТ – азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы екі немесе одан да көп тұлғаның келісімі.

ШАРТ БАҒАСЫ – тараптың міндеттемелерін орындау құнын және жұмысты орындау, қызмет көрсету немесе мүлікті беру үшін төлем мөлшерін анықтайтын азаматтық-құқықтық шарттың маңызды талапшарты.

ШАРТ ЕРКІНДІГІ – жеке және заңды тұлғалардың өз ықтияры бойынша шарт жасасуға, оның мазмұнын анықтауға, өзара құқықтары мен міндеттерін белгілеуге ерікті екенін білдіретін азаматтық құқықтың негізгі қағидаттарының бірі.

ПРЕВЫШЕНИЕ ПРЕДЕЛОВ НЕОБХОДИМОЙ ОБОРОНЫ – применение лицом силы, превышающей допустимые законом пределы, при защите от реальной угрозы для себя или другого, и, как следствие, причинение ненужного вреда противоположной стороне.

ВЫРАБОТКА МЕР – процесс разработки и формулирования конкретных действий (мероприятий, механизмов, решений), направленных на достижение определённой цели, устранение проблемы или реагирование на ситуацию.

НЕОБХОДИМАЯ ОБОРОНА – правомерная защита личности и прав обороняющегося и других лиц, а также охраняемых законом интересов общества и государства от общественно опасного посягательства, в том числе путем причинения вреда посягающему лицу.

ДОГОВОР – соглашение двух или нескольких лиц об установлении, изменении или прекращении гражданских прав и обязанностей.

ЦЕНА ДОГОВОРА – существенное условие гражданско-правового договора, определяющее стоимость исполнения обязательств сторон и размер оплаты за выполнение работ, оказание услуг или передачу имущества.

СВОБОДА ДОГОВОРА – один из основных принципов гражданского права, означающий, что физические и юридические лица вправе по своему усмотрению заключать договоры, определять их содержание и устанавливать взаимные права и обязанности.

ШАРТ ЖАСАСУҒА ЕРІКСІЗ КӨНДІРУ – шарт еркіндігі қағидатына қайшы келетін, адамды еркінен тыс шарт жасасуға мәжбүрлеу әрекеті.

ШАРТТАЛҒАН МЕРЗІМ – белгілі бір оқиғаның, мән-жайдың немесе талапшарттың орындалуына байланысты белгіленетін уақыт кезеңі; келісілген талапшарттың орындалуы және орындалмауына байланысты әрекеттің заңдық және келісімдік мерзімі.

ШАРТТЫ САЛЫМДАР – бір тұлғаның екінші тұлға атына салған, алу немесе пайдалану құқығы алдын ала келісілген нақты шарттар немесе жағдайлар орындалғанда ғана берілетін ақшалай салым.

ШАРТТЫ, ШАРТТАЛҒАН – басқа бір оқиғаға, жағдайға немесе шартқа тәуелді болатын әрекеттің, құбылыстың немесе міндеттеменің басталуы немесе орындалу сипаттамасы.

ШАРТТЫҚ СОМА – салымшыға тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін қажет, тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасынан және тұрғын үй қарызынан тұратын ақша сомасы.

ШАРТТЫҢ ЕЛЕУЛІ ТАЛАПШАРТТЫ – шарттың орындалуы міндетті болып саналатын, шарттың негізгі мәнін, мақсаттарын және тараптардың құқықтары мен міндеттерін қындайтын негізгі жағдайлар.

ПОНУЖДЕНИЕ К ЗАКЛЮЧЕНИЮ ДОГОВОРА – действие, противоречащее принципу свободы договора, представляющее собой понуждение человека к заключению договора против его воли.

ОБУСЛОВЛЕННЫЙ СРОК – срок, который определяется наступлением определенного события, условия или обстоятельства, в праве и договорах – срок, действие которого связано с выполнением или невыполнением оговоренного условия.

УСЛОВНЫЕ ВКЛАДЫ – денежный вклад, внесенный одним лицом на имя другого, право на получение или использование которого предоставляется только при выполнении заранее оговоренных конкретных условий или обстоятельств.

ОБУСЛОВЛЕННЫЙ – характеристика действия, явления или обязательства, выполнение или наступление которого находится в зависимости от другого события, обстоятельства или условия.

ДОГОВОРНАЯ СУММА – сумма денег, необходимая вкладчику для проведения мероприятий по улучшению жилищных условий, состоящая из жилищных строительных сбережений и жилищного займа.

СУЩЕСТВЕННЫЕ УСЛОВИЯ ДОГОВОРА – основные условия, определяющие основную сущность, цели договора и права и обязанности сторон, которые считаются обязательными для исполнения договора.

ШАРТТЫҢ МӘНІ – тараптардың міндеттемелерін және түрін, оның құқықтық табиғатын айқындайтын әрекет немесе әрекеттер жиынтығы.

ШАРТТЫҢ ТАЛАПШАРТТАРЫ – тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ шарттың мазмұнын айқындайтын, келісімге келген жағдайда міндетті түрде орындалуы тиіс келісімдер жиынтығы.

ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ НЫСАНЫ – шаруашылық (кәсіпкерлік) қызметті ұйымдастыру және жүргізудің (мысалы, акционерлік қоғам, серіктестік, мемлекеттік кәсіпорын және т.б.) заңмен белгіленген тәсілі.

ШЕКТЕУЛІ ҚОЛЖЕТІМДІК – адамның құқықтары мен еркіндігін қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және мемлекеттік құпияны сақтау мүддесін көздейтін, заңға сәйкес қол жеткізуге шектеу қойылған мәліметтер.

ШЕКТЕУЛІ ШОЛЫМ – жер бедері, ауа райы жағдайлары (тұман, жаңбыр, қар), құрылыстар, өсімдіктер, көлік құралдары және басқа да факторларға байланысты айналадағы жағдайды көру мүмкіндігі шектелген жағдаят.

ШЕКТІ БАҒА – мемлекет немесе уәкілетті орган белгілеген тауардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) ең жоғары рұқсат етілген бағасы.

ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА – действие или совокупность действий, определяющие его правовую природу, тип и обязательства сторон.

УСЛОВИЕ ДОГОВОРА – совокупность согласованных положений, которые определяют права и обязанности сторон, а также содержание договора, и подлежат обязательному исполнению.

ФОРМА ХОЗЯЙСТВОВАНИЯ – установленный законом способ организации и ведения хозяйственной (предпринимательской) деятельности (например, акционерное общество, товарищество, государственное предприятие и др.).

ОГРАНИЧЕННЫЙ ДОСТУП – сведения, доступ к которым ограничен в силу закона в интересах защиты прав и свобод человека, обеспечения общественной безопасности и охраны государственной тайны.

ОГРАНИЧЕННАЯ ОБЗОРНОСТЬ – ситуация, при которой обзор окружающей обстановки затруднен из-за особенностей рельефа, погодных условий (туман, дождь, снег), зданий, растительности, транспортных средств и других факторов.

ПРЕДЕЛЬНАЯ ЦЕНА – максимально допустимая цена товара (работ, услуг), установленная государством или уполномоченным органом.

ШЕКТІ МӘННЕН ТӨМЕН – белгіленген талаптарға сәйкес, қауіпсіздікке немесе қалыпты жұмыс жасауға қажетті деңгейден төмен орналасқан шама немесе көрсеткіш.

ШЕТЕЛ ҚАТЫСАТЫН БАНК – орналастырылған акциялардың үштен бірінен астамы Қазақстан Республикасының резиденттері емес не болмаса олармен байланысты (үлестес) тұлғаның иелігінде, меншігінде немесе басқаруында болатын екінші деңгейдегі банк.

ШЕШІМГЕ ШАҒЫМДАНУ – іске қатысушылар мен тараптардың Жоғарғы Соттың шешімдері мен ұйғарымдарынан басқа, соттардың шешімдері мен ұйғарымдарына қатысты өтініш тәртібімен беретін шағымы.

ШИЕЛЕНІС – екі немесе одан да көп тарап арасындағы мүдделер қақтығысы немесе келіспеушілік.

Ескертпе. «Шиеленіс» сөзі мәнді мәтінге қарай «жанжал», «қақтығыс» болып қолданылады.

ШИЕЛЕНІС ОШАҒЫ – атыс қаруын қолданудан туындайтын қарулы қақтығыс, әскери қақтығыс орталығы.

ШИЕЛЕНІСТІ ЖАҒДАЯТ – тараптар мүдделерінің, ұстанымдарының немесе мақсаттарының қайшылығынан туындайтын, олардың өзара қарым-қатынасының шиеленісін тудыратын және ашық қақтығысқа ұласуы мүмкін әлеуметтік немесе құқықтық ахуал.

НИЖЕ ПОРОГОВОГО ЗНАЧЕНИЯ – величина или показатель, находящийся ниже уровня, необходимого для нормального функционирования, безопасности или соответствия установленным требованиям.

БАНК С ИНОСТРАННЫМ УЧАСТИЕМ – банк второго уровня, более одной трети размещенных акций которого находится во владении, собственности или управлении нерезидентов Республики Казахстан либо аффилированных с ними лиц.

ОБЖАЛОВАНИЕ РЕШЕНИЯ – жалоба, поданная в порядке заявления участниками дела и сторонами на решения и определения судов, за исключением решений и определений Верховного Суда.

КОНФЛИКТ – конфликт интересов или разногласия между двумя или более сторонами.

Примечание. Слово «конфликт» в зависимости от контекста переводится на казахский язык как «жанжал, шиеленіс, қақтығыс».

ГОРЯЧАЯ ТОЧКА – вооружённый конфликт с применением огнестрельного оружия, центр военного противостояния.

КОНФЛИКТНАЯ СИТУАЦИЯ – социальная или правовая обстановка, возникающая в результате столкновения интересов, позиций или целей сторон, которая приводит к напряженности во взаимоотношениях и может перерасти в открытый конфликт.

ШИКІЗАТ – өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында дайын өнім өндіру үшін өңделетін немесе қайта өңделетін бастапқы табиғи және жасанды материалдар.

ШИКІӨНІМ – бастапқы өңдеуден өтпеген, табиғи күйде немесе өндірістің қайта өңдеуіне арналған алғашқы өнім.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БЮДЖЕТ – бірыңғай әкімшілік-аймақтық құрылымға жататын әртүрлі деңгейдегі – мемлекеттік, аймақтық және жергілікті бюджеттерді біріктіретін жиынтық бюджет.

ШОТ-ФАКТУРА ӨКІМІН ҰСЫНУ – сатушының (өнім беруші) сатып алушының атына тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілген қызметтерді іске асыру фактісін растайтын және қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша салықтық есеп жүргізуге негіз болатын шот-фактураны (ұсыну) қалыптастыру және жолдау рәсімі.

ШТАТ БІРЛІГІ – штаттық кестедегі лауазым және оның саны енгізілген құрылымдық бірлік.

